

Л2016  
3023к

Гүлтас  
САЙЫНҚЫЗЫ

Қоңырау





# **Гүлгас САЙЫНҚЫЗЫ**

## **ҚОҢЫРАУ**

(Ой-толғамдар, кеңестер, афоризмдер)



АЛМАТЫ  
«ДӘСТҮР»  
2016

**ӘОЖ 821.512.122-3**  
**КБЖ 84 (5 қаз)-44**  
**С 16**

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министiрлiгi  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестiктi жоғарыла-  
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен наси-  
хаттау және мұрағат iсiнiң iске асырылу тиiмдiлiгiн арттыру»  
бағдарламасы «Әдебиеттiң әлеуметтiк маңызды түрлерiн  
басын шығару» кiшi бағдарламасы бойынша жарық көрдi»**

**С 16 САЙЫНҚЫЗЫ Г.**

**Қоңырау: Ой-толғамдар, кеңестер, афоризмдер. /**  
**Гүлгас Сайынқызы. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС:**  
**«Дәстүр», 2016. – 288 б.**

**ISBN 978-601-7505-18-9**

Гүлгас Сайынқызының «Қоңырау» атты бұл кітабында автордың ұрпақ тәрбиесіне қатысты педагогикалық тұжырымдары, ой толғаулары, кеңестері мен афоризмдері берілген. Автор Тәуелсіз қазақ елінің жастарына Абай, Мағжан, Бауыржан Момышұлы сынды тұлғаларды үлгі етеді. Өзінің туған еліне деген перзенттік парызымен, адамдармен қарым – қатынастағы өнегесі арқылы шәкірттерін, жалпы жастарды ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 821.512.122-3**  
**КБЖ 84 (5 қаз)-44**

**ISBN 978-601-7505-18-9**

© Сайынқызы Г., 2016.  
© «Дәстүр», 2016.  
© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.

## СӨЗ БАСЫ

Үстаздық тағдыр бір өмірімнің мазмұны да, мәні де болды. Алғашқы университет бітіріп, Алматы қаласындағы №86 қазақ орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиетінен мұғалім болып барғанымда, шынымды айтсам, өмір бойы мұғалім болып қаламын деп ойлаған жоқпын. Мектеп менің уақытша мекен тұрағым болар деп ойладым. Солай, сол мектепте табаны күреккей он жыл мұғалім болдым. Енді мектеп менің хан сарайыма айналды. Одан басқа жерде жұмақ бар десе де, кете алмайтын жағдайға келдім. Менің шәкірттерім ғажап болды. Олардың ата-аналары да, ата-әжелері де менің қамқоршыларым, менің тілеулестерім болып кетті. Әрі десеніз, жастықтың да белгісі шығар, шаршау дегенді білмеймін, сабақ, драма үйірмесі, балаларды театрға апару, мектептің қоғамдық жұмыстары бастан асады. Отбасымдағы кішкентай үш балам, жолдасым, үйдегі оқуға түсушілер мен студенттер, елден толассыз келіп жататын ауылдастар, туыстар бәрі-бәрі менің 24 сағатымды меншіктейді, өздеріне уақыт бөлгенімді қалайды. Иә, олар да менің өмір мазмұнымның үлкен бөлігі болатын.

Мен ойламаған жерден, бірақ Тәңірдің ісі болса, Ол ойланбай істемейді ғой... 1986 жылы 17-желтоқсан күні Республикалық білім жетілдіру институтына білім жетілдіруге келген Қазақстанның барлық облыстарының әдіскер басшы мамандары және Б.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтының тілші, әдебиетші ғалымдарына ашық сабақ өткізу жоспарланған болатын. 16-желтоқсан күнгі түнде болған оқиғадан бейхабармыз. Таңертен хабарды шала естідік. Мен сабағымды өткіздім. Сабағыма

келген қонақтар бек разы болды. Сол көп топтың ішінде менің тағдырыма өзгеріс алып келетін ізгі жанды Тәңірім жіберген екен. Ол кісі қазақ әдебиеті оқулықтары мен бағдарламаларының авторы, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтының қазақ әдебиеті зертханасының меңгерушісі Әнеш Мұқатайқызы Дайырова еді. Әнеш апай менімен біраз әңгімелескен соң: «Гүлтас, айналайын, мектептен жетерлік тәжірибе жинапсың. Енді осы тәжірибенді тарату керек, сен біздің институтқа кел, ғылыммен айналыс» деді. Сырттай ғана апайдың көңілін қалдырмау үшін: «Рақмет апай, ойланайын, жолдасыммен ақылдасып көрейін» дедім. Ал іштей: «Менің тынысым мектеп қой. Шәкірттерімнен кетуім мүмкін емес» деп тұрмын. Бірақ мен төрт жылдан соң Әнеш апайымның тілін алып бардым. Уақыт кемеңгер де мезгіліне қарай тағдырды өзгертіп отырады. Солай мен Ғылымның бала шәкірті болып, кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылдандым. Сол жылы күзде мені мақсатты аспирантураға қабылдады. Солай да солай аспирант болып шыға келдім. Бірақ мектептен қол үзбедім. Алматы қаласындағы №159- мектепте бітіруші сыныптарға қазақ әдебиетінен сабақ беремін. Ол мектептің директоры Аягүл Миразова бірде біздің институттың директорына келіп: «Немеребай Нұрахметұлы, Гүлтас керемет мұғалім. Мектепке Гүлтас керек. Оған аспирантура керек емес, ғалымнан гөрі мұғалім болса, қоғамға үлкен пайда әкеледі» деп, өзі сеніп тұрған шындыққа ағайды да сендіріп, мені өз мектебіне толық көшіріп алуды ойлапты. Немеребай Нұрахметұлы Аягүл Төреқызына: «Гүлтасты жоғары бағалағаныңызға үлкен рақмет. Бірақ сізбен келіспеймін. Гүлтас ғалым болып, қазақ әдебиетінің методикасын зерттеп, республикадағы қаншама мұғалімге пайда әкеледі. Ал ол мұғалімдер қаншама оқушыларды оқытады. Сондықтан Гүлтас сабақ бергенді тоқтатсын

да, диссертациясын бітірсін» депті. Аягүл Төреқызы өзінің сол кездегі қылығын есіне алып, Немеребай Нұрахметұлының даналығын құрметтеп отырады. Солай, ғылымның соқтықпалы жолдарынан өтіп, кандидаттық, докторлық диссертацияны қорғап, 2000 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде практикалық қазақ тілін оқыту кафедрасын басқарып, орыс мектебін бітірген шәкірттерге қазақ тілінен сабақ бердім. Содан бері он бес жыл болды жоғары оқу орындарында: ҚазҰУ, ҚБТУ, бүгінде Назарбаев Университетінде профессормын, қазақ тілі, әдебиет және мәдениет кафедрасының меңгерушісімін.

Ұстаз алдынан теңіздің толқындарындай шәкірттер алмасып келіп отырады. Әр шәкірттің өз әлемі бар, табиғаты бар. Кереметі шәкірттер ұстаздарды толықтырып, жаңа леп беріп, өздеріне икемдеп отырады. Ұстаз сабақ әлемінде әр шәкірттің жүрегіне өнердің отын тұтатып, ізгіліктің, адамдықтың дәнін себеді. Олар игіліктерді бірге жасайтын жасампаз құбылысқа айналады. Әр сабақта қаншама жаңалықтар ашылады, қаншама шәкіртке қанат бітіп, самғауға талпынады. Қанаты қатайып ұшып кеткен түлектер оқтын – оқтын қайта оралып, ұстаздарына басқа кеңістіктегі жаңалықтары мен жеңістерін айту үшін, ұстаздарын қуанту үшін келіп тұрады. Ұстаз бақыты – осы.

Ұстаз – Қоңырау. Ол – оятушы, ол – сергітуші, ол – рух сыйлаушы, ол – түсіндіруші, ол – шақырушы.

Менің өзімді де абзал ұстаздарым оятты, қоңыраумен ізгілік әлеміне кіргізді, бүгінге дейін санамда олардың қоңырау үндері тұрады.

Осы еңбегімді қанатымды қатайтып, ғылым жолына түсірген ұстазым **Дайырова Әнеш Мұқатайқызының** рухына арнаймын.



## ШӘКІРТ ПЕН ҰСТАЗ СҰХБАТЫ

**Шәкірт:** – Айтыңызшы, өмірде жақсылықтар көп пе, жамандықтар көп пе?

**Ұстаз:** – Әрине, жақсылықтар, жақсылар көп. Қарашы айналаңа. Алма ағашы қаншама жеміс беріп тұр. Кім үшін? Өзі үшін бе? Жоқ, адам баласы үшін. Далада жайқалып егін өсіп тұр. Адамдар тер төгіп, еңбек етіп жүр. Қаншама құрлыстар соғылып жатыр. Кім үшін? Адамдар үшін. Соның бәрі – жақсылық. Ал қаншама жақсы, жүрегі ізгілікке толы адамдар бар десенші! Мына жер үстіндегі ғажап нәрселер, адам қолымен жасалғандарды айтамын, бәрі жақсы адамдардың қолтанбалары. Ал «жамандар» (ниеті, пейілі, әрекеті дұрыс еместер) бар. Олар қиратушылар, жылатушылар, жүректері жабық жандар. Олар басқаға емес, алдымен өздеріне жамандық жасаушылар. Себебі ондай жандардан барлық адамдар алыс жүргісі кееді. Бірақ бір қуаныштысы олар көп емес.

**• Мен жақсылықты үлкен болғанда, жұмыс жасап ақша тапқанда жасаймын деме. Жақсылық жасауға уақыт та, орын да қажет емес. Жақсылық жасауға ниет қажет. Көшеде де, дүкенде де, үйде де, қонақта да жақсы әрекеттер жасауға мүмкіндіктер өте көп.**

**Шәкірт:** – Сізді қатты ойландыратын не нәрсе?

**Ұстаз:** – Ойландыратын көп нәрсе бар. Ең бастысы, елімнің болашағы. Не болады күні ертең деп ойлаймын.

Оқыған кітаптарым арқылы, ата- әжелерінен естіген әңгімелерім арқылы өз елімнің тарихында ұялатын емес, мақтанатын істер көп болған-ау деймін. Абай дана да 39- қарасөзінде: « Рас, бұрынғы біздің ата бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата балаларымыздың мінді ісін бір бірлеп тастап келеміз, әлігі екі тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді... » дейді ғой. Ал бүгінгі кезге дейін біздер қаншама асыл қасиеттерімізді жоғалттық екен?.. Ол екі қасиетінің бірі – ел басы, топ басы болған кісіні сыйлайды, тілін алады екен, екіншісі – намысқор келеді екен. Абай заманынында үлкенді сыйлау, құрметтеу, үкен кісілерге сәлем бере бару, сөз парқын тану, үлкеннің алдын кеспеу, орынды сөйлеу, салт-дәстүрді сыйлау, т.б. қаншама жақсы қасиеттер бар еді. Егер біздер сол асыл мұра қасиеттерді сақтап қалсақ, өмірлік ұстаным етіп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізсек қой... Онда боашақ үшін алаңдамасақ та болар еді.

• **Намысты ер – нағыз ер. Ұлты үшін төгер тер.**

**Шәкірт:** –Тілімізді шұбарлаудан тазартудың, сақтаудың жолдары бар ма?

**Ұстаз:** – Мен үшін ең қиын сұрақ, әрі жауап беру

де қиын. Тіл – ұлтымыздың күретамыры. Тіл– ұлттың тіршілігіне, ұлттық болмысына, тарихын жаңғыртып, болашағын болжайтын аспап. ХХ ғасырдың ірі тұлғасы, қазақы мінездің эталоны, батыр Бауыржан Момышұлы 1943 жылы Ұлы Отан соғысынан біраз күнге елге бір келіп кеткенде естіп, көргендерінен ой түйіп сұлу казак тілінің жаралы жағдайына жаны ауырып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне хат жолдайды. Осы хаттың жауабы ретінде Орталық Комитет казак тілін жақсарту жолдарының төңірегінде арнаулы қаулының жобасын дайындайды. «Қаулының жобасы»... Жоба ғана...

Тәуелсіздігімізді алғанға дейін қандай бар проблемалардың да шешілуі Кремльге байланысты болатын. Кремль бұл жобаны қабылдатпайды, керісінше одан әрі казак мектептері жабылып, ЖОО-на ауылдың казак балалары аз мөлшерде қабылданады. Тек қана ауылшаруашлық, мал дәрігерлік оқу орындарына ғана ауыл балаарын қабылдаған. Сол заманда орыс тілін білмеген адам нанын тауып жей алмайтын жағдайға жетеді. Солай сол кездегі біздің талантты жастарымыз орыс тілін өздерінің ана тілінен де жақсы сөйлейтін жағдайға жетті. Әрине, көп тілді білудің еш жамандығы жоқ. Жаманы сол – өз ана тілінде сөйлемеу.

Тілді тазарту мәселесіне шындап, бүкіл ел болып кірісу қажет. Алдымен ақпарат құралдарындағы, интернеттегі, қолдан түспейтін телефондағы тілді шұбарсыз, көркем ету қажет. Екіншіден, көркем оқу жарыстарын балабақшадан бастап жоғары оқу орындарында, қызмет орындарында өткізіп тұру қажет. Теледидардағы, көшелердегі пайдасыз жарнамалардың орнына көркем сөз оқиытын, шешен сөйлейтін

адамдарды жарнамалау қажет. Өнегелі жастардың жеңістерін жарнамаласа, жақсы болар еді.

Әлемнің Жеті кереметтері көп. Ал біздің халықта бір ғана керемет бар. Ол – қазақ тілі. Киелі қазақ тілінің шырағын сөндірмей өз ұрпағына аманаттап жеткізген ата-бабаларымыз қаншалықты парасатты, терең ойлы болған десенші! Ұлы Абай да, одан бұрынғы Бұқар жырау, Махамбеттер де, Алаш арыстары да, Бауыржан Момышұлы, Мұқағали, Қадыр, Тұманбай, Әбіш, Фаризалар да қазақ тілінің шырақшылары болған. Ендігі жерде бұл қасиетті тілдің, тұлпар тілдің, сылдыраған бұлақтай таза тілдің тағдырына жауап беретін сендерсіңдер. Шырағын өшірмейтін сендерсіңдер. Енді бір жиырма жылда Тілімізді сақтап, қажеттілігін сезіндіре алсақ, сендіре асақ, одан кейін Тіліміз өлмейді. Қазақ халқы еңселі ел болып, өз тарихын, тамырын, тілін, дәстүрін іздейтін болады. Материалдық құндылықтан рухани құндылыққа көшетін болады.

• **Қазақша сөйеуді өзіңнен баста, отбасыңнан талап ет.**

**Шәкірт:** – Сіздегі өкініш не, қуаныш не?

**Ұстаз:** – Ешнәрсеге өкінбейтін адам тіршілікте жоқ шығар? Абай дана айтпақшы білім-ғылымға қолымды кеш сермедім деген өкініш бар. Ақылы дария ата-әжелерімізден кезінде ел тарихын, әулет тарихын, жер, су атауларын (бұрынғы), салт-дәстүрге, кәсіпке байланысты дүниелерді сұрап, жазып алып қалмағанымзға өкініш бар. Өкініш көп...

Ал енді қуанбайтын да жан болмайды деп санаймын.

Қуаныш өзіңнен басталып, айналанды түгел қамтиды. Қуаныштың да Абай айтпақшы, түр-түрі болады. Адам баласының үлкен қуанышы – Елі үшін қуаныш деп ойлаймын. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбіт заманды арман етпейтін тірі жан жоқ шығар. Бірақ сондай өмір арман болған елдер бүгінде қаншама? Ал біздің қазақ елі, Тәуелсіздік алған күннен бері қарай бейбіт өмірде, қарқынды дамып жатыр. Көрші қырғыз елі біздің елімізді «Арман Ел» деп санайды екен. Қырғыз еліне бір барған сапарымда бір қырғыз ақсақалы: «Сіздер бақытты халықсыздар, Кеңес заманыда да ақылды, дана басшыларыңыз болды, Тәуелсіздік алған жылдарда Елбасыларыңыз дана адам болды. Елдің елдігін сақтап қалды» деп, ақ жарыла сөйеді. Сонда жүрегімді жып-жылы қуаныш сезімі жылытып тұрды.

Әрине, еліміздің жақсысын көріп сүйініп, жақсы болған үстіне жақсы болса екен деп ойлайсың.

Еліміздің өткен ғасырдағы, одан бұрынғы замандағы ащы тарихы жадымызда болғанда, бүгінгі ұрпақ содан сабақ алса екен, ұлтарактай жерімен-дағы ұлы болып жатқан Шығыстағы алпауыт (Жапония, Сингапур, т.б) елдерден үлгі алса екен, солардай рухты, тілі мен дәстүрін құрметтейтін ел болсақ екен деген арман бар. Сонда ғана Үлкен Қуаныш болар еді.

Ал енді өкініш... Ұлы даласы бар, қойнауы толған ырыс құт, суы бал, көдесі май елде тұрғанда кедей болғанымыз жараса ма? Еріншектік, мақтаншақтық, мал шашпақтық, өсек пен өтірік деп Абай айтқан бес дұшпаннан құтылар күн болар ма екен? Шіркін, Абай дананың бес асылын: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды өмірлік бағдар етіп ұстансақ ... Мықты ел сонда боламыз.

- **Рухы мықты, бірлігі берік елді жау алмайды.**

**Шәкірт:** – Сіздің жігеріңіз күшті, сізге қараған жан сізде уайым жоқ деп ойлайды. Бірақ сіз бір нәрсеге қатты уайым жейтін сияқтысыз?

**Ұстаз:** – Бір-ақ нәрсе болса, әрине жақсы болар еді. Уайым қылатын тұстар баршылық. Ең басты уайымым – ұрпақ тәрбиесі. Соларды уысымыздан шығарып алсақ, адасып кетеді ғой деп уайымдаймын. Ұрпақты кім тәрбиелеп жатыр? Теледидар, қолдағы планшет пен телефон, одан әрісі клубтар, т.б. Бақылап, сауал жүргізіп көргенде байқалғаны: Қазақ тіліндегі хабарларды балалардың, жастардың да жасы үлкендердің де қарамайтындығын, қандай газет-журналдар бар екенін бімейтінін, қазақ тілінде көркем шығармаларды оқымайтындығын білдік. Бұл – уайым.

«Жігеріңіз күшті» дейсің бе? Күшті болу керек. Дәл қазіргі уақыт жігерді, ерікті, күшті күшейтетін заман. Теледидар болсын, интернет желісі болсын көп көрсететіндері – негативті нәрселер. Ондай ақпараттар адамға психологиялық жағынан жаман әсер етеді, көңіл-күйлерін түсіреді. Сол себептен де әр адам айналасына шуақ шашқандай жағымды, жылы энергетика таратқаны дұрыс деп санаймын.

- **Әр адам өзін және ұрпағын тәртіпті етсе, бүкіл қоғам тәртіпті болады.**

**Шәкірт:** – Кітаптың заманы өткен жоқ па? Ол берерін өз заманындағы ұрпағына беріп болды. Қазіргі заманда адамдар өздеріне қажетті интернеттен, т.б. ақпарат көздерінен алып жүр ғой... Болашақта газет те, кітап та

бомайды. Сол себепті ұрпақты соған бейімдей берген дұрыс емес пе?

**Ұстаз:** – Бір ғұлама, ұмытпасам, Дидро айқан екен: «кітап оқуды қойған адам ойлауды да қойған адам» деп. Ендеше қазіргі біздің халықтың көпшілігі ойлауды әлдеқашан тоқтатқан болды ғой?..

Иә, қажетті ақпаратты интернеттен мен де қараймын. Бірақ интернеттегі кітап пен қолыңа ұстап отырып, өзіңнен алыста қалса, барып оқығанша асығатын кітаптың жөні басқа емес пе? Кім біледі, әлде мен ескі адаммын ба? Өзім үшін солай.

Бүгінгі үлкен мәселе – кітап оқу. Оны қалай да жолға қою керек. Осыдан отыз жылдай бұрын Санкт-Петербургқа (ол кезде Ленинград болатын) бардым. Кеңес заманы ғой. Сонда сол қала халқының кітап оқуға құштарлығын көріп, қызыққан едім. Метрода, автобустың ішінде жастардың кітап оқығанын көрдім. Ал бізде сол заманның өзінде кітап оқушылар азайып қалған болатын. Кітап оқуды насихаттауда болсын, т.б. жағдай әсер етті ме, сол кездің өзінде бір қателік кетті. Бүгінгі күні әр отбасында бірнеше теледидар, отбасының әр мүшесі әр бөлмеде өзінің киноларын көріп отыратын жағдай. Одан қалса, қолдарындағы қалта телефондары...

Ертеректегі жасы есейген кісілер, мысалы біздің әке-шешелеріміз, аға-жеңгелеріміз газет-журналды қалдырмай оқып, кітап оқып, оқығандарын балаларына, үйге келген қонақтарға айтып отырушы еді.

Кітапты оқыту үшін жарнамамен айналысу қажет. Оған интернетті де, теледидар, радиоларды да қосу қажет.

Әр оқырман өзі оқыған шығармасы туралы, кітабы

туралы интернетке, блоктарға жазып отырса, пайдасын айтса, басқалардың да қызығушылығы артады деп ойлаймын. Бұл – бір жолы. Ал негізінде, отбасында балаларына кітапхана жинап, әр аптаның бір күнін (бірнеше сағатын) кітап оқып, отбасымен бірге талдап, балаларының жетістігін бағалап, ынталандырса, бала есейгенде дағдысына айналдырады және осы жақсы дәстүрді кейін өз отбасында жалғастыратын болады.

• **Кітаптың берерін интернет те, кино да бере амайды.**

**Шәкірт:** – Қазіргі жастар білім алудағы мақсатын анық білмейтін сияқты. Ұлттық бірыңғай тесттен алған баллы оның тағдырын шешетіндей көрінеді.

**Ұстаз:** – Бұл уақытша мәселе, әрі барлық адамдарға арналмаған сөз. Әрине, ҰБТ тағдырларын шешіп жатқаны да шындыққа саяр. Бірақ білім жолына адаспай түскендер де көп деп ойлаймын.

Білім алудағы мақсат әр адамда әр түрлі. Оған талас жоқ. Білімді жақсы қызмет үшін, мансапқа қол жеткізу үшін аламын деген жауаптарды көп естиміз. Ал өкінішке орай, университетті жақсы бітірсең де, жақсы қызмет пен мансапқа қол жеткізе алмауың әбден мүмкін. Сол себепті білімді терең оймен алуға, өзіңе пайдасы болатын жағын, керек болатын тұсын ойланып, көңілге бекітіп алған жөн. Сонда ол орнықты болады. Баға алу үшін ішіңе енгізбей жаттап алған білімнің сыртта қалып қояды. Одан саған пайда жоқ.

Абай дана отыз екінші қарасөзінде: «... Әуелі – білім ғылым табылса, ондай мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді



деп іздемекке керек. ... Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек...» дейді.

**Шәкірт:** – Айтыңызшы, әдебиет оқушыға не береді? Мысалы, математиканы білмесең болмайды, Тіл де қажет, сауатты сөйлеп, жазу үшін. Ал әдебиеттің нақты берері не? Менің ғана емес осы сауал қоғамда да көтеріліп жүр.

**Ұстаз:** – Иә физика мен математика қажет. Мектептегі барлық пән қажет. Тек әдебиеттің нақты берері болмай тұр ма?

**Шәкірт:** – Енді әдебиетті, мысалы Абай, М.Әуезов шығармаларын әр адам өз бетінше де оқиды. Өзіне қажетін алады. Ал мектепте оның орнына қажет пәндерді неге оқытпасқа?

**Ұстаз:** – Әдебиет өмірді дұрыс сүруге үйретеді. Өзіне өзі сын көзбен қарап, бойындағы мінін түзеуге үйретеді. Адамдармен, табиғатпен дұрыс қарым-қатынас жасауға да әдебиет үйретеді. Өз басында міні көп, мәдениеттен қараңғы, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайтын адам жүз жерден математик, ғалым болса да бақытты бола алмайды.

Бүгінгі оқушы – адамдардың арасында өмір сүріп жатқан, адамдармен өмір бойы қарым-қатынасқа түсетін, жүрек қалауымен отбасын құрып, балаларына тәрбие беретін тірі жан. Дәл осы адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болса ғана, ол бақытты болады. Әдебиет соған үйретеді. Мысал келтірсем: М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы. Иә ондағы адамдардың бәрі Абай заманында, он тоғызыншы ғасырда өмір сүріп кеткендер. Мен басқа тұстарын айтпай-ақ қояйын. Құнанбайдың Меккеге қажылыққа барардағы жұбайы Ұлжанмен арыздасып қоштасу сәтін алайық.

– Бәйбіше, үй серігім ғана емес, өмір серігім едің. Ұзақ кешкен тірлікте қай белдің астында жүрсем де, артымда отырған бір бел – өзің едің. Сенің айтар кінәң болса да, менің саған артар бір түйірдей назым жоқ. Адал жүрек, ақ бейілің үшін балаларыңның бағы ашылсын, – деді.

– Мырза, мынадай сапарыңа кінә түгіл наз ертсем, оным білместік болар еді! – деп күйеуінің бетіне салмақпен қарады... Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал егде тартып, зауал шағыңа бейімдеген сайын дүние кеңейе береді екен. Өзің босаң, кішірейе беріп, айналаңда қуыс дүниені көп тауып, өзеге орын босата бергің келеді. Кінәң азайып, кешірімің көбейіп, суына бастайды екесің. Осы көңіл мені жеңгеніне көп болған! – деп, біраз толас етті. Құнанбай аса қатты ден қойып, ұйып тыңдап қалған еді. Ұлжанның жүзіне телміре қадалып қатты. Ұлжан қабағын көтеріңкіреп, екі көзін қысыңқырап, тағы да толғанумен нұрлана түсті.

– Әйел еркекке ене бауырындағы құлындай жанасып жүріп те, не шеттеп тайталасып жүріп те сүйеніп өседі. Ерден әйел жамандық та алады, қасиет те алады. Мінім болсын, өзгем болсын, бір жағы өзіңнен еді. Ұзақ дәурен кешіп келіп бүгін сен ырзалық айтып аттансаң болады. Мен сенімен енді кеп кінәласам ба, мырза! – деді. Ұзақ өмірде күйеуінен кешкен көп реніші есінде тұрса да, ашады. Оны іркіп қалды.

(«Абай жолы»)

Міне, кара, (мен бұл үзіндіні шәкірттеріме жатқа оқимын) ерлі зайыптардың арасындағы сыйластық, түсіністік, тіл мәдениеті қандай. Сондықтан да, әдебиет адамға не береді деген сұрақ орынсыздау сияқты.

Әдебиетті мектепте оқытпасак, жалғыз жауһарымыз Абайымыздан да айырылып қалмаймыз ба?..

• **Әдебиеттің берер білімі – ар білімі, адамгершілік ілімі.**

**Шәкірт:** – Абай дедіңіз ғой. Бір жауһар жырын айтыңызшы. Соны оқыған адам адам болады деген сияқты. Бар ма?

**Ұстаз:** – Жақсы нақты сұраққа нақты жауап: «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап». Осы бір өлеңді толық түсініп, көңіліне бекіткен адам еқашан адаспайды. Өзіне сенімді, сыпайы, салмақты, қызба емес, бос сөз сөйлемейтін, өз орнын білетін адам болады. Оқып көрейік:

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.  
Өзіне сен өзінді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұрпен бірге өзінді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіне сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

Міне, осы үш ақыл: 1 – өзіне сен, 2 – мақтанды қуып кетпе; 3 – жүрегіңді тыңда. Абайдың осы өлеңі кез-келген жанға бағдаршам, бойтұмар дер едім.

• **Абай – қазақ халқының рухани көсемі, жанашыры, қорғаушысы**

**Шәкірт:** – Жанашырлық пен жағымпаздық туралы сіздің пікіріңіз?

**Ұстаз:** – Жанашырлық жақсы қасиет. Байқайсыздар ма, қазіргі адамдар бір-біріне салқындап барады. Техниканың тасқыны адамдардың адами қарым-қатынасына нұқсан келтіруде. Бір-біріне жанашырлық сезімдері ояна қоймайды. Оған не себеп, кім кінәлі? Ақпараттар тасқыны, техниканың шарықтауы ғана ма?

Жанашыр адамның жүрегі жұмсақ болады. Ол адамдарға жақсылық қана ойлайды. Өзгелердің уайым-қайғысына қатты мазасызданады. Ондай жандар бар. Қаталдау дүниені жұмсартып тұрғандар – солар, сондай жандар.

Жақында Дариға Кінәзбекқызы Ахметова жасы жетпістен асқан, оқыған, өте мәдениетті жан. Бір оқиғаны баяндады. Ол кісі теледидардағы «Айтуға оңай» деген бағдарламаны көреді екен. Сол бағдарламада өмірге аяқсыз кеген жеті жасар мүгедек бала тағдырын, ата-аналарының жүрек жарасын, арман-тілегін баяндапты. Апай жолдасымен бірге көріп отырып, қатты толқыпты. «Жыладым, түні бойы ұйықтай алмадым» дейді. Содан не керек, Дариға апай тележүргізуші Бейсен арқылы сол отбасымен кездесіп, жолдасы екеуінің бір айлық зейнетақысын апарып беріпті. Назарбаев зияткерлік мектептерінің басшысы Күләш Ноғатайқызымен кездесіп, кішкентай бала тағдырына көмек сұрапты. Ол кісі қолынан келген көмегін аямапты. Баланы зияткерлік бағытта дамыту үшін оқытушылар

бөліпті. Дариға апай одан кейін «НұрОрда» қазақ-түрік лицейінің директорына барыпты. Ол кісілер баланы қасындағы бауырымен бірге мектепке қабылдап, тегін оқытатын болыпты. Дариға апайдың жүрек жылуының қуатын қараңызшы. Жанашырлық, ешбір ақы сұрамайтын, абырой тілемейтін жанашырылық деген осы.

Ал жағымпаздықтың артында есеп тұрады. Ол шын көңілімен емес, күні үшін жақсылық жасайды. Байқалмайды дейсің бе, олөте сүйкімсіз жан. Сондықтан да адамдарға шынайы көңімен қарым-қатынас жаса. Қолыңнан келсе, жақсылық жасауға тырыс. Қолыңнан келмесе, жамандық жасама.

• **Қарапайымдылық – барлық жақсылықтардың қайнар бұлағы.**

**Шәкірт:** – Теңгермешілік, жақсыны жаман дей салу немесе көзге ілмеу, ісі де, кісілігі де төмен жанды жақсы дей салу қоғамда да, мектепте де кездесіп жатады. Сіздің ойыңыз қандай?

**Ұстаз:** – Теңгермешілік жаман қасиет. Оны Бауыржан Момышұлы да айтқан. Жақсы мен жаманды, арсыз бен арлыны теңестіру деген, шын мәнінде кісілікті өлтіріп, түбіне жетеді. Татымсызға жақсылық жасамау туралы Абай дана да айтқан еді ғой. Тұлпар тұсалып, есек озып жатса, оған өзің қалай қарайсың?

• **Бағалау әділ болса – дүние өзінен-өзі ретке келеді.**

**Шәкірт:** – Теледидардағы бір хабардан италияндық бір азаматтың: «біздер италияндықтар арттағы мың жылдық тарихымызға үлкен мақтанышпен қарайтын

халықпыз» деді. Біз мақтанышпен қарай аламыз ба?

**Ұстаз:** – Біз де арттағы екі, үш мың жылдық тарихымызға мақтанышпен қарайтын халықпыз. Тіпті одан арғы тарихымызға да қарай аламыз. Біздің дәуірімізге дейінгі 6-7 ғасырда Анақарыс (гректер Анахарсис деп атаған) Грекияға барып, ақыл парасатымен гректерді аузына қаратып, Солон патшамен дос болып, көзі трісінде гректің жеті ғұламасының бірі атанған жоқ па? Анақарыс бабамызға Грекияда Солон патшаның айтуымен мыстан ескерткіш орнатып, оған Анақарыстың «Басқа пәле тілден» деген сөзін жазыпты деген аңыз бар. Анақарыс туралы деректі тарихтың атасы Герадоттың еңбегінен, және тұңғыш ұстаз атанған Аристотельдің еңбегінен тауып оқуға болады. Анақарыстан жеткен мынадай сөздер бар: «Қызғаныш пен қорқыныш адамның ең жаман қасиеттері. Қызғаныш достарының кірісін санатқызса, қорқыныш адамды үмітсіздікке жетелейді». Сақ, ғұн, үйсін, түрік қағанаты заманында ерлігімен ел санасында қалған Тұмар, Еділ, Мөде, Білге, Күлтегін т.б. бабаларымыздың ерлігі мақтануға тұрарлық емес пе? Қытай сол ежелгі дәуірде көшпенді түріктерден қорғану үшін атақты ұлы қытай қорғанын тұрғызбады ма?

Сақ патшайымы Тұмардан: «Басқа елдің қажеті жоқ, көк күмбезді аспаны бар, бетегелі боз даламызды біз ешқашан, ешкімге бермейміз» деген сөзі ұрпақтан ұрпаққа жетті.

Кейін «тозған қазды топтанған қарға жейді» дегендей, берекесі, бірлігі азайған кезде көрші елдердің билігі жүріп, таланды. Асыл қасиеттерінен айырылып, елдігінен айырылды. Сондай ел басына күн туғанда Ұлы Даланың арыстары халқының көкірек көзін

ашуға бастарын бәйгеге тігіп кірісті. Олар: 15-16 ғасырлардағы дала жыраулары, олар: 18-19 ғасырдағы Махамбет, Бұхар жырау, Дулат, Абайлар, 20-ғасырдағы Алаш арыстары болатын.

Қазақ даласының ірі-ірі қалалары, соған сай өркениетті мәдениеті, өнері, архитектуралық ғимараттары, ұлы ескерткіштері болған. Бірақ жауларымыз халық жадынан мәдениетті, тілді, дәстүрді жою үшін мұндаға дейін күресіп келді. Материалдық та, рухани да құндылықтарымызды қиратты, көзін жойды. «Сауатсыз, жабайы халық» деген ұғымды халықтың санасына құйып, мәдениетті, білімді біз бергенбіз деп, Ұлы Даланың асқар тауын аласартып келді. Қазақ – тарихы кемел, тамыры терең, елдігі де, ерлігі де болған халық. Сол себепті біз де өз тарихымыздан ұялмаймыз, мақтанамыз.

• **Ақылмен іс істеп, аңсап қол жеткізген тәуелсіздігімізден айырылып қалмауға әрекет жасауымыз керек.**

**Шәкірт:** – Осы бүгінгі таңда елімізде түрлі діни ағымдар бар. Қазақтың салт-дәстүрін теріске шығарушыларға не дейсіз? Ұстазсыз ғой жамылған қыздар туралы пікіріңіз?

**Ұстаз:** – Дәстүр мен діни нанымды бір-біріне қарсы қою дұрыс емес. Салт-дәстүр – бағызы заманнан бері ұрпақтан ұрпаққа жеткен асыл мұралардың бірі. Әрине, заман ағымына сай кейбір дәстүрлердің істен шығатыны да бар. Мысалы, өмірден қайтқан адамды баяғы заманда да, қазір де көмусіз қалдырмаған халықпыз. Ал енді келіп ата-аналары мен балалары

арасында дау-жанжал шығып жатады. Қазіргі күні діни сауаттанып білім алған кейбір жастар ел үлкендеріне қарсы келіп, өмірден озған кісіні қайтқан күні жерлеу керек дейді. Ал ежелден келе жатқан марқұмның қонақасына да қарсы болып жатқандарын көзіміз көріп жүр. Қайтқан күні жерлеуге мәжбүрлік табиғаттың, ауа-райының жағдайына байланысты шығар? Мысалы, араб елдерінде күн қатты ыстық боғандықтан да болар. Жалпы, өз басым өз ұлтыңның дәстүрін ұстанғанның ешбір айыбы жоқ деп білемін.

Ал, орамал, ұзынкөйлекте дәл сондай. Ол – арабтардың, ирандардың, т.б. ұлттық киімі. Қазақ қыздарының ұттық киімі емес. Егер сыйласаң – өз дәстүрінді сыйла. Қазақтың бүрмелі көйлегін, желеткесін, кимешегін ки. Ал енді, жарайды, жамылдың екен, соған лайық әдепті, инабатты, мейірімді, сабырлы бол. Оғаш мінез көрсетпе, өзінді өзгелерден артық санама. Мен оны босқа айтып отырған жоқпын, қалада автобустармен жүргенде, жамылған екі қыз бала үлкен кісілерге орын бермеді. Өздерін өзгелерден артық санаған кейпетін байқадым. Бұл дұрыс емес деп ойлаймын.

• **Жүрек таза болса амал, әрекеттің бәрі таза болады. Жүрегінді таза сақта.**

**Шәкірт:** – Гүлтас апай, сізден байқалған бір ерекшелік сіз шығармаларды жатқа оқисыз. Жаттауға қалай уақыт табасыз?

**Ұстаз:** – Мен әдебиеттен сабақ беріп жүрген мұғаліммін ғой. Сұрақтың жауабы – осы.

**Шәкірт:** – Әрине, бірақ десек те, барлық әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдер поэзияны, прозаны, драмалық



шығармаларды дәл сіз сияқты мәнерлеп жатқа оқи алмайды.

**Ұстаз:** – Оқи алмағаны – дұрыс емес. Мысалы, аспаз тамақ пісіруді жақсы білмесе, тамағы дәмді бола ма? Зергер өз ісінің шебері болмаса, оның заты әдемі бола ма? Дәл сол сияқты әдебиетші мұғалім де өз ісінің шебері болу керек. Ол барлық шығармаларды оқыған, жүрек сүзгісінен өткізген, өзіндік көзқараспен бекіткен және ол шығарма туралы, автор туралы кімдер айтқан, жазған, зерттеу жүргізген, соның бәрін білу керек. Сонымен қатар, оқушыларға жаттауға берген шығармаларды мұғалім міндетті түрде өзі жатқа білгені жөн. Жатқа оқып тұрған баланы кітапқа (мәтінге) қарап отырып тексерсе, мұғалімде қандай абырой болады? Менде де уақыт аз. Бірақ мен жаттауға уақыт табамын. Ол – жауапкершілік, жеген наныңды адал жеу деп біемін. Әрине, жас кезде жаттау, есте сақтау оңай. Сол үшін жаттауды жас кезден бастаған дұрыс. Құдіретті сөз өнері ағзаңды да тазартып, жүрегіңе нұр құятын тәрізді.

**• Көркем шығармаларды жатқа оқысаң – ол сенің өміріңнің ішінде болады, ал бір оқып тастасаң – ол өміріңнен сыртқары болады.**

**Шәкірт:** – Енді бір сұрақ. Мен мектепте оқып жүргенде бір мұғаліміміз сыныптағы қыз балаларды ұнатпайтын. Ер балаларды артық санайтын. Мен ер баламын, бірақ қыздар үшін, мұғалімнің олардың бағаларын төмендеткені үшін қарадай қысылатын едім. Осы қаншалықты дұрыс?

**Ұстаз:** – Мүлде дұрыс емес. Ондай адам мектепте

жұмыс жасамау керек. Мұғайм үшін алдында отырған балалардың бәрі бірдей. Менің мектепте неміс тілінен сабақ беретін ұстазымның баласы біздің сыныпта оқыды. Жақсы оқыды. Сонда есімде, сол баланың барлық сабақтан тоқсандық бағасы 5 пен 4 болғанда, өз әкесі неміс тілінен баласына 3 деген баға қойған болатын. Міне, ұстаз! Нағыз ұстаз оқушыларды ешқандай бөлмейді.

• **Алалағанды Алла да сүймейді. Ол бір сүйкімсіз жан.**

**Шәкірт:** – Соңғы сұрақ. Сіз ұстаздық мамандықты таңдағаныңызға өкінбейсіз бе? Қиын мамандық қой.

**Ұстаз:** – Еш өкінбеймін. Өмірден кейін де өмір болса, осы мамандықтты таңдар едім.

**Шәкірт:** – Рақмет. Өмірден кейін өмір болса, мен тағы да сіздің шәкіртіңіз болар едім.

• **Ұстаз бақытын сезінудің қаншалықты керемет екенін бісеңіз ғой!**

## АР БІЛІМІ МЕН ТӘРБИЕСІ

*XX ғасырдың басында Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды даланың ұлы перзенті: «Ғылым екі жікке бөлінеді: бірі – дене азығы, бірі – ар азығы. Дене азығы дегеніміз – осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; ...ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы – әділдік табылмай, басқа дене азығы өнерлерінің көбеюімен жалты адам баласының күн көрісі ауырламаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды», – деген екен.*

*Қазақтың ұлы философы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Білім беру саласында «Ар білімі, деген білім оқытылуға тиіс деп ойлаймын» (Е.Шаймерденұлы «Ақыл-ой антологиясы», А., «Өлке» баспасы, 2004ж. 227-бет) деген екен.*

*Ал бүгін АР БІЛІМІ керек пе?*

Бүгінгі қоғам неге зәру? Инженерлерге, жаңа технологияны меңгерген мамандарға зәру деген жауап дайын. Бірақ ең бастысы, бүгінгі қоғам саналы, адамгершілігі жоғары адам капиталына зәру. Жоғарыдағы Ар білімі ол – кешенді білім. Біздің қазіргі білім жүйесіндегі барлық балаларды үш тілде оқытып, халықаралық стандарттарға сай білім береміз деп жатқанымыз өте асығыстық іс. Түбінде оған келерміз, бірақ дәл қазір мектепте үш тілде оқытатын мамандар жоқтың қасы емес пе? Ауылдық жерлердегі мектептер жабылудың алдында тұр. Ауылдық жерде жұмыс

болмағандықтан жастар қалаға кетті. Ал енді біразы балалары үшін, балаларының болашағы үшін ауылды тастап көшті. Ауылдық жерде ағылшын тілінен, тіпті орыс тілінен сабақ беретін мұғалім жоқ. Бір сыныпта 4-5 оқушыдан отырған сыныптар да бар.

Жас мамандар ауылға барып мұғалім болайын деп жатқан жоқ. Сондықтан алдымен базаны, маманды даярлап алу қажет. Халықаралық оқу орындары ғана емес, еліміздегі барлық оқу орындары жаңашыл, шығармашыл, жаңа талаппен жұмыс жасауға тырысу керек. Ұйықтап жүргендердің оянатын уақыты жетті. Жоғары білімді азаматтың мәртебесі – сапалы білім алған, саналы азамат болу. Сапалы білімге: заман талабына сай инновациялық біліммен қаруланған, алған теориялық білімін өмірде, практикада қолдана алатын, өзіндегі барды өзгелермен бөлісетін, елдің әлеуетін көтеретін мамандық иесі жатады. Ал саналы азаматқа: арлы, мәдениетті, этикалық, эстетикалық қалыптан шықпайтын, елін сүйетін, елі үшін ерлік жасау қолынан келетін азаматтар жатады.

Енді кенес заманынан бұрынғы қазақ еліндегі білім жүйесі қандай болғандығы туралы ғалым, ұстаз Ғұзыхан Ақпанбек ағамыз былай дейді: *«Қазақ халқы сауатсыз болған, ешқандай білімді меңгермеген деген сияқты ұзақ уақыт бойы жүргізілген теріс насихат білім беру жүйесіндегі, халық азарту ісіндегі жетістіктерді жоққа шығарды.*

*... Қазақтың қандай мектептері болды, қандай пәндер өтілді, білім беру жүйесі қандай, қандай ғылым салаларын үйренді, кім үйретті, т.с.с. сұрақтарға жауап беріп көрейік.*

*... Бала тоғыз жасқа толғанда ауыл молдасына*

беріледі. Бірінші жылы **Әліп, Әбжад, Әдеп, Әркен** деген төрт сабақ міндетті түрде оқытылады. **Әліп** – оқуды, жазуды үйрететін сабақ, **әбжад** – есеп сабағы, арифметика. Негізгі төрт амал толық игеріледі. Қосу, азайту, көбейту, бөлу, және проценттеу мен жуықтау сол сияқты жобалау, жорамалдау тәсілдері де қамтылады. Үй шаруашылығын жүргізу үшін қажетті есептеулер жасау оқытылады. **Әдеп** – өмірдегі, тұрмыстағы негізгі ережелер, қағидалар, сый-құрмет, т.б. жүйелі түрде үйретіледі. Ата-ананы және үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық шапағат, қайырымдылық, мейірімділік туралы арнайы дәрістер өтеді. **Әркен** негізінен әсемдік өнерін қамтиды. Адамның сырт келбеті, жан-дүниесі, басқалармен қарым-қатынасы, әсіресе сөйлей білу, сөзді тыңдау, шешендік өнердің негізі айтылады. Киім-кешек, ыдыс-аяқ, ер-тұрман т.с.с. өмірде қажетті барлық тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдардың жасалуы жайлы деректер беріліп, үндестік (гармония) заңдылықтары үйретіледі. Балалардың әсемдік талғамын қалыптастырып, табиғатпен дұрыс қарым-қатынас жасау жолдары көрсетіледі. Обал, саупты және сегіз тизылды саралап үйренеді.

Келесі жылы оқытудың екінші кезеңі басталады. Мұнда бірінші жылғы пәндер кеңейтіліп оқытылады да **Әптиеқ** сабағы қосылады. Әптиеқ деген сөздің мағынасы  $7/1$  (жетіден бір) – дегенді білдіреді, яғни Құранның соңғы бөлігі, сүрелердің жиыны. Әптиекті оқытқанда араб тілін қоса үйретеді. Тілді үйренуді әптиекті тәфсирлеу (қазақшаға аудару) түрінде жүзеге асырады. Бұдан соң Құранға түседі.

Оқытудың үшінші жылы түркі тіліндегі көркем

шығармалар поэзия (назым) оқытылады. Яғни, әдебиет сабағы өтеді. Сонымен қоса мүнәжжімдік (астрономия) ғылымдар негізі беріледі. Аспан шырақтарына қарап бағыт, бағдарды табу, ауарайын болжау, мал жайылымының жағдайын білу сияқты қажетті мағұлыматтар беріледі. Сонымен 12 жастағы бала араб және түрік тілін қажетті деңгейде біліп шығады. Бұдан соң жаңа пән **мұқтасар** қосылады. **Мұқтасар** шарият жолын, негізгі заңдарды үйрететін арнайы сабақ. Келесі кезекте **Әділет** және **Әлеумет** пәндері оқытылады. Әділет сабағында адамгершілік қағидалары, ақиқатты, шындықты айту, ханға да қараға да бірдей тек адам деп қарау қажет деп үйретеді. Ел аузындағы шешендік сөздерден, билер үкімінен мысалдар келтіріліп, пәлсапалық мол мазмұнды, ұтымды ойды білдіретін тапқыр сөздер айтылады. Әлеумет сабағы қоғамдағы өмірдің құбылыстарын үйретеді. Мемлекеттік құрылымның түрі, ел басқару, қоғамдық қарым-қатынас, басқа мемлекеттер, олардың ерекшеліктері т.б. мәліметтер беріледі.

Қыста жиналған көпшіліктің көзінше балалардың білімі тексеріледі. Төрт жыл дәріс алған шәкірттердің арасындағы қабілеттілерін және жағдайы барларын әрі қарай медіреселерге жіберуге кеңес береді, яғни кәсіби бағдар беріп, келешектеріне қамқорлық жасайды. (Ғұзықан Ақпанбек «Қазақ халқының дүниетанымы» 76-78 беттер).

Он үш жаста бала 7 ғылымды біліп, 12 пәнді меңгеріп, өмірге қажетті дәрежеде білім алып шығады Сондықтан да казак баласын «он үште отау иесі» деп сенім

көрсетеді». Байқап қарасақ, адам баласының қарапайым адами өміріне керекті пәндер, керекті білім-біліктер. Өміріне пайдалана алатын өмір сабақтары.

Ал бүгінгі он үштегі баламен салыстырып қараңызшы. Мектепте 11-12 жыл оқып, университетте 4 жыл оқығаннан соң да өз бетінше өмір сүріп, өз мәселесін өзі шеше алмайды. Неге?

### • Адасудың қай түрі болса да жақсы емес...

Адам баласының ғасырлар бойғы тарихына көз жіберсек, ол даму үстінде. Оның сан ғасырлық тәлімінің, тәрбиесінің, білім-ғылымының, әдет-ғұрпының нақты үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа мирас боп келді. Тарих көшінде кездескен кеңестік саясат бабалардан жеткен асыл мұрамызға қара күйе жағып, ескішілдік дегізіп, тілімізден, дінімізден, ділімізден алыстатып бақты. Тіпті мектептегі пәндердің білім мазмұны, қолданған тәрбие құралдарымыз сол солақай саясаттың қолшоқпары болды. Қазақ баласы өз ұлтының тарихын білмеді, өз туған жерінің табиғатын, географиясын оқыған жоқ, оқмаған соң, таныған жоқ. Танымағанға махаббат сезімі қайдан болсын? Ал әдебиет жаттанды, жасанды шығармаларға толды. Бала-бақшадан бастап бар бала жаттанды Советстан мен «ұлы бабамыз» деп, «күн көсем» Ленинді жаттап өсті. Алаш қамын жеген алыптарымыздың тағдыры, сол кезде олардың қазасын көзі көрген, естіген көзі ашық қазақ оқығандары бас көтермейтін жағдайға жетті. Өзінен, көршісінен, тіпті көлеңкесінен қорқатын болды. Міне осы қорқыту мен үркіту, қалт жібермей бақылауда ұстау – ұлттың ділін өзгертті.

Жүсіпбек Аймауытов Кеңес үкіметі орнаған кезде: *«Педагогика пәнінің тарихын қарасақ, тәрбиенің мақсұты өзгеріп отырғанын көреміз. Тәрбиенің мақсұты әр заманда әр түрлі болғанының себебі не десеңіз? Олмынадан: әлеумет тұрмысының шарттары, әлеумет құрылысының қалты қандай болса, тәрбиенің мақсұты да соған қарай құбылған. Әлеумет құбылысы өзгергіш нәрсе. Әлеумет шарттары, қалыптары өзгерген сайын тәрбиенің мақсұты да өзгере берген»* дейді. (Ж. Аймауытов. *Бес томдық шығармалар жинағы*, төртінші том. 288-бет А., «Ғылым» баспасы)

Ал енді Кеңес үкіметі құлап, өз тәуелсіздігімізді алып, егемен ел болдық, қоғамдық формациямыз өзгерді, бірақ санамыздың өзгеруі қарқынды емес. Арал теңізіндей тартылып қалған ұлтық негізіміз: рух, намыс, мінез, әдемі салт-дәстүр, төгілген тіліміз қайда? Оларсыз алған білім, шыққан биік бізге жақсылық әкеле ме?

Туыс, бауырел, Түріктің көсемі Кемал Ататүрік: *«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын білгеніміз дұрыс»*, – деген екен. Біз де өз ұлтымызды, оның асыл белгілерін қастерлеп, құрметтей алмасақ, қай жерлерден барып білім алсақ та, қанша жұрттың тілін білсек те, түптің түбінде жаһандану атты алыптың жұтқыншағына бірінші барып жұтылатын ұлт болатынымызды білгеніміз дұрыс.

Сондықтан білім ғимараты ұлттық негізге орнатылып, онда ұланмызға ар азығы: ар білімі мен тәрбиесін беруіміз керек.



**• Білім мен тәрбиені қатар алып жүрген адам ғана жақсы маман, жақсы ата-ана болады.**

1924 жылы Орынбор қаласында жарық көрген Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» кітабында «Тәрбиенің мақсұтын түрліше ұғыну» деген тақырыпта былай дейді: *«Грек жұрты мақсұты да, құралы да көркем адам болу дейді. ... Гректің өмірі – сұлулық. Рум жұртының арманы сұлулық емес, қолайлылық. Олар соғыс ісіне, мемлекет құрылысына пайдалы нәрсеге ғана артық баға берген. Немістің тәрбие арманы – оқымыстылық.*

*Бұл аталған мақсұттар көмескі, сыңаржақты, толық емес. Тәрбиенің мақсұты: шындыққа, ізгілікке, көркемдікке қол сермеу, соларға жетуге тырысу, солардың жолында адамның қызметін күшейту, адамның тұрмысын солармен үйлестіріп жасау деп айтатын тәрбиешілер бар. Адамның адамдығын сақтап, барлық керекті, қасиетті жан қуаттарын түгел тәрбие етуге осы мақсұт толығырақ сықылды».* (Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы, төртінші том. 284-285 бб. А., «Ғылым» баспасы)

Басқа жұрттар сияқты біздің халқымыздың да өзіндік тәрбие бұлағы болған. Ол – сөз. Халқымыз тентегін тезге салса, сөзбен салған, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қысқа да, нұсқа түйінді сөзбен шешкен. Сөзге тоқтай білген еді ғой. Дауына да, жауына да сөз қаруын қолданған халқымыздың бүгінгі ұрпағын да сөз күдіретімен тәрбиелеу керек.

Өнегелік мақсатта Жанқұтты шешен мен Абайдың сөзін ұсынамыз: Атақты Жанқұтты шешен Абайды бозбала шағында көріп, ақыл-ойын, білім-білігін, таным-өрісін тексереді.

**Жанқұтты:** – Шырағым, дүние неге сүйенеді?

**Абай лезде:** – Дүние үмітке сүйенеді.

– Көздің көрмесі бар ма?

– Көз қабағын көрмейді.

– Шам жарығының түспесі бар ма?

– Шам жарығы табағына түспейді.

– Болат пышақтың кеспесі бар ма?

– Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

– Тамағына тартпайтын мақұлық бар ма?

– Өз тамағына тартпайтын мақұлық болмайды.

**Жанқұтты шешен:** – Осы ойларды өлең сөзбен кестелеші дейді.

**Абай:**

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұядағы.

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,

Шам жарығы түспейді табағына.

Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,

Мақұлық тартпай қоймас тамағына.

**Абай:** – Ата менің де сізге қояр сауалым бар еді.

**Жанқұтты шешен:** – Қой.

**Абай:** – Ата арзан не, қымбат не, дауасыз не?

**Жанқұтты:** – Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе? Шырағым, жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, мандайың жарық екен – ойлылығың шығар, сөзіңнің нәрі бар екен – елің сусағанда шөлін қандырар бұлағы боларсың, – деп батасын беріпті.

Бұлай сөйлеу дәстүр болған. Біз оны жоғатып алдық. Бірақ жоғалтып алдық деп қарап отырмай, отбасында,

балабақшада, мектепте, одан кейін де балаларды осылай тосыннан қойылатын сұрақтарға жауапты дұрыс айтып, тауып сөйлеуге үйретуге тиіспіз. Сын тұрғысынан ойлауды Бастыстан алдық дегеніміз шындыққа сай емес. Халқымыз ежелден: «сын түзелмей, мін түзелмейді», «дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», «балаға ата сыншы» деп, барлығына сыни тұрғыдан қарап, баға берген.

Сөз сырына қаныққан ұрпақты ғылым-білімнің қай саласына бәйгеге қоссаң да жеңіп шығатын болады. Міне, сондықтан сөйлер сөзден алыстап, техниканың досына айналған ұрпақты амалын тауып, рухани құндылықтарға да бетін бұрғызу қажет. Жаһандану заманында техниканың басымдылығы бола беретіні аян, десек те елдігімізді сақтау үшін ұлттық құндылықтарды жарыса, жанталаса берген дұрыс.

## МҰҒАЛІМ – ӨНЕГЕ ИЕСІ

Бүгінгі күні әлемуметтік мәселелерінің бірі – «мектептегі мұғалімнің жалақысы аз, сол себепті олар да жақсы сабақ беруге құлқы жоқ» деген әңгіме.

Мұғалімнің жақсы болмағы жалғыз жалақыға қарамайды. Әрине жағдайы жақсы болса, көңілдегі алаң аздау болар. Дегенмен мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол мамандықтың жауапкершілігін бірге алып жүруіміз керек. Біздер темір, немесе ағаш өңдеп жатқан жоқпыз. Біздің алдымызда тіршіліктің иесі, адамның баласы отыр. Оның тағдыры біздердің қолымызда. Ұстаз деген ұғым – ғұламалылыққа жақын ұғым. Ол өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат-әсерін, сырын, т.б. білетін жан болуға тиіс. Оның бойында мейірім, парасат, талап қоюшылық, мәдениеттілік қасиеттердің ең жоғарғы сапасы болуға тиіс. Сонда ғана ұстаз деген атқа лайық болмақ.

Шәкірт ұстазынан өзімен түйдей құрдас бала мінезін де, өзінен жүз жас үлкен дана мінезін де сезініп, көре білсе, оның сол ұстазына еліктеп, өзіне өнеге тұтып, оқытқан пәніне деген қызығушылығы артады. Ал ұстазын өнеге тұтпаса, ол сабақ уақыт өткізу сабағы болады. Жүсіпбек Аймауытов: *«Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін»* дейді. (Ж. Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы, төртінші том. 335- бет, А., «Ғылым» баспасы). Мысалы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын мұғалім өзі

оқып, жазушының талантына өзі табынып, тамсанбаса, оқушыны ол әлемге қалай апарады?

Мұғалім нәрсеге өзі қызығып қарай бастаса, баланың да ілтисатын өзіне аударады. Балаларға «бері қарандар» дегеннің орнына мұғалім өзі қарап, бақылап, тамашалауы, таңдануы керек. «Қарандаршы, балалар, не деген тіл, не деген ой! Жазушының кейіпкер психологиясын осыншама шынайы беруі ғажап емес пе?» деп, кітаптан үзінділерді, оқушылармен бірге қарап, бірге оқыса, балалар еріксіз кітап ішіне енеді, көздері жетеді. Осындай ғажап дүние-әлеміне енгізгені үшін ұстаздарына іштей разы болады. Осындай жағдайға алып келген соң, ары қарай оқушыларға нақты тапсырмалар беріледі. Оқуды ізгілендіру деп жүргеніміздің сыры да осында жатыр. Балаға аз нәрсе беру ақылы, көп білім алуға өз бетімен жеткізу. Бұл жөнінде де Ж. Аймауытов жақсы айтқан: *«Жақсы сабақ – баланың өзіне істеткен»*

( Ж. Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы, төртінші том. 335- бет, А., «Ғылым» баспасы).

Білім мен тәрбие егіз. Ұстаз қолында бірі болып, екіншісі болмаса, нәтижесі нөлге тең болады. Баланың қисық, түзу болуы, ақылы, сезімі, қайратының жігерлі болуы мұғалімінің қимыл-әрекетіне, ықылас-пейіліне, жігерлі ықпалына тікелей байланысты. Мұғалімнің жігерлі болуы сүйегіне біткен қасиет болуға тиіс. Ұйықтап жүріп, қабағы түсіп, салбырап жүріп сабақ беретін мұғалімді мектепте ұстауға болмайды. Ондай мұғалім балаларды өрге емес, төменге, құрдымға сүйрейді.

Тұжырымдап айтар болсақ, ұстаз өнеге иесі болуға тиіс.

## **МЕТЕПТЕГІ БІЛІМ МАЗМҰНЫНА ІЗГІЛІКТІҢ, АРДЫҢ, АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ДӘНІ САЛЫНУ КЕРЕК**

Гуманитарлық пәндер мазмұны толығымен ар сабағын жүзеге асырады (Мысалы Қазақстан тарихы, тіл, әдебиет, құқық пәндері). Ал география, табиғаттану сабақтарында туған жердің табиғаты, жер-суы, тауы-тасы, аң-құстары, жан-жауарлары туралы жалаң айтылмай: «осы жер, осы табиғат –бұрын сендердің ата-бабаларыңның, қазір сендердің, болашақта сендердің ұрпақтарыңның байлығы, өмір сүретін мекені. Сондықтан бұл табиғатқа, жерге қалай болса, солай қарай алмаймыз. Оны көздің карашығындай сақтаймыз» деп, жауапкершілікпен қатар өз елінің әр тасына, құмына дейін сүйгізе білу керек. Қазақтың адал перзенті Қаныш Сәтбаевтың Ұлыбританияға барғанда мұражайдағы тасты танығаны сияқты. Ол былай еді ғой. Совет елінен барған делегация Лондонда табиғат мұражайын аралап жүргенде Қаныш Сәтбаев Лондондағы музей қызметкеріне: *«мына тастың қай жерден табылғаны туралы мына дерек дұрыс емес, бұл Қазақстанның тасы, оның ішінде Жезқазғанның тасы»* депті. Музей қызметкері: *«Жоқ, мүмкін емес, бізде ондай кателесу болмайды»* деп, дауласа қалғанда, басқа лауазымы үлкендеу қызметкері бұл тастың тарихын, шыққан жерін анықтауға өз қызметкерлеріне тапсырма беретіндігін айтыпты. Қаныш аға да тезірек

анықтауын өтініпті. Кешке қонақ асы берілген кезде, музей директоры, кішкентай тасты қолына алып, Қаныш ағаға ұсынып тұрып: Мистер Қаныш Сәтбаев, сіздің айтқаныңыз дұрыс екен, міне бұл тастың тарихы – Қазақстан, Жезқазған» деп, Қаныш Сәтбаев, сізге бір сұрақ қойсам: «кешіріңіз, көп тастың арасынан сіз осы тасты қалай таныдыңыз, құпия болмаса, айтыңызшы». Сонда Қаныш Сәтбаев: «Туған жердің тасы да ыстық көрінеді» деген екен. Кез келген шәкіртіміздің жанында ізгіліктің бұлағы бар, біз тек соны молайтуды, көбейтуді, жабылып қалмауын ойластырғанымыз жөн. Ол үшін ізгі әрекеттер жасауымыз керек. Көре білуге, тани білуге, өмірге қолдана білуге үйретсек, жеңіске жетеміз.

1945 жылы Жапония Хиросима, Нагасаки қасіретінен соң экономикалық тығырыққа тірелген кезде, бірінші экономиканы дамытуды емес, халықтың рухын емдеп, жазып алуды қолға алған көрінеді. Жүзден астам тіл институттарын ашыпты, өздерінің салт-дәстүрлерін ұлықтап, жас ұрпақты ұлтын құрметтеуге, үлкендеді сыйлауға тәрбиелепті. Содан кейін ғана біз әлемді бағындырамыз деген көрінеді. 50-60 жылда Жапонияның қандай шыңдарды бағындырғанын әлем мойындап отыр. Біз де дәл солай ең алдымен ұрпағымызға өз ұлтын, ұлтының игі дәстүрлерін, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты ең қадірлі қасиетін, туған жерге деген перзеттік парызын, мәдени мұраларға деген мақтаныш, жауапкершілік сезімін орнықтырып алуымыз қажет. Содан кейін біздің табиғатынан талантты ұрпақтарымыз әлемді ақыл-парасатымен билейтін болады.

**• Біз аз халықпыз, біздің әр баламыз – алтын, гауһар.**

## АБАЙ – ҒҰЛАМА

Жас дос! «Абай – ұлы акын» деген сөзді ауызбен айтқанмен еш нәрсе өзгермейді. Егер Сіз оның шын мәнінде ұлы екенін жүрегіңізбен ұғып, өзгеге дәлелдей алмасаңыз, бәрі – бос сөз болмақ. Өзіңізді тексеріңізші, Сіз ұлы Абайдың бір өлеңін, бір қара сөзін жатқа айта аласыз ба? Сізге шет елдің адамы: «Сіздердің ұлы ақындарыңыз Абай ғой, соның бір өлеңін оқып беріңізші» десе, оқи аласыз ба? «Ал, білмеймін, онда тұрған не бар?» деп, ойлайтын шығарсыз. Әрине, онда тұрған түк жоқ. Бірақ өкінішті. Сіз өз ұлтыңыздың ғұламасын, асқар биігін танымағансыз. Сіздің жүрегіңізде қазақ деген халықтың рухани төл құжаты – Абайға деген мақтаныш сезім болмаса, оны тудырған халыққа да құрметіңіз аз ғой деген ой өзінен өзі келеді. Өлі де кеш емес. Адам баласы бірден өсіп, бәйтерек болып кетпейді. Уақыт бар.

Абайдың ұлылығын бірулердің айтқаны арқылы мойындамаңыз. Өзіңіз оқып, сезініп, жүрегіңізге жеткізіп барып: «шын мәнінде ұлы екенсің, Абай» дегенге жетіңіз.

Абай өлеңі... Абай дана қандай ақыл-кеңес береді екен? Тағы да әр тармағындағы ойды талдап, көңіл көрігінен өткізіп көріңіз. Өмір – бәйге. Ал жалғыз адамға бәйге болмайды. Жарысатын, бірге шабатын өр, ер жігіттер, азаматтар қасыңызда болса, ол жарыс мәнді де қызық болады. Бәйге деп астарлы түрде айтып тұрғанымызды



түсінерсіздер. Өмір сапарда барлық қызмет, іс-әрекет, соның бәрінде адал дос, жақсы жолдас керек. Абай «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде сондай жолдас табу керек екенін айтады. Жолдас табуда, жар таңдауда жаңылыспау керек дейді.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін шын күлерлік  
Ер табылса жарайды қылса сұқбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе біріндікін бірін жеткіз.  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.  
Біріңді бірің ғизәт, құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,

Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.

Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!..

Қазақта: «Алтын шыққан жерді белден қаз» деген қанатты сөз бар. Абай әлеміне жақын болған сайын, Абай да бізге жақындай береді. Өлеңнен сыр іздеп үйренесіз. Жыр әлемі жүрекке жетіп, сыр әлеміне жол тартады. Одан кейін Сіз содай бір мақтанышпен: «Абай – ұлы ақын, ұлы ойшыл, ұлы ұстаз» деп айта аласыз. Абайдың бір өлеңін емес көп өлеңін оқып бере аласыз.

Абай «Толық адам» деген түсінікті қалыптастырды. «Толық адамды» әр адам әр түрлі ойлайды. Біреулер үшін ол «жан-жақты дамыған адам», «білімді адам», «мәдениетті адам» т.б. Абай түсінігінде ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам толық адам. Ендеше тағы да Абайдың өлеңін оқып көріңіз.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық –  
Бұл қайраттан шығады білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарым есті «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,  
Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Адам баласының сезімі ол тіл жеткісіз ғажап құбылыс қой. Жастықтың қуатына сай сезімі де күшті болады. Шын сүйе білу – бақыт, сүйікті бола білу – одан да үлкен бақыт. Шын сезімді қастерлеп, құрметтей білу керек. Жақсы көру сезімі кей-кейде бір жақты болады да, оның қуанышынан қайғысы көп болады. Адамның сезімін құрметтеген дұрыс. Тіпті сезіммен жауап берер жауабыңыз болмаса да, мазақ етуге, күлкі етуге құқыңыз жоқ. Сыйлаңыз, дос болып қалыңыз. Махаббаттың оқуы жоқ, оны ешкім оқып білмейді. Ол – жүректің ісі. Ал Абай дана болса, өз сырын өлеңмен былайша жеткізеді.

Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол,  
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.  
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,  
Мен не болсам болайын сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,  
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.  
Бірге жакқан біреуге жакпаушы еді,  
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,  
Жүдетер безгек ауру сықылданып.  
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,  
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып.

Біз кейде былай ойлаймыз, Абайдың ұлы, «толық ақын» болуына Тоғжандай қызды сүюі де себеп болған шығар? Жүрегінде ұлы махаббаты бар адамдар ұлы дүниелер тудыруға, ұлы жаңалықтар ашуға бейім

болады. Тоғжанға арналған мына екі шумақ өлеңде каншама сыр, қандай сезім, тазалық жатыр десенізші!

Жарқ етпес қара көңлім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да.  
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,  
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,  
Шыдайды риза болып жар ісіне,  
Қорлық пен мазағына табылса да.

**• Абайды бар қазаққа таныта алсақ, махаббатпен Абай әлеміне енгізсек қазақтың мәңгілігіне алаңдамасақ та болады.**



## **АБАЙ ДАНАЛҒЫ МЕН АҚЫНДЫҒЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?**

Абай поэзиясының күдіретін, әр сөзінің сом алтындай құйылып тиісті жерге орнағанның оқыған сайын сезесіз де, көресіз. «Ақын көп, Абай жалғыз», «Абайдан сөз қалмаған», өзі айтқандай «қазақта қарасөзге дес бермеген» Абай сыры неде?

Біріншіден, Абай – көріпкел ақын. Оған өлең – Тәңірден келген сый. Сондықтан ол: «Тәңірінің берген өнері Көк бұлттан ашылса» дейді. Сол кезде дүние келісімге (гармонияға) келіп, кірлеген жүрек өз ішін жуып, Тәңірінің Күні жарқырап, көңіл ұйқыдан оянып, қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шыққан сөз – ол күдіретті поэзия. Абай ұйқастан өлең жасамайды, оған өлең «Көктен» келеді. Бір сөзбен айтқанда, Абай жазбауға болмаған жағдайда ғана жазды. Сөз – жай сөз емес, қуатты ойдан бас құраған сөз, еркеленіп шыққан сөз. Абайдың ақындық рухы жерде емес, көкке көтеріліп жазғандай әсер етеді. Сол себепті де Абай өлең күдіретін жасай алды.

Екіншіден «Абайға жеткен ақын жоқ» деген сөз де қағида болып кеткен. Неге? Оның сыры мынада сияқты. Абай Тәңірдің берген өнерін қос қанатты қыранмен алып ұшты. Оның бір қанаты – Ілім, екінші қанаты – терең Білім. Абай Семейдегі медреседе де, одан бұрын да ауыл молдасынан терең діни, мұсылманша ілім үйренді. Ол Құранды жақсы түсініп оқыды. М.Әуезов

«Абай жолында» Абайдың әжесі Зереге Құранды өзі оқып қатым түсіргендігін қиялдан жазған жоқ. Ол шындығында солай болған. Абайдың Алланы тануы «Арғы атасы қажы еді», «Алланың өзі рас, сөзі де рас», және 38 қарасөзінде терең мағынада жазылған. «*Растың бір аты – Хақ, Хақтың бір аты – Алла, Бұған қарсы қарсыласқаниша, мұны ұғып, заделетпен тәптештеуге керек*» (Абай 38-қарасөзінен) дейді. Құран – барлық ізгілікті, ғылымды, даналықты, тәрбие мен арды бойында ұстаған үлкен Ілім. Абай оны терең барлап, түсініп оқып, сана әлемінде қорытты. Ал одан кейін, Ілімі толған соң білімді ғалымдардың, ойшылдардың, ақын-жыршылардың кітабынан оқып үйренді. Міне, біздің топшылауымызша Абай даналғының, ақындығының сыры осында болса керек.

Ал енді қарасөзде Абай елдің камын ойлады, адамдардың мінезін, қылығын түзетпекке ниет етіп жазды. «Ақ қағаз бен кара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен керекті сөз тапса жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» дейді. Өлең қарапайым халыққа күнделікті тіршілікте колданып жүрген қарасөзден гөрі алыстау. Өлеңге көкірек көзі, сөз сұлулығын көріп, сөз сырын ұғатын биік талғам керек. Халқының терісін оңғаратпаққа, қисығын түзетпекке ниет еткен Абай ғұлама алтын уақытын қарасөзге арнады.

*Адам өзі тапқан өнерлерін күнде тексерсе, күнде өседі. (Абай)*

*Тәрбие – білімнің анасы немесе іргетасы. Білім тәрбиеге негізделгенде ғана тұрақты, мықты болады. Тәрбиені ерте жастан бергеннен ұтарымыз көп болады. Сондықтан да біз «Жақсы мінез сабақтары» деген тарауымызды бүлдіршіндерге, бастауыш сынып оқушыларына арнаймыз.*

## **ЖАҚСЫ МІНЕЗ САБАҚТАРЫ**

### **Сәлем – сөздің анасы**

Қайырлы күн, менің досым. Бірінші сабағымызды сәлемдесуден бастасақ, қалай қарайсың? Қазақта: «сәлем – сөздің анасы» деген керемет сөз бар. Сөздердің бәрінің анасы сәлем екен. Ал біз аналарымызды жақсы көреміз ғой... Ендеше сабағымызды бастадық.

### **Сәлемдесу ережесі:**

- Жасы кіші адам үлкендерге бірінші сәлем береді. Бірақ кейде жасы кішілердің сәлем беруін күтіп тұрмай-ақ, үлкендер де сәлем бере береді, себебі ол тәрбиелілікті көрсетеді. Сондықтан сәлем беруге бірінші асыққан жөн.

- Егер сәлем беретін адам сенен алыстау тұрса, қолыңды бұлғап, айқайламау керек. Достарыңмен алыстан бір-бірінді көріп қалғанда да бастарыңды изеп, сәлем жасау жеткілікті болады.

- Сен сәлем бергелі тұрған адам басқа біреулермен әңгімелесіп тұрса, күте тұр, олардың әңгімесін бұзу әдепсіздік болады. Егер ол адам сенің күтіп тұрғаныңды көрсе, өзі ыңғай білдіреді. Сол кезде ол адамның ғана қолын алып амандаспай, басқаларға да амандасу керек.

• Жақын танысыңды көргенде айқайлап, шулап, «мен кімді көріп тұрмын!», «Сені де көретін күн бар екен», «қайда жоғалып кеттің?» т.б сондай сөздерді сәлемдесу деп айта алмаймыз.

• Егер бір адаммен күні бойында бірнеше рет кездесіп қалатын болсаң, кездескен сайын сәлемдесудің әр түрін қолдан. Басты изеп, жылы жымыып, ақырын қол бұлғап, не болмаса асханада жолығып қалсаң «асыңыз дәмді болсын» деп сыйластық ілтипат көрсеткен дұрыс болады.

- *Сәлемі түзудің жұмысы тез бітеді.*
- *Сәлемі жоқ адамды санға қоспаған.*

### **Досыңды сыйлай біл**

*Сәлеметсің бе, менің кішкентай досым! Жақсы мінез сабақтарын бастайық. Дайынсың ба?*

Достың көп болу ережесі:

• Жақсы мінез танытсаң, адал, кішіпейіл болсаң, достарың көп болады. Сен достарыңды ешқашан өкпелетпе. Достарыңа жағымсыз сөздер айтпа. Достарыңа басқа жанама ат берме.

• Барлық достармен бірдей амандасуды ұмытпа, тіпті өзіңнен кішкентайлармен де амандас. Кішкентай балалармен де, үлкендермен де дос болу керек және ұлдармен де қыздармен де дос бол. Сен «қызсың» немесе керісінше «сен ұлсың» деп бөлме.

• Өзіңе жақсы орынды қалап, онда тұрған баланы ығыстыруға, итеруге болмайды.

• Егер досың сені өкпелетіп қойса, сен өш алуға тырыспа, керісінше өкпенді тез ұмытуға тырыс, кешірімді бол, ашуланба.

- Егер сен досыңның кітабын немесе ойыншығын



алсаң, бүлдіріп алмай уақытыңда қайтаруды ұмытпа. Алған нәрсеңді қайтарып беру – әдептілік.

• Егер досың сенен кітабыңды, не бояғыш бояуыңды, өшіргішінді сұраса, қуанып бер, «әрине, әрине, ала бер» деп айтқаның дұрыс. Сараң болма.

Достым, осы ережелерді орында және өз достарыңа жеткізуге асық. Үйдегі іні-қарындастарыңа да жақсы мінез сабақтарын үйретуді ұмытпа.

### **Қанатты сөздер:**

- *Досы көпті жаса алмайды.*
- *Достыққа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол (Абай).*
- *Досыңды қиындықта тастама.*
- *Досыңның сырын бөтен адамға айтпа.*
- *Досы жақсының – өзі жақсы.*

## **МІНЕЗІ ЖАҚСЫ БАЛА**

*Достым, сәлем. Бұл келіп тұрған мен зой. Әңгімелесуге қалай қарайсың? Мен саған асығып тұратын болдым, себебі сен менің досымсың зой...*

### **Мінез бен жігерді қалыптастыру үшін не істеу керек?**

Ең бастысы әділ әрі шыншыл болу керек. Қандай адамды шыншыл адам дейміз? Өтірік айтпайтын, қорықпайтын адамды біз шыншыл адам дейміз. Шыншыл адам ол әділ және батыл болады. Ол достықты құрметтейді. Ол алыс-жақын туыскандарды, таныстарды және танымайтын адамдарды сыйлайды және жақсы көреді. Кішіпейіл және шыншыл болуға тырысқан адамдарда уақыт өте келе өте мықты рух және жақсы мінез қалыптасады. Мұндай адамды: «ол

өзін-өзі тәрбиелей алатын мықты адам» деп айтады.

Кішкентай достым, егер сен қажырлы және жақсы мінезді болғың келсе, менің саған айтар ақылдарым бар:

1. *Тәртіпті және ұқыпты бол. Уақытыңды қажетсіз ойынмен, бос еркелікпен өткізбе.*

2. *Епті, ишрақ және күшті болу үшін таңертең міндетті түрде дене шынықтыру жаттығуларын жаса. Күшті болсаң, өзіңе сенімді боласың әрі басқа достарыңды қорғай аласың.*

3. *Барлық жерде, өзіңе таныс және таныс емес орталарда өзіңді дұрыс ұстай біл, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жаса, кішілерге қамқорлық көрсет, үлкен кісілерге көмектес.*

4. *Әрқашан қоғамдық көліктерде үлкендерге, ауырып не болмаса шаршап тұрған адамдарға, кішкентай сәбилері бар адамдарға орын бер. Себебі сен ақылды, тәрбиелі баласың зой.*

5. *Ешқашан достарыңды және үлкендерді алдама. Қорқақтар және тәрбие көрмегендер ғана өтірік айтады, ондай адамдарға ұқсамайтын бол!*

6. *Егер саған ата-анаң ойыншықтарыңды, кітаптарыңды, төсегіңді жина десе, сен оны сол сәтте орындап таста, кейінге қалдырма. Жалпы ол сенің міндетің болып саналады.*

7. *Үйдегі бауырларыңмен (іні, қарындас сіңлі, әпкелеріңмен) тату бол. Қызғанишақ болма. Ол өте жаман қасиет. Сен кішкентай кезден ойыншыққа, киімге, т.б. таласып өссең, үлкен болғанда үлкен нәрселерге таласатын боласың. Оның арты жақсылыққа анармайды. Ақылды болу үшін кішкентай кезден тілалғыш, мейірімді, қамқор болуды естен шығарма.*

8. *Жігер дегенді қалай түсінесің? «Жігерлі бол»*

деген тілек бар. Ол қайратты, күшті, талапты бол деген. Бастаған ісінді соңына жеткізсең – сен жігерлі боласың. Немесе сабағыңды жақсы оқыт, онымен қоса спортпен шұғылдансаң, үйде ата-анаңа қолғабыс жасасаң сен талапты да талантты бала боласың.

• *Адамның бақытты болуы – оның мінезіне тікелей байланысты (әл– Фараби).*

- *Сабырлықтан асқан даналық жоқ.*
- *Тәкаппар адам сүйкімсіз.*
- *Өсек айтпайтын адамның досы көп.*

### **Ойынды да ойнай біл**

Досым, жағдайың қалай, сабақтан жалыққан жоқсың ба? Ендеше жақсы мінез сабақтарымызды бастайық. Біз ойнаймыз...

Менің ақылды досым, байқайсың ба, балалар ойнаған кезде достарымен төбелесіп, бір бірлеріне өкпелеп жатады. Ондай кезде тез татуласып, ойынды түк болмағандай жалғастыру керек.

Таза ауада ойнаған денсаулыққа пайдалы. Бірақ барлық нәрсенің шегі болады. Қауіпті ойындарды ойнамаған жөн (тас атып ойнау, садақ және тағы басқа үшкір, өткір заттармен). Қатты терлеп жүріп, салқын сусын ішпеу керек. Себебі тамағың ауырып қалады. Ойын кезінде жеңіліп қалып жатсаң, қатты ренжіме, досыңа ауыр сөз айтпа, бұл бар болғаны ойын ғой. Егер досың жеңіліп жатса да сен оның көңілін түсірмей: «бұл ойын ғой, мүмкін келесі жолы сен жеңесің» деп айтқаның дұрыс. Кейбір ойындарды үйде де ойнауға болады. Бірақ тым шуылдап, үлкен кісілердің мазасын алуға болмайды. Әсіресе қонаққа барғанда «тәртіпсіз бала екен» деген жаман сөзге ілінбеу керек.

**Көңілді ойындар**

Ойын ережесі:

1. Ойын ережесін сақта, алдап не болмаса өтірік ойнап жеңіске жетуге тырыспа.

2. Басқалардың ұтылғанына қуанба.

3. Әрине ұтылғаның өкінішті-ақ, бірақ еңсенді түсірме, жеңіске жеткендерге өкпелеме, дұрыс ойнамады деп жеке бір балаға да өкпелеме.

**Достармен кейбір ойындарды  
қалай ойнау керек?**

**Көңілді тығылмаш ойны:**

1. Іздеуші көзін байлап, асықпай онға дейін санайды. Қалғандары жақын, іздеушінің дауысы естілетін жерлерге тығылады. Іздеуші 10 деп санаған кезде тығылғандар әр түрлі сөзді өз қалаулары бойынша айқайлап айтады:

– Сәлеметсің бе?

– Кеш жарық!

– Барлығы жақсы!

– Рақмет...

Іздеуші тығылғандардың дауыстары арқылы кім қай жерде екенін табу керек. Кімді бірінші айтады сол іздеуші болады.

**2. Көңілді көз жұмып ойнау.**

Іздеуші бастаушы болып сайланады. Оның көзін байлап қояды. Ол бөлмедегі балаларды байлаулы көзімен ұстауға кіріседі. Іздеуші кімді бірінші ұстаса сол іздеушінің көмекшісі болады және оның көзін де байлайды. Енді екі іздеуші басқаларын іздеуге кіріседі. Келесі ұсталған баланың көзі байланып, осылайша ойын жалғаса береді. Қай бала ең соңында ұсталады,

сол келесі ойында іздеуші болады.

**3. «Сақина жасыру» ойны.** Барлық балалар екі қолдарының алақандарын беттестіріп отырады. Ойынды жүргізуші қолындағы сақинаны бір баланың қолына салады. Басқалар соны табу керек. Тапқан балаға сыйлық беріледі, немесе таппаған балалар өз өнерлерімен айып төлейді. Ойын өте қызық болады, себебі балалар өлең, такпак, жаңылтпаш, ән немесе күлдіргі әңгіме айтады.

**4. «Доп тосу» ойны.** Кішкене допты лақтырады, балалардың қайсысы көп допты тосып алса, сол бала жеңімпаз болады.

**5. «Бес тасты» ойны.** Көлемі біркелкі кішкентай бес тасты шашып жіберіп, біреуін қолына алады. Енді сол тасты жоғары лақтырып, ол тасты тосып үлгергенше, жердегі бір тасты қоса іліп алып үлгеру керек. Солай бес тасты да жинап алады. Екінші айналымда бір тасты жоғары лақтырып, жердегі екі тасты алу керек. Ең соңында бес тасты бірақ алады. Ала алмағандар ойыннан шығып отырады. Бес тасты да лезде жинап алған бала жеңіске жетеді. Бұл ойын жылдамдыққа, ептілікке үйретеді.

- *Ойнап айтсаң да, ойлап айт.*

- *Ойынның да ережесі, заңы болады. Соны сақтаған дұрыс.*

- *Ойында ренжіген баланың шашы түсіп қалады.*

### **Дастарқан басында жақсы мінезді бала өзін-өзі қалай ұстау керек?**

Сәлем дос! Досым, сені білмеймін, менің қарным ашты. Тамақ ішер алдында екеуіміз қолымызды сабындап жуып алуды ұмытпайық.

Ең алдымен бірнеше ережені білген жөн.

- Шынтақты столдың үстіне қоюға болмайды, тек білекті қою қажет.

- Ас пен салаттарды үлкен ыдыстан өз қасығынмен алдындағы табағына салуға болмайды, ортадағы ыдыстың қасығымен салу керек.

- Асты қасықпен не болмаса шанышқымен басынды сәл еңкейтіп жеген дұрыс, басынды табакқа шейін еңкейтіп жеуге болмайды.

- Асты жабық ерінмен толық шайнап жеген дұрыс. Ауызда тамақ тұрған кезде сөйлемей керек. Тамақты тым асығып та, немесе тым жай ішуге де болмайды. Бір қалыпты ішу керек. Тамақты, шайды өте ыстық түрінде қабылдамаған дұрыс, сәл суытып барып қабылдау керек.

- Ыдысыңа өзің тоятындай ғана тамақ салып ал.

- Ас ішіп болғаннан кейін, пышақ пен шанышқыны табағыңның үстіне бір-бірінің қасына қою қажет

### **Ас ішетіндерге кеңес:**

**Шанышқымен жейтін тағамдар:** ет пен жайма, қуырдақ, котлеттер, рулеттер, салат, жұмыртқа, макорон, тұшпара, картоп т.б.

**Пышақ және шанышқымен жейтін тағамдар:** құс еттері, кесек еттер, кесек қуырдақтар.

**Қасықпен жейтін тағамдар:** ботқа, ірімшік, көже, езілген картоп, күріш, т.б.

- Нанды қолмен алып, ауызға салып тістемей, қолмен үзіп ауызға салған жөн.

- Торттарды және басқа тәтті піскен тағамдарды қолмен алып жемей, кішкентай қасықпен жеген дұрыс.

**Ал енді ас иесіне кеңес:**

**Сізге қажеттілер:** үстел жапқыш, қағаз сулық, табақтар (үлкені, кішісі), кеселер, шыны кеселер, шанышқылар, пышақтар, қасықтар (ас ішетін, тәтті жейтін), гүлдер және гүл салатын ыдыс.

**Тапсырма:** осы заттарды әдемі, дұрыс және ыңғайлы орналастыру қажет.

**Ретімен:**

1. Үстел үстіне үстел жапқышты жабу керек.

2. Оймен, үстел үстіне сызық сызғандай, табақтарды әр орындыққа қарама-қарсы қою қажет. Егер түскі ас мәзірі болса, таяз табақтың үстіне шұңғыл табақ қою қажет.

3. Пышақты табақтың оң жағына жүзімен қаратып, шанышқыны сол жағына үшкір жағын жоғары қаратып қою керек. Ас және шай қасықтарын табақтың артқы жағына үстелдің шетіне қарама-қарсы қою керек.

4. Су, шырын ішетін ыдыстарды ас қабылдайтын ыдыстардың оң жағына қояды. Қағаз сулықты төрелкенің үстіне қой.

*Құрметті қонақтар, сіздерді дастарқанға шақырамыз!*

- *Ас – адамның арқауы.*
- *Ауру асты дұрыс ішпегеннен болады.*
- *Асты қадірлемеген адам аштыққа ұшырайды.*
- *Нанды басуға, шашуға, қоқысқа тастауға болмайды.*
- *Нан – тағамның патшасы.*

**Қонақ келсе үйіңе құт келді деп қабылда**

Сәлеметсің бе, достым! Екеуіміз тамақ ішудің ережесін біліп алдық, енді қонақтарды қабылдауды үйреніп алсақ ... Қарсы емессің бе?

Онда кірісейік... Сонымен:

Қонақтарды қабылдаймыз. Егер үйдің иесі болсаң:

- Сенің үйіңнің табалдырығын аттаған адам қонақ болып есептеледі, сондықтан жақсы көңілмен және мейіріммен қарсы алу керек.

- Егер келген қонақ асығыс болмаса, сен оған сыртқы киімін шешкізіп, киім ілгішке киімді ілуге көмектесуің керек.

- Келген қонаққа өз үйіне келгендей жағдай жасап, төрге шығарып, ыңғайлы орынға отырғызу қажет.

- Келген қонақты әңгімеге тартып, әңгімені қонаққа айтқызып, өзің тыңдаушы бол.

- Қонақты жалғыз өзін біраз уақытқа қалдыруға болмайды. Егер саған бір нәрсеге айлану керек болса, қонақтан кешірім сұра.

- Егер келген қонақ көп отырып қалып, ал сенің шұғыл істейтін шаруаларың болса, онда ойларыңды қонақ өкпелемейтіндей түсіндіріп айту қажет.

- Егер қонақтардың қасында ата-аналарың болса, бірінші қонақтан, содан соң ата-анаңнан кешірім сұрап, үстел басынан тұруға болады, не үйден шығуға болады. Келген қонақтар бірінші рет келіп отырса: «Сізбен танысқанымға қуаныштымын, әзірше, сау болыңыз, менің жаттығуым, (немесе т.б. жұмыстарым) бар еді, айып етпеңіздер» деп айтқан орынды болады.

### **Қонаққа байланысты мақал-мәтелдер:**

- \* Қонақтың орны – төр.

- \* Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады.

- \* Жақсы қонақ келсе, қой егіз табады.

- \* Қонақпен ырыс келеді.

- \* Қонаққа тамағыңды емес, қабағыңды бер.



**Қонаққа бару ...**

Сәлеметсің бе, достым! Қонаққа бару да – сын. Оны да білген дұрыс.

Иә, бүгін қонаққа бара жатырмыз, бірақ, ең алдымен мейірімді адам қалай қонақ қабылдайтынын білейік.

Сонымен... Қонаққа бара жатырмыз.

**Егер сен қонақ болсаң...**

Ойламаған жерден бір үйге қонаққа барып қалуың әбден мүмкін. Ондай жағдайда үй иелерін ынғайсыз жағдайға қалдыратыныңды білгенің жөн. Сондықтан, қонаққа алдын ала ескертіп алып, барған дұрыс. Тек өте қажет болып қалған жағдайда ғана ескертпей баруға болады.

Егер, бірнеше рет есікті тақылдатып, не болмаса қоңырау шалғанда, есік ашылмаса, ары қарай үйде біреу бар ма, жоқ па деп тексермей, қайтып кеткенің дұрыс.

Қонақта отырып, үйдің ішін барлап қарап, сын айтып отыру қонаққа жараспайды.

Қонаққа келіп үйдегі заттардың қай жерден, қандай бағаға алынғанын сұрамау керек. Сөредегі әсем заттарды қолға алып ары-бері қарауға болмайды.

**Сыйлық қандай болуы керек?**

- Қонаққа беретін сыйлық сол адамға лайықты болуы керек. Мысалы бәрі жөнімен болғаны дұрыс. Үлкен кісіге ойыншық беруге болмайды, ал балаға үлкендердің жейдесін беруге болмайды., т.с.с.

- Ең бастысы сыйлығың ол адамға қуаныш сыйлауы қажет. Сыйлық беріп тұрып, ол адамның ерекше екенін, сол себепті де ол кісіге ерекше сыйлық лайық екенін айтсаң да болады. Сыйлық бергенде өзіңнің жомарт екендігіңді білдірмегенің жөн.

- Сыйлық берем деп ата-анаңнан ақша сұрамай-ақ, өзің қолыңнан жасай алатын нәрселер болса, не болмаса сурет салып берсең, т.б. қонақтарың қуанып қалады деп ойлаймын.

- Сыйлықты жақсы тілек айтып, қуанышты көңілмен беру керек.

- Егер досыңның туған күні болса, сыйлық ретінде өзіңнің өнерінді тарту етуге болады (ән салып, домбыра тартып, билеп, т.б.).

- Қонақтан қайтар уақыт жақындағанда үй иесіне, ас иесіне алғыс білдіріп: «өте жақсы болды», «көңілді болды», тамақтар өте дәмді болды» деп ризашылық сезімінді білдіргенің дұрыс.

- Егер сен қонақтан асығыс кетіп қалсаң, ертеңіне болса да телефон соғып, үй иесіне, досыңа рақмет айтуды ұмытпа.

#### **Қанатты сөздер:**

- *Жомарттық – жолыңды ашады.*
- *Сараң адам бар болса да жоқын дейді, жомарт адам аш болса да тоқын дейді.*
- *Жомарт бергенін айтпайды.*
- *Сыйлықтың жақсысы – шын көңілмен берген сыйлық.*
- *Жалқаудың сылтауы көп.*

#### **Өзіңе сырт көзбен қарай біл**

Досым, сәлем! Бабаларымыз ежелде айтқан екен: «Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен» деп. Мен саған бүгінгі сабақта сол жаманнан жиренуді үйретпекпін, мүмкін бірге де үйренеміз, себебі менің де білмейтіндерім көп деп ойлаймын...

### Адамдар қалай жағымсыз болады?

Өзіне сырт көзбен қарашы. Қандай әсер қалдырасың? Адамдарды ренжітетін, немесе жирендіретін қандай да бір жағымсыз қылықтарың жоқ па?

- тырнағыңды тістеп, мұрныңды жұрттың көзінше саусағыңмен шұқымайсың ба немесе тартпайсың ба?

- дабырлап, өте қатты сөйлемейсің бе?

- жүргенде қолыңды қатты сілтеп жүріп айналадағыларға қолың тиіп кетпей ме?

- ентелеп жүріп, біреулерді қағып-соғып кетпейсің бе?

- жай сүйретіліп жүріп, біреулерге кедергі келтірмейсің бе?

- орындықта отырғанда тербелесің бе?

- тырнағыңды тіс тазалағыш ретінде қолданасың ба?

- шалбарыңның балағымен аяқ киіміңді тазалайсың ба?

- есікті қатты жауып шығасың ба?

- біреулердің сөзін бөле бересің бе?

- сөз тыңдай алмайсың ба?

- біреуді біреуге жамандағың келіп тұра ма?

- басқа балалардың ойыншығына қызығып алғың келе ме?

- жұрттың көзінше сағыз шайнап, сағызыңды үрлеп тұрмайсың ба?

- сағызыңды қоқыс жәшігіне тастамай, кезкелген жерге жапсырып кетпейсің бе?

Досым, егер осындай істерді істесең, не достарың, не мен жасасам ода біздерде жаман қылықтардың біразының болғаны. Онда сырттағы жұрт: «Қандай жағымсыз, қандай сүйкімсіз, тәрбие көрмеген ғой» деген сөзді айтады. Сондықтан достым, осы туралы сен де, мен де, басқа достарымыз да ойланғаны дұрыс.

Келісесің бе?

**Қанатты сөздер:**

- *Есті бала – епті бала.*
- *Тексіздіктің белгісі – адамға тесірейе қарау.*
- *Қайта кірер есікті қатты жапта.*
- *Сөзді тыңдай білу – мәдениеттілік.*
- *Жаман қылықты ешкім көріп тұрған жоқ деп жасама, бәрін көріп тұрушы бар.*
- *Басыңды көтеріп, еңсеңді тік ұстап жүр.*

**Орманға серуенге барсаңдар....**

*Достым, бүгін екеуміз орманға серуенге шығамыз. Орман әлемі. Онда қаншама түрлі-түсті ағаштар, гүлдер, шөптер өседі. Жан-жануарларды айтсайшы. Орманның адамға да берер пайдасы өте үлкен. Ол – адамдарға қажет таза ауаның қоймасы. Достым, дайынсың ба? Бұл сабағымызды «ормандағы кішіпейілдік сабағы» деп атауымызға да болады.*

*Орман ішінде тәрбиелі, кішіпейіл адам өзін-өзі қалай ұстау керектігін есіңе сақта және достарыңды соған үйрет.*

- *Әдепті бала – арлы бала. Ол табиғатты қорғауға, сақтауға, гүлдендіруге өз үлесін қосады.*
- *Тәрбиелі бала ағаштардың бұтақтарын сындырмайды, орман бұталарын және гүлдерді жұлмайды. Орманның топырағы мен шөбі ылғалдылықты сақтап, ұсақ аңдар мен пайдалы жәндіктерге пана болады.*
- *Белгісіз не болмаса білетін улы саңырауқұлақтарды жұлма. Солардың көпшілігі орманды мекендейтіндерге ем болады екен.*

- Орманды мекендейтін кішкентай аңдарды, құстарды не болмаса жәндіктерді ұстап, ойын үшін үйге алып келуге болмайды. Өйткені ондай жағдайлар оларды ауруға, қиындыққа, тіпті өлімге алып келеді. Бұлар ойыншық емес.

- Абайсызда не болмаса әдейі құмырсқа илеуін бұзбандар! Бұзылған илеулерін құмырсқалар қысқа дейін жөндей алмай, қырылып қалады. Ал құмырсқалар – орман санитарлары. Егер адам абайсызда орманды өртеп алатын болса, ол сондағы ағаштардың құнын төлейді. Ал ең қымбаты құмырсқаның илеуі екен. Сол үшін орманға барғанда отқа абай болған дұрыс.

- Әрине, тәрбиелі балалар орманға не болмаса жасыл алқаптарға келіп демалған соң, қоқыс қалдықтарын қалдырмайды. Өздері ойнаған, тамақтанған жерді жинап, тазалап кетеді.

- Орманда жүргенде бастарыңа бас киім киіп алыңдар, жеңі ұзын жейде, аяқтарыңа шұлық киіңдер, себебі орманда кене болады. Кене – өте қауіпті жәндік. Орманға барғанда қастарыңда үлкен адамның болғаны дұрыс. Достарыңнан ұзамай бірге жүріңдер. Орманда адамдар адасып кетеді.

### **Қанатты сөздер:**

- *Табиғат – тіршіліктің анасы.*
- *Бір ағаш сындырсаң, он ағаш ек.*
- *Әр адамның парызы – ағаш отырғызу.*
- *Шөпті жұлуга болмайды, суға түкіруге болмайды.*

**Жолда жүру ережесін жақсылап біліп ау керек**  
*Құрметті достым, сен жол жүру ережелерін білесің бе?*

*Білмесең, осы сабақ соған арналады.*

*Сонымен...*

### **Тәртіпті жаяу жүргінші.**

1. Көшеден арғы бетке өту үшін, жер астындағы өткелмен жүру керек, не болмаса жаяу жүргіншіге арнайы жабдықталған жермен өту қажет. Егер ондай мүмкіндік болмаса, ауылдық жерлерде көшеден өткенде бірінші сол жаққа қарап ал, көлік көрінбесе көшенің ортасын дейін бар да, оң жағына қарап ал. Көлік жоқ болғанына көзің жетсе ғана жүр.

2. Көшеден өтер алдында бағдаршамға қарау керек. Сары не болмаса қызыл жанып тұрған кезде өтуге болмайды. Жасыл жанған кезде бірінші сол жаққа қарап, келе жатқан көлік болмаса жүру керек, көшенің ортасына барып оң жаққа қарау қажет, ол жақта да көлік жоқ болса ары қарай тез жүру керек. Барлық жағдайда абайлаған жөн, өйткені асыққандар не болмаса жедел жәрдем немесе өрт сөндіргіш көліктер бағдаршамға карамай жүреді. Жаяу жүргіншіге арналған бағдаршамда «қызыл адам» – тоқта деген белгі, «жасыл адам» – жүр деген белгі. Оны білсең, кішкентайларға үйрет.

3. Егер жолда арнайы өту белгісі болмаса, сен көшеден мынадай жағдайда өте аласың.

- Егер жолдың екі жағы да жақсы көрініп тұрса.

- Егер жүргінші мен келе жатқан машинаның арасы үш бағаналық аралықтай болса (машина бұл аралықты жүргенше сен көшені өтіп үлгересің).

4. Тоқтап тұрған трамвайдың алдынан өту керек. (Егер артынан өтсе қарсы келе жатқан трамвайға не болмаса басқа көлікке соғылу қаупі бар. Автобус пен троллейбустың артынан жүру керек. (Егер алдынан өтсе, олардың соңынан келе жатқан көліктер көрінбейді.)

5. Көшеде не болмаса тротуарда ойын ойнауға болмайды. Көшеде ешқашан футбол, волейбол, бадминтон, теннис, ролик, ойнауға болмайды. Ойынды парктерде, бульварларда, үй аландарында ойнау керек.

6. Ауыл, қаладан тыс жерде көшенің шетімен көліктерге қарама қарсы жүру керек. Көшеге шығып жүруге болмайды, әсіресе қаланың сыртындағы жолда абайлау керек, өйткені мұнда көліктер өте тез жылдамдықпен жүреді.

7. Темір жолдан өтер кезде аса абайлаған жөн. Поезд алыстан байқалғанмен ол өте тез жүреді. Машинист үлкен эшолонды тез арада тоқтата алмайды.

8. Қыс жақындады, қараңғы ерте түседі. Сенің киіміңде не болмаса рюкзағыңда жарық қайтаратын белгі жоқ болса, әке-шешене айтып, белгіні тағып қою керек. Сонда ғана қараңғы түнде жарық қайтаратын белгі жүрген көліктерге көрініп тұрады.

#### **Қанатты сөздер:**

- Сақтанғаның өзіне жақсы, ата-анаң одан да жақсы.
- Жүгіре бергеннің бәрі жүйрік емес.
- Жол ережесін сақтағаннан кем болмайсың керісінше сау, аман боласың.

#### **Достарыңды құрметтей біл**

*Сәлем достым. Қал-жағдайың қалай? Мен өзімді сенің рухани ақылшы досыңмын деп санаймын. Қазақта мынадай сөз бар: «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген. Оның мәні – қандай істі де ақылдасып отырып жасау керек дегенді білдіреді. Досым, сенің менен де жақын бірге ойнайтын, сабаққа бірге баратын достарың да бар зой. Сол достарыңмен де жақсы, шынайы қарым-қатынаста болу керек. Ендеше оның да ережесі бар.*

### **Достық ережесі.**

• Досыңа әрдайым көмектес. Егер қолыңнан бір нәрсе істей алсаң, оны досыңа да үйрет, егер досың қауіп қатерге тап болса, қолыңнан келген көмегіңді аяма. Міне, нағыз дос деген сондай болады.

• Егер сенің қызықты кітаптарың, ойыншықтарың болса, достарыңмен бөлісіп бірге ойна. Достарыңмен бірлесе жұмыс істегенде, ойнағанда ең жақсыларың өзіңе алуға тырыспа. Ол жақсы емес.

• Егер досың жаман іске бет бұрса, тоқтат, оның дұрыс іс еместігін көзіне айт. Ренжісе де, сен айтуға тиістісің. Тіпті қиын болып жатса, досыңның ата-анасына айт. Ол сатқындық емес, досыңа көмек.

• Ойнағанда, не болмаса бірлесе жұмыс істегенде достарыңмен ұрыспай, ұсақ-түйекке ренжімей ойна, жеңіске жетсең кеуденді көтеріп мақтанып кетпе, досыңның жеңісіне қуана біл. Егер достарыңды ренжітіп алсаң, не болмаса айыпты болсаң, айыбыңды мойныңа алып, кешірім сұрап түзеуге тырыс.

• Достарыңның ескертулерін, ақылдарын, көмектерін дұрыс қабылда. Досыңның орнына өзінді қойып көр. Досыңды жақсы көрсең, сен де солай жасайсың ғой.

• \*Досым, сен досыңның жіберген қателігі болса, қызғаншақтық мінезі болса, кешіре біл. Екеуің кейін жақсы ойнап отырғанда осыдан кейін біз бір-бірімізден еш нәрсені қызғанбаймыз деп келісіп алыңдар.

### **Қанатты сөздер:**

- *Мінсіз дос іздесең, доссыз қаласың.*
- *Кешіре білген адам кемеңгер болады.*
- *Таласқанға тас та жоқ.*
- *Қызғаншақ адам жалғыз қалады.*
- *Шындық бар жерде ұят та бар.*



### **Бояулар әлемі**

Достым, сәлем! Мен табиғат аясында жүрмін. Қыстың алғашқы айы. Күн салқындай бастады. Түнде қар жауыпты. Айнала түгел аппақ. Күннің сәулесі түсіп, аппақ қар күмістей жарқырап жатыр. Мен сені ойладым. Менің досым, сен сурет салуды жақсы көресің бе? Ендеше, мен сені «Бояулар әлеміне» шақырамын.

#### **Сонымен...**

Бояулар әлемі, менің досым сендерге сапар шекті. Расында, досым суретші екен. Бояулар әлеміне кіргенде мені ұмытып, әр түсті бояулармен сөйлесіп кетті.

– **Аппақ түсті бояу**, сәлеметсің бе? Сенімен мен ақша қарды, аппақ қоянды, әжемнің аппақ шәлісін, аспанда жүзіп жүрген ақша бұлттарды саламын.

– Керемет, әжелерге аппақ шәлі қандай жарасады. Салғаның өзіңнің әжең бе?

– Иә, менің алтын әжем ғой. Мен оны өте жақсы көремін.

– **Сары бояу**, сен қандай әдемісің! Аспандағы Күннің, күнге ұқсас күнбағыстың суретін саламын. Сен маған көмекке келесің ғой.

– Досым, күнбағысың Күнге ұқсайды екен.

– Дұрыс, екеуі де дөнгелек, түстері де бірдей.

– **Қызыл бояу**, сен маған неге қарап тұрсың, тез келші деп тұрсың ба?

Түсінемін, себебі сен өзіңнің сондай керемет бояу екенінді білесің. Қып-қызыл гүлдердің бәрінде мен сені қолданамын және тағы бір бояу бар... Айтшы ол қандай түсті бояу?

– Дұрыс айтасың ол – жасыл түс. Гүлдердің жапырақтары дерлік жасыл түсті болады емес пе? Жасыл түсті бояу, мен саған келдім. Ал неден бастаймыз?

Жасыл бояу: – Гүлдеріңе жапырақ салмасаң, жараспай тұрған сияқты.

– Келістік, жапырақтар салынды. Жасыл бояу, енді қайда апарайын?

– Барлық жерге, – деді Жасыл мақтанып.

– Тауға, қырға, далаға апарамын, ал тау басындағы шыңға бара алмассың. Өзеннің айналасында болғанмен, өзендегі суға түсе алмассың?

Жасыл бояу сәл мұңайып тұрды да, қуаныпайғайлады: – Таптым, таптым, тауға шыққан адамның киімі жасыл екен, өзеннің үстіндегі дәу таста жасыл түсті әп-әдемі құс қонып отыр, – деді жасыл бояу.

Өңгімелерін сырттай тындап тұрған мен мәз болып күлдім. Менің досым шабыттанып сурет салып жатты. Бояулар әлемінде менің досым қалып қойды, мен үйге қайттым. Менің көзімнің алдында досым салған әженің портреті, үлкен Күннің суреті елестеп тұрды.

### **Қанатты сөздер:**

- *Таланттыға нұр жауар.*
- *Өнер жолы – қиын, қиын да болса – қызық.*
- *Өнерлі өрге жүзер.*
- *Суретшінің көзімен көрген дүниеге жан бітеді.*
- *Суретші бояуларға тіл бітіреді.*

### **Уәдесінде тұрған адамды бәрі де сыйлайды**

*Бүгін саған кешігіп жеттім. Кешір, оның бір сыры бар. Мен бір танысымнан қарызға ақша алған едім, соны апарып бердім. Уәде берген соң, сол уәдеңде тұрған нағыз азаматтық емес пе?*

*Сонымен біз бүгін қарыз алу мен қарыз беру туралы мәселені қарастырамыз.*

Өмір болған соң адамдар қаражаттың жетіспеуіне

байланысты бір-бірлерінен қарыз алып, қарыз беріп жатады. Егер сен қарыз алсаң...

- Қарыз алған күнді, қанша алғаныңды, кімнен алғаныңды, қашан қайтаратыныңды жазып қой.

- Қарызды беретін уақытыңнан бұрын берсең, өте жақсы. Егер бере алмайтын болсаң, қарыз берген адамға алдын-ала айтуға тиістісің. Себебі ол адам да ақшасын жоспарлап отырады.

- Қарыз алғаныңды ата-анаңнан жасырма, жасыру қылмыс жасағанмен бірдей.

- Егер саған қарыз берген адам дәптеріне, қалта кітапшасына саған қанша ақша беріп жатқанын жазып қойса, ренжіме. Бірақ ақшаны қайтарған кезде жазуды өшіруді сұрасаң, айып емес.

Достым, егер біреуге сен қарыз берсең...

- Егер аз ақша болса, жеке беруге болады, егер көп ақша болса куәлікке үшінші адамның болғаны дұрыс.

- Берген кезде қай кезде қайтаратынын алушы айтпаса, өзін ескертіп айтқаның дұрыс. Егер оған келіспесе, бермеуге болады.

- Ақшаны сенімсіз, танымайтын адамға беруге болмайды.

- Сұрап келгенде бере салмай, бір айналып келуін сұра. Ол кезге дейін ойланып, не болмаса ақылдасатын адамдармен ақылдасып аласың.

### ***Қанатты сөздер:***

- *Қарызды міндетті түрде қайтару керек. Оның жазасы ауыр болады.*

- *Қарызды алғанда қандай қуансаң, қайтаруда да солай қуан.*

- *Алғанда алдыңа түсіп, берерде қашып жүретін адамдардың ұяты аз.*

**Барлық адамның қолынан керемет істерді жасау**

Жаңа жыл мерекесі келе жатыр. Балалар да, ересек адамдар да бұл мерекені жақсы көреді. Ауа-райы суық болса да, балалар өте көңілді болады. Солай емес пе? Жасыл шырша, ондағы әдемі ойыншықтар ... Барлығымыз жаңа жыл мерекесін асыға күтеміз. Ерекше тосын сыйар, өзгерістер болатын сияқты.

Досым, сен ертегілер мен сиқыршыларды жақсы көресің бе? Көгілдір шыршаның жанындағы көп балалар Аязатаның, Ақшақардың мейірімді ықыластарын жақсы көреді, балалар таласып өнерлерін көрсетеді. Ақ сақалды Аязата кереметтей сыйлықтар береді. Ал одан басқа ертегілердің кейіпкерлері: Дәу, Жалмауыз кемпір шыға қалғанда кішкентай балалар шошып кетеді. Ал сиқыршылар бәрімізге ұнайды. Олардың өнеріне барлық балалар қызығады. Бәрінің сиқыршы болғысы келіп кетеді. Сиқыршының өнері адамдарды қуанту екен ғой. Оны, досым, сен де жасай аласың.

Сиқыршылар тек қана ертегілерде болмайды. Әрбір адам жұмысын адал, таза, байыппен жақсы көріп істесе, сондай адам аз да болса сиқыршы бола алады, шын айтамын.

Аз ғана уақытта кең далада керемет үй салу деген нағыз сиқыр емес пе! Ал адамды емдеп жазу, не болмаса бау-бақша өсіру, не болмаса жүк таситын машина құрастыру, тәтті-дәмді тамақтар пісіру, достарына, аналарға арнап әдемі суреттер салу, өлең, тақпақтар жазу... Иә, бұл дүниеде осындай сиқырлар аз емес. Осының бәрін сен де үйренгің келіп тұр ғой. Сен мұндай кереметтерді жасай алмайтын сияқтысың, бірақ мен қателесіп айтып тұрмын. Сен талаптанып, тырысып кішкентай нәрсе болса-дағы керемет дүние жасауыңа болады.

Ал байқап көрейік!

1. Анаңа көмектес. Үйдің ішіндегі шандарды сүртіп шық. Еден жуатын шүберекті алып бұрыштарды, столдың, орындықтың астын барлығын жу. Біткеннен кейін шүберекті сығып, шайып қоюды ұмытпа. Енді қарашы, қандай тап-таза. Ата-анаң таң қалды. Үйіміз қандай әдемі, қандай тап-таза. Мұны жасаған кім екен? Досым, үндеме, бұл кереметті жасаған сенсің ғой!

2. Әкеңмен не ағаңмен бірге, тоғайға, не өздерінің бақтарына барып кепкен, жуандау ағаш бұталарын жинап алыңдар. Олардың барлығын ұзындықтары бірдей етіп кесіндер. Осы ағаштардан өзіңе таныс құмырсқа илеуін қорғап қойсаңдар, бұл жер жүрген адамдарға алыстан көрінеді. Сонымен илеуді адамдар абайсызда басып, бүлдіріп кетпейді. Ал құмырсқалар сол үшін осы кереметті жасаған балаға қаншама алғыстарды жаудырады десеңші!

3. Өзіңнің кіші бауырыңды, не болмаса қарындасыңды киіндіріп, аяқ киімін кигізіп, далаға алып шығып серуендет, қайтып келіп қолын тазалап жуып, тамағын бер. Далаға апарғанда қарап жүр. Ол аузына улы шөптерді, құм, тастарды салмасын. Кейбір балалар қарды, мұзды жалайды. Ол дұрыс емес. Біріншіден суық тиіп ауырып қауы мүмкін, екіншіден ол тамақ емес қой. Сен таза ауаға серуендетіп келгенде екі ұлы кереметті жасадың. Біріншісі – бауырыңның (қарындасыңның) денсаулығы мықты болып өсуіне жағдай жасадың, екіншісі – өз ата-анаңа болыстың. Солай емес пе?

4. Қыс кезінде құстарға ағаштан ұя жасап, оның ішіне тамақтар салып, дән себуді ұмытпа. Бұл да нағыз кереметтің өзі. Жердің бетін қар басып, мұз басып жатқанда, ағаштар қурап, құрт-құмырсқалар жоқ кезде

құстар қайдан тамақ табады? Оларға дән сеуіп, нанның қоқымын бергенің сенің жүрегіңнің жомарт екендігін, жақсы азамат болып өсіп келе жатқандығыңды көрсетеді.

5. Көшеде, қыстың күні үйіне суын жеткізе алмай жатқан үлкен кісілер болса соларға болысып жіберсең, саған ол кісілер батасын береді. Ал көп бата алған бала өскенде ең бақытты адам болады. Біздің бұрынғы ата-бабаларымыз: «Жауынменен жер көгереді, батаменен ер көгереді» деп тегін айтпаса керек.

Түсіндің бе, достым? Солай... керемет деп осыны айт!

### **Мұзда абайла!**

Қыс кезі. Өзен, көлдердің бетінде мұз қатқан. Сен коньки теуіп, хоккей ойнағанды жақсы көретін шығарсың? Абайла! Мұз қатып тұрған сияқты болғанмен, қауіпті. Қауіпке қалай қарсы тұру керек, осыны мұқият оқы.

### **Мұз үстінде қауіпсіз жүру ережесі**

Әр уақытта мұздың түсіне кара. Егер мұздың түсі жасылдау, көкшілдеу болса, онда мұз адамды көтереді. Мұндай мұз жарылмайды, шыдайды. Егер мұздың түсі ашық сарылау болса, ондай мұз қауіпті, жарылып кетуі мүмкін. Есінде болсын, күн жылынғанда не болмаса қар жауғанда мұздың беті қауіпті болады. Егер мұздың үстінен жүретін жерде жол жоқ болса, алдымен таяқпен қатты ұрып көр, егер су пайда болса, мұндай жермен жүруге болмайды. Егер аяқ астынан мұз жарылып суға түсіп кетсең, қорқып байбалам салма. Келген жағындағы мұздың шетіне екі қолыңды кеңінен созып мұздың бетіне шығуға тырыс. Мұздың шетінде аяқпен

тұрма, етпеттеп жылжып жағаға жет. Жағада ғана аяғыңа тұрып жылы үйге тез арада жетіп, қыздырынуың қажет. Ал егер сен мұз ойылып суға түскен адамды көрсең, қатты айқайлап адамдарды көмекке шақыр. Ойылған жерге жақындап келуге болмайды, тек қана жатып алып жылжы, кеуденің астына тақтай не болмаса шаңғы қойып жылжыған дұрыс. Еш уақытта судағы адамға қолыңды берме, онда бірге суға кетесіңдер. Судағы адамға таяқ, шаңғы не болмаса арқан беру керек. Шарф не болмаса сыртқы киімді де пайдалануға болады. Суға түскен адам мұздап, киімі су болып, күші әлсіреп бата бастайды. Сондықтан құтқарушы абайласа да, батыл және жылдам қимылдауы керек. Құтқарып алған адамды тезірек ең жақын жердегі үйге апарған дұрыс. Ол үйдің иелері екеуіңе де көмек көрсетуге тиіс. Алдымен киімдеріңді толық шешіп, құрғақ көрпеге орап қойсын. Ыстық сүт немесе шай берсін. Киімдеріңді кептіріп қою керек.

### **Танысудың да сыры бар**

Менің досым, сен танысу дегенді білесің. Мектепке барғанда, немесе қыдырып басқа жерге, ауылға барғанда балалармен танысқан шығарсың? Сонда да болса танысу туралы екеуміз әңгіме құрайық. Егер сен тыңдасаң...

Танысу. Бір қызығы, адамдар бір-бірлерімен жақсы таныс болғанда ғана жақсы араласады. Солай емес пе? Біздің ата-бабаларымыз былай деген болатын: «Адам баласы танысқанша, жылқы баласы кісінескенше». Бұл сөздің мағынасы: адамдардың танысудан кейін бір-біріне жақын болатынын жылқымен салыстырып отыр. Бірін-бірі танымайтын жылқылар да алғаш

кездескенде, кісінесіп алады. Содан кейін бірге жайылып жүре береді.

Біз бүгінгі сабағымызда өзімізді таныстыруды және басқаларды таныстыруды әңгіме етеміз. Сонымен... Өзіңді және басқаларды қалай таныстыру керек? Өзіңді таныстыру негізі оңай шаруа емес. Бірақ таныспай араласып, сөйлесіп кету де мүмкін емес. Сондықтан танысу кезінде ұялмау керек. Ыңғайсыз жағдайға қалмас үшін мынаны білген жөн:

- кішілер үлкендерге өздері алғашқы болып танысады, ал әйел адамдар ер адамдарға бірінші болып таныспайды.

- Өзіңді таныстырып тұрып, танысушы адамның көзіне күлімдеп қарағаның жөн. «Сенің атың кім?» деген сұраққа, атыңды анық айтып жауап берген дұрыс болады. Өзіңді таныстырғанда аты-жөніңді, кім екенінді анық етіп айт. Егер сенің қасыңда сенің жолдасың не досың, т.б. болса, «менің қасымдағы менің жолдасым. Аты – Айсері. Екеуміз бір сыныпта оқимыз» деп таныстырғаның дұрыс. (Бұл мысал үшін, сен әрине, өз досыңның аты-жөнін айтасың ғой).

- Егер сен қонаққа танымайтын адамдардан кейін кешігіп келсең, үйдің иелеріне амандас. Үй иелері сені қонақтарға өздері таныстырады. Сонан соң көпшілікке жалпы «сәлеметсіздер ме» деп амандасуға болады.

- Қонақтарды таныстырғанда, ең бірінші кішкентай балалардан бастап, содан кейін үлкендерді таныстыру қажет. Адамдардың аттарын ашық- жарқын, анық айт. Әр адам өз атының дұрыс айтылғанын ұнатады. Егер атын немесе тегін дұрыс атамасаң, кешірім сұрағаның абзал.



### **Сонымен, біліп алайық**

• Қыздарды ер адамдар таныстырады, ер адам қызбен танысуға өзі ниет білдіріп, қолын созады.

- Жасы үлкендер жасы кішілерді таныстырады.
- Бастық адам өзінің қызметкерлерін таныстырады.
- Қонақтағы адамдарды үйдің иесі таныстырады.

Ал кейбір жағдайда әйел адамның лауазымы (қызметі) дәрігер, журналист, профессор, т.б. болса, өздерін еш қысылмай еркін таныстыра алады.

Таныстырғанда «танысқанымға қуаныштымын», «мен де», «өте жақсы», егер ол адамды бұрын білсеңіз: «жақын танысқанымға қуаныштымын, сіз туралы көп естігенмін» деп, жылы жүзбен күлімсіреп, дауысты анық етіп шығару қажет.

Қонақтан, немесе адамдармен көп танысқан жерден үйге келген соң, танысқан адамдардың аты-жөнін, кім екендігін, қашан, қай жерде танысқаныңды жазып қой. Ұмытып қалмас үшін көзің түскенде, оқып, есіңе түсіріп отыр. Кейін кездескенде таныс адамды танымай қалсаң ұят болады.

1. Адамдармен танысқанда шын пейіліңмен таныс, менсінбеушілік сияқты жаман мінезінді көрсетпе.

2. Жаңа танысқан ортада өзінді өте мәдениетті ұста. Артық әңгімеге араласпа. Өз орныңды біл.

3. Егер танысқан адамдардың ішінде әңгімесі жақсы, өнегелі адамды көрсен, «сізбен танысқанымға қуанып тұрмын, әңгімеңіз маған қатты ұнады» деп айтуға болады.

### **Телефонмен сөйлесу**

Достым, қал-жағдайыңды білейін деп едім? Қалайсың? Сұрайын дегенім мынау еді. Сен телефонмен

хабарласып, жақсы сөйлесе аласың ба? Келесі сабағымызды телефонмен сөйлесу әдебіне берсек. Қалай қарайсың?

Ендеше сабағымыз телефонмен сөйлесу әдебіне арналады. Сонымен...

Достым, қазіргі заманды телефонсыз елестету мүмкін емес. Тіпті мұялы телефонда әрбір адам да бар. Бұрынырақта телефон болмаған кезде, адамдар бір-бірлерімен барып-келу арқылы хабар алысқан. Бір адам көрші ауылға барса, ол кісіге сол ауылдағы басқа таныс емес кісілер де сәлем бере келіп, қонақтың аулындағы туыстарына сәлем айтып, сәлем-сауқыт беріп жіберетін болған.

Ал қазір тіпті Жер деген планета кіп-кішкентай-ақ болып қалғандай. Себебі Жердің бір шетінен, мысалы Америкадан түр-түсінді көріп отырып та сөйлесе бересің. Бұл бір жағынан өте жақсы. Екінші бір жағынан, адамдар жүзбе-жүз бірімен бірі көріспейді. Қарым-қатынас алыстап барады.

Ұялы телефонымен адамдар барлық жерде сөйлесе береді. Тіпті автобустарда шырылдаған телефон үні, айғайлап жұрттың көзінше жеке шаруаларын айтқан адамдардың сөздері жолаушылардың жүйкесін тоздырады. Ондай кезде: «Мен кейінірек хабарласамын» деп, не болмаса, түсіп қалып сөйлесу қажет. Төмендегі кеңестер артық болмас деп ойлаймын.

- Ең алдымен телефонмен сөйлескенде кішіпейіл болып, барынша қысқаша сөйлес. Телефонмен қысқаша сөйлесіп, кездескен кезде әңгімелескен жөн.

- Телефон қоңырауын естіп, алло деп айтып, сәлеміне жауап беру керек.

- Қоңырау шалған адам телефонға біреуді шақыр десе, сенің – «бұл кім?», не болмаса – «саған ол неге керек?»

деген сияқты сұрақтарың мәдениетке жатпайды. Қажет нәрсені қоңырау шалған адамның өзі айтады. Ал сұраған адам үйде болмаса: «ол кісіге не деп айтайын?» деген жауабың орынды болады.

- Қоңырау шалған кезде бос болмай, сөйлесе алмайтын жағдай болса, онда «кешіріңіз, мен сізге кейін өзім хабарласамын» дегенің дұрыс. Бірақ кейін ұмытып кетпеуің керек.

- Нөмірді дұрыс термей қателесіп телефон шалған адамға: «кешіріңіз қате тердіңіз» деп, ашуланбай жауап бер. Өйткені сенде де сондай жағдайлар болады ғой.

- Телефон нөмерін есте сақтап қалмасаң, күмәнің болса қоңырау шалма. Ал егер қате теріп қалып, жауап берген адамға: «бұл кімнің телефоны, қайда түстім?» деп сұрақ қоймау керек. «Кешіріңіз, мен қателесіппін» деп айту керек.

- Қоңырау шалғанда бірінші сәлемдесіп, сонан кейін өзіңнің кім екеніңді айтқаның жөн болады.

- Қоңырау шалғанда «уақытыңызды бөліп тұрған жоқпын ба, сөйлесе аласыз ба?» деп сұраған дұрыс.

- Телефонмен сөйлесу біреудің шаруасынан бөлу, уақытын алу екенін есте сақтаған дұрыс. Сондықтан телефонмен сөйлесу тек қажет болғанда ғана қоңырау шалу керек.

- Жасы кішілер үлкендерге телефон шалып, «сіздің жағдайыңызды, денсаулығыңызды білейін деп едім. Сізді (сіздерді) (әже, аталарға) қатты сағынып жүрмін. Алдағы демалыста барамыз» десеңдер, үлкен кісілер қуанып қалады. Қандай да болса, адамдарға қуаныш сыйлаған жақсы емес пе?

1. *Әдептің басы – дұрыс сөйлесе алу.*

2. *Телефонмен өте қажет кезде ғана сөйлесу қажет.*

*Бос әңгіме айтып, басқалардың уақытын ұрлау – әдепсіздік.*

3. *Телефонның (әсіресе ұялы телефонның ) адам денсаулығына зияны ұшан-теңіз екен, сондықтан көп қолданбаған дұрыс.*

### **Дұрыс сөйлесе алу**

Сәлем, менің ақылды достым! Мәдениетті сөйлесуді сен білесің ғой. Сонда да артық болмас, келесі сабағымызды дұрыс сөйлеу әдебіне арнасақ. Қалай карайсың? Сонымен...

Менің ақылды досым, байқайсың ба, мына тіршіліктегі ең көп те, мәнді де әрекет – сөйлесу яғни диалог. Сен дүниеге келе салғанда, сен сөйлей алмайтын кезде де сенімен анаң, әкең, әжең, атаң, бәрі сөйлескен. Сен көзің бакырайып, түсінген кейіп білдірсең, үлкендер мәз болып қуанатын. Иә, үлкендер сенімен тынбай сөйлесіп жүріп, саған сөйлеуді қалай үйретіп алғандарын өздері де сезбей қалады. Содан бері сен сөйлеп келесің... Ендігі жерде қалай сөйлегенде сені мәдениетті, ақылды, дана бала дейді? Ол үшін саған осы сабақты арнаймыз.

### ***Кішіпейілділік – мәдениеттіліктің әліппесі***

- Достым, әңгімелесе алу – өнер. Әңгіме айтқанда шындықпен сөйлеуге тырыс. Өзің жақсы білмейтін ақпараттарды сенімді түрде айтпа.

- «Мен шын айтып тұрмын», немесе қатты эмоциянды білдіріп, қызарақтап, дәлелдеп сөйлеме. Онда сені қызба адам деп ойлап қалады.

- Тыңдап үйрен.

- Егер саған қарап біреу сөз бастаса, сен қолың бос болмаса да, істерінді жиыстырып, сөйлеген адамға

қарап, әңгімеге дайын екенінді сездіруің керек.

- Әңгімені мұқият және соңына дейін тындау керек. Әңгімені бөлме, әңгіме арасына сөз қосып дұрыстама. Кей кезде, кейбір адамдарға әңгімесін айту керек екенін есте ұстаған жөн.

- Бірнеше адам әңгімелесіп отырғанда, саған қарап айтылмаған сөзге араласпа, жауап қайтарма.

- Сен қатысып отырған әңгіме арасында саған жақпайтын және ашуландыратын сөздер айтылса, әңгімелесуді тез арада тоқтату керек. Бірақ ашуланбай доғарған жақсы.

- Әңгімелесушілер келекелетіп күліп, мазақтап сөйлесіп жатса, әңгіменің бағытын басқа әңгімелерге бұру керек. Себебі ондай әңгіменің арт жағы дау-жанжал болып кетуі мүмкін.

- Сөйлесіп отырған адамның әңгімесін ынтамен тыңдап, бірге қатысып сөйлескен дұрыс, әңгіме айтып отарған адам сенің ынтамен тыңдап отырғаныңды біліп отыруы керек.

- Егер бір жаққа кетуге асығып тұрсаң, жақсы мінезбен кешірім сұрап, әңгімені келесі жолы жалғастыратыныңды айтқаның дұрыс.

- Егер әңгімелесуші адам құнды ақпараттарды айтса, сөз аяғында рақмет айтып, әңгіменің өзің үшін өте пайдалы болғанын жеткізгеннің айыбы жоқ.

- Жеңіске жететін адам сабырлы болады. Сөйлесіп отырғанда қолыңды көп сермеп, түр-түсінді көп өзгертпеуге тырыс.

1. *Достым, саған бақыт әкелетін құтияны білгің келе ме? Онда тыңда:*

*Ол – жақсы сөйлеу, сөйлесе алу. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген даналық сөзді ұмытпа.*

2. Бала кезден жақсы сөйлеуді үйренсең, есейгенде көп қиындық көрмейсің.

### Қоғамдық орындарда

Сәлем, достым! Бүгін біздің сабағымыз қоғамдық жерлерде адам өзін қалай ұстау керек екендігін әңгімелейміз. Соныменен...

Қоғамдық орындар деген қандай орындар? Ол – сенің отбасыңнан басқа ортадағы өмірің. Олар: мектеп, бала-бақша, театр, мейрамхана, қоғамдық көліктің іші, т.б. ...

Адам баласы өз өмірінде қоғамдық орындарда өте көп болады. Солай емес пе? Ендеше біз өзімізді сондай орындарда қалай ұстауымыз керек?

Сен өз үйіңнен (кішкене әлеміңнен) көшеге шыққанда (үлкен әлемге) не болмаса мәдениет ошағына, адамдар көп жиналған орындарға барғанда кейбір ұстанымдарды есте сақтағаның жөн. Мынандай жағдайлардың болмағаны дұрыс.

- Қоғамдық көлікте қарт адам тұрып, жастардың отырғаны – ұят.

- Мейрамханаға келген қонақ пышақты не қасықты аузымен жалағаны – ұят.

- Қоғамдық орындарда, абайсызда, мұрныңды шұқығаның – ұят.

- Қасындағыларға айтып жатқан әңгімелерің ұнамаса да, сенің әңгімелеріңді жалғастыруың – ұят.

- Сенің мамаң немесе бейтаныс жасы үлкен адам ауыр сумкасын әрең көтеріп келе жатқанда сенің қарап тұрғаның – ұят.

Осындай келеңсіз жағдайларға жол берсең, сенің қоғамдағыларды силамағандығыңды білдіреді. Олардың сені сыйлайтынын күтіп қажеті жоқ. Өзін өзі

жақсы ұстау тек қана әдемі киініп қонаққа не болмаса концертке барғанда керек деген адам қателеседі. Ақ жарқын, салмақты, сүйкімді болу басқа адамдардың арасында ғана емес, ең бірінші үйде, отбасында және мектепте сондай болу керек. Өз үйінде әдепсіз болған адам қоғамдық орындарда әдепті болмайды. Егер болса, ол екіжүзді адам болып саналады.

### **Автобуста, троллейбуста, трамвайда ...**

Сәлеметсің бе, достым! Бүгін біз сабағымызда автобуста, троллейбуста және трамвайда өзін өзі қалай ұстау керек екендігін әңгіме етеміз. Сонымен...

Қоғамдық көліктерде кімдер жүреді? Иә, қарт адамдар, жұмысқа асығып бара жатқан үлкен адамдар, бала-бақшаға балаларын тасып жүрген, әрі жұмысына кешікпегенді ойлап бара жатқан ата-аналар, т.б. Бейнелеп айтсақ: «Тіршілік деген әлемнің кейіпкерлері»... Қымбатты досым, сен әлі кішкентайсың, бірақ білуге тиісті бір нәрсе бар. Ол – өмір, өмірді сүру. Жақсы өмір көп еңбек етуді, тер төгуді талап етеді. Сондықтан да адамдардың өмірін жеңілдету үшін әр адам тәртіпті, мәдениетті, ақылды болу керек. Соның бір жолы – қоғамдық көліктердегі адамдар мәдениеті.

### **Қоғамдық көлікте өзін өзі ұстау ережесі**

- Қоғамдық көлікке кіріп бара жатқанда адамдарды шынтағыңмен итермей, ең алдымен қарт кісілерді, қыздарды (егер сен ұл болсаң) жіберіп, оларға көлікке кіруге көмектесу керек.

- Кірген жерде тұрып қалма, егер келесі аялдамада түспесең, ортаға қарай өтіп кет.

- Мәдениетті адам үлкендерге, кішкентай балаларға,

әйел адамдарға орын береді.

- Қоғамдық көлікте киімдегі қарды қақпау керек, тамақ не болмаса балмұздақ жеуге болмайды, үлкендерге темекі шегуге де болмайды.

- Қоғамдық көлікте шашты тарауға, тырнақты тазалауға, мұрынды, тісті, құлақты тазалауға болмайды.

- Газетті ашып оқымайды, не болмаса көршінің газетіне, кітабына қарамаған дұрыс, жалпы көзге зиян болмас үшін қоғамдық көлікте оқымаған дұрыс.

- Көліктегі адамдарға тесіліп қарамау керек, салмағынмен біреуге қисаймай, итермей тұруға тырыс.

- Көлікке кірген кезде арқандағы сумканы, рюкзакты шешіп қолға алу керек, өйткені адамдарға кедергі жасауың, кей кезде киімдерін былғап қоюың мүмкін.

- Көлікте келе жатып қолыңда гүл не болмаса торт болса, түрегеп тұрсаң, отырған адамға «ұстай отырыңызшы», – деп сұрауыңа болады.

- Көлікте қатты әңгімелесіп, күліп өз мәселелерінді айтып достарыңмен сөз жарыстыруға болмайды. Біреулер ескерту жасаса, оларға қарсы ашуланып сөз айтуға мүлде болмайды.

- Ата-аналар кішкентай балаларының аяқтарымен киімдерді, орындықтарды былғауға болмайды.

- Көлікке үлкен заттарды, пакеттерді алып кірмеуге тырыс. Егер алып жүретін болсаң, автобустар бастау жүретін кезде алып жүр. Ал ұзын үшкір (мысалы шаңғы) заттарды қорабына салып алып жүру керек.

- Мысық, құстарды көлік ішінде қорапқа салып алып жүру керек. Иттерді тұмсық жапқышпен алып жүру керек.

- Көліктен шығуға алдын ала дайындалу керек. Алдағы тұрған адамнан: «келесі аялдамадан түссесіз



бе?» – деп сұрап, адамдардың арасынан ақырын жол тауып, кешірім сұрап шыққан дұрыс.

- Көліктің ішінде, көпшіліктің көзінше телефомен қатты сөйлесуге болмайды.

- Құлақтығынымен музыка тындап тұрсаң да, даусын бәсеңдетіп қой, себебі ол басқа адамдарға есітіліп, жағымсыз әсер тудырады.

- Егер ер адам мен әйел адам көліктен шығатын болса, брінші көліктен ер адам шығып, содан соң әйелге шығуға көмектеседі.

- Барлық көлікте сабырлы болып: «Рақмет, жақсы» деген сөздерді айтқан адамдар мәдениетті, мейірімді деген ұғымда болады.

### **Ақыл сөз**

*Ақылдылықтың белгісі – үлкенге құрмет көрсету.*

*Даналықтың белгісі – кішіге жол көрсету.*

*Мейірімділіктің белгісі – ұлтыңды ұлықтап, халқыңды сүйю.*

*Мінездің көркемдігі – барлық жерде өзіңді мәдениетті ұстау.*

### **Музейде**

Сәлем, дос! Сен музейге, көрмелерге барғанды жақсы көретін шығарсың? Ендеше мен саған осындай жерлерде өзін өзі қалай ұстау керек екендігін дос ретінде айта кетейін. Дайынсың ба?

Музейге, көрмелерге барғанды әдетке айналдыр. Онда барғанда экспонаттардан адам қолымен жасалған сұлулықтарды, өнер туындыларды тамашалайсыңдар. Өзің сияқты көп адамдарды көресіңдер. Оларды сырттарынан бақылап қарасандар, өнерге құштарлық деген не деген сұраққа жауап аласыңдар. Өнердің адам жанын тәрбиелеуге қатысы бар. Адам мәдениеті

өнерден бастау алады.

- Музейде, сурет көрмелерінде басқа келушілерге кедергі жасама.

- Қатты сөйлемей, аяғыңды сүйретпей жүр.

- Жөтеліп қалсаң, залдан шыға тұр.

- Дененмен экспонаттарды қалқалама.

- Экспонаттарды қолмен ұстама, қызығып тұрсаң да қолыңды тигізіп бүлдіріп алма. Шыныларын да қолмен ұстауға болмайды.

Ол жерде адамдар еркін жүргенімен, қатты күлуге, қатты сөйлесуге болмайды. Көрме қызметкері сенімен бірге жүріп, көрсетсе, ол кісіге көрмеден алған әсерінді айтып, рақмет айт және табыстар тіле.

- *Өнерді түсіну үшін де талап пен ынта керек.*

- *Кішкентай кезіңнен жақсылыққа, сұлулыққа құштар бол. Ол кейін үлкен адам болғаныңда пайдасы болады.*

- *Өнерлі адамның келешегі үлкен.*

- *Өнерді сен ізде, тап, биіктерге ұмтыл.*

### **Кинотеатрға барғанда...**

Достым, сен кино көруді жақсы көресің бе? Кинотеатрда өзін өзі қалай қалай ұстау керек екендігін білесің бе? Білмесең, осы сабақ саған арналады.

Киноны көбінде үйдегі теледидардан көресіңдер. Бірақ кейбір кезде бір жаңа фильмдерді сыныптас достарыңмен, кейде мұғалімдеріңмен бірге кинотеатрдан да көресіңдер. Киноны үлкен экраннан көргенде ерекше әсерлі болады. Достарыңмен бірге кинотеатрға, музейге, парктерге бару сендердің достық қарым-қатынастарыңды бекітіп, бір бірлеріңді тереңірек тануға мүмкіндік туғызады. Солай емес пе!

**Соныменен...****Кинотеатрда**

Қазір балалар кинотеатрға барғанда әр түрлі тағамдар алып барады, шырындар, сусындар алып кіреді. Оны сықырлатып жеп отырғанда айналадағы отырғандарға едәуір жағымсыз әсері болады. Және қағаздарды, босаған сусын құтыларын отырған орындықтарының астына қалдырып кетеді. Досым, осы дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Кинотеатр да қоғамдық орын емес пе? Әр адам мәдениетті болуға тиіс.

- Егер бас киімін артта отырған көрермендерге кедергі болса, алдын ала шешіп қою қажет. Бұл ережені ұлдар ғана емес, қыздар да солай істеулері керек.

- Егер басқа біреу бас киімін сен үшін шешіп қойса, рақмет айт.

- Көріп отырған фильмді талқылап әңгімелеспе, көріп отырған адамдарға кедергі жасайсың. Көрермендер сенің талқылағаныңды есту үшін емес, кино көру үшін келгендерін ұмытпағаның дұрыс.

- Кино басталған кезде ұялы телефонның даусын басып не өшіріп қойған дұрыс болады.

- Егер сыртқа шығу керек болса, қасында отырған адамдардан кешірім сұрап, жылдам шығып кету қажет. Шыққан соң қайта кіріп мазаламаған дұрыс.

Бұл ережелерді театрға барғанда да, концерт залдарында да ұстанған артық болмайды.

*Қайдан, қай жерден үйренемін деме, көрген кинонан да, сөйлескен адамнан да, болған оқиғадан да өзіңе бір тағылым боларлық нәрсе алуға тырыс.*

*«Жақсыдан үйрен, жаманнан жүр» деген халық даналығы бар, соны есіңе сақта.*

### **Гүлді де дұрыс сыйлай білу керек**

Достым, гүл сыйлау деген жақсы құрмет екеніне таласпайтын шығарсың? Гүл табиғаттың бір көркем жаратылысы емес пе?! Кішкентай сәбиден бастап, еңкейген қарияға дейін гүлді жақсы көреді. Біздің халқымыз: «Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі» деп тегін айтпаса керек. Ертеректе ата-бабаларымыз гүлді базардан, дүкендерден сатып алмаған, даланың гүлін тарту еткен. Ал қазіргі кезде дәстүрге айналды. Көбінде қалалық жерлерде гүлді арнайы гүл базарларынан сатып алады. Ал ауылдық жерлерде гүлдің орнына басқа да сыйлықтар жасайды. Гүл арқылы адамдар бір бірлеріне қуаныш сыйлайды, қуанта біледі. Гүлді ұсынғанда сенің жүзіңде қуаныш тұрсын. «Мерекеңізбен», «Туған күніңмен», «мерей тойыңыз құтты болсын!» т.с.с. сөздерді айтып, гүлді ұсынғаның дұрыс. Гүл сыйлаудың да өзіндік ерекшеліктері бар.

- Егер достарына (егер ол қыз бала болса) ашық та, нәзік гүл сайлауға болады.
- Өзің жақсы білетін туысың болса, ол қандай гүлді жақсы көрсе, ойланбай-ақ сондай гүлді сыйла.
- Анаң раушан не болмаса анаңның өзі ұнататын гүлді сыйлағаның абзал.
- Апайыңа қызыл немесе қызылсары ашылмаған раушан гүлін силаған дұрыс.
- Азаматтарға қоюлау түсті раушан гүлін сыйлау керек.
- Дәстүр бойынша сыйлайтын гүлдестеде гүлдер саны үш, бес, жеті немесе тоғыз болуы керек. Егер бір ғана гүл болса, ол ерекше жақсы, үлкен болуы керек.
- Гүл сыйлаған кезде сыртқы қағазынан алып ұсыну

керек, егер гүл арнайы безендірілген болса, онда солай сыйлай береді.

- Гүлдестені көшемен гүлін жоғары қаратып алып жүреді және жоғары қаратқан күйі сыйлайды.

- Бөлмеде өсетін қыш ыдыстағы гүл жақсы таңдау болып табылады, бірақ сыйлайтын адам ұнататынын алдын ала білген дұрыс.

- Сыйлаған гүлдерді қонақ күтетін бөлмеге суға салып қою керек.

- Егер өзіне гүл сыйласа, қуанып қабылда. Қуанғаныңды білдіріп, рақмет айтуды ұмытпа.

- Гүл таңдағанда сенің талғамың, гүлді сыйлайтын адамға құрметің байқалады. Сол үшін жақсы гүлді таңдау керек.

- Гүл алғанда таңдамай, «ей жарайды» деп алмау керек. Одан гүл сыйламағанның өзі жақсы.

*1. Адамның мейіріміне адам ғана емес, табиғат та, гүлдер де зәру. Сол себепті мейірімді бол.*

*2. Гүл өсірсең гүлге қара, ұл өсірсең ұлға қара, қыз өсірсең қызға қара. Қарамасаң бәрі бекер.*

### **Сен таланттысың!**

Досым, сен өзінді, өзіннің бойындағы талантыңды ашуға тиістісің. «Менің бойымдағы талантты біреу ашады» деп ойлама. Бала-бақшада, мектепте әр түрлі кештер болады, сонда ән айту керек, би билеу керек, тіпті рөлде ойнап артистік қабілетінді де шыңда. Неге саған өз өнерінді көрсетпеске? Мүмкіндік туып тұр...

Достым, байқадың ба, бүгінгі сабағымыз сенің бойындағы талантты ашуға арналады. Сабағымыздың тақырыбы – «Сен таланттысың!»

Сахнадан қорықпа. Өзінді еркін ұста. Сахна адамды

тәрбиелейді. Біріншіден сахнаға шығатын адам сөзге, өнер түріне алдын ала дайындалады.

Үйде дайындалған кезде айнаға қарап дайындалып үйрен. Әбден жаттығып болған соң үйде анаға, немесе үйдегі өзіңе жақын адамдарға өнеріңді көрсет. Ұялма, қателігіңді айтса, оған ренжіме. Ол саған үлкен достық. Сондай дайындықтан соң, сахнаға шығу қорқынышты болмайды.

Сахнаға шыққанда аяғыңды нық басып, еңсеңді көтеріп шық. Көрерменге қолыңды кеудене қойып, сәл еңкейіп сәлем бер. Сәлеметсіздер демейсің, үнсіз басыңды игеніңнің өзі жеткілікті болады.

Егер сен жүргізуші болсаң, сахнаға шығатын адамның аты-жөнін және орындайтын шығармасын анық, түсінікті етіп айт. Ал егер өзің орындасаң, артынан халыққа құрмет көрсетуді ұмытып кетпе.

Достым, қазірден бастап жұрттың алдына шығып үйрене бер. Болашақ өмірде оның керегі де пайдасы да болады.

*Өнерсіз адамды Алла жаратпаған. Сол себепті өз бойыңдағы өнерді жарыққа шығар.*

*Қателесуден қорқатын адам жеңіске жете алмайды.*

### **Өлеңді мәнерлеп оқи алсаң, ол бір жақсы...**

Достым, өлең оқу да – өнер. «Өлең – сөздің пашасы» деп ұлы ақын Абай айтқан. Түсінесің ғой, сөздің патшасын өз дәрежесінде оқу керек. Оның әр шумағында ғана емес, әр тармағында, бунағында сыр бар, ақынның ішкі демі, қуанышы мен күйзелісі, сыры мен мұңы бар. Соны білу керек. Мысалы мұңлы өлеңді көңілденіп оқуға болмайды және керісінше. Ол үшін бірнеше қайталап өлеңді оқы, егер түсінбесең

мұғаліміңнен, ата-ананнан сұрап ал. Егер тіпті өлеңдегі бір сөзді түсінбесең, өлеңді оқып тұрғанда сол сөзді басқаша екпінмен қате оқуың мүмкін.

Өлеңді жаттап алғанда да, мәнін, ішкі сырын түсініп алмасаң, тез ұмытып, не шатасып айтатын боласың. Ал түсініп алсаң, ол өлеңді ешқашан ұмытпайсың. Ол сенің бөлшегіңе айналған сияқты болады. Өлеңді көп оқып, жаттап алған, оны дәл оқу керек кезде оқыған адам өз қатарынан бір саты рухани биікте жүреді. Жүрегі мейірімге, ізгілікке толы болады. Осыны ұмытпа.

1. *Өлең – сусыныңды қандырап таза бұлақтың суы сияқты. Оқыған сайын жүректің шөлі қанғандай болады.*

2. *Өлең – теңіздің толқыны сияқты, қайықты тербеген толқындай, адамның сезімін тербейді.*

### **Егер туған күніңді тойласаң?..**

Достым, әр бала өзінің туған күнін жақсы көреді. Солай ғой... Себебі ата-ана, туыстары, достары сыйлық әпереді, туған күнді мереке сияқты атап өтеді. Осыған байланысты да бір сабағымызды арнасақ, қарсы болмайсың ба?

Туған күн деген айтулы күн. Ол сені бір жасқа есейтіп өсіретін күн. Адам баласы өскен сайын ақылды болады (болуға тиіс). Себебі бір жылда ол қаншама ақпараттарды тыңдайды, көреді, қаншама сөздерді үйренеді, ұстазынан, ата-ана, туыстарынан өмір өнегесін үйренеді, жақсыны да жаманды да, қуанышты да қиындықты да көреді. Солай ... бойы да, ойы да өседі. Сол себепті кішкентай кезіңнен ойланып үйрен. Мен қай жағынан өстім, не білдім, бір жылдың ішінде қандай жақсы, қандай жаман нәрселерді жасадым деген сұрақты өзіне қойып, жауап беріп үйрен.

Кейбір балалар туған күнінде ата-анасынан үлкен сыйлықтарды алып беруді талап етеді. Жалпы ол дұрыс емес. Ата-анаң сені өмірге алып келгені, саған жақсы тәрбие бергені үлкен сыйлық. Сол үшін ата-анаң өз туған күнінде сен құрмет көрсетіп, сыйлық жасасаң болады. Олар саған қандай сыйлық дайындаса да сен ренжімей, қуанып қабылда. Достарың да сыйлық алып келсе, аз, көп демей қабылда. Себебі сенің достарың да әлі сен сияқты, олар саған сыйлық жасау үшін ата-анасынан ақша сұрайды. Ал сен білесің барлық адамдардың жағдайы бірдей емес. Сол себепті де сыйлықты әр бала өзі қолдан жасап, не тамаша сурет салып, өлең жазып жасауға да болды.

Достым, туған күнінде жылда тортқа шырақ жағып, оны үрлеп өшіріп жүрген шығарсың. Оны Батыстың киноларынан көресіңдер ғой, бірақ негізінде ол дұрыс емес. Бізде шырақ жаққанды дұрыс көргенмен, өшіргенді жаман ырымға балайды. Қазақта: «шырағың жансын, отың өшпесін, әкесі жаққан отты баласы өшірмесін» деген аталы сөздер бар. Түсіндің бе? Енді отыңды өшірме, шырағың жансын.

Достым, туған күніне кімдер келді, қандай жақсы сөздер, тілектер айтты, қандай сыйлық жасады? Соның бәрін қойын дәптеріңе жазып жүр. Ол сенің өміріңнің жақсы естеліктері болады.

*Әр жылғы туған күніңді, келген қонақтарды, өзің қатты әсер еткен жағдайларды қойын дәптерге жазып қой.*

*Туған күнімді ата-аналарым жасау керек деп, өзің қатысушы ғана болып жүрме, қызық ойындарды өзің ұйымдастырып, келген қонақтарға өскендігіңді, көп нәрсе білетіндігіңді, ата-ана, достарыңды сыйлай алатыныңды көрсет.*



**Наурыз мерекесі де келді!**

Достым, Наурыз мерекесіне қатты қуанасындар емес пе? Себебі адамдардың бәрі қуанады, сонан соң наурыз мерекесі оқушыларға көктемгі демалысты да ілестіре келеді.

Наурызды Шығыс халықтары жылдың басы, күн мен түннің тенелген күні қасиетті күн деп санайды. Қыстан қысылып шыққан тіршілік иелеріне жан кіріп, қар кетіп, жер жібіп, мал төлдеп, құстар келіп, құрт-құмырсқалар тіріліп, жаңа өмірдің тіршілігі басталады. Біздің ата-бабаларымыз да Наурыз тойы қарсаңында «Бұлақ көрсең көзін аш» деп, көзі бітелген бұлақтарды ашып, су жүретін арықтарды тазалайтын. Сонан соң «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп, тал егіп, бауларды қоқыстардан тазартып, жеміс ағаштарының түбін қопсытады. Сөйтіп Табиғат анаға ризашылықпен тағзым жасайды. Ежелгі заманнан-ақ Наурыз тойы тойланған. Ол күні ешкім жұмыс жасамаған, бір үй бір үйге барып, наурыз көже ішіп, амандық-саулықтарын сұрасып, үлкен қария кісілер жастарға, балаларға жаңа жыл батасын беретін болған. Қазір де біздің елімізде Наурыз мерекесі 3 күн бойы тойланады. Оған еліміз үлкен мән беріп, жалпы халықтық мереке болып атап өтіледі.

Досым, сен де Наурыз мерекесін көріп жүрсің ғой. Ендігі жерде сен де өзіңнің ата-бабаларың жасаған өнегелі істерді жасауға тырысып көр. Бұлақ көрсең көзін аш, ағаш отырғыз, табиғатты аяла, ауланды, көшені тазартып, үлкендерге қайырымды көмегіңді көрсет. Достарыңмен бірлесе отырып, жоспарлы түрде жақсылық шараларын жүзеге асырындар. Ал мерекеде міндетті түрде өнеріңді көрсет. Себебі енді сен сахнаға шыққаннан қорықпайсың емес пе!

**Наурыз мерекесінің сценарийі**

(Бір бала сахнаға жүгіріп шығады)

– Алақай, алақай Наурыз келді!

– Токта, сен оны қайдан көрдің?

– Талдан көрдім.

– Талда неғып тұр екен?

– Ән салып тұр екен?

– Кім ән салып тұр екен?

– Нәуірзек құс.

– Е, солай десеші. Мен ойладым Наурыз айы қалай ән салады деп?

– Салады. Дүниенің бәрі ән салып тұр, тау да, тас та, су да. Сенбесең жүр менің атама (әжеме) барайық.

– Жүр барсақ барайық. (екі бала атаға (әжеге) келеді)  
(Әже ролінде тәрбиеші ойнауына болады.

– Ата, ассалаумағалейкум. (Сәлеметсіз бе, әже?) (Екі бала атаға қол беріп амандасады)

– О, бәрекелді, өркендерің өссін. Жігіт болды деген осы, аталарыңа (әжелеріңе) келіп сәлем беріп жатырсындар. Ал құлындарым, наурыз құтты болсын!

– Рақмет, ата. Сіз бізге наурыз жайында айтып берінізші. Сіздің немереңіз маған наурызда бар табиғат ән салады дейді. Сол рас па?

– Рас, балам. Жер ана қыс бойы қалың ұйқыға кетеді. Жермен бірге құрт-құмырсқа, бақа-шаяндар, тіпті дәу аюдың өзі ұйқыға кетеді. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Көктем шығып, наурыз айы келгенде, жер ана қар көрпесін теуіп ашып, ұйқысынан оянады. Жер анамен бірге ұйқыға кеткен аңдар, жәндіктер де оянып, бір-бірімен қауқылдасып амандасып, қуаныштарын бөліседі. Ата жұрттарына алыстан сағынып келген құстар өздерінің туған жерлері туралы

әндерін орындайды. Олардың әндерін бар табиғат ұйып тындайды. Дүниенің бәрі ән салып тұр деген осы. Ол табиғаттың әніне біздер де қосыламыз. «Қош келдің, өз Наурыз, елімізге ырыс, Жерімізге құт алып кел» деп тілек тілейміз. Тіптім өздеріңдей балалар шаттанып, Наурызға арналған өлең-тақпақтары, ән, билерін көрсетеді. Жүріңдер сендердің бақшаларына (метептеріне) барайық, балалардың тамашасын көрейік. (концерттік нөмірлер)

Тақпақ үлгілері:

1. Наурыз келді елге,  
Наурыз келді жерге.  
Қуанды бүкіл тіршілік  
Қуана бер сен де.
2. Күн жылынды, балалар,  
Ойнап асыр салайық.  
Анамыздың ақылын  
Еркелемей алайық.
3. Бақшаға да барайық,  
Жыламайық, қалайық.  
Ән сап билеп ортада  
Наурыз тойын тойлайық.
4. Наурыз, наурыз келе ғой,  
Елге сәлем бере ғой.  
Қыдыр ата келіп тұр,  
Бақыт елге қонып тұр.
5. Наурызымыз – жыл басы,  
Күн менен түн тенескен.  
Нұр жауады аспаннан  
Кең далама шөп өскен.

– Құтты болсын жаңа күн!

- Құтты болсын жаңа жыл!
- Бақыт келсін әр жанға!
- Бақыт келсін әр маңға!
- Оянайық әрқашан  
бақытты боп әр таңда!

### **Үлкенге құрмет, кішіге ізет**

Достым, бұл сабақта өзімшілдік жаман қасиет екенін әңгіме етсек ... Қарсы емессің бе? Мен көп балалармен әңгімелестім. Сондағы бір ұққаным. Балалар сенімен жасты, сенен үлкендері де: «Біз әлі баламыз ғой, үлкендер бізге қамқорлық жасау керек. Біз өзіміз кішкентаймыз ғой, сондықан кішкентайларға қандай ізет көрсетеміз?» деп айтты. Байқайсың ба, осындай балалар өскенде өзімшіл, тек маған жақсылық жасау керек деп санайтын болады.

Жоқ, достым, ол дұрыс емес. Саған жақсылық жасағандарға сен онан да көп жақсылық жасап үйрен. Ауырмайтын адам болмайды. Кейде ата-аналарың да ауырып қалады, сонда аналарыңның не әкелеріңнің жағдайын сұрап, көмектесіп, дәрісін, сұраған затын алып беріп, көрпесін қымтап жауып, қасында отырып, көңілдерінді білдірсеңдер, ол кісілер қандай қуанар еді. Кішкентайларға да көмектесіп, жыласа жұбатып, құласа көтеріп, киімін кигізіп жіберсеңдер, сендер үшін қиын жұмыс емес қой. Досым, өзіңді ғана ойлама, өзгелерге де жақсы болсын деп ойла, біреулердің жеңісіне, жақсылығына іштарлық жасама. Ондай жаман қасиеті бар жолдастарың болса, айтып түсіндір, өзіңнің жақсы мінезін арқылы қасындағыларды да тәрбиелеуге болады. Соны естен шығарма.

### **Тілек айту, достың туған күнін басқару**

Досым, карапайым сұрақ қойғым келіп отыр. Сен тілек айта аласың ба? Иә достым, тілек айту да оп-оңай шаруа емес. Тілекті ойланып барып айтқан дұрыс. Елдің бәрі айтатын сөзді сен айтпа. Көп балалар: «Аспанымыз ашық болсын, ауырмаңыз» деп жатады. Иә, ол жақсы тілек. Бірақ адамдардың бәрі айтқандықтан, онша дұрыс қабылданбайтын сияқты.

Мысалы досыңның туған күніне айтылатын тілек, досыңның жақсы қасиеттеріне, оның ата-анасына қаратылып айтылады. Мысалы: «Досым Дәурен, менің сен сияқты досым болғанына қуанамын. Сенің өте жақсы қасиеттерің бар. Сен адалсың, өтірік айтпайсың, үлкендерге де, кішілерге де көмектесесің, ата-ананды, ұстаздарды сыйлай аласың. Менің саған ұқсағым келеді. Бүгінгі сенің туылған күнің мен үшін де үлкен қуаныш. Бірінші сендей маған дос сыйлаған сенің ата-анана рақмет айтқым келеді. Ата-ананды өмір бойы жеңістеріңмен, адамгершілігіңмен қуантып жүре бер. Достығымыз мәңгілік болсын!» деп досыңды құшақтап, сыйлығың болса, сыйлығыңды беруге болады.

Ал ананның туған күні болса ше? «Ардақты анашым, сізді туған күнінізбен құттықтаймын. Сіздің туған күнініз біздің отбасының ең ұлы күні. Себебі ол күн – Сіз өмірге келген күн. Сіз маған (бізге) әлемнің жарығын сыйладыңыз, сіз мен үшін түн ұйқыңызды көп рет бөлдініз, шаршадыңыз. Сіздің жақсылығыңызды санауға мен білетін сан жетпейді. Сондықтан сізге денсаулық, әдемі тыныш өмір, отбасыңыздың, жақындарыңыздың жанында болғанын тілеймін. Мен сізді өте жақсы көремін!» деп, құшақтап, өзің қолыңнан жасалған ғажап сыйлықты тарту етсең, ана жүрегі шаттыққа толады.

Түсіндің бе, достым. Шын жүректен қарапайым ғана сөздер айтсаң жақсы тілек болып шыға келеді.

### **Бой тазалығы**

Достым, тазалық туралы да білесің ғой. Десек те, ой бөлісіп, ойларымызды ортаға салайық. Сабағымызды тазалыққа арнайық.

Біздің өткен сабақтарымыздың барлығында үлкен-үлкен әңгімелер қозғалды ғой. Сол сабақтарда айтылмағанмен, мәдениетті адамның, талантты адамның, өнерлі адамның, сахнаға, жұрт алдына шыққан адамның тазалығы бар болатыны белгілі. Сыртында, болмысында таза болмаған адам мәдениетті адам бола алмайды.

Сол үшін достым, саған айтар кеңесім:

- Бойыңды таза ұста, тырнақтарыңды алып, шашыңды тарап, ұқыпты бол;
- киіміңді күтіп ки, киімдерің таза, өтектелген болсын. Аяқ киіміңе үйден шығарда, басқа үйге, не мектепке кірерде бір қарап ал. Үйден тазалап шыққан аяқ киімің мектебіңе жеткенше ластанып, шаң басып қалуы мүмкін. Сондықтан арнайы дорбаға аяқ сүртетін шүберекті салып жүргенің жөн.
- мектепте ойнап жүгірген кезде терлеп кетесің, сондай сәтте жақында су болса, беті-колыңды жуып ал, су болмаған жағдайда сөмкеңде, не қалтанда үлкендеу бет орамалың болсын.
- мектептен үйге келгенде аяқ киіміңді шешіп, бір жерге жиып қой. Киімдерді қағып, сілкіп, ластанса тазалап, киім ілгішке іл. Содан кейін барып, жақсылап жуынып ал. Жуынбай тамаққа отырмау керек, бірақ сен оны жақсы білесің. Солай достым, сабаққа отырып

дайындалатын кезде де қолыңды сабындап жуып алып кіріскенің жөн. Себебі қолың кір болса кітап дәптерлерің де өкпелеп қалуы мүмкін ғой. Жай айтам, беттері ластанып, кірленіп қалса, біріншіден, өз көңіл-күйің түседі, екіншіден мұғалімнен ескерту алып қаласың. Достарыңның көзінше ескерту алғың келмейді емес пе?

*Таза жүру – өзіңді құрметегеннің белгісі.*

*Адамның сырт тазалығы мен жүрегінің тазалығы сай болса, ол адам ізгі адам болады.*

*Ата-аналарынан алыстан, білім іздеп басқа елге, басқа қалаға кеткен студент жастарға да ұстаз қамқорлығы қажет. Сол мақсатта да ой толғадық.*

## ҰСТАЗ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Сіздер студент атандыңызар. Өмірдің жаңа бір белесі басталды. Ойлан, жас дос. Уақытты босқа өткізуге болмайды. Терең ойлан. Не үшін, қандай мақсатпен оқуға түстің? Жүрек қалауыңмен түссең, онда керемет! Бәрін жаңа беттен бастайтын уақыт келді. Бүкіл өмірді де, бір жылдық өмірді де, бір айлық өмірді де жоспарлауға болады. Бұл – мүмкін бірінші, мүмкін кезекті жеңістеріңіз! Жеңіске жету қашанда адамға қуаныш сыйлайды. Құттықтаймыз!

Жаңа жер, жаңа орта, жаңа жүйе. Бәріне де бейімделу керек. Үйреніскенше қиындау да болуы мүмкін. Бірақ бәрі өзіңнің қарым-қатынасыңа байланысты. Егер күйгелек болсаң, жоқ нәрсені проблема санасаң, саған бәрі қиын болады. Ал егер бәріне оптимистік көзқараспен қарайтын болсаң, бәрін де жеңуге болады. Енді кәмілеттік жасқа келген соң, өзбетіңше өмір сүруге үйренгенің дұрыс қой. Үлкен азамат болып тұрып, ата-ананың сәбиі болуға болмайды. Сіздер үшін өмірдің екінші баспалдағы басталды. Бұл баспалдақтың мекені Жоғары оқу орны Университет деп аталады. Мұнда сіз таңдаған мамандығыңыз бойынша білім аласыз. Сізге Әлемнің ең таңдаулы университеттерінің оқытушы-профессорлары дәріс оқиды. Бірақ бір нәрсені ескеріңіз. Бәрі өзіңізге байланысты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев студент жастармен кездесуде: «... Қандайлық жақсы және кәсіби болса-дағы бірде-бір оқытушы, егер студенттің өзі білімге ұмтылмаса, егер студенттің өзі кәсіби, жоғары білікті маман болғысы келмесе, оны



*ештеңеге үйрете алмайды. Бізде үлкен өршілдік болу керек. Сендер өз мамандықтарыңда үздік болуды тілеп, бәсекелестікке әзір болуға тиіссіңдер»* деген болатын. Міне, Елбасының осы сенімін ақтауға тырысу керек. Тағы да қайталап айтамыз, бақытты болу да, жеңіске жету де, биіктерді бағындыру да – ӨЗ қолыңызда!

***Өзіңе сен, өзіңді алып шығар ақылың мен еңбегің  
екі жақтан (Абай)***

Қымбатты жастар, сіздер – Тәуелсіз Қазақстанның төл перзентісіздер. Еліміздің Тәуелсіздік алғанына көп болған жоқ. Тәуелсіз Қазақстан – сіздермен құрдас, замандас. Сіздер бірге өсіп, бірге алға қарай келе жатырсыздар. Болашақ осы елдің тұтқасы да тұғыры да сіздер боласыздар. Өзінің Отанын, туған жерін, ана тілін, өзі өмір сүрген елдің мемлекеттік тілін, салт-дәстүрін сыйлау, құрметтеу – әр азаматқа парыз. Тіл – қатынас құралы ғана емес, ол тамырын тереңге жіберген бәйтерек. Тіл біздің азаматығымызға, Отанға, халқымызға деген сүйіспеншілігімізге нәр береді. Бұл жөнінде Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының мынадай сөздері бар: *«Болашақта барлық мемлекеттік жұмыстар, іс жүргізу қазақ тілінде атқарылатын болады. Біз қазір соған келе жатырмыз... Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса, қырандай қалқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байрағы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен? Әрине, одан қымбат ештеңе жоқ деп айтуға болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған – оның гажайып*

*тілі*». Тілі жоғалған елдің өзі де жоғалатыны – дәлелдеуге келмейтін аксема.

**Қымбатты жастар!** Адам баласы өмірге келгеннен соң бақытты өмір сүргісі келеді. Иә, барлық адамның бақытты болуға құқы бар. Десек те, бәріміз білетін шындық – адамдардың бәрі бақытты болмайды. Неге? Көбі бақытты болудың ереже, тәртібін білмегендіктен бақытты бола алмайды. Әл-Фараби: «Адамның бақытты болуы мінез-құлқына байланысты» деген болатын. Мінез-құлық адамның өз қолында емес пе? Өзін өзі басқара алу өнері емес пе? Өзін бағындыра алмаған адам басқаларды, ұжымды, елді қалай басқарады?

Мысалы бақыт деген мен үшін өзімдегі сезім әлемім. Ешнәрсе менің сезімімдей шексіз бола алмайды, терең бола алмайды, таза бола алмайды. Сезімім арқылы өз дүниемді көрікті ете аламын, адамдарды жақсы көремін, қолымнан келгенінше жақсылық жасаймын. Сүйе аламын, сүйікті бола аламын. Барлық істі жақсы жасауға тырсамын. Өзімнің жұмысымды жақсы көремін. Сабақ беруден, университетімнің дәлізінде жүргеннен, шәкірттеріммен кездесіп, сәлемдесіп, әңгімелесуден өзіме рақат сезімін аламын. Жақсы жандарға сыйлық жасағанды, қуантқанды жақсы көремін дәл ол сәтте өзімді бақыттымын деп сезінемін. Ата-ана бауырларымды жақсы көремін, олардың барлық әрекеттері, адам сыйлауы, өтірік айтпауы, адалдықтары, қонақ күтуі, дастарқандарындағы берекесі, бәрі – мені қуантады. Олармен мен бақыттымын. Өзімнің отбасымды жақсы көремін. Балаларымның адалдығы, тазалығы, адамгершіліктері маған ұнайды. Мен олар үшін ұялмаймын. Олардың бойында жасандылықтың, ақылсыздықтың, өзімшілдіктің, өтіріктің вирусы жоқ. Мен бақыттымын.

Достарымды жақсы көремін. Олардың маған адалдығы, табиғилығы ұнайды. Мен жалпы талантты адамдармен, шәкірттеріммен дос боламын. Олардың қырандай қанаттарын қомданып, ұшуға дайындалғандай серпілістері, көңілдегі сезімнің бұлқаныстары, сырлылығы маған жақсы әсер етеді. Мен олардың шабыттарына дем бере аламын.

Менің жақсы көретін ағаларым, әпкелерім бар. Олар соншама зият, мәдениетті, елін сүйетін патриоттар. Мен мынау тірлігімде содай ізгі, абзал жандардан көп өнеге, тәрбие алдым. Мен оларға қарыздармын, мен оларға бауырмын, оларды мен ерекше жақсы көремін. Олар – менің бақытым.

Міне, осындай ұлы бақыттың мекен-тұрағы – менің жүрегім. Ең бастысы, менің жүрегім менің Отанымды, туған жерімді, елімді, қасиетті тілімді сүйеді. Оларсыз мен бақытты емеспін.

Мен мынау жарық дүниені, ғаламды, олардың иесі Жаратушыны сүйемін. Бір ғажабы, мен бәрімен үндестікте, үйлесімде, жарықта бірге өмір сүре аламын. Мен бақыттымын.

Мені бақытты болуға тәрбиелеген бірінші – әжем және ата-анам, екінші – ұстаздарым, үшінші – достарым, ең бастысы – менің шәкірттерім және оқыған кітаптарым.

Шәкірттерімнің және балаларымның бақытты болуы үшін мен өзімде бармен бөлісіп отыратын боламын. (Қысқасы, осындай ойға келдім)

Ата-аналарым, қасиетті әжем маған өз үлгі-өнегелерімен, өрнектерімен тәрбие берсе, ұстаздарым білімнің нұрлы, жарық екендігіне көзімді жеткізді, достарым қарым-қатынастағы тазалықтарымен тәрбиеледі. Ал шәкірттерім жастықтарына тән

қасиеттерімен, от-жалындай жігерлерімен, өткір де, ойлы пікірлерімен, ғажап шығармашылық қабілеттерімен тәрбиеледі. Менің шәкірттерімнің үш қайнаса филологияға, не журналистикаға, тіпті таза гуманитарияға да қатысы жоқ. Олар техникалық мамандықты таңдағандар. Бірақ Жүрек Әлемінде мамандық жоқ екен. Олар адами табиғатымен ойлай алады, сезіне алады, жаны ашиды, қуанады, күледі...

Ал енді кітап деген ғажап!!! Ол барлықтарының бергенін үнсіз, ешқандай қарекетсіз, күштеусіз, мәжбүрлеусіз бере алады. Мысалы, Абайды оқыдым, оқи беремін және өсе беремін.

### **Мен Абайдың тілін алдым.**

### **Абай маған мынадай ақыл берді:**

- Өзінде бармен көзге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден.
- Досыңа достық – қарыз іс,  
Дұшпаныңа әділ бол.  
Асығыс түбі – өкініш,  
Ойланып алмақ – сабыр сол.
- Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,  
Қиналмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой!
- Жалыны қайтар дененің,  
Үнемі тұрмас осы шақ.  
Талайғы кәрі дүниенің  
Бір кетігін ұстап бақ.
- Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан.  
•Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қашқанға да, қуғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.  
•Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мінінді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма.  
•Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға.  
•Мен боламын демендер,  
Аяқты алшаң басқанға.  
Екі көзің аларып,  
Құр қарайсың аспанға.  
Бір ғылымнан басқаның,  
Бәрі де кесел асқанға.  
Өйткен адам жолығар,  
Кешікпей-ақ тосқанға.  
•Ғылым таппай мақтаба,  
Орын таппай баптанба.  
•Бес нәрседен қашық бол:  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ.  
Бес нәрсеге асық бол:  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ...  
•Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз?

- Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеніз,  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
- Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөнсеңіз.
- Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл берсеңіз.  
Білгендердің сөзіне  
Махаббатпен ерсеңіз.  
Ақыл сенбей сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз.
- Сенбе жұртқа тұса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.  
Өзіңе сен өзінді алып шығар  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.
- Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?
- Қайғы келса қарсы тұр, құлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіне сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан шын асыл тастай көрме.
- Кәрілік те тұр тақау,  
Алдымызда айла жоқ.  
Қайғысыздың бәрі – асау,  
Бізге онан пайда жоқ.
- Жақсылығың күнде ұмыт,  
Бір жаңылсаң болды кек.  
Пайдасынан бой суыт,  
Өзі тимей жүсе тек.

- Дүниеге дос, ақиретке бірдей болмас,  
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.  
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздын  
Иманын түгел деуге аузым бармас.
- Аланның өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
- Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.
- Алла ішімді айтқызбай біледі, ойла,  
Бендесіне қастықпен кінә қойма.  
Распенен таласпа мұмин болсаң,  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма.
- Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді,  
қалайша бітіргенінен емес.
- Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар,  
мінез деген нәрселермен озады, одан басқа нәрсеменен  
оздым демектің бәрі де – ақмақшылдық.
- Жаман дос – көлеңке:  
Басыңды күн шалса,  
Қашып құтыла алмайсың;  
Басыңды бұлт шалса–  
Іздеп таба алмайсың.
- Шала мейір шала байқайды.
- Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы  
иттігінді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған  
қысымның аты.
- Егер ісім өңсін десең, ретін тап.

Қымбатты достар! Абай даналығы, сөз жоқ, сіздерге  
де көмегін тигізеді. Абай сөзіне түсінік беруді артық

санадым. Шын мәнінде әр сөз мені адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, өзіме ғана сенуге, мықты болуға, байкампаз болуға, таза болуға, ниет таза болмай істің жақсы болмайтынына көзімді жеткізді.

Адам баласында аз ба, көп пе дұшпан, көре алмайтындар болады. Абай сөзінен соң мен сол маған дұшпандық танытып жүргендердің мені ұнатпауының сырын іздедім... Абай өрнегінен соң, мен ондай кателіктерді жасамауға тырысатын болдым.

*Американдық психолог Дейл Карнегидің «Достарды қалай табу керек және адамдарға қалай әсер ету керек?» деген кітабын оқып шығып, дос іздеп жүрген достарыма жеткізуге асықтым. Әрине мен ол кітаптың орысша нұсқасын оқыдым. Ал достарым үшін шамамның жеткенінше, қажет-ау деген тұстарын қазақшаға аударып беруді жөн санадым.*

## АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДАҒЫ ТӘСІЛДЕР

*Бал жинағың келсе, бал арасының ұясына тиіспе*

Адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде әр ісін ойланып істейтін адамдармен емес, өздерінің әрбір қадамын мақтан тұтып, кеуде көтеретін сезімге берілгіш адамдармен байланысқаныңызды естен шығармаңыз.

Ал бұндай адамдарға сын айту – адамның кеудесінен жұдырығынмен ұрғанмен бірдей, сын айту кей жағдайларда – адам өліміне апарып соқтыруы да мүмкін.

Ағылшын әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар



жазушы Томас Харди өз атына айтылған өткір сыннан кейін беллитристикалық шығармалар жазудан бас тартқан. Осы секілді тағы да бір айтылған өткір сынның салдарынан ағылшын ақыны Томас Чаттертон өзіне-өзі қол салған.

Жас кезінде мазасыз өскен Б.Франклин уақыт өте келе адамдармен қарым-қатынас жасауда үлкен табысқа қол жеткізіп, Франциядағы Американ елшісі болып тағайындалған. Оның мұндай зор жетістікке қол жеткізуінің сыры неде? «Мен еш адам туралы жаман әңгіме айтпаймын, ал осы адамдардың әрқайсысы туралы білетін барлық жақсы әңгімелерімді ылғи да айта жүрем» деген ол.

Біреуге сын айтып, кінә тағу кез-келген ақылсыздау адамның да қолынан келеді, қазір көптеген ақымақ адамдар солай жасап та жүр.

Бірақ адамдардың басындағы жағдайға түсіністікпен қарау үшін адам бойында мықты мінез бен өзін-өзі басқара алу қасиеттері болуы шарт.

*«Ұлы адамның ұлылығы оның қарапайым адамдармен қарым-қатынасынан байқалады» – дейді Карлейль.*

Адамдарды кінәлаудың орнына, оларға түсіністікпен қарауға тырысып, неге олардың басқаша емес, дәл өзі ойлағандай шешім қабылдауының астарына үніліп көрелік. Бұл сын айтудан гөрі пайдалы және қызықтырақ, адам бойында айналандағыларға деген аяушылық сезімін оятуға көмектеседі.

Барлығын түсіне білу – барлығын кешіру деген сөз.

Дәрігер Джонсон: «Құдайдың өзі адам баласын өмірінің соңғы күніне дейін айыптай алмайды» – деген, ал неге біз сынап, айыптауымыз кере

*Тек өзі туралы ғана айттып, өзі туралы ғана ойлайтын*

*адам қай жерде және қанша оқығанына қарамастан, білімсіз адаммен тең.*

### **Адамдармен қарым-қатынас жасаудың зор құпиясы**

Жер бетінде адам баласын бір нәрсені жасауға ынталандыратын бір-ақ тәсіл бар. Сіз осы жөнінде ойланып көрдіңіз бе? Иә, бір-ақ тәсіл бар, ол – өзге адамды соны жасауға мәжбүр ету.

Естеріңізде болсын – басқа жолы жоқ.

Әрине, сіз тапанша кезеніп тұрып, кез-келген адамның қолындағы сағатын шешіп алуыңыз мүмкін. Сіз қол астыңыздағы қызметкеріңізді, бас тартқан жағдайда, жұмыстан босататындығыңызбен қорқытып, жұмыс істете аласыз. Немесе балаңызға да қамшымен не күш көрсетумен айтқаныңызды істете аласыз. Бірақ мұндай тәсілдің ақыры жақсылыққа апарып соқтырмайтыны белгілі.

Мен айтып отырған сізді бірдене жасауға мәжбүр ету тәсілі – бұл сізге қалағаныңызды беру.

Американың ең мықты философы, профессор Джок Дьюи бұны басқаша сөздермен түсіндіреді. Ол: «Адам табиғатына тән терең ұмтылыс – елеулі адам болуға деген тілек болып табылады» – деп айқындайды. Осы елеулі адам болуға деген тілек жайлы осы кітаптан көп кездестіретін боласыз.

Бірде Линкольн өз хатын: «Барлық адам өз атына айтылған жылы сөзді ұнатады» деп бастапты. Ал Уильям Джеймс болса: «Адам табиғатына тән басты ерекшелік – адамдардың өз қадір-қасиетіне қарай бағалануға деген терең ұмтылысы» деп жазған. Байқап қараңыз, ол жай ғана «тілек», «мұқтаждық» немесе «ұмтылыс» демеген, ол «бағалы болуға деген терең ұмтылыс» деп жазған.

Міне, мұны адам баласының жанын жай таптырмайтын қажеттік деп айтуға болады.

Егер біздің ата-бабаларымыз осындай ұмтылыспен жоғары қарай ұмтылмаса, өркениетке (цивилизацияға) қол жеткізбес едік. Онда біздің жан-жануарлардан айырмашылығымыз да шамалы болар еді.

Осы жеке тұлға ретінде өз маңыздылығын сезінуге ұмтылудың арқасында бакалея дүкеншігінің оқымаған, кедей бұйрық шығарушысы өздерінің елу центке сатып алған үй шаруашылығына қажетті заттары арасынан тауып алған заң кітабын оқыған. Сіздер ол адам туралы білетін боларсыздар. Оның аты – Линкольн.

Осы жеке тұлға ретінде өз маңыздылығын сезінуге деген ұмтылыс Диккенсті өзінің біртуар романдарын жазуға қанаттандырған. Осы ұмтылыс Кристофер Рен мырзаны тастағы симфонияны жазуға ұмтылдырды. Осы ұмтылыс арқылы Рокфеллер миллиондаған ақша тапты.

Осы ұмтылыстың арқасында сіз сәнді киім киіп, соңғы үлгідегі көлік мініп, өзіңіздің балаларыңыз туралы айтатын боласыз.

Менің білетінім: бүкіл тарих бойынша екі адам – Уолтер Крайслер мен Чарлз Шваб жылына бір миллион доллар сыйақы алып тұрған.

Неге Эндрю Карнеги Швабқа жылына мың доллар немесе күніне үш мың доллар төлеп отырған? Неге?

Шваб ақылды болғандықтан ба? Жок. Мүмкін ол құрышты қалай өндіруді басқалардан гөрі артығырақ білетін шығар. Жок. Чарлз Швабтың өзі құрышты өндіруді мықты білетін көптеген адамдардың бар екендігін мойындады.

Шваб өзіне мұндай ақшаны негізінен адамдармен

жақсы қарым-қатынасты білгендігі үшін төлегендігін айтады. Мен одан бұл жайлы сұрағанымда, ол өз аузымен бар құпиясын айтып берді. Бұл сөздерді әрбір үйде, әрбір мектепте, әрбір дүкенде, әрбір мекемеде қоладан құйып, іліп қою керек. Балалар мектепте латын етістіктерін жаттауға немесе Бразилиядағы жауған жауын-шашынның мөлшерін есте сақтауға қор қылған алтын уақытты осы сөздерді жаттауға жұмсаса, мақсат етіп алға ұстаса, бұл олардың өмірін түбегейлі өзгертуге септігін тигізеді.

«Маған тән ең бір асыл қасиет, – дейді Шваб, – ол – менің адамдардың ынта-құлшынысын олардың бойларындағы бар жақсы қасиеттерді бағалай отырып, дамыта алғандығым. Бастықтар тарапынан айтылған сын адам баласының ар-намысына қатты тиеді. Мен ешқашан ешкімді сынамаймын. Адамды жұмысына қарай ынталандыру мен үшін жат нәрсе емес. Сол үшін де мен адамдарды ылғи да мақтағым келеді, мен адамдарға ұрысқанды ұнатпаймын. Егер маған бірдеңе ұнаса, мен шын жүректен мақтауға дайынмын».

Міне Шваб осындай амал қолданады. Ал қарапайым адам не істейді? Қарапайым адамдар керісінше: егер бірдеңе ұнамаса – сын айтады, ал егер ұнаса – үндемейді.

Рокфеллер адамдарды шын ниетпен бағалауының арқасында олармен қарым-қатынаста үлкен табыстарға қол жеткізді. Мәселен, оның әріптестерінің бірі Эвард Т.Бедфорд Оңтүстік Америкада жасаған сауда-саттық сәтсіздігінен фирмалары миллион долларға шығынға ұшыраған, осы үшін Рокфеллер оны жазалауына болатын еді, бірақ ол Бедфорттың жақсылық жасаймын деп жүріп, сәтсіздікке ұшырағанын түсінді. Сөйтсе де, ол оны мақтауға себеп тапты, Бедфортты олар

салған капиталдың 60 процентін аман алып қалуымен құттықтады. «Біз, яғни жоғары жақта отырғандар, барлық уақытта мұндай табыстарға қол жеткізе бермейміз», – деді ол.

Біз балаларымыздың, достарымыз бен қызметшілеріміздің жай-күйін қолдаймыз, ал олардың өзін-өзі сыйлауына өте сирек мән береміз. Біз оларға тамақты күш-қуат алу үшін ішкіземіз, ал бірақ біз оларға жылы сөздер айтып, рухани күш-қуат беруге сараңбыз.

Осы жолдарды оқыған кей адамдар бірден-ақ: «Бұл ескі әдіс. Жылы сөздер айту... Жалпылдау... Жағымпаздану... Мен бұл әдістердің бәрін қолданып көрдім. Бұл әдістер, әсіресе ақылды адамдарға ешқандай да әсер етпейді», –деп айтуы мүмкін.

Әрине, жағымпаздану арқылы адамдарға әсер ету өте сирек. Ондай өтірік жағымпаздану адамдар арасында болмауы керек және табысқа да жете қоюы екіталай. Рас, кей адамдар өздерін мақтағанды теріс көрмейді, атына айтылған өтірік сөздің барлығын талғамай қабылдайды.

Адамның жақсы қасиеттерін шын жүректен бағалау мен өтірік жағымпаздану арасында қандай айырмашылық бар? Бұл сұраққа жауап беру оңай. Бағалау – шын жүректен шығады да, ал жағымпаздану – өтірік, тек ауызбен ғана айтылады.

Жақында мен Мехикодағы Чапультепек сарайында генерал Обрегонның бюстін көрдім. Бюсттің астында генерал Обрегонның мынадай дана сөздері ойылып жазылған: «Сізге шабуыл жасаған жаулардан қорықпаңыз, одан да жағымпазданған достардан қорқыңыз».

Жоқ мен сіздерге жағымпазданыңыз деп отырғаным жоқ. Мен тек өмірді жаңадан бастау туралы ғана айтып

отырмын.

Король Георг V-нің Букингем сарайындағы жұмыс бөлмесінің қабырғасына жазылған, өзіне қатты ұнайтын алты ауыз сөзі бар. Оның бірі «Мені арзан мақтауға үйреткендер, мен де ешкімді – өтірік мақтамайтын болайын».

Жағымпаздану деген – арзан мақтау. Бірде мен жағымпаздану деген сөздің толық анықтамасын оқыдым. Ол «Жағымпаздану дегеніміз – ол адамға өзінің не ойлайтындығы туралы айту».

Егер біз тек жағымпаздықпен айналыссақ, біз адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесі жөніндегі маман болмас едік.

Кейде біздің басымыз проблемалардан сәл арылып, тыныққан кезімізде, уақытымыздың тоқсан бес пайызын өзіміз туралы ойлауға бөлеміз. Егер біз біршама уақытқа өзіміз туралы ойлауды доғара тұрып, қарсы алдымыздағы адамның бойындағы жақсы қасиеттері туралы ойласақ, онда біз жағымпаздық сияқты жаман қылықтарға бармаған болар едік.

Эмерсон айтқан: «Мен кездестірген адамның қай-қайсысы да менен бір саты жоғары тұрады, оны менен артығырақ етіп көрсететін қасиетін бойыма сіңіруді үйренуім керек».

Қане, сәл ғана уақыт өз жетістіктеріміз, өз талап-тілектеріміз туралы ойламай, өзге адамдардың жағымды жақтарын бағалап көрейікші. Мұнан кейін біз жағымпаздану туралы мүлде ұмытамыз. Өз пікіріңізді шын жүреппен, жасырмай айтыңыз. Бағаны бүкпесіз көңілмен айтып, мақтауыңызды аямаңыз, сонда ғана адамдар сіздің сөздеріңізді көптеген жылдар бойы естерінде сақтайтын болады.

Мен осы бір аз ғана мәтіннен өзіме өмірлік білім,

тәжірибе алдым. Дейл Карнегидің бұл кітабы миллиондаған адамдардың көзін ашып, өзін тани білуге, таба білуге үйретті.

Менің қымбатты достарым, бір оқып тастай салмаңдар, оқыңдар, ойланыңдар, өмірге пайдалана біліңдер.

*Бұлай еткен адам әлемді жаулап ала алады, ал жасай алмаған адам жалғыздықта қалады.*

Басқа адамға әсер етудің жер бетіндегі жалғыз тәсілі – бұл оның нені қалайтындығы туралы айтып, оған қалай қол жеткізуге болатындығын үйрету.

Бұл туралы болашақта, біреуді бірдеңе жасауға баулу кезінде де еске алуыңызға болады. Мәселен, егер балаңыздың шылым тартқанын қойдырғыңыз келсе, оған уағыз айтпаңыз, одан гөрі балаңызға шылым тартудың зиянды екендігін, бейсбол командасына мүше болып кіруге немесе жүз ярдпен жүгіруден өтетін жарысқа қатысуына кедергі келтіретіндігін айтып түсіндіріңіз.

Профессор Гарри А. Оверстрит өзінің «Адамның мінез-құлқына әсер ету» атты танымдық кітабында былай дейді: «Біздің мінез-құлқымыздың түп-тамыры біздің ең қымбат талап-тілектеріміз бен іскерлік ортада, отбасында, мектепте немесе саясатта болсын, әйтеуір бір қадамды жасамауға көндіруді алдына мақсат тұтқан адамдарға айтатын жақсы ақыл-кеңестерден тұрады, ол ақыл-кеңес: сізбен әңгімелесуші адамды алдымен бірденені қатты қалауға мәжбүр етіңіз. Осылай ете алған адам әлемді жаулап ала алады, ал ете алмағандар – жалғыздықта қалады».

Ертең сіз бір адамды бірдеңе жасауға сендіргіңіз

келді делік. Бұл туралы сөйлесуге асықпаңыз да: «Мен оны қалайша сендіруім керек» деп ойланыңыз. Бұл сұрақ, сізді нәтижесіз кездесулер мен құр әңгімелерден құтқарады.

Бірнеше жыл бұрын мен Филадельфияда бір отоларинголог дәрігердің қабылдауында болдым. Ол менің ауырған жерімді карамастан бұрын, менің қанша ақша табатындығым жөнінде сұрады. Оның басты ойлап тұрғаны – ауырған жанымға көмектесу емес, менен қанша пайда түсіретіндігінде екендігін сезген мен оның кабинетінен кетіп қалдым.

Осындай адамдар да жер бетінде толып жатыр. Сондықтан басқаларға мінсіз қызмет көрсететін адамдар бір саты жоғары тұратыны да сондықтан, ол адамдарда бәсекелестік аз болады. Оуэн Д.Янг: «өзін басқа адамдардың орнына қоя алатын және олардың ой-пікірінің барысын түсіне алатын адам болашақтағы өміріне аландамай-ақ қойса болады» деп айтқан.

Егер осы кітапты оқып шыққаннан кейін сізде қарсы алдыңыздағы адамның пікірімен санасып, соның көзқарасымен айналаңызға қарайтын қасиет пайда болса, онда іскерлік жолда бір сатыға көтерілдім деп есептей беріңіз.

Оверстриттің дана сөзін тағы қайталасақ артық болмас: «Алдымен Сіз алдыңыздағы адамды бірдеңені тілеуге мәжбүр етіңіз. Бұны жасай алған адам әлемді жаулап алады, ал жасай алмаған адам жалғыздықта калады».

Менің лекцияларымды тыңдап жүрген бір жас жігіт өзінің үш жасар ұлының жайына алаңдап жүрді. Баласы ылғи ұнжырығасы түсіп, көңілсіз жүрсе керек. Тамаққа да еш зауқы жоқ, тамақ ішпеген соң салмақ



қайдан болсын? Әке-шешесі оған ылғи ренжіп, ұрсып: «Мынаны же, ананы же, сонда үлкен жігіт боласың, біз сенің үлкен жігіт болғаныңды қалаймыз» деген сияқты сөздерді айтқанмен, балаға еш әсер етпейді. Кейіннен әкесі өз қателігін түсініп, басқаша әрекет жасай бастады.

Бала өзінің Бруклин қаласындағы үйінің алдында өзі жақсы көретін үш аяқты велосипедін теуіп ойнайтын. Бірнеше үйден кейінгі үйде жасы бұдан үлкенірек бір бала ылғи оған әлімжеттік көрсетіп, велосипедін тартып алып тебеді екен. Үйіне жылап келген балаға шешесі қайтадан велосипедін тартып алып береді. Осы жағдай екі күннің бірінде қайталана берсе керек. Баланың жағдайын сезген әкесі бір күні оған: «Егер шешен берген тамақты тауысып жейтін болсаң, мен сол баланы жақсылап жазалаймын» – деді. Содан кейін тамақ ішу туралы проблема біржолата жойылды. Әлгі бала берген тамақты талғамай жейтін болды. Оның ойында бір-ақ нәрсе, ол – әлгі өзін жылататын баладан қалайда өшін алу.

Айналада болып жатқан құбылыстар мен оқиғаларға басқа адамның көзімен қарауды үйреніңіз. (Дейл Карнеги)

*•Мәтінді оқып шығып, бұдан өзіме не аламын деп ойлаңыз. Психологтың жазғаны – қарапайым ғана мысалдар. Бірақ өмірде жиі кездеседі.*

### **Адамдарға ұнауға мүмкіндік беретін алты ереже**

Осы ережелерді есте сақтасаңыз, сізді барлық жерде қуана қарсы алатын болады.

Жан-жануарлардың ішінде ит қана өмір сүру үшін жұмыс істеп тыраштанбайтыны туралы бұрын-соңды ойланып көрдіңіз бе? Тауық жұмыртқа туады, сиыр

сүтін береді, бұлбұл құс – ән салады. Ал ит болса, сізге махаббат сыйлауының арқасында енбек етеді.

Сіз тек өзіңіздің қара басыңыз туралы ғана айтып жүріп, екі жыл ішінде, көптеген достар тапқан болсаңыз, басқа адамдардың жан-дүниесіне үніле қарап, олар туралы ойлайтын болсаңыз, соншама достарды екі айдың ішінде таба аласыз.

Шынында да біз өзіміз жүрген ортада айналасындағыларға тек өзін ғана көрсеткісі келетін, солай ету арқылы өмірде үлкен қателіктер жіберіп жүрген адамдарды жиі кездестіреміз.

Адамдарды сіз де, мен де қызықтырмаймыз. Оларды қызықтыратын тек қана қара басы, яғни танертең де, түсте де, түстен кейін де адам тек өзі туралы ойлап жүреді.

Нью-Йорктың бір телефон компаниясы адамдар телефонмен сөйлескен кезде қандай сөзді көп қолданатындығын анықтау үшін зерттеу жүргізген. Нәтижесінде телефонмен айтылған 500 абоненттің әңгімесі тыңдалғанда, «Мен» деген есімдік 3990 рет қайталанған.

Жолдастарыңызбен топ болып түскен суретті алғанда Сіз адамдар арасынан алдымен кімді іздейсіз?

Егер сіз басқа адамдардың жан-дүниесіне үніліп қарамасаңыз, неге олар сіз туралы ойлау керек? Міне осы сұрақтарға қолыңызға қарындаш алып жауап жазуға отырыңыз.

Егер біз тек өзіміз туралы ғана ойлап, айналамыздағыларға көз жібермесек, онда нағыз достарды таба қоюымыз екіталай.

Венаның атақты психологы, марқұм Альфред Адлер өзінің «Өмір сіз үшін қандай болуы керек?» атты кітабында былай жазған: «Өзінің айналасындағы

жора-жолдастарының, бауырларының жан-дүниесіне үңіліп қарамаған адам өмірде ең үлкен қиыншылыққа кезігеді және айналасындағыларға үлкен зиянын тигізеді. Міне өмірде жолы болмайтын қырсық адамдар осындай адамдардың ортасынан пайда болады».

Психология жөнінен қаншама оқымыстылардың кітабын оқысаңыз да, бұдан дәл анықтаманы кездестіре алмайсыз. Адлердің айтып отырғаны өмірден алынған шындық, сондықтан мен оны тағы да қайталағым келіп отыр:

*Өзінің айналасындағы жора-жолдастарының, бауырларының жан-дүниесіне үңіліп қарамаған адам өмірде ең үлкен қиыншылыққа кезігеді және айналасындағыларға үлкен зиянын тигізеді. Міне өмірде жолы болмайтын қырсық адамдар осындай адамдардың ортасынан пайда болады.*

Егер шын достар тапқыңыз келсе, онда келіңіз, басқа адамдарға уақытымызды, күш-қуатымызды, көңілімізді бөліп, солардың жағдайын жасап көрейік.

Бірнеше жылдар бойы мен өзімнің достарымның туған күндерін анықтаумен айналысып жүрдім. Қалайша дейсіз ғой? Мен өзім астрологияға сенбесем де, әңгімені осы тақырыпта бастайтынмын. Мысалы, олардың бірінен адамның дүниеге келген күніне оның мінез-құлқының, әдеттерінің қатысы бар дегенге қалай қарайтындығын сұраймын. Онан кейін оның туған күні мен айын сұрап аламын да, ол басқа әңгімеге ауысқанда немесе әрірек тұрғанда туған күнін бір қағазға түртіп ала қоямын. Кейінірек бұл жазуды арнайы кітапшама көшіріп жазып қоямын. Содан кейін жылдың басында жұмыс үстелімнің үстіндегі күнтізбеге күн-күнге бөліп жазып қоямын, ол жазулар бұдан кейін әрбір бетін ашқан кезде еріксіз көзге түсетін болады. Содан соң сол

достарымның бірінші туған күні келіп жеткенде, мен оған құттықтау хат немесе жеделхат жіберемін. Білесіз бе, мұның қалай әсер ететінін? «Осындай датаны білетін тек сен ғана» деген сөзді мен жиі естідім.

*Егер біз дос тапқымыз келсе, адамдарға шын  
көңілмен ниет танытайық*

Қарапайым нәрсе телефонмен сөйлескенде де осыны қолданыңыз. «Алло» деген сөздің өзін дәл сол адамның телефон соққанына шын ниетпен қуанғандай етіп айтыңыз. Телефон компаниялары өзінің қызметкер қыздарын «Мархабат, Сізге қандай нөмір керек?» деген сөздің өзін «Қайырлы таң, мен сізге қызмет еткеніме бақыттымын» дегенді білдіретін көтеріңкі көңілмен айтуға үйретеді. Алдағы уақытта шырылдаған телефонға жақындағанда осыны естен шығармаңыз.

Бұл ережені іскерлік қарым-қатынас кезінде қолдануға болады ма? Сіз қалай ойлайсыз? Мен осыған дәлел ретінде бірнеше мысалдар келтірейін.

Нью-Йорктегі бір аса ірі банктің қызметкері Чарлз Р.Уолтерске бір корпорация туралы құпия баяндама жасау тапсырылған болатын. Уолтерс өзіне қажетті мәліметтерден толық хабардар бір адамды – яғни сол корпорацияның төрағасын білетін-ді. Бірде оған арнайы барған Уолтерс оның кабинетіне кіре берісте, хатшы әйелдің оған бүгін ешқандай да марка болмағандығын айтып жатқанын құлағының ұшымен естіп қалады.

Уолтерске ол: «Мен өзімнің он екі жасар балам үшін марка жинайтын едім» деп түсіндіреді.

Уолтерс келген шаруасын баяндап, оған сұрақтар қоя бастайды. Ал төраға болса қойылған сұрақтарды құлықсыз тыңдап, оларға толық жауап та бермейді. Тіпті сөйлескісі келмеген сынай танытады. Мұнан соң

әңгіме де аяқталып, Уолтерс онымен қоштасып шығып кетеді.

Уолтерс бұл жай туралы менің лекцияларымды тындаушылардың арасында айтып берген болатын. Соңғы әрекеті туралы былай деді: «Мен не істерімді білмедім, сол екі ортада хатшы әйелдің марка туралы айтқаны, оның он екі жасар баласы есіме түсті.

Ертеңгісін мен төрағаның қабылдау бөлмесіне кірдім де, оның хатшысына менде төрағаның баласына бере алатын бірнеше маркалар барын айтуды өтіндім. Бұдан соң мені салтанатты түрде оның бөлмесіне кіргізді. Жүзіне күлкі үйіріліп, мені қуана қарсы алған ол қолымды қатты-қатты қысып, қайта-қайта рақмет айтты. Біз жарты сағат бойы маркалар туралы әңгімелестік, баласының суреттерін қарадық. Мұнан кейін мен сұрамастан-ақ, оның өзі кешегі мені қызықтырған мәселелерді бір сағаттан көп уақыт әңгімелеп берді. Барлық білетіндерін айтты, одан соң қол астындағыларды шақырып, олардан да сұрады. Тіпті ол өзінің кейбір әріптестеріне де телефон шалып, маған қажетті мәліметтерді, сан мөлшерлерін, хаттарды тауып берді. Газет тілімен айтқанда, мен сенсациялық табысқа жеттім». (Дейл Карнеги)

• *Біздің халқымызда да: «Қалауын тапсаң, қар жанар», «Ісім өнсін десең, ретін тап» деген сөз бар емес пе? Жоғарыдағы мысалдарды кейбір жандар жағымпаздық, пәре беру деп ойлайтын да шығар. Ал шындығында ол – адамның көңілін табу, қуанта білу. Бұндай әрекет – адамгершіліктің, кісіліктің белгісі.*

*Күле білмеген адамға дүкен ашудың қажеті жоқ.*

*(Қытай мақалы)*

## Адамдарға жақсы әсер қалдырудың қарапайым тәсілі

Бірде мен Нью-Йоркте арнайы шақырылған кешке қатыстым. Көп қонақтардың ішінде мол мұраға ие болған бір әйел де болды. Ол өзінің бай мұрагер екенін айналасындағыларға көрсеткісі келді. Үстіне киген киімдеріне, құлағы мен қолына салған алтын, жақұт, бағалы тастарында сан жоқ болғанымен, оның бет-әлпетінен қара басының қамын ғана ойлайтын, өмірі ешнәрсеге қуанбайтын адам екендігі көрініп тұрды. Ол әйел адамның бет-әлпеті оның үстіне киген киімдерінен маңыздырақ екендігін естен шығарған (айтпақшы, осы туралы сіздің әйеліңіз тері тон сатып алғалы жатқанда еске салуыңызға болады) екен.

Қаншама ұлы істер жасағаныңызбен, күлкіңізден: «Сіз маған ұнайсыз. Сіздің қасыңызда мен өзімді бақытты сезінемін. Мен сізді көргеніме қуаныштымын» деген сөздер естілгендей болуы керек.

Сөзіміздің басында біз иттер туралы мысал келтірген болатынбыз. Міне, иттердің табысқа жетуінің сыры осында. Бізді таныған иттер өздерінің қуанғандығын шын жүректен сездіріп, құйрықтарын бұлғаңдатып, секіріп мәз болады. Бұл қылығы үшін де біз оларды еркелетіп, басынан сипаймыз.

Ал шын ниеттен шыққан күлкіге сіз қалай қарайсыз? Менің айтып отырғаным, нағыз, шын көңілден, жүректі жарып шығатын таза күлкі.

Нью-Йорктегі үлкен әмбебап дүкеннің қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бөлімінің менгерушісі өз сөзінде жұмысқа адам қабылдағанда философия ғылымдарының докторы секілді бет-әлпетінде лауазымдық кекіреюі бар адамды сатушылыққа қабылдағанша, бастауыш мектепті

толық аяқтамаған, бірақ, жүзінде адамды өзіне тартаркүлкісі бар қарапайым қызды қабылдайтындығын атап өтті.

Америка Құрама Штаттарындағы каучук өндіретін бір ірі компанияның директорлар кеңесінің төрағасы маған өзінің өмірден көп нәрсені байқағандығын, адам баласы қандай да болмасын, айналысып жүрген жұмысына шын жүректен разы болмаса, бұл жолда оның табысқа қол жеткізе қоюы екіталай екендігін айтты. «Мен білетін адамдардың бірқатары өз істерін жақсы көріп, қызыға да құлшына кіріскендігінен табыстарға қол жеткізді. Кейіннен оларды өздерін қызықтырмайтын жұмысқа жалға алу бойынша қабылдағанда, ол адамдар үшін жұмыс қызықсыз болып, ешқандай ынта-ықыластары болмады. Нәтижесінде біразы жұмысты тастап та кетті».

Егер сізбен араласқан адамдар сізді көргенде қуаныш сезімге бөленсін десеңіз, алдымен сіз өзіңіз олармен араласқаныңызға қуанышты болыңыз.

Күлу сіздің қолыңыздан келмей ме? Онда не істеу керек? Оның екі жолы бар. Бірі – өзіңізді зорлап болса да, күлімсіреуге тырыстырыңыз. Егер қасыңызда ешкім болмаса, ысқырып көріңіз немесе жайлап ыңылдап ән айтуға тырысыңыз, өзіңізді бақытты сезінген сияқты іс-әрекет жасасаңыз, бұл өзіңіздің көңіл-күйіңіздің көтерілуіне септігін тигізеді. Бұл тұрғыда Гарвард университетінің профессоры, марқұм Уильям Джеймс былай деген болатын: «Негізінде адамның іс-әрекеті оның көңіл-күйіне қарай қалыптасады деп саналады, бірақ шын мәнінде оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Біз ерік күшіміз арқылы іс-әрекетімізді реттейміз деп жүріп, байқамай көңіл-күйімізді де бұрып қоюымыз мүмкін.

Егер көңіл-күйіміз бұзылса, ерік күші арқылы

көтеріңкі көңіл-күйге қол жеткізудің тиімді әдісі – өзіңізді сергітіңіз де, барлық уақытта жаныңыз жадырап жүрген адам секілді сөйлеуге тырысыңыз».

Жер бетіндегі барлық адам өз бақытын тапқысы келеді, оның бірден-бір жолы бар. Оған қол жеткізуіңіз үшін сіз алдымен өз ойларыңызды тізгіндеп ұстауды үйренуіңіз қажет. Бақытқа қол жеткізу үшін сыртқы жағдайлардың болуы шарт емес. Мәселе – адамның ішкі жан-дүниесінде.

Сіздің бақытты не бақытсыз болуыңыз жағдайыңыздың барлығына, қандай қызмет жасауыңызға, қай жерде не істейтіндігіңізге байланысты емес, сіздің жай-күйіңіз осы мәселелер туралы не ойлайтындығыңызбен анықталады. Мәселен, екі түрлі адам бір жерде қатар отырып, бірдей жұмыс жасап, қалталарында бірдей ақшасы болып, қызметтік лауазымдары да бірдей болғанымен – екеуінің бірі бақытты, бірі бақытсыз болуы мүмкін. Неге дейсіз ғой? Оның себебі – олардың ішкі сана-сезімі мен жан-дүниесінің екі түрлілігі.

Шекспирдің болжамы бойынша, адамдардың жақсы не жаман болуы – бір затқа екі түрлі көзқараспен қарайтындығында.

Бірде Эйб Линкольн: «Адамдардың көпшілігі қанша бақытты болғысы келсе, сонша бақытты» деп айтқан. Оның бұл сөзі рас. Мен бұл сөздің рас екендігіне мынадай мысал келтіре кетейін. Бірде мен Нью-Йорктегі метроның бірінде баспалдақпен көтеріліп келе жатқанымда, алдымда қолдарында балдақтары мен таяқтары бар, тіпті біреуін зембілге салып алған, шамамен отыз-қырықтай балалар баспалдақпен шаршай көтеріліп келе жатты. Мені таң қалдырған бір жай – қанша қиналып шығып келе жатқандарымен, олардың жүздерінде күлкі ойнап, дауыстары қуанышты



естіледі. Мен бұл туралы оларды алып келе жатқан адамға айттым. «Тандануыңыз орынды, – деді ол, – бала алғашқыда өзінің өмір бойы кәріпшілік көріп, мүгедек болатындығын сезінген кезде қатты қайғырып, қорқады. Уақыт өте келе бұл жағдайға бірте-бірте бейімделеді де, тағдырына мойын ұсынады. Келе-келе аман-сау жүрген балаларға қарағанда бақыттырақ бола бастайды».

Мен осы балалар алдында басымды игім келеді. Себебі олардың әрекеті маған ұмытылмастай өмірлік сабақ болды.

Элберт Хаббарлтың мынадай дана сөздерін мұқият оқып шығыңыз, бірақ бір рет оқып шығу – оны өмірде қолданбаса ешқандай нәтиже бермейтіндігін жадыңыздан шығармаңыз.

«Күнде таңертең, сіз үйден шыққанда иегіңізді көтеріп, басыңызды тік ұстаңыз, таза ауаны терең сіміре жұтыңыз; күн сәулесін ашыққан адамдай бойыңызға көптеп сіңіріңіз; өз достарыңызды күлімсіреп қарсы алып, шын ниетпен қол алысып амандасыңыз. Сізді дұрыс түсінбей қалады деп шүбәланбаңыз және өзіңіздің қас дұшпандарыңыз туралы бір минут те ойламаңыз. Алдымен не істейтіндігіңізді ақылмен ойластыруға тырысыңыз да, содан соң жайлап ойлаған мақсатыңызға қарай қадам басыңыз. Алдағы атқармақ болған үлкен істеріңіз туралы ғана ойлаңыз, уақыт өте келе сіз өзіңіздің алға қойған мақсатыңызды орындауға жағдай жасайтын қандай да болмасын мүмкіндіктерге еріксіз қол созғаныңызды байқайсыз. Ойлау арқылы көз алдыңызға өзіңіз ұқсағыңыз келетін, дәлірек айтқанда тап сондай болғыңыз келетін алдыңғы қатарда жүрген дарынды адамды елестетіңіз, сонда сіз ойша сол адамға

айналасыз. Ойлай білу – ұлы күш. Рухани қалпыңызды сақтаңыз – қайраттаныңыз, көтеріңкі көңіл-күйде болыңыз. Дұрыс ойлай білу – көп нәрсеге қол жеткізу. Шын жүреппен қалаған нәрсені дұрыс ойлай білу арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан, иегіңізді көтеріңкі, басыңызды тік ұстаңыз. Осылай етсек, қай-қайсымыз болмасын, жаман адам болмаймыз».

Ежелгі қытайлар өмірлік тәжірибесі мол адамдар болған. Оларда сіз бен біз жазып иліп қоятын: «Күле білмеген адамға дүкен ашудың қажеті жоқ» деген керемет мақал бар. (Дейл Карнеги)

*• Қымбатты достар, күлкінің дұрысы да бар, бұрысы да бар. Дұрысы – жандүниеңнен, кісілік, кішілік болмысыңнан, ізет ету ниетіңнен шыққан күлкі. Ол жағымды, әрі сенің бақытыңа анарар жол. Ал жымысқы күлкі, біреулердің сыртынан күлу, дарақы күлкілер – бұрыс күлкі, өз абройыңа сын болатын нәрсе. Ондайда халқымыз: «Күлме досқа, келер басқа» деп ескерту жасайды емес пе?*

### **Жақсы әңгімелесуші адам болудың жеңіл тәсілі**

Іскерлік пікірлесуде табысқа жетудің сыры неде? Ғалым Чарлз У.Элиоттың айтуы бойынша «іскерлік қарым-қатынаста табысқа жетудің еш құпиясы жоқ. Мұндағы ең басты мәселе – қарсы алдыңызда сізбен сөйлесіп отырған адамға айырықша көңіл бөліңіз».

Атақты адамдардан сұхбат алудан чемпион деп айтуға болатын Айзек Ф.Маркоссон «кей адамдардың өзімен әңгімелесуші адамға жағымды әсер қалдыра алмау себебі – айтылған әңгімені мұқият тыңдай

білмегендігінен» деп көз жеткізген. Олар сіздің қойған сұрағыңызға қарамастан өздерінің не айтқысы келгенін айтады. Ұлы адамдар мен шешен сөйлей білетін адамдарға жақсы тыңдарман керек, бірақ тыңдай білу – адамдардың бойында басқа жақсы қасиеттерден гөрі аз кездесетіндігін айтқан болатын.

Жақсы тыңдарман тек ұлы адамдарға ғана емес, қарапайым адамдарға да ауадай қажет. Бұл туралы «Ридерс дайджест» газеті кезінде «көбіне адамдар өздерінің айтқысы келген әңгімесін тыңдар құлақ қажет болған кезде, дәрігер шақырады, себебі дәрігер науқасты тыңдайды ғой» деп жазған болатын.

Егер сіз адамдарды өзіңізден теріс айналып кетуге, табалап күлуге немесе жек көруге мәжбүр еткіңіз келсе, бұған да амал бар: ешкімді ешқашан ұзақ уақыт тындамаңыз. Тек өзіңіз туралы тоқтамастан айта беріңіз. Егер қарсы алдыңызда отырған адам сізге әңгіме айтып отырған кезде ойыңызға бір нәрсе түссе, оның аяқтағанын күтпей-ақ айтып салыңыз. Ол сізден асқан ақылды емес. Неге сіз оның бос әңгімесін тындауға алтын уақытыңызды қор қылуыңыз керек? Ойын ортасынан бөле салыңыз да, тұрып кетіңіз.

Осындай адамдарды бұрын-соңды кездестіріп пе едіңіз? Өкінішке орай, мен бұндай адамдарды жиі кездестіремін және бір таңқаларлық жайт – олардың біршамасы аты елге мәлім атақты адамдар.

Ішті пыстыратын адамдар – өздерінің кара басының, жеке маңыздылығының буына мас болған адамдар.

Өзі туралы ғана айтатын адам тек өзі туралы ғана ойлайды. «Ал өзі туралы ғана ойлайтын адам – қанша оқыған болса да, мәдениетсіз адаммен тең» дейді Колумбия университетінің президенті доктор Николас Мэррей Батлер.

Сондықтан Сіз жақсы әңгімелесуші адам болуға ұмтылсаңыз, жақсы тыңдаушы да бола біліңіз. Чарлз Ноттерхем Лидің жұбайы айтқандай, «өзіңізді қызықтыру үшін сіз де біреуге қызықтап қараңыз». Басқа адамға жауап беру қолайлы болатындай сұрақтар қойыңыз. Ол өзі туралы, қол жеткен табыстары туралы айтатындай етіп ынталандырыңыз.

Сіз әңгімелесіп отырған адамды сіздің проблемаларыңыздан гөрі өзінің жеке басының проблемалары, мұң-мұқтажы көбірек қызықтыратындығынестеншығармаңыз. Миллиондаған адамдар өліп жатқан Қытайдағы аштықтан гөрі жеке басының тіс ауруы оның жанын ауыртады. Африкада болған қырық жер сілкінісінен гөрі желкесіне шыққан сыздауығы оны көбірек қобалжытады. Алдағы уақытта әңгімеге кірісерден бұрын осы туралы ойланыңыз.

### ***Адамдарды қалай қызықтыру керек?***

Ойстер Бейде Теодор Рузвельттің қабылдауында болған қандай да бір адам болмасын оның ой-өрісінің, танымының жан-жақтылығына қайран қалатын. Гамалиел Брэдфорт ол туралы былайша жазды: «Рузвельт алдына келген адамның қовбой немесе брейтор екеніне, Нью-Йорктің саяси қайраткері не дипломаты екеніне қарамастан, барлығымен тең дірежеде сөйлесе білетін. Ал ол қалайша бұндай табысқа қол жеткізді? Бұған жауап беру қиын емес. Рузвельт қабылдауына жазылған адамдарды қызықтыратын мәселелер жөніндегі материалдарды одан бір күн бұрын түннің бір уағына дейін қарап, оқитын. Яғни айтқанда, Рузвельт адамдардың жүрегіне жол табудың бірден-бір жолы – сол адамды қызықтыратын тақырыпта әңгімелесу екендігін білетін еді».

Адам баласының мінез-құлқына тән маңызды бір заңдылық бар. Осы заңдылыққа бағынсақ, біз ешқашан да қателеспейміз. Егер осы заңдылықтың шарттарын бұлжытпай орындасақ, біз көптеген достар тауып, шексіз бақытқа ие бола аламыз. Ал орындамасақ, көптеген қиыншылықтарға кезігуіміз мүмкін. Ол заңдылық былай: қашанда өзіңізбен әңгімелесуші адамды оның өмірде алатын маңызды орны бар екендігіне сендіріңіз. Профессор Уильям Джеймс: «Адам табиғатына тән басты ерекшелік – адамдардың өз қадір-қасиетіне қарай бағалануына деген терең ұмтылысы» деп жазды. Біздің жан-жануарлардан айырмашылығымыз да – осы ұмтылыс. Өркениеттің де түп-тамыры осыда жатыр.

Сіз өзіңіз араласатын адамдардың сізді қолдағанын, қол жеткізген жетістіктеріңізді мойындағанын қалайсыз. Сіз өзіңіз өмір сүріп отырған ортада өзіндік орныңыз бар екендігін сезінгіңіз келеді. Сіз түкке тұрмайтын арзан мақтауды, өтірік жағымпаздануды емес, шын көңілмен айтылған бағаны естігіңіз келеді. Сіз айналаңызда жүрген достарыңыз бен әріптестеріңіздің Шваб айтқандай, «шын жүректен баға беруін және мақтауын аямауын» қалайсыз. Бұны бәріміз де қалаймыз.

Сондықтан жоғарыда айтылған алты ережеге сүйеніп, басқаларға олардан алғымыз келген нәрсені беруіміз керек.

Қалай? Қашан? Қай жерде? Жауап біреу: әрқашанда және барлық жерде.

Мысалы: «Мазалағанымға кешірім өтінем...», «Ғафу етіңіз...», «Мархабат...», «Егер қарсы болмасаңыз...», «Рахмет сізге...» деген сияқты сөз тіркестері күнделікті күйбең тіршіліктің ажарын аша түседі және тәрбиелі ортадан шыққаныңыздың белгісі болып табылады.

Басқа адамдардың жетістіктерін мойындауды

біз қай жерден бастауымыз керек? Неге біз осыны өзіміздің үй-ішімізден бастамаймыз? Менің ойымша, ең ыңғайлысы – осы жер. Сіздің әйеліңіздің бойында жақсы қасиеттері барына күмәнім жоқ, егер ондай қасиеттер жоқ болған жағдайда сіз оған үйленбес едініз. Ал сол әйеліңіздің жақсы қасиеттерін соңғы рет қашан бағаладыңыз?

«Әйелдерге мақтау айтуды білмесеңіз – үйленбеңіз. Тойға дейін оның есігінің алдына барып ән арнау – қабілетіңізге байланысты, үйленгеннен кейін ән арнау – қажеттілікке, дәлірек айтқанда жеке басыңыздың қауіпсіздігіне байланысты. Отбасында ашық әңгіме айту емес, дипломатия керек».

Әйелді өзіңізге ғашық еткізіңіз келе ме? Құпияммен бөлісейін. Бұл жақсы нәтижелер беруі тиіс. Бұл негізі менің идеям емес, Дороти Дикстің идеясы. Бірде ол 23 әйел алған, әйел жүрегіне және әйелдердің сақтық кітапшаларына жол тапқыш атақты біреуден сұхбат алыпты (айтпақшы, сұхбатты түрмеде отырғанда алғандығын айтып өту керек).

Одан әйелдерді өзіне қалай бірден ғашық еткізетінін сұрағанда, ол қарапайым ғана жауап берген, яғни әйелмен тек өзі туралы ғана сөйлесу керек екендігін айтқан.

Адамдарға ұнауға мүмкіндік беретін алты ереже

1-ереже. Басқа адамдарға шын ниетпен ықылас білдіріңіз.

2-ереже. Күлімсіреніз.

3-ереже. Қасыңыздағы адамның есімі қай тілде болсын оның құлағына жағымды естілетінін естен шығармаңыз.

4-ереже. Жақсытыңдаушы бола біліңіз. Өзге адамдарды өздері туралы көбірек айтуға ынталандырыңыз.

5-ереже. Әңгімелесуші адамыңызды қызықтыратын тақырыпта әңгіме айтыңыз.

6-ереже. Әңгімелесуші адамды оның өмірде алатын өзіндік орны бар екендігіне сендіріңіз және оны шын ниетпен жасаңыз.

• Қымбатты менің достарым! Халқымызда: «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөз бар емес пе? Сіздер байқайсыздар ма, біздің ата-аналарымыз балаларына мақтау, мадақтау, еркелету сөздерін айтады. Ал балалары ата-аналарына ондай жылы сөзді көп айта бермейді. «Анашым, менің ақылды анашым, дана әкем, Сіздер қандай кереметсіздер! Неге көңіл-күйіңіз жоқ? Жаным анашым ... » деп айтпаймыз ғой (айтатын достарым ренжімесін, айтпайтындары көп екенін білген соң жазып отырмын). Мен де дәл сендердей болдым. Бірақ өз қателігімді ертерек түсіндім. Мен жылда туған күнімде ата-аналарымнан сыйлық күтпеймін (әрине олар жасайды, оны жаман көрмеймін), керісінше мен ол кісілерге сыйлық жасайтын болдым. «Жан анашым-ау, асқар таудай, әлемдегі ең керемет адам менің әкеме мені Жарық дүниеге сыйлағандарың үшін, сіздерге сыйлық!» деп, оларға қажет нәрселерден сыйлық жасаймын. Олар балаша мәз болады.

Ал отбасындағы жылылық та, жарасымдылық та жылы сөзге, қарым-қатынастағы мәдениеттілікке, тазалыққа тіреледі.

Өзіңізге дұшпан адамдарды табу және одан құтылу жолдары туралы

Теодор Рузвельт Ақ үйде болған кезінде жүз жағдайдың жетпіс бесінде жеңіп шықсам, одан артық

ештененің қажеті жоқ деп мойындады. Жиырмасыншы ғасырдың ұлы адамдарының бірі осылай айтса, онда сіз бен біз не дей аламыз?

Сіз адамға оның дұрыс емес екендігін сөзбен емес, көзқарасыңызбен, дауыс ырғағыңызбен немесе кимыл-әрекетіңізбен әдемілеп жеткізе аласыз, ал егер айтар болсаңыз, сіздің айтқаныңызға келісуге мәжбүр еткізесіз бе? Ешқашан да. Олай жасасаңыз ақыл-ойына, ойлау қабілетіне, өзімшілдігіне жұдырықпен тікелей ұрғанмен бірдей боласыз. Бұндай жағдайда оның тек өшпенділігін оятасыз, ал өз пікірін ол ешқашан өзгертпейді, себебі сіз оны ренжітіп алдыңыз.

Әңгімені ешқашан да «Мен сізге мынаны-мынаны дәлелдеймін» деген сөзден бастамаңыз. Олай дегеніңіз: «Мен сізге қарағанда ақылдымын. Мен сізге бірдеңені айтамын, ал сіз өз пікіріңізді өзгертуіңіз керек» дегенмен бірдей естіледі.

Бұндай сөздер сізбен әңгімелесетін адамның іштей қарсылық білдіруін және сізбен тартыс-таласқа түсуіне деген тілегін ғана оятады.

Адамдарды қолайлы жағдайда да райынан қайтаруға тырысу өте қиын нәрсе. Ал неге біз өзімізге өзіміз қиыншылық тудырамыз?

Егер сіз бірдеңені дәлелдегіңіз келсе, бұл жайлы ешкім білмесін. Бұны ешкім сезбей де қалатындай етіп, шебер жасауға тырысыңыз.

Егер сіз адамдармен қарым-қатыныс жасауды, өз-өзіңізді басқара білуді, бойыңыздағы өзіңізге тән қасиеттерді жетілдіргіңіз келсе, американ әдебиетіндегі классикалық шығармалардың бірі болып саналатын Бенджамин Франклиннің өмірбаянын оқыңыз.

Өз өмірбаянында Бен Франклин өзінің бойындағы ерегісуге дайын тұратын жаман әдетін жөніп, қазірде



Америка тарихындағы ең бір жақсы адамдардың біріне айналғандығы туралы әңгімелейді.

Бен Франклиннің жас кезінде бір жақын досы оны шетке шығарып алып, былай деген: «Бин, сенің мінезің қызық. Сен пікіріңді өзінмен келіспеген адамды ренжітіп тастайтындай етіп айтасың. Достарыңның өзі сен қастарыңда жоқ кезде уақыт қызықты өтеді деп есептейді. Біреу бірдене айтайын десе, оны да сен білетін болып шығасың. Бір жағынан олар да білетіндерін саған айтқысы келмейді, өйткені олар сенің өздерін ыңғайсыз жағдайға қалдыратыныңды біледі. Сен егер бүйте берсең, ертеңгі күні бар білетініннен айрылып қалуың мүмкін».

Бен Франклин естіген сөздерін ой таразысына салып, елеп-екшей алатын ақылды адам болатын. Алдағы уақытта оның жолында көп қиыншылықтар кездесіп, абырой-беделін төмендетіп аларын біле тұрса да, ол өзінің адамдармен қарым-қатынас жасау жөніндегі мінез-құлқын 180 градусқа бұрды.

«Мен, – деп жазды Франклин, – басқа адамдардың пікіріне қарсы болуды, сондай-ақ өзімнің көзқарасымда сенімді түрде қалуды қоя бастадым. Мен тіпті өзімнің нық шешімімді аңғартатын кейбір сөздерімді, мысалы, «әрине», «күмәнім жоқ», және т.б. сөздерді «менің ойымша», «күмәнім бар», «маған солай сияқты» деген сөздермен алмастырдым.

Егер біз өзіміздің дұрыс екенімізді біліп тұрсақ, адамдарға оны сыпайылап түсіндіруді, ал егер қателессек – өз қатемізді тез түзеуді үйренейік. Бұндай тәсіл тек жақсы нәтижелер беруі тиіс. Естеріңізде болсын: «Жұдырықпен ала алмаған нәрсені кешіріммен қарау арқылы алуға болады».

*Адамның ақыл-ойына апарар төте жол*

Егер сіз тез тұтанғыш адам болсаңыз, біреуге ішініздегіні ақтарып айтып, сол арқылы жеңілдейсіз. Ал оны тыңдап отырған адам ше? Оның жай-күйі қандай?

«Егер сіз маған келгенде жұдырығыңызды түйіп келсеңіз», – дейді Вудро Вильсон, – онда мен де жұдырығымды түюім мүмкін, ал егер «Келіңіз, екеуіміз отырып оңаша сөйлесейік, ал егер пікір қайшылығы болып жатса, қай жерден қате жібергенімізді түсінуге тырысайық» десеңіз, шынында да ақыр аяғында біздің қайшылықтарымыз айтуға тұрмайтындай болып шығады, кемшілік жіберген жерлеріміз аз да, ойымыздың ұштасуы, бірігуі артығырақ болады, ал егер бізде азғантай шыдамдылық, келісім жасауға деген ынта-ықылас болса, онда біз келісімге келуіміз мүмкін».

«Егер адамның жүрегінде сізге деген көңіл толмаушылық пен күмәнділік орын алса, ол адам сіздің көзқарасыңызға, ой-пікіріңізге ешқашан қосыла алмайды. Ұрсу, жеку немесе доқ көрсету арқылы олардың өз көзқарастарын өзгертпейтініне ұрысқақ ата-ананың, қатігез қожайынның, долы әйел мен ашушан күйеудің көз жеткізетін кезі болды. Адамдарды менің не сіздің пікіріңізге қосыл деп мәжбүр етуге болмайды. Ал егер жылы-жылы сөйлеп, ақылмен әрекет жасасаң, бұған қол жеткізуге болар еді».

Линкольн бұл сөзді бұдан жүз жыл бұрын айтқан болатын. «Бір табақ ашы өттен гөрі бір тамшы тәтті балға шыбын көп үймелейді» деген ескі мақал дұрыс айтылған. Бұл сөзді адамдарға қатысты айтар болсақ: егер адамды өз жағыңызға тартқыңыз келсе, алдымен оны шын

ниеттес дос екендігіңізге сендіре біліңіз. Міне, жоғарыда айтылып отырған, оның жүрегін жаулап алар бір тамшы бал осы. Осы арқылы оның ақыл-ойына жол табасыз.

Өзін ұлы адам санайтын Дэниел Уэбстер алдыңғы қатарлы адвокаттардың бірі болды. Ол сот кезінде өзінің көз жеткізген нақты дәлелдерінің (аргументтерінің) өзін достық қалыптағы мынадай сөздермен бастайтын. Мысалы, «Айтылған сөзді назарға алу-алмау – алқада отырғандардың өз еркі ...», «Бұл туралы, мырзалар, ойлануға тура келеді», «Мына бір-екі фактіні сіздер естен шығармайды деп ойлаймын», «Сіздердің білім деңгейлеріңізбен бұл сөздің астарын түсіну қиынға соға қоймас» т.б. Ол еш қиналмастан осындай қарапайым сөздер айтатын. Ол ешкімге өзінің пікірін артып қойып жатпай-ақ, осындай қарапайым да жайлы әдісті қолданды, сол арқылы ол зор табысқа жетіп, аты елге танымал болды.

### **Сізді табысқа жеткізер формула**

Сізбен әңгімелесуші адам түгелдей дерлік дұрыс пікірде болмауы мүмкін екендігін есте ұстаныз. Бірақ ол адамның өзі ол туралы олай ойламайды. Бұл үшін оны кінәламай-ақ, түсінуге тырысыңыз. Кінә тағу кез-келген ақылсыздау адамның да қолынан келеді.

Сізбен әңгімелесуші адамның басқаша емес, неге дәл өзі ойлағандай әрекет етуінің өзіндік себебі бар. Осының құпия жатқан себебін анықтасаңыз, оның іс-әрекетіне, тіпті жеке басына апарар кілтін табасыз.

Алдымен өзіңізді оның орнына қойып көріңіз. Өзіңізге «Мен оның орнында болсам, өзімді қалай сезінер едім? Қандай шешім қабылдаған болар едім?» деген сауалдарды қойсаңыз, жүйкеңізді жұқартпай, алтын уақытыңызды үнемдейсіз.

**Адамдарды өз көзқарасыңызға қарай тартуға  
мүмкіндік беретін он екі ереже**

1-ереже. Тартыс-таласта, ерегісте табысқа қол жеткізудің бірден-бір жолы – одан үндемей құтылу.

2-ереже. Сізбен әңгімелесуші адамның пікіріне келіспесеңіз де, оған сыйластықпен қараңыз. Ешқашан да оның дұрыс емес екендігін бетіне баса айтпаңыз.

3-ереже. Егер сіз дұрыс жасамасаңыз, кемшілігіңізді тез түзеуге тырысыңыз.

4-ереже. Әңгімені бастағаннан-ақ достық қалып көрсетіңіз.

5-ереже. Әңгімелесуші адамды «иә» деп жауап беруге мәжбүр етіңіз.

6-ереже. Әңгімелесуші адам сізге қарағанда көбірек сөйлесін.

7-ереже. Сізбен әңгімелесуші адам айтылған ойды өзінің айтқанындай санасын.

8-ереже. Айналаңызға әңгімелесуші адамның көзімен карауға тырысыңыз.

9-ереже. Өзге адамдардың ой-пікірі мен талап-тілегіне түсіністікпен қараңыз.

10-ереже. Жақсылыққа апарар жолға бастаңыз.

11-ереже. Өз ойларыңызды әсерлі жеткізуге тырысыңыз.

12-ереже. Әңгімемен оның жанды жеріне тиіп, сол арқылы өзіңізге тартыңыз.

**Ешкім де бұйырып сөйлегенді ұнатпайды**

Жақында мен американ биографтарының ішіндегі ең көнекөзі Ида Тарбеллмен дәмдес болдым. Мен оған өзімнің кітап жазып жатқандығым жөнінде айтқан соң, екеуміз маңызды тақырыпта – адамдармен тіл

табыса білу туралы әңгімелестік. Тарбелл ханым ОуэнД.Янгтың өмірбаянын жазу кезінде Янгпен жұмыс бөлмесінде үш жыл қатар отырған бір адаммен әңгімелескен екен. Ол адамның айтуы бойынша, Янг ешкімге, ешқашан да бұйырып сөйлемеген екен, бұйырудың орнына ақыл-кеңес беріп отырған. Янг ешқашан «ананы былайша жаса, мынаны бұйт-сүйт» деп айтпаған. Оның орнына «Бұл жөнінде сіз әлі де ойланып көріңіз», «Сіздің ойыңызша, бұл нәтиже береді ме?» деген сөздерді қолданған. Хат жаздырып отырып та: «Сіздің бұл туралы ойыңыз қалай?» деп сұрап отырған. Қол астындағы қызметкерлерінің бірі әзірлеген хатты оқи отырып, «Біз бұны былайша жазсақ қалай болар еді?» деген. Бір сөзбен айтқанда, ол адамдарға өз мүмкіншіліктерін толық пайдалануға жағдай жасаған, не істеу керектігін атап көрсетпей, өз қателіктерін өздері түзеу арқылы әрекет етуге мүмкіншілік берген.

Мұндай әдіс адамның кемшіліктерін жоюға, адам ретіндегі өзінің маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді, қарсыласудан, ерегісуден гөрі адам бойында бірлесе енбек етуге деген ұмтылысты оятады.

Сонымен, сіз адамға реніш сезімін оятпай-ақ ықпал еткіңіз келсе, мына ережені есте сақтаңыз:

Әңгімелесуші адамға бұйырып сөйлемей, қарсы сұрақ қоя отырып, өз жағыңызға тартыңыз.

### ***Адамдарға абырой келтіруге тырысыңыз***

«Болдуин локомотив» фирмасының басқарма бастығы Самюль Воклейннің пікірі бойынша, «айналаңыздағы адамдар сізді сыйласа, сіз адамдарды қандай да бір қасиеттеріне бола сыйласаңыз, қарапайым адамдарды басқару қиынға түспейді».

Бір сөзбен айтқанда, адамды кейбір жағдайда дұрыс жолға салғыңыз келсе, онда оның мінез-құлқындағы аталмыш қасиетті оның жақсы қасиеттерінің бірі деп қараңыз. Сіздің оның бойынан көргіңіз келген қасиет онда бар деп есептеңіз. Сіз оған абырой келтіруге тырыссаңыз, ол сіздің көңіліңізден шығу үшін бар-күш жігерін жұмсап, сол қасиетін қалыптастыруға тырысады.

Жоржет Леблан өзінің «Естеліктер: менің Метерлинкпен бірге сүрген өмірім жайлы» кітабында бельгиялық қарапайым қыздың өз өмірін өзі өзгерткендігі туралы әсерлі суреттейді.

«Жақын жерде орналасқан бір қонақ үйден бір қызметші қыз маған тамақ әкеліп тұратын еді, – деп жазды ол. – Оның лақап аты Марисудомойка болатын, себебі ол қыз жастайынан асханада ыдыс жуушы болып жұмыс істейтін. Ол шынында да ұсқынсыз болатын, көзі қыли, аяғы қисық, өзі арық және қашан көрсең де, ұнжырғасы түсіп жүретін.

Бірде маған тамақ әкелген кезде мен оған: «Мари, сіздің бойыңызда әлі ашылмаған қаншама асыл қасиеттер жатқанын сіз білмейсіз ғой» – дедім.

Мари сәл-пәл үндемей тұрды да, тәрелкені үстел үстіне қойып, күрсіне дем алып: «Ханым, мен бұл сөзге ешқашан сенбеген болар едім» -деді. Ол күдіктенген де, ешқандай сұрақ та қойған жоқ. Үнсіз ғана асханасына кетіп қалды. Ол жаққа бара сала мен айтқан бір ауыз сөзді бірнеше рет нық қайталап, өзін-өзі сендіруге күш салды. Сол күннен бастап адамдар оған құрметпен қарай бастады. Келе-келе өзінің бойында ашылмаған асыл қасиеттер бар екендігіне өзін-өзі сендірген Мари үсті-басына қарап, бет күтіміне мән бере бастады.

Көктем гүліндей құлпырған Маридің жастық шағы қайта келгендей болып, сырт пішініндегі анау-мынау кемшіліктері көзге еленбейтін де болды.

Екі ай өткеннен кейін, қайтуға жиналып жатқан кезімде Мари маған келді де, бас аспазшының жиеніне тұрмысқа шыққалы жатқандығын қуанышпен хабарлап, алғысын айтты. Қарап отырсаңыз, бір-ақ ауыз сөз оның өмірін түбегейлі өзгертті».

Жоржет Леблан Мариге сенім сыйлады. Мари оны алдына мақсат етіп қойып, соған жетуге тырысты. Сол мақсат арқылы өз өмірін өзі түбегейлі өзгертті.

«Адамға жала жабу – оған өлім тілегенмен бірдей». Одан да оған жақсы сенім қалыптастырсаңыз, олар оны ақтауға тырысады.

### *Адамдардың реніш сезімін оятпай-ақ, ықпал етуге мүмкіншілік беретін тоғыз ереже*

1-ереже. Әңгімені өзіңізбен пікірлесіп отырған адамды шын көңілден мақтаудан бастаңыз.

2-ереже. Басқа адамдардың кемшілік-мінін тура бетіне айтпай, астарлап жеткізіңіз.

3-ереже. Алдымен өз кемшіліктеріңіз туралы сөз қозғаңыз, содан кейін әңгімелесуші адам туралы сын айтуыңызға болады.

4-ереже. Әңгімелесуші адамға бұйырып емес, қарсы сұрақ қойыңыз.

5-ереже. Адамдарға өзінің абырой-беделін сақтауға мүмкіндік беріңіз.

6-ереже. Адамдардың кішкене болса да жетістігін елеп-ескеріп, қолдау көрсетіңіз.

7-ереже. Адамдардың өз қылмысын ақтауға тырысатындай бедел жасауға тырысыңыз.

8-ереже. Ынталандыруға тырысыңыз, сіз түзеуге

кажетті деген кемшілікті адамдардың өзі-ақ жөндей алатындай жағдайға келтіріңіз.

9-ереже. Сіз ұсынған жолды адамдардың өзі қуана қабылдайтындай мүмкіндік туғызуға тырысыңыз.

***Сіздің отбасылық өміріңіздің бақытты болуына мүмкіншілік беретін жеті ереже:***

1-ереже. Ретсіз тиіспеніз.

2-ереже. Өз жұбайыңызды қайта қалыптастырам деп әуре болмаңыз.

3-ереже. Сын айтпаңыз.

4-ереже. Бір-біріңізді шын ниетпен мойындай біліңіз.

5-ереже. Бір-біріңізге азғантай болса да көңіл аударыңыз.

6-ереже. Сақ болыңыз.

7-ереже. Жұбайлық өмірдегі қарым-қатынас туралы жақсы кітапты оқыңыз.

Бірнеше жыл бұрын мен радио арқылы елдің алдына шығып сөйлеп жүрген кезімде менен: «Сіздің өмірден алған ең үлкен сабағыңыз қандай?» деген сұраққа жауап беруімді өтінді.

Мен үшін бұл сұрақ еш қиындық туғызған жоқ. Өйткені бұл сұраққа жауап беру мен үшін оңай болатын. Менің өмірден үйренгенім – ол біздің ойлаған нәрсеміздің қаншалықты маңыздылығын түсіне білу еді. Сен алдымен маған не ойлап отырғаныңды айтсаң, мен сенің кім екенінді айтып беремін. Біздің ойларымыз біздің тұлғалық қасиеттерімізді айқындайды. Біздің өмірге деген қарым-қатынасымыз – біздің тағдырымызды анықтайтын фактор. Эмерсон айтқан: «Күні бойы ойлаған ойы арқылы адамның кім екендігін білуге болады». Бұдан артық не айтуға болады?



Біз жиі кездесетін бірден-бір өзекті мәселе – дұрыс көңіл-күйді таңдау екендігіне еш күмәнім жоқ. Егер біз оны дұрыс таңдай алсақ, өз проблемамызды шешуге жол табамыз. Рим империясын басқарған ұлы философ Марк Авелий бұл ойды тоғыз ауыз сөзбен жеткізген, бұл тоғыз ауыз сөз сіздің тағдырыңызды айқындайды: *«Біздің өміріміз өзіміздің өмір туралы ойларымыздан туындайды»*.

Шынында, біз бақыт туралы ойласақ, өзімізді бақытты сезінеміз. Егер бізді мұң басса, біз мұңға батамыз. Егер бойымызды үрей билесе, біз қорқамыз. Егер ауру туралы ойласақ, ауырып қалуымыз әбден мүмкін. Егер біз жеңіліс туралы ойласақ, бірде болмаса бірде жеңіліске ұшырауымыз ғажап емес. Егер біз өзімізді-өзіміз аясақ, адамдар бізге аянышты көзбен қарап, айналып кетуі мүмкін.

Сіздің ойыңызша, мен біздің проблемаларымызға оптимистік көзқараспен қарауды насихаттап отырған шығармын? Жоқ. Өмір ойыншық емес. Мен адамдардың қоршаған ортаға теріс емес, оң көзқараспен қарауын қолдаймын. Басқа сөзбен айтқанда, біз өз проблемамыз туралы мазасызданудың орнына оларды шешу туралы қамдануымыз қажет. Бұл екеуінің айырмашылығы неде?

Мен бұл ойға мысал келтіре кетейін. Күн сайын мен Нью-Йорктің қандай да бір көшесін кесіп өткен кезімде көлденең өтіп бара жатқан көліктің астына түсіп қалмауыма жағдай жасаймын. Бірақ бұл қорыққаннан емес. Өзіңе-өзін жағдай жасау дегеніміз – біздің проблемаларымыздың мәнін түсіну және соны шешуге күш салу.

Біздің ішкі жан-дүниеміз проблемаларға толы болса да, оны сырт көзге білдірмей, еңсенді көтере, басыңды тік ұстап та жүре беруіне де болады.

Адамдарға отыз бес жыл үздіксіз дәріс беруімнің нәтижесінде мен бір нәрсеге толық көз жеткіздім, ол – ерлер мен әйелдер өздерінің ой-пікірлерін өзгерту арқылы бойын мазалаған мазасыздықтан, үрейден, ауру-сырқаудан арылып, өз өмірлерін түбегейлі өзгерте алатындығы. Өз өмірлерінде осындай ұлы өзгерістер болған жүздеген адамдарды білемін. Менің оларды көп көргендігім соншалықты, меноларға таң қалмайтын да болдым.

Менің шынында да терең түсінгенім, сезінгенім – ол біздің рухани тыныштығымыз бен өмірдегі қызығымыз қай жерде, қандай қоғамда, қандай екендігімізге қарамастан – адамның көңіл-күйіне байланысты болады.

Мильтон көзі көрмейтін көрсоқыр болса да, бұл туралы үш жүз жыл бұрын: «Адам өзінің ақыл-ойы арқылы жұмақты – тозаққа, тозақты – жұмаққа айналдыра алады» деп айтқан екен.

Наполеон мен Элен Келлердің өмірге деген көзқарасы да бұл сөздеріме толық дәлел бола алады. Наполеон қанша байлыққа, атаққа, билікке қол жеткізсе де, Қасиетті Елена аралында тұрып: «Мен өзімді өмірімде ең болмаса алты күн де бақытты сезініп көрмеппін» десе, құлағы керек, көзі соқыр Элен Келлер: «Мен өзімді сондай бақытты сезінемін» деген екен.

Жарты ғасырдан астам өмірімде мен «өзімізден басқа ешкім бізге рухани тыныштық әкелмейтіндігіне» көзім анық жетті.

Ұлы философ Эпиктет: «біздің денемізде пайда болған бездерді алып тастағаннан гөрі басымыздағы жаман ойларды алып тастауға көп көңіл аударуымыз керек екендігін» баса айтқан болатын.

Француздың ұлы философы Монтень мына бір он жеті сөзді өз өмірінде мақсат етіп ұстаған: «Адам айналадағы болып жатқан оқиғадан емес, оны сезініп, бағалағаннан кейін зардап шегеді». Ал болып жатқан оқиғаны қалайша бағалау – ол біздің өз қолымызда.

Практикалық психология саласында зор жетістіктерге жеткен Уильям Джеймс «біз өз сезімімізді тек ерік күшіміз арқылы ғана өзгерте алмаймыз, ал бірақ өз іс-әрекетімізді өзгерте аламыз» деп санайды. Біз сол іс-әрекетімізді өзгерткен кезде сезімімізді де еріксіз өзгертеміз.

«Сонымен, егер сіздің қабағыңызды кірбің шалса, сіз бірден көңілдене алмайсыз. Ал егер сіздің отырысыңызда, қозғалуыңызда немесе сөйлеген сөзіңізде бір көтеріңкі көңіл болса, сіздің тез-ақ қабағыңыз ашылады».

Шынында да осы бір қарапайым әдіс пластикалық операция сияқты әсер етеді. Сенбесеңіз, өз басыңыздан өткеріп көріңіз. Алдымен риясыз көңілмен күлімсіреңіз, дененізді тік ұстап, терең дем алыңыз. қандай да бір көңілді әннің бір қайырымын ыңылдап әндетіп көріңіз, ән айта білмесеңіз – ысқырыңыз. Егер ысқыра білмесеңіз – күбірлеп көріңіз. Сонда ғана Уильям Джеймстің не айтқанын түсінесіз.

Бұл табиғи шындықтың бірі және ол сіздің өміріңізге көп өзгеріс енгізеді.

Бірнеше жыл бұрын менің есімде ұмытылмастай із қалдырған бір кітап оқыдым. Оның аты «Адам қалай ойлайды?», авторы – Джеймс Лейн Аллен. Онда мынадай сөздер келтірілген:

«Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқа адамдарға деген көзқарасын өзгертсе, олардың да бұған

деген көзқарастары өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін түбегейлі өзгертсе, оның өмірінің материалдық жағы да өзгереді. Біздің тағдырымыз өз қолымызда. Адамның қол жеткізген жетістіктері – оның өзінің ақыл-ойының нәтижесі. Адам өзінің ойы арқылы жоғары көтеріліп, жеңіске жетеді. Ал ойын бағыттай алмаған адам әлсіз, бақытсыз болады». Сондықтан өз бақытымыз үшін күресейік. Алдымен күресуді оптимистік ойлау негізінде жүзеге асырайық. Ол үшін мен сіздерге күнделікті орындайтын бағдарлама ұсынамын. Оның аты «Дәл бүгіннен бастап» деп аталады. Мен оны аса қажетті деп санағаным соншалық, жүздеген дана етіп көбейттім. Оны марқұм Сибилла Ф.Партридж жазған. Егер сіз бен біз осы бағдарламаны бетке ұстансақ, өміріміз тынышталып, француздар атаған «өмір ләззатынан» көбірек дәм татамыз.

### **Дәл бүгіннен бастап...**

1. Дәл бүгіннен бастап мен бақыттымын. Дәлірек айтқанда, Авраам Линкольннің «Адамдардың көпшілігі қанша бақытты болғысы келсе, сонша бақытты» деген сөзін басшылыққа аламын. Бақыт дегеніміз – айналамыздағы қалыптасқан жағдайдың нәтижесі.

2. Дәл бүгіннен бастап мен өзімнің ойымдағы емес, мені қоршаған өмірге бейімделе бастаймын. Мен өзімнің отбасымды, жұмысымды, айналамда болып жатқан жағдайларды дәлсол күйінде қабылдаймын және оған етене араласуға тырысамын.

3. Дәл бүгіннен бастап мен өзімнің денсаулығым туралы ойлана бастаймын. Мен денешынықтыру жаттығуларын жасап, өз үсті-басыма күтім жасаймын. Дұрыс тамақтанамын, өз денсаулығымға зиян келтірмеуге тырысамын.

4. Дәл бүгіннен бастап мен өзімнің ой-өрісімді кенейте бастаймын. Білімімді толықтырамын. Миымды жаттықтыратын, қозғауға күш беретін кітаптар оқимын.

5. Дәл бүгіннен бастап мен өз-өзімді жетілдіруді қолға аламын. Ол үшін мен үш нәрсе жасауым керек: мен бір адамға өзі білмейтіндей етіп пайдалы іс жасаймын; одан басқа жаттығу ретінде өзіме пайдалы екі іс жасаймын.

6. Дәл бүгіннен бастап барлық адамдарға достық ниетпен қараймын. Жақсы жағымнан көрінуге тырысамын. Мүмкіндігінше, өзіме жарасатын киім киіп, адамдармен дауыс көтермей сөйлесем, ешкімді сынамауға, ешкімге жөнсіз тиіспеуге, ешкімді басынбауға тырысамын.

7. Дәл бүгіннен бастап бүгінгі күнмен өмір сүремін, өз өмірімдегі барлық проблемаларды бірден шешуім мүмкін еместігін есте сақтаймын.

8. Дәл бүгіннен бастап мен өз істерімді жоспарлап, әрбір сағат сайын не істейтінімді жазып отырамын. Мен дәл осы жоспарым бойынша жазылғандарды жүзеге асыра алмауым да мүмкін, бірақ мен оны жасап қоямын. Бұл маған екі жаман әдеттен – асығыстық пен шешімсіздіктен арылуға мүмкіндік береді.

9. Дәл бүгіннен бастап мен жарты сағат жалғыздықта, тыныш жерде отырып тынығамын, ойларымды қалыпқа келтіруге тырысамын.

10. Дәл бүгіннен бастап мен бақытты болудан, әдемілікке сүйсінуден, сүюден және сүйікті болудан қорықпаймын. Мен жақсы көретін адамдардың мені де жақсы көретіндігіне сенетін боламын.

Егер біз өзіміздің көңіл-күйімізді дұрыс қалыптастырғымыз келсе, мына ережені есте сақтауымыз керек:

Сіз өзіңізді өмірге құштармын деп есептесеңіз және солай жасасаңыз, шынында да өмірге құштарлығыңыз артады.

**Бойыңызды билеген мазасыздықтан арылып,  
жақсы өмір сүру үшін не істеу керек?**

*Бүгінгі күнмен өмір сүріңіз*

1871 жылдың көктемінде бір жас жігіт қолына алған кітаптан өз өмірін түбегейлі өзгерткен он жеті ауыз сөзді оқыды. Оның аты Уильям Ослер болатын. Ол өз заманының маңдай алды терапевт-дәрігерлерінің бірі болған. Томас Карлейльдің жігіт өмірін өзгерткен он жеті ауыз сөзі мынау еді:

«Біздің басты мақсатымыз – алыстан бұлдыраған болашаққа көз жіберу емес, көзіміз жетер бағытта ғана іс-әрекет ету».

Қырық екі жыл өткеннен кейін көктемнің көгілдір күндерінің бірінде Уильям Ослер Йельский университетінің студенттеріне адамдар өзін (Ослерді), төрт университеттің профессоры, атақты кітаптардың авторын «ерекше сапалы миы бар адам» деп санайтындығын, ал оның өтірік екендігін айтты. Шындығына келсек, оның жақын достары оның қарапайым ғана тәсілдерді қолданатынын білетін.

Оның табысқа жетуінің сыры неде? Ол мұны бүгінгі күнмен ғана өмір сүргендігімен түсіндіреді. «Әрбір адам, – деді студенттерге Ослер, – алып кемеден гөрі жеке бір механизмге ұқсайды, өмірге жолдама алған соң, алыс сапарға жолға шығасыз. Жолда келе жатқанда механизмнің әрбір бөлшектерін дауылдан сақтауға тырысуыңыз керек. Артта қалған күндерді ойламаңыз. Талай адамды жер жастандырған өткен күндер туралы

ұмытыңыз. Бүгінгі күні арқалап жүрген болашақтың жүгі өткен күннің жүктерімен қосылып, ең күшті деген адамдардың өзін сүріндіреді. Ертеңгі күн туралы ойламай бүгінгі күнмен өмір сүріңіз. Болашақ туралы ойлаған адам күш-қуатын бекерге жоғалтады, жүйкесі жұқарып, жан-дүниесі зардап шегеді. Өткен күндер мен болашаққа қарайламай, өзімізге белгіленіп берілген бүгінгі күнмен өмір сүруді үйреніңіз».

Доктор Ослер ертеңгі күннің қамын ойлама деп айтып жатқан жоқ. Оның айтып отырғаны – ертеңгі күнге жету үшін бүгінгі күнгі істерінді орындауда өз күш-қуатың мен қабілетінді үйлестіре жұмсай білу.

***«Данышпан адам үшін күн сайын жаңа өмір басталады»***

Адам табиғатына тән жаман әдеттердің бірі, менің білуімше, өзінің қолынан келетін істерді ертеңнің еншісіне қалдырып қоятындығында. Біз өзіміздің тереземіздің алдында өсіп тұрған хош иісті райхан гүлдерін көзімізге ілмей, дәл сондай гүлдерді алыс әлемдегі сиқырлы бақтан іздейміз.

Неліктен біз осынша таяз ойлаймыз?

Стивен Ликок былайша жазған: «Адам баласы өмір деп аталатын қысқа ғұмырдың мәнін толық түсінбейді. Бүлдіршін ес біле бастағаннан: «Мен ертең жігіт болғанымда...» дейді. Ал жас жігіт: «Мен ертең ер жеткенімде...» дейді. Ер жетіп, азамат болғанында әңгімесін: «Мен үйленгеннен кейін...» деп бастайды. Үйленгенмен ештеңе өзгермейтінімен шаруасы жоқ. Одан кейін: «Мен зейнеткерлікке шыққаннан соң...» деп ойлайды. Зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін өзінің жүріп өткен өмір жолына қараса, қаншама алтын уақытты босқа өткізгеніне, енді ештеңені кері

қайтара алмайтындығына өкінішпен көз жеткізеді. Біз өмірдің мәні бүгінгі күн мен бүгінгі сағатта екенін кеш түсінеміз».

Біздің эрамызға дейінгі бес жүз жыл бұрынгрек философы Гераклит өз оқушыларына «өзгеріс заңынан басқасының барлығы өзгеретінін айтқан. Ол тағы да «Сіз ағып жатқан бір өзенге екі рет түсе алмайсыз» деген. өзен ағысы әрбір секунд сайын өзгеріп жатыр, сол сияқты адам да өмірге екі рет келмейді. Ешкім алдын-ала болжай алмайтын болашақтың еншісіндегі проблемаларды шешеміз деп жүріп, неліктен бүгінгі өмірдің сәнін бұзуымыз керек?

Джон Рескин өзінің жұмыс үстелінің үстіне «Бүгін» деген сөз қашалып жазылған қарапайым тасты қойып қойған.

Сонымен, егер сіз бойыңызды билеген мазасыздықтан арылғыңыз келсе, Уильям Ослер айтқандай:

Өткен күндер мен болашақ туралы ойламай, бүгінгі күнмен өмір сүріңіз.

Өзіңізге мына сұрақтарды қойып, жауаптарын жазып алыңыз:

1. Болашақ туралы ойлаймын деп жүріп, бүгінгі күннің шаруасын кейінге қалдыра аламын ба, болашақтағы беймәлім әлемнің сиқырлы бағы, онда өсетін райхан гүлдері туралы армандаймын ба?

2. Осы күндері мен өткен өміріме өкініп, келмеске кеткен күндер үшін өз өмірімді қиындатамын ба?

3. Таңертең ұйқыдан тұрған соң, маған бөлінген жиырма төрт сағатты тиімді пайдалану туралы ойлаймын ба?

4. Мен бүгінгі күн туралы ғана ойлау арқылы өмірден көп нәрсе ала аламын ба?



5. Бұларды жүзеге асыруды мен қашан қолға аламын? Келесі аптада ма? Ертең бе? Бүгін бе?

1-ереже. Егер сіз бойыңызды билеген мазасыздықтан арылғыңыз келсе, Уильям Ослер айтқандай, «бүгінгі күнмен өмір сүріңіз». Ертеңгі күн туралы ойламай, ұйқыға жатқанша бүгінгі күнді ойлаңыз.

2-ереже. Егер сіздің жолыңызда кедергі кездесіп, қырсық шалса, Уиллис Х.Кэрриэрдін мына бір ғажап формуласын пайдаланып көріңіз:

а. Өз-өзіңізден: «өз проблемамды өзім шеше алмасам, бұдан асқан қорлық бар ма?» деп сұраңыз.

б. Қажет болған жағдайда, өз ойыңыз арқылы іштей жамандыққа дайындала беріңіз.

в. Өзіңіз сезінген, қашып құтыла алмайтын жағдайды шешудің қандай жолы барын асықпай ойланып, қарастырып көріңіз.

3-ереже. Бойыңызды билеген мазасыздықтың денсаулығыңызға келтіретін зияны мол екендігін есте ұстаныңыз. «Мазасыздықпен күресе білмеген іскер адамдар жас күйінде о дүниеге аттанады» деген бар.

*Жоңылған ағашты қайта жонуға әрекет етпеңіз*

Өткен өмір еншісінен өз пайдамызға жарата алатын бір-ақ тәсіл бар, ол – бүгінгі күнгі өмірімізде артта қалған күндерде жіберген кателіктерімізді қайталамау үшін оларды асықпай отырып електен өткізу керек және ол туралы мүлде ұмытуға тиістіміз.

Бойды билеген мазасыздық туралы ұлы адамдардың жазғандарыныңбарлығын оқысаңыз да, «Көпірге жетпей жатып, одан өттім деме», «Төгіліп қалған сүт үшін көз жасыңды төкпе» деген мақалдардан артығын таппайсыз. Бұл – өз басыңызға уақытынан бұрын қиындық тудырмаңыз дегенді білдіреді. Егер біз осы екі мақалдың дұрыс айтылғандығын қайталай бермей,

оның орнына өмірде жиі қолдансақ, бұл кітаптың бізге қажеті де болмас еді.

Шынында, біз өмірлік тәжірибемізде ескі мақалдардың біршамасын қолдана білсек, көп нәрсені түсінген болар едік. Тек түсініп қана қоймай, оны өмірде жүзеге асыра да білу керек. Бұл кітаптың мақсаты – сіздерге жаға бір нәрсені айту емес, өздеріңіз білетін өмір шындықтары туралы еске салып, оны өз өмірімізде қолдану үшін іс-әрекет етуге ұмтылдыру болып табылады.

Фред Фуллер Шедд ескіден келе жатқан өмір шындықтарын жаңаша мағынада қызықты етіп түсіндіретін. Ол «Филадельфия буллетин» журналының редакторы болатын. Бірде ол колледж жастарына: «Сіздердің араларыңызда кім арамен ағаш кесті, қолдарынды көтеріңдер» деп сұрақ қойды. Отырғандардың көпшілігі қолдарын көтерді. «Ал ағаш жоңқасын арамен кескен адам бар ма?» дегенде, ешкім де қолын көтерген жоқ.

«Әрине, ағаш жоңқасын жону мүмкін емес, өйткені олар жонылған. өткен күдер туралы да осыны айтуға болады. Өткен өмір туралы, болып кеткен жайлар туралы ойлаған кезіңізде сіз сол ағаш жоңқасын қайта жонғанмен бірдей боласыз».

Әрине, барлығымыз да пендеміз ғой, қателік жасамайтын адам жоқ. Ондай-ондай кемшілік кімнің басында болмайды? Тіпті Наполеонның өзі жүргізген үлкен ұрыстардың үштен бірінде жеңіліске ұшыраған.

Бір сөзбен айтқанда, қанша жерден патша болса да, оның айналасында жүрген адамдар да өткен күнді қайтара алмайды. Сондықтан мына ережені есте ұстаңыз:

«Жонылған ағаш жоңқасын қайта жонамын деп әуре болмаңыз».

**Мазасыздыққа бой беретін жаман әдеттен қалай алыруымыз керек?**

1-ереже. Бойыңызды билеген мазасыздықтан құтылу үшін бос жүрмей, өзіңізді-өзіңіз жұмысқа жегіңіз. Бұл – мазасыздықтан, алаңдаушылықтан арылудың бірден-бір жолы.

2-ереже. Түкке тұрмайтын нәрсеге бола ашуланбаңыз.

3-ереже. Бойыңызды жайлаған мазасыздықты кетіру үшін үлкен сандар заңын қолданыңыз,

4-ереже. Айналаңыздағы болып жатқанды сол күйінде қабылданыз. Егер оны өзгерту немесе түзеу қолыңыздан келмесе:

«Бұның басқа жолы жоқ бұл осылай күйде қалуы керек» деп сендіріңіз.

5-ереже. Мазасызданудың да шегі бар деп белгілеңіз. Болып жатқан оқиға қаншалықты мазаңызды ала алатынын шамалаңыз да, одан әрі оны ойламауға тырысыңыз.

6-ереже. Өткен күн туралы ойламаңыз. Ағаш жоңқасын қайта жонудың қажеті жоқтығын есте ұстаңыз.

*Ащы лимоннан тәтті лимонад жасап шығару туралы немесе өмір Сізге ащы дәмін таттырса, сіз оны тәтті дәмге айналдыруға тырысыңыз*

Осы кітапты жазып жүрген кезімде мен Чикаго университетінде болып, оның ректоры Роберт Мейнард Хатчинспен сөйлестім. Одан мазасыздықты қалай жеңетінін сұрағанымда, ол: «Мен ылғи да «Сирс Роубик энд компани» фирмасының бұрынғы президенті марқұм Джулиус Розенвальдтың айтқан «қолыңа лимон түссе, одан лимонад жасап шығар» деген ақыл-кеңесін басшылыққа алатын едім» деген болатын.

Атақты педагог осылайша әрекет етеді, ал оның орнында басқа бір ақымақ адам болса, қолына түскен лимонға карап «Мен жеңілдім. Тағдырдың жазуы шығар, менде басқа амал қалған жоқ» деп карап отырар еді. Мұнан соң ол өмірге ренжіп, жылануға көшеді. Ал дәл осы лимон ақылды адамның қолына түссе, ол: «Мен осы қиыншылықтың қандай да бір пайдалы жағын іздеуім керек. Мен өз жағдайымды қайтсем жақсарт аламын? Бұл лимонды лимонадқа қалай айналдырса болады екен?» деп ойлайды.

Өз өмірін адам табиғатын, оның жасырын жатқан күш-қуатын зерттеуге арнаған атақты психолог Альфред Адлердің айтуы бойынша, адам бойындағы таң қаларлық қасиеттердің бірі – терісті оңға айналдыра алатындығы.

Американың барлық жерінде болғанымда мен терісті оңға айналдыра алған көптеген әйелдер мен ер-азаматтарды көрдім.

«Құдайға қарсы он екі саны» кітабының авторы марқұм Уильям Болито оны былайша жеткізеді: «Өмірдің мәні өзіңнің қол жеткен табыстарыңды пайдаланудан ғана тұрмайды. Бұл кез-келген ақымақ адамның да қолынан келеді. Ең маңыздысы жеңілістің өзін өз пайдана жарата білу. Бұл үшін ақылға салу керек. Ақылды адам мен ақымақ адамның арасындағы айырмашылық та осындайда байқалады».

Зор жетістіктерге қол жеткізген адамдардың өмірін терең зерттеген сайын мен адамдардың көпшілігі өз өмірінің бас жағында кездескен кедергілердің арқасында жеңіске жеткендіктеріне куә болып келемін.

Мильтон соқыр болмаса керемет өлеңдер жазбас па еді, Бетховеннің құлағы саңырау болмаса, керемет шығармалар дүниеге келмес пе еді, кім білсін?...

Жер бетіндегі тіршілік туралы ғылыми тұжырымдаманы енгізген атақты Ч.Дарвин: «Егер мен мүгедек болмағанымда, мұндай үлкен еңбекті жазбас едім, жазған күнде де мұндай зор табысқа қол жеткізуім екіталай еді» деп мойындаған.

Англияда Чарльз Дарвин дүниеге келген күні Кентукки ормандарының бірінде басқа бір бала дүниеге келді. Оның аты-жөні Авраам Линкольн болатын. Егер ол аристократтардың отбасында туып-өсіп, Гарвард университетінің заң факультетін бітіргенде, егер оның отбасы бақытты өмір сүргенде, бәлкім, ол Геттисбергтегі жүрекжарды сөздерін айтпас па еді, бәлкім, президенттікке қайта сайланған кезінде «ешкімге кек сақтамастан, адамдарға қайырымдылық жасап жүрдім» деп басталатын керемет поэмасын оқымайтын ба еді, кім білсін?...

Гарри Эмерсон Фосдик өзінің «Өмірдің мәнін сезіне білу туралы» атты кітабында: «Солтүстіктің суық желі викингтердің дүниеге келуіне себеп болды» деген Скандинавия мақалы бар. Бұл мақалды әрқайсысымыз өзіміздің туымыз ретінде ұстасақ артық болмас еді. Тыныш өмір, рахатқа толы уайым-қайғысыз дүние адам басына бақыт әкеледі дегенді кім ойлап шығарды? Керісінше, егер адам өзі жылаңқы болса, ол құс төсекте жатып та жылануын қоймайды. Скандинавия мақалының мәні де осында» деп жазды.

Мәселен, біз лимонды лимонадқа айналдыруға деген үмітімізді жоғалтатындай тұнжырасақ, тағы да бір тәуекел етіп көруге тұратын екі нәрсені атап айтқан болар едім.

Бірінші нәрсе, біздің әлі де табысқа қол жеткізуге мүмкіндігіміз бар.

Екінші нәрсе егер біз табысқа қол жеткізе алмағанның өзінде біздің терісімізді оңға айналдыруға тырысуымыздың өзі бізді өткен өмірімізге емес, алдыңғы жаққа қарауымызға мәжбүр етеді, біздің жаман ойларымыздың өзін жақсылыққа айналдырады. Бұл – біздің шығармашылық күш-қуатымызды қалпына келтіреді де, содан соң біз шығармашылық жұмыспен айналысқанымыз соншалық, өткен өмір туралы ойланып, қайғыруға да уақытымыз болмайды.

Бірде атақты скрипкашы Оле Булль Париждегі үлкен сахнада өнер көрсетіп жатқан кезде, ойнап тұрған скрипкасының бір шегі үзіліп кетіпті. Сыр бермеген Оле Булль шығарманы үш шекпен-ақ ойнап шыққан. «Өмір дегеніміз осы, – дейді Гарри Эмерсон Фосдик, – басқа амал қалмағанда, шығарманы үш шекпен-ақ аяқтауға мәжбүр етеді».

Шынында, өмір деген осы. Дәлірек айтқанда, жеңіске толы өмір... Мен Уильям Болитоның «Өмірдің мәні өзіңнің қол жеткізген табыстарыңды пайдаланудан ғана тұрмайды. Бұл кез-келген ақымақ адамның да қолынан келеді. Ең маңыздысы – жеңілістің өзін өз пайдаңа жарата білу. Бұл үшін ақылға салу керек. Ақылды адам мен ақымақ адамның арасындағы айырмашылық та осындайда байқалады» деген сөздерін қоладан құйдырып, әрбір мектептің қабырғасына ілдіріп қойған болар едім.

Сонымен, өзіңізге тыныштық пен рахат өмір алып келетін өмір сүру үшін мына ережені есте сақтаңыз:

«Өмір сізге ащы дәмін таттырса, сіз оны тәтті дәмге айналдыруға немесе өмір сізге лимон сыйласа, сіз одан лимонад жасауға тырысыңыз».

1-ереже. «Біздің өміріміз – ол туралы біздің не ойлайтындығымыз» екендігін естен шығармай, өз

ақыл-ойыңызды тыныш өмір, үміт, денсаулық туралы ойлармен толықтырыңыз.

2-ереже. Ешқашан да өзіңізге дұшпан адамдардан кек алуға тырыспаңыз, себебі, сіз олардан гөрі өзіңізге көп зиян келтіресіз. Генерал Эйзенхауэр айтқандай, өзіңіз жақсы көрмейтін адамдар туралы бір минут та ойлаудың қажеті жоқ.

3-ереже. а) Адамдар жасаған қайырымсыздыққа бола өкпелемей, солай болуы мүмкін-ау деп қараныз. Естеріңізде болар, Иса пайғамбар күнәкәр он адамды бір күнде емдеп шыққанда, он адамның біреуі ғана алғыс айтқан. Ендеше, неге біз Исадан артық болмасак та, одан да көп алғыс алғымыз келеді?

ә) Бақытқа қол жеткізудің бірден-бір жолы – жасаған жақсылығыңызға біреулердің алғыс айтуын күту емес, алдымен жақсылық жасау және сол арқылы алғысқа бөлену.

б) Алғыс айта білу – көргенділіктің, тәрбиенің нәтижесі екендігін есте ұстаңыз, егер біздің балаларымыз тәрбиелі болсын десеңіз – осы қасиетті бойына сіңіре біліңіз.

4-ереже. Сәтсіздіктеріңізді емес, қуанышты күндеріңіздің есебін жүргізіңіз.

5-ереже. Ешкімге ұқсамауға тырысыңыз. Өзіңізге тән бейнеңізді табыңыз да, сол қалпыңызда қалуға тырысыңыз. «Қызғаныш – қызыл от, ал біреуге еліктеу – өзінді өзің өлтіргенмен бірдей» екендігін естен шығармаңыз.

6-ереже. Өмір сізге ащы дәмін таттырса, сіз оны тәтті дәмге айналдыруға тырысыңыз.

7-ереже. Өз басыңыздағы сәтсіздіктерді ұмытыңыз. «Өзгелерге жақсылық жасау арқылы сіз алдымен өзіңізге көмек көрсетесіз». (Дейл Карнеги)

• Атақты психологтың бұл кітабы өзіме қатты әсер еткені сондай, достарыма жеткізуге асықтым. Тағылым аламыз десек, өмірдің сабақтары да, ұстаздардыз өнегесі де, кітаптардың берері де көп қой...

Бірдемағанмынадай ой келді. Мен ұстаз болғандықтан өз шәкірттеріме біліммен қатар ақыл-кеңестерімді де, өмірлік тәжірибемді де көп айтады екенмін. Ал өз балаларыма неге айтпаймын деген. Ішкі түйсігім: «балаларың сенің өмір ұстанымдарыңды көзбен көріп жүр емес пе? Олар да есейгенде сол көргенін жасайды ғой» дейді. Жоқ, олар үшін жазуым керек, олардың ұрпақтары үшін мүмкін қажет болар деп «Ер жетті ұлым, бой жетті қызым» деген шағын кітапшамды жазған едім. Иә, бұл да менің ұрпақтарым үшін Қоңырау ролін атқарады деп ойлаймын.



## **ЕР ЖЕТТІ ҰЛЫМ, БОЙ ЖЕТТІ ҚЫЗЫМ**

### **ҰЛЫМА ТІЛЕК**

#### **Балам, азамат бол!**

Ұлым менің, тіршілігіміздің тірегі, өміріміздің жалғасы сенсің. Сен дүниеге келген күні біздің отбасымыздағы, ағайын-туыстардағы шаттықта есеп болған жоқ. Сенің үілдеген дыбысыңнан, былдырлаған тіліңнен, саңқылдаған үніңнен айналмаған, толғанбаған айналамызда адам, әй, жоқ шығар? Балам, біздің өміріміз алды-артына қарайтын емес, күнделікті күйбең тірлікпен жүріп, айтар ақылымызды айтып үлгердік пе, үлгермедік пе оны өзіміз де білмейміз. Кейде шәкірттеріме сабақ беріп, солармен әңгімелесіп болған соң, ойға батамын, осы шәкірттеріме мен балаларыма айтпаған ойларымды, ақыл-кеңестерімді айтамын-ау, ал балаларыма кім айтады? Әрине, сөздің өзі де шыға бермейді ғой. Белгілі бір жағдайға байланысты, студенттердің қойған сұрақтарына байланысты айтылады. Өмірдің заңы ма әлде уақытты адамдарға осылай бөліп қойғандықтан ба екен, ата-ана балаларының қасында көп болудың орнына керісінше басқа жерде, басқа ортада, бөтен адамдардың қасында көп болады. «Қызмет, балаларды асырау» деген сылтау, ал оларды рухани асырауды кім мойнына алады? Оны ойлаған қоғам да, адам да жоқ. Құлындарым, сендерге деген аналық ақ тілегімді, айтар ақыл-кеңесімді

қағазға жазып қояйын, кейін оқыр, керегі болса, алар деп ойладым. Бұл әр ата-ананың өз балаларына деген тілегіне ұқсас тілек, ұқсас сөз, қарапайым ғана ой ғой. Әр ата-ана өз баласын тәртіпті, тәрбиелі етіп өсірсе, тәрбиесіздер болмайды емес пе?

Балам, саған айтар алғашқы сөзім, адам атыңа лайық бол. Нағыз азамат бол! Ата-анана көрсеткен құрметтің ең үлкені – сол, балам.

***Ата-ананды сүйгендігіңнің бірінші белгісі – өзіңді сақтап, аман-есен сау жүргенің.***

Балам, анада бүтін жан болмайды. Оның жаны әрқашан баласымен бірге. Сен жолға шықсаң жолыңа карап, сен келгенше мазасы кетіп, қолы іске бармай, дегбірсізденетін анаң. Қазақ бабан: «Баланың көңілі далада, ананың көңілі балада» деп, тегін айтпаса керек. Балам, ананды сыйласаң, ең оңай ережені есінде ұстағын:

Ауырмауға тырыс, ауру туғызатын барлық жағдайдан қашық бол, суықтан сақтан, сапасыз тамақтан сақтан, көзсіз ерліктен сақтан, жалған намыстан сақтан, ақылсыз, санасыз қыздардан сақтан, сатып кетер достан сақтан, дүниеқоңыздықтан сақтан, жаман әдеттен: ішімдіктен, темекі тартудан – бәрінен сақтан. Олардан басқа мың жақсылық бар, сол жақсылықтардың жанынан табылып жүрсең, аман да боласың, сау да боласың. Ата-анаға баласынан басқа бақыттың құны – көк тиын. Соны жадында ұста.

Жалған намыс дегенге тоқтала кетсем: ол – дұшпаныңның намысыңды қоздырып, жамандыққа айдап салуы. Сен оны түсінбей, өзіңнің өміріңе қауіп төндіретін ұрыс-керіс, төбелестің ішіне кіріп кетуің.

Балам, қашанда сабырлы бол, ашуды ақылға жеңдіре біл. Дана халқымыз: «Ашу тасыса, ақыл төгіледі, ас тасыса, майы төгіледі» деген болатын.

Әке-шешенді үлде мен бұлдеге орамай-ақ қой, оларды уайымға салмай, қайда жүрсең де хабарласып, өзіңнің амандығыңды білдіріп қойсаң, олар үшін содан артық қуаныш болмайды.

Балам, ауырмайтын Алланың пендесі жоқ, көбінде суық тиіп, тұмауратып ауырады. «Кіші-гірім тұмау ғой» деп ескерусіз қалдырма, тез жазылуға тырыс,өзіңді, өзіңнің денсаулығыңды жақсы күтсең, сенің анаңнан бақытты адам болмайды. Жай кезде дегбірсіз ана, баласы ауырғанда жанын қоярға жер таппайды. Балам, аман бол, ауырма, рухани сау бол.

***Өміріңді мәнді етер, абырой атағыңды өсірер,  
дәулетті, сәулетті өмірге анарар жол – білім жолы.***

Оқу-білімнің керек екенін басында түсінбей бастайсың, «осы оқу дегенді кім ойлап тапты, ол неге керек, оқымаса адамдар өмір сүрмей ме?» деп, айтатынсың. Есейе келе оқудың не үшін керек екенін біле бастадың, бірақ толық түсінген жоқсың. Енді жоғары оқу орнына түстің, енді білдің, балам. Әлде де болса, терең ойлан, білімнің керегін ала біл. Сауатты, білімді адамдар қай заманда да абыройлы болған. Білімсіз адамның кемшілігі түр-түсінен де белгілі болады. Білімсіз адам жасық, қорқақ келеді. Ал білімді адамның жүзі жарық, даусы анық болады. Себебі ол білгенін ел білсе екен деп, анық, дәлелді сөйлеп үйренеді. Білімсіз өзі түсінбей тұрған нәрсесін елдер де түсінбесін деп, көмескі дауыспен, сыбырлап, міңгірлеп айтады. Осыдан болмыс қалыптасады. Балам, адамның білгенін адам

біледі, тек ерінбей іздену керек, еңбектену керек. Бар болғаны – сол. Уақытыңды бағалай біл, жастық қуатың бар да өзінді аяма, еңбек ет, денсаулығыңды шынықтыр, бос жүріспен, пайдасы жоқ компьютердегі, казинодағы ойындарға, бос сандалысқа алтын уақытыңды жіберме.

Қоғам қашанда білімді мамандарға зәру болады. Адам білімді өз бетінше ізденіп табады. Өзіне не керек екенін өзінен басқа кім біледі? Ал керегін іздеп тапқанда, ол барынша мол қамтуға тырысады. Ұлы ғалым адамдардың көбі өздері ізденіп оқыған. Атақты Нобель мектепке, жоғары оқу орнына түсіп білім алмапты, білімді өз бетінше іздеп оқыған екен, кейін атақты ғалым болған. Артында қалған мұрасын да ғылымға беріп кетті, сөйтіп атын мәңгілік етті. Ұстаз тек бағыттаушы, жөн сілтеуші. Ұстаздың тамшыдай білімінің түбін қазып, теңіз жасау – өзінің міндетің. Бақытты өмірдің кілті өз қолыңда тұр, алға ұмтыл.

### ***Жақсы, сенімді достарың болсын***

Балам, ер адамға жолдастық, достық деген ауадай қажет. «Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз адам қорған емес» деген халқымыз. Ер адамдар бір-бірлеріне сүйеу, тіреу болу керек. Жақсы достарыңа қолыңнан келген көмегіңді аяма, ағайын-туыспен бірге жүрмейсің, жолдастарыңмен, достарыңмен бірге жүресің. Сондықтан, балам, ақылды, нағыз достарың болса, өмірің мәнді де, сәнді де болады.

Адамды таны. Кейбіреулер адал дос болады, ал кейбір достар амал дос болады. Абай дана айтпақшы: «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың». Ондай «достардан» қашсаң да, құтыл. Нағыз достар

қуанышыңды бөлісе алады, өзінмен бірге қуана алады. Қуанышыңды деп отырғаным, қайғына дос-дұшпаның түгел ортақтаса алады, ал қуанышыңа қуанатын тек адал достарың ғана болады.

Балам, достарыңмен жас кездеріңнен бастап, маңызды мәселелерді ақылдасып үйреніңдер. Ішіп-жеп, ойнап-күлу үшін ғана бас қоссаңдар, алысқа бармайсыңдар. Ал ақылдасып, алар асуларыңды бағыттап, оған жетудің жолдарын ойластырып, жоспарлап үйренсеңдер, бірге самғап, талай биіктерге қол жеткізесіңдер. Дос, жолдас деген сол үшін керек.

Есейе келе достарың ағайын-туыстай болып кетеді. Балалы-шағалы боласыңдар. Көп жағдайда жігіттер үйлегеннен соң, бұрынғы достармен араласпай, суысып кетеді. Ол дұрыс емес, балам. Достарыңды қандай жағдайда да жоғалтпа, барлық қуаныш-тойларыңа шақырысып, бір-бірлеріңді іздеп жүріңдер. Достарың басына іс түскенде ғана іздейтіндер болады, ол дұрыс емес.

Жақсы достарың болса, балаларыңның тәрбиесіне де жақсы әсері болады.

### ***Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе***

«Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе, құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе, жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып, салпылдап, сағым қуған бойыңа еп пе?» деген екен, ұлы Абай. Адам табиғаты сенгіш болады, әсіресе мақтау сөзге сенгіш болады. Ал, ол удан да зиянды, мақтаудың салдарынан қаншама уақытын босқа өткізеді, даурығады, дандансиды, шынымен керемет екенмін деп жүргенде, жаулары алдына түсіп, шаң қаптырып кетеді. Одан гөрі өзіне сын көзбен қарап, жетістігіңе жетісіп кетпей, шығар бигіңнің баспалдағында ғана тұрғандай еңбектенсең, тер төксең, пайдасы мол болмақ.

Балам, ағайын-туысың қанша болса да, адам жеке адам ретінде жалғыз. Соны түсін. Қазақданышпадары: «жаны бөлектің көрі бөлек» деген. Сенің арманың, мақсатың, тілегің бәрі сенімен ғана бірге. Ол басқалармен бірге өмір сүрмейді. Ал жалғыз адам қарулы болғаны дұрыс. Қаруларын: қайратың, күшің, намысың, ожданың, арың, мақсатың, білімің, бауырмалдық сезімің, адал махаббатың.

Ер азамат әйел баласына қарағанда, ұстамды, мықты болады. Елпілдеген, баладай аңқау болған ер жігітке жараспайды да. Не нәрсені де ақыл безбеніне салып, ойланып әрекет ету керек. Өмірде нешеме түрлі жағдайлар болуы мүмкін, ағайын-туыстардың ортасын ашу үшін кейбіреулер, айтпағанды айтқызып, жасамағанды жасатып қояды. Балам, сенгіш болма деп, бұл жерде де айтамын. Сенің бауырларың ешқашан саған жамандық жасамайды, оған сенімді бол. Мен ақ сүтіммен де, ана тілегіммен де бойларыңа берген бір қасиетім болса, ол – сол, бауырға деген ададық. Балам, адамға дос та, жолдас та, тіптім, жар да табылады, бауыр табылмайды. Дұшпанның сөзіне сеніп, бауырларыңды жоғалтып алмандар. Баяғы жаугершілік заманда әкесі баласын жаудан құтқарып, атына отырғызып, қашып бара жатса, жолдан жаралы бауырын кездестіріпті, екеуін атқа өңгеру мүмкін емес. Сонда әкесі: «мен аман болсам, тағы да балам болар, ал бауырым табылмас. Атасы бөлек аттан түс, атасы бірге атқа мін» деген екен. Міне, балам, туған баласын қанша қимаса да, бауырын жақын тұтқан қазақпыз.

### ***Балам сүйіп қосылған жарыңның қадіріне жет***

Балам, ер адамның бақыты – адал жары. Жар таңдауда адаспа. Қазақ бабаң күйіп кеткенде айтқан болу

керек: «қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деп. Байқасаң, басыңды жоғалтпасаң, жақсы, жаманды қыз күнінде де байқауға болады. Ар-ұяты бар, мінезі жақсы, беттен алып тепсінбейтін, жоқ нәрсеге өкпелеп, долданбайтын қыздар бар, сөйлегенде анық сөйлейтін, әдемі күліп, сөз түсінетін қыздар бар, дәл осындай қыздардың бірін таңдасаң, қателеспейсің. Ал темекі тартып, шарапты суша сіміріп, кіндігін көрсетіп жүрген қызға ұрынсаң, көресіні содан көресің. Балам, сенің таңдаған қызың -ертең сенің ұрпағыңды жалғастыратын, ана болып, бала тәрбиелейтін, саған өмірлік серік болатын қосағың.

Балам, алған жарыңа адал бол, оның ең жақыны сенсің. Ең алғашқы үйленген жылы келінге қиын болады, өз ата-анасын, бауырларын, туған үйін тастап кету оңай емес, одан кейін басқа ортаға үйрену, дәстүріне үйрену, бөтен адамдармен қарым-қатынас жасау, бәрі – қиын. Сол кезде оның жалғыз тірегі өзін боласың. Бос уақыттарыңды бірге өткізуге тырысындар, әңгімелесіндер, болашақтарыңды жоспарландар, перзенттеріңнің болашығы туралы айтындар. Келіннің үйіне, ата-аналарына барып, жағдайларын біліп тұрындар. Келіннің істеген тамағын мақтап жеуді дәстүрге айналдырындар. Балам, жарың сенің әпкең сияқты, анаң сияқты. Оны ренжітпе. Әйел баласына қарым-қатнаста өте мәдениетті болу керек. Әйел баласының көзінше әдепсіз болу, әдепсіз қалжыңдасуға болмайды. Кейбір азаматтар жұдырықтарын ала жөнеледі. Ондай адамда ақылдың аз болғаны. Егер алған жарың сөз түсінбейтін болып жатса, оған жұдырықпен сөзіңді түсінікті етемін деп әуре болма. Балам, бағыңды жандырмайтын, түсінісіп, бірге тұруға

мүлде болмайтын болса, ажырасу керек. Адамға берілген бір ғана өмірді қорлықта өткізбе. Әрине, бұл ең соңғы жағдайда ғана. Әйтпесе ыдыс – аяқ сылдырламай тұрмайды, қит етсе ажырасып, қосылып жататындар болады. Оны әдетке айналдырмаңдар. Бір ғана өмірде жарасып, сыйласып өткенге еш нәрсе жетпейді.

### ***Балаларыңа дұрыс тәрбие беріңдер***

Балам, адам баласының өмірдегі ізі де, көзі де артында қалар ұрпағы. Тіршілікке үніле қарасаң, ұрпақ үшін күрес адамда да, хайуанда да керемет дамыған. Құс екеш құс та балапанына дән тасып, қауіп төнсе, шырылдап кетеді, жыртқыш аңдар да күшіктеріне соншама мейірімді, ал адам баласының сезімі мылқау, үнсіз сезім емес, еміренген, сөз құдіретпен өрілген керемет сезім. Адам өз баласы үшін отқа да, суға да түседі. Кішкентай ауыра қалса, жанын қоярға жер таппайды. Балам, баланы өмірге әкелу бар да, оларға дұрыс тәрбие беру тағы бар. Егер дұрыс тәрбие бермесендер, арты өкініш болады. Сендер тәрбие бермесендер, тәрбиелейтіндер толып жатыр. Көшенің өзі талай нәрсеге үйретеді. Сондықтан, баланы өмірге келген күнінен бастап тәрбиелендер. Дұрыс тамақтандырудың, уақтылы ұйықтатып, оятудың өзі тәрбие. Баланың тілеген, сұрағанын бәрін алып бере беруге болмайды. Оны әдетке айналдырса, өмір бойы ата-анадан соны талап етеді. Керегін ғана алып беріп, басқаны алып бере алмайтындарыңды түсіндіріп айтқандарың дұрыс. Қандай жағдайда да балаға шындықты айтып отыру керек және баладан да шындықты талап еткен дұрыс. Баланың жіберген қателігін, бұзықтығын ескерусіз қалдырмаңдар. Қатты жазаламасандар да, бала



бүлдірген нәрсесі үшін ескерту алу керек, бұл алған ескертуі екінші рет қайталанса, жазаға ұласатынын білісін. Ал баланы жазықсыздан-жазықсыз, немесе ол әдейі жасамаған ісіне бола жазғыруға болмайды. Ақылмен қарым-қатынас жасасандар бала да ақылды болады. Баламен ақылдасып, келісіп отырып әрекет жасасандар, бала ашық болады, өз ойын еркін, қысылмай айтатын болады. Балаға ойыншықтар әпергенде де баланың ойын, логикасын дамытатын ойыншықтар әперу керек, кітаптар, балаларға арналған неше түрлі басылымдар бар, соны әперіп, бірге қарап, баланы қызықтырған дұрыс. Үлкен адамдарға қарағанда балалар тез жалыққыш келеді. Сол себепті, ойыншықтарды да, кітаптарды, тіпті бір сарынды әңгіме, ертегілерді де ауыстырып отырған дұрыс. Балам, бірінші балаларына ана тілдерінді үйретіндер, ана тілінде жақсы, таза сөйлеген бала басқа тілдерді тез түсініп, үйренетін болады. Балаларыңның қабілетін кішкене күнінен бастап ескеріп, соған сай бейімдендер. Балам, сендердің ең басты қызметтерің – балалы болу және оларға дұрыс тәрбие беру. Балалардың басы төртеуден кем болмағаны дұрыс, әке-шеше өмір бойы бірге болмайды, балаға ағайын, туыс керек.

### *Алға қойған мақсатыңа жете біл*

Балам, армансыз адам, қанатсыз құспен тең. Арман деген сен шығар биіктің шыңы, сен асар асудың биігі. Оған адына нақты мақсаттар қою арқылы жетесің. Мақсат қатып қалған болмайды, уақыт талабына байланысты ол өзгеріп отырады. Адам өмірге келген соң жақсы өмір сүргісі келеді. Жақсы өмір деген сен үшін не нәрсе? Жақсы үйің, жақсы көлігің, көп ақшаң болғаны

ғана ма? Оған жету тым қиын емес. Менімше, жақсы өмір – жақсы ісінмен, әрекетінмен із қалдыру. Ұрпағына өнеге боларлық ескерткіш қалдыру. Ескерткіш дегенді дұрыс түсін, балам. Көшеге ескерткіш қой деген емес, ол сенің ұрпақтарыңа: «мына баланың әкесінің не атасының кім екенін сен білесің бе? Ол пәленшенің баласы ғой, не мына бала сол кісінің немересі ғой» деген керемет сөз. Ол – сенің елге, қоғамға, адамдарға жасаған жақсылығыңның шуағы, нұры. Балам, ондай абыройға жету – адам баласы үшін, шын мәнінде, бақыт.

Сендердің замандарың күрделі де қиын болып тұр. Жалпы, табиғаттың заңының өзі қатал ғой. Өмірде, көп жағдайда мықтылардың ғана жолы болады. Сол үшін әлсіз болуға болмайды, жұмсақ мінез, көнбістік, момындық дегендер бақытқа емес, бақытсыздыққа жетелейтін қасиеттер. Балам, адам ақылды болса, алғыр ойлы болады. Тез ойлайтын адам тез шешім қабылдайды. Шешім қабылдамай, көлеңкесінен қорыққан адам көлеңкеде қалады. Көлеңкедегі адамның ел тұрмақ, отбасына да шуағы түспейді. Соны біл. Жақсы тұрмыстан қашпау керек, жақсы үй, жақсы көлік, жақсы әйел, жақсы жолдас қашанда ер азаматтың көрігі, айбыны, айбары.

Балам, жалқау, еріншек болма. Жас кезінде бойында қуатың көп кезде өзінді өзің аямай еңбек ет, көп оқы, спортпен шұғылдан, ойланып әрекет жаса. Шалқасынан түсіп жатқан адамның аузына Алла су тамызбайды. Ер азамат ақылды, саналы, сабырлы болса, балалары бақытты болады. Жолың бір рет болмаса, өмірден түңілме, бір істің сәтсіздігі екінші бір сәтті істің басы болуы мүмкін. Дағдарыста отыра бермей, басқа бір

жолды ойластыр. Көп ер азаматтар сондай бір дағдарыс кезінде ішіп кетеді. Ондай әлсіздікке рухы жоқ, қорқақ адамдар ғана барады. Максатына жетпей тұрып, мастанба. Ер азамат қыранға ұқсас болады, қырандар биікте самғап, биіктерге ғана қонады.

### *Рухың асқақ, елжанды бол, ұлым*

Балам, мен сені үй ішінен шықпасын, алысқа самғап ұшпасын деп өмірге әкелген жоқпын. Әкең екеуімізде де асқақ арман болған, балаларымыз біздің ғана, үйдің ғана баласы болмаса екен, халықтың, елдің баласы болса екен деген. Сол арманға жетсек деп ойлаймыз.

Балам, сен бірінші қазақ болып туылғанына мақтана біл. Сенің халқың ешбір замандарда алдамзаттың қоры болған емес, құл болып, басқа елдің босағасын күзеткен емес. Қазақ деген халық қашаннан еркін, азат, арманшыл, дана болған. Сен қай киырда жүрсең де, өз еліңмен мақтана аласың. Қазақ деген халықтың қай данасының сөзін айтсаң да, басқаларды таң қалдыра аласың. Халқың жомарт, халқың кең, халқың дана, сондай даналардың ұрпағы екендігіңді ұмытпа. Елін сүймеген адам сүмелек болады, ондай адамнан сатқындықтың лебі еседі. Сол үшін балам, туған жер, туған халық, туған тіл, туған еліңнің ділі сенің жаныңның бойтұмары болуға тиіс. Осы күнге дейін біздің халықты тарихтың шыңырауына қалдырмай, жерін де, елін де, тілін де, ділін де сақтап келгені сол өршіл рухтың арқасы. Баяғыда ел қорғауға аттанған ер азаматтарымыз туған жердің бір уыс топырағын шүберекке түйіп, бойтұмар етіп байлап алады екен, бір шөкім жусан шөпты мата дорбаға салып қайда жүрсе де иіскеп жүреді екен. Одан қасиетті ешнәрсе жоқ екен.

Туған жердің топырағы мен жусан иісі көкірегіндегі сағынышты ғана басып қоймайды, ерлік жасуға рухтандыратын болған.

Балам, рухың биік болсын, ұрпағыңнан-ұрпағыңа аманат етіп қалдырар нәрсең құны жоқ дүние-мүлкің емес, рухың болсын.

### *Ата-баба аруағын сыйла*

Балам, сен көктен түскен жоқсың, жерден шыққан жоқсың, сені өмірге әкелген ата-аналарың, біздер бармыз. Біздерді өмірге әкелген ата-аналарымыз бар, оларды өмірге әкелген,.. міне солай кете береді, ең соңы мүмкін, Адам ата мен Хауа анаға тірелетін шығар? Сол бабаларымыздың рухы ұрпақтарымен бірге шығар? Өмір мен өлімнің шегарасы біздіңше, тіршілік қой. Ал ана өмірде не бар, не жоғын ешкім білмейді. Себебі кеткеннен келген ешкім жоқ. Білеріміз, олар ұрпақтарынан Құран дәметеді екен, ол ұрпақтары бағыштаған Құран нұрымен нұрланады екен. Балам, егер сол ата-бабаларымыз болмай, өздерінен ұрпақ қалдырмаса, біз де, сен де болмас едің ғой. Сол үшін ата-бабаларымызға айтар алғысымызды, тіршіліктегі қайырлы істерімізбен, оқыған құранымызбен жолдасақ, жүрегімізге нұр құйылғандай болмай ма? Балам, біздің саған айтқан ақыл-кеңесімізді сендер өз ұрпақтарына тасымалдап қалдырасыңдар. Өмір осы тасымалмен мәңгілік болады.

Құран оқып, бағыштаудың ешбір қиындығы жоқ. Құранның беташар сүресі «Фатиха» сүресін бір рет, «Ықылас» сүресін үш қайтара оқып, ата-бабаларыңның аттарын атап, бағыштайсың. Шын, таза көңілмен оқылған сүренің сауабы көп болатынына сен, балам.

Халқымыз аруақты сыйлай білген, тіпті өздерінің қайырлы ісінің сәтін де ата-баба аруағының қолдауы деп түсінген. Олар: «өлі разы болмай, тірі байымайды» деп, аруақтарға арнап, ас беріп, шек беріп жатады. Оның да қателігі жоқ, балам. Аруақ үшін оның қаншалықты пайда, зиянын кім білсін, бірақ ата-анасын өздерінің көздері жоқта да қадірлеп жатқанын ұрпақтарың көреді, ой түсіп, ойланады. Ата-ананы тірі кезінде сыйлап, қадіріне жету керектігін түсінеді. Ондай аста естелік әңгімелер айтылады, ал ол әңгімелердің балалары сендер үшін, сендердің балаларың үшін де пайдасы көп.

## ҚЫЗЫМА СӨЗ

### *Бірге жүрудің қадірін біл*

Адамдар жалпы тірліктің, тірі жүрудің қадірін біле бермейді. Жастық кезде «бәрі алда, уақыт көп» деп ойлайсың. Ата-ананың, бір үйде тұрып, тамақ ішіп, күліп-ойнап жүрген бауырлардың да қадірін білмейміз. Ертең бөлініп-бөлініп, жан-жақта, басқа адамдармен, басқа ортада өмір сүрген кезде, кеуденді сағыныш кернеп, мұнаятын күндерің болады.

Қызым, сен бойжеттің, 18-ге толды деген – азамат болды деген сөз. «Қыз – қонақ», «Қыз – жат жұрттық» деген сөзді халық тегін айтпаған. Бұрынғы кезде әйелдер үйде босанатын болған. Сонда ұл баланың кіндігін үйдің табалдырығының астына, қыз баланың кіндігін үйден қырық қадам сыртқа көмеді екен. Ұл осы шаңырақтың иесі, қыз бала – сырттың адамы деген мағынаны білдірсе керек. Сондықтан болар: «табалдырықты баспа, табалдырықты оң аяқпен атта» деп, жаңа түскен келінді, күйеу баланы үйге кіргізбес

бұрын, табалдырықтың қасына тоқтатып қойып, отқа май құйдыртып, оң аяқтарымен аттатып жататыны.

Қыздың жүрегі нәзік болады, ата-ана, бауырларыңды ойлайсың. Оны кейін ойлаймын ғой деме. Қазірден ойла. Жақсы маман болуды, жақсы жігітке тұрмысқа шығуды, жақсы өмір сүруді ойла. Жасанды балалықтың қажеті жоқ. Жолдас, дос болғаны жақсы ғой. Балам, бірақ адал дос өзіңе өзің ғана. Соны ұмытпа. Достарыңа айтатын сөз болады, айтпайтын сөз болады. Қазір ойланбай айта салған сөздерің түбінде өзіңді іздеп келеді. Сөзге, сыр айтуға сараң болғаның жөн. Жігіттермен достық қарым-қатынаста болу керек. Табиғи қалпыңды жоғалтпай, жасандылыққа бой алдырмай жүрсең, бәрі сені сыйлайтын болады.

Балам, қызғаншақ, өтірік айтатын, арақты жақсы көретін, әлсіз, күресуге дәрменсіз, намысы жоқ адамнан сақтан. Олармен ғұмыр кешу-бақытсыздық. Тым сұлу жігітке де қызықпай-ақ қой. Өзіңнің ақылың бар ғой, адам тани біл.

Қызым, университет көп білім береді деп ойлама, білімді өзін ізде, кітапты көп оқу керек. Прозалық шығармаларды ғана емес, поэзиялық шығармаларды да оқы. Поэзияның құдіреті күшті ғой. Мүмкін, кейінірек түсінерсің. Шығыс поэзиясын, батыстың классикалық әдебиеттерін, ұлы адамдардың өмірі туралы шығармаларды оқу керек. Абайды, Мағжанды, Мұқағалиды, т.б. ақындардың шығармаларын оқы. Поэзия адамның сезімін тәрбиелейді, әуезге, үндестікке баулиды. Әсіресе әйел баласына сезімтал, мейірімді болған дұрыс. Жаным, ертең ана болғанда ол сезім саған өте керек болады, жан балаңды сүю, жақсы көру деген – ғаламат.

Қыз баланың ғұмыры бөтен ел, бөтен жерде өтеді.

Өз еліндей, өз жеріндей болмайтыны анық, сонда саған көмектесетін сенің ақыл-парасатың, сенің сезімің болады. Балам, ақыл досың болсын, қыз бала ақылды болмайынша бақытты болмайды. Ата-анан саған ешқашан жамандық ойламайды. Сондықтан анаңның ақылына ашуланбай, ой көзімен қара. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің» деген, біздің данышпан халық. Өзіміз де ананың, әкеміздің қадірін сендерге деген өз махаббатымыздан кейін біліп жатырмыз. Сендер де дәл солай боласындар.

Адамдар – бір-біріне қонақ. Қыз – қонақ, себебі ертең ұзатылып кетеді. Бауырлар бір-біріне қонақ, ертең-ақ үйленіп, үйлі-баранды болып, жан-жаққа кетеді. Сондықтан, құлындарым, бірге болғанда бір-бірлеріңнің қадірлеріңді біліңдер. Ата-ана сендерге мәңгілік жолдас болмайды, бауырмал болындар, бауырдан артық адам баласында жақын да жоқ, туыс та жоқ. Осы сөздерімді ұмытпаңдар. Қыз бала бауырларына қамқор бола білісін. Саған жар болатын адамға бірінші күннен өз бауырларыңа деген сезіміңнің, махаббатыңның қандай екендігін айтып, ескертіп қой, бауырларыңнан сені бөліп жүрмесін. Сен өзің де солай ет, жарының бауырлары да дәл сенің бауырларыңдай оған жақын, туыс. Қызым, бақытты болуға тырыс.

### ***Бой тазалығы ой тазалығына жеткізеді***

Қызым, жан тазалығы туралы кейін айтармын. Қазір айтайын дегенім – тән тазалығы. Таза жүр, жуынуға ерінбе, сабакка, қызметке шашың май-май болып барғаны өте ыңғайсыз. Таза жүрсең, сергек боласың, өзіңе сенімің мықты болады. Алла тағала да тазалықты сүйеді, сондықтан да адамдарға күніне бес рет дәрет алуды, бес рет намаз оқуды парыз еткен.

Ойлап қарасақ, бес уақыт жуынып, намаз оқудан Аллаға келіп-кетер ештеңе жоқ, ол адамдардың денсаулығы үшін керек.

Қызметке не кездесуге, шақырылған жерге таранбай, боянбай, қалай болса, солай киініп бара салма. Олай жүру – сенің мәдениетсіздігіңді көрсетеді. Сырт киіміңді өтектемей киме. «Кім көріп тұр» деген сөзді өмірі айтпа, барлық адамда көз бар. «Адам көркі – шүберек» деп, бабаларымыз тегін айтпаған. Сырт көз сенің жаныңа үңілмес бұрын, киген киіміңе қарайды. Содан бағалайды. Бабаларымыз тағы да: «Дос басыңа қарайды, дұшпан аяғыңа қарайды» деген, ол да тегін емес.

Киіміңді күтіп ки. Кір жуғанда кірлерді бөліп жу, ақ-қарасын бірге араластырма, қол орамалдарды мейлінше, бөлек қайнатып, жуған дұрыс, жуған кірден сабынның не кіржуғыш ұнтақтың исі шығып тұрмағаны абзал. Мүмкіндігінше, кірді кір сабынға жуған дұрыс. Кейін амандық болса, балалы-шағалы боласың, сонда сәбидің киімін ешқашан үлкендердің киімдеріне қосып жума. Ұнтаққа да жума, балаларға арналған сабынға, не кір сабынға жуу керек. Сонда баланың үсті бөртіп, қызармайды.

Қызым, ыдыс-аяғың әрқашан таза болсын. Ішіне қак тұрған кесемен шайды өзін де ішпе, өзгелерге де берме. Күнде қолданатын ыдыстарды аптасына бір рет сода қосылған суға қайнатып алған дұрыс. Балаларыңа да осыны үйрет. Кейбір үлкен адамдар кішкентай сәбидің аузына емізікті не тағамды өзінің аузына салып алып, беріп жатады. Ол деген – барып тұрған жабайылық. Ешқашан олай етуге болмайды. Ол сәбиге жасалған қастандық деп түсіну керек. Баланың аузына емізіктің өзін таза қайнақ суға шайып алып, салу керек.

Таза киініп, таза тамақ ішкен адамның жаны да, тәні



де таза болады. Көшеден тамақ ішпеуге тырыс, жалпы мұсылман баласы тұрып, тамақ ішпеген, отырып ішкен. Не болса соны жей берме, шыдауға болатын болса, шыда, үйіңе келіп тамақтан, не асханалардан тамақтанар болсаң, жақсы жеңіл-желпі тамақ алып іш. Сүймеген, сүйкімсіз тамақ ішсең, ұшынып қаласың.

Тамақ ішер алдында қолыңды міндетті түрде сабындап жу. Балаларыңнан да қолын жууды талап ет. Жуған қолыңды сілкіме, таза орамалға сүртетін бол.

### *Мінезге бай бол*

Орта ғасырда Әл-Фараби бабамыз: «Адам басына қонған бақыттың тұрақты болуы – адамның мінез-құлқына байланысты» деген екен.

Қандай бір сәттерде ұстамды, сабырлы бол. Беталды сөйлеме, сөзге тоқта. Тыңдай біл. Үлкен адамдарды ата-анаңды қадірлегендей қадірле, кішілерге де өте мәдениетті, сыпайы түрде көмек бер, ізет көрсет. Барға, Алланың бергеніне қанағат ете біл, қызғаншақ болма. Қандай істі бастасаң да аузыңнан шығар бірінші сөз «Бисмиллаһи рахманиррахим» болсын.

Қайырымды бол, әлсіздерге болыс, саған біреу жамандық жасаса, сен оған жақсылықпен жауап бер, кек алма, бабаларымыз: «таспен ұрғанды аспен ұр» деген. Адам қалыбына лайық өмір сүр, адамдық қасиетінді жоғалтпа.

Адам өз ісін жетік білу керек, сонда ғана сенің беделің болады, ол үшін көп оқып, көп ізден, оқығаныңды жадында сақтап, өміріңе қолдана біл. Оқығаныңды ұмытып қалмау үшін анда-санда болса да, қайталап оқып қой.

Қызым, өмір бір түсті ғана емес және бір ғана жерде, өзіңе жақын адамдармен ғана өмір сүрмейсің. Өмірдің

бояуы өте көп және әр түрлі ортада, әр түрлі адамдармен өмір сүруге тура келеді. Әр органың өз талабы болады. Әйел баласына сабырлылық, орынды сөйлеу өте керек қасиет. Сабырсыз болып, елдің берекесін алсаң, орынсыз күліп, жеңілтек болсаң да болмайды. Балам, дүниеде жалғыз өзің бардай, дүние ауырлығын өзің ғана көтеріп жүргендей мінез көрсетпе, ерігіп жүрген ешкім жоқ. Басыңда қиындық болса, өз қалыбыңда сақта, сыртқа білдірмеуге тырыс. Жұмыс орнына әр адам өз проблемасын алып келіп, айтып отырса, не болды? Қызмет орнындағы телефонмен сөйлескенде де қысқа, тұжырымды сөйлесуге тырыс. Көптен хабарласпаған танысың болса, бос уақытыңды айтып, кездесіп сөйлес, қасыңда әріптестеріңнің жұмыс жасап жатқандығын айтып, кешірім сұра. Телефонмен сйлесе білу де – мәдениеттілік. Саған телефон соғып тұрған адам сенің жағдайыңды көріп тұрған жоқ, сондықтан қанша жерден көңілді, көңілсіз болсаң да бір қалыпты, салмақты, жарқын дауыспен сөйлесуге тырыс. Телефон соққан адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырма.

Қызым, бақытқа жақсы мінезбен бар. Тұрмыс құрып, басқа елге барғанда да мінезің жақсы болса, жақсы келін боласың, мінезің жаман болса, үйіңнен адам қашатын болады. Жолдасыңа да өз мінезіңнің жақсылығымен жағасың. Отбасының да шешілетін, шешілмей жататын мәселелері болады. Сонда жолдасыңа : «Сенің ісің, не сөзің дұрыс емес» деп, бірден айтпа, ер адамның ашуы алдында болады, күтіп ал, сабыр ет, уақыт өтсін. Ер азамат ас ішкен соң (ер адамның әлсіз тұсы -тамақ) ашуы тарқай бастайды. Егер сені тыңдайтындай сыңай білдірсе, сөзіңді баста. Сонда да «сеніңкі дұрыс емес» деп емес, «асықпайық, ойланайық, күйіп бара

жатқан жоқ, ақылға кел, егер сен осыны істесең, сенің абыройың өседі, ол адам да бізге көмектесіп еді ғой, т.б.» деп, екеу ара келіспеген болсаңдар да, уақыт өткен соң: «... біздің мәселемізді өзімізден басқа ешкім шешпейді, оған біреулерді қатыстыру дегеннің өзі ұят, бақытты екеуміз жасаймыз, егер екі жаққа кетсек, жол өте алыс, ұзап кетеміз, бір-бірімізге карама-қарсы жүрсек, жол өте жақын, сондықтан алыстау да, жақындау да өз қолымызда. Үлкендердің ақылсыз шешімінен кішкентай балалар қасірет шекпеу керек...» деген сияқты сабырлы сөздерді айту керек. Ақылды әйел үйдің қазынасы, шуағы, соны ұмытпа, балам.

Әйел-ана ақылды болмай, адамдар бақытты болмайды.

### ***Қонақ шақырып, төріңді көрсет***

Тоғызыншы ғасырда Қорқыт бабамыз: «Қонақ келмеген үйдің тұрғанынан құлағаны жақсы. Қонақсыз үй – мазар» деген екен. Қазіргі заманда «қонаққа шақыру мәрттік емес, қонаққа бару – мәрттік» дейді. Бұл сөздің де шындығы бар. Адам баласына уақыттан қымбат ештеңе жоқ. Сенің үйіңе келген қонақтың бір күн, жарты күн уақыты кетеді. Ол уақыт – адам өмірінің үлкен бөлшегі.

Қонаққа шақыру – үлкен жауапкершілік. Келген адамдардың уақыты мәнсіз, мағынасыз өтпесін, уақытының босқа өтпегеніне қуанатындай отырыс ұйымдастыра біл. Сондықтан бірге отыра алатын, бір-бірлерін қадірлейтін, құрметтейтін, әңгімелері жарасатын адамдарың басын қосып шақыру керек. Әңгімені шақырған адам бастайды, сонда бүгінгі бас қосудың себебін, мақсатын айту керек. Мысалы:

«Сіздердей абзал азаматтарға үйімізді көрсетіп, төрімізге отырғызу көптен бері ойымызда жүр еді. Сіздердей ел азаматтарын өзіміз ғана біліп қоймайық, балаларымыз көрсін деп ойлап едік, сіздермен мақтанып жүретінімізді естіген біздің ең жақын досымыз сіздермен танысуға, әңгімелесуге соншама құмартты, сондықтан бастарыңызды қосып едік, т.б. сөздермен келген қонақтардың мерейін көтере сөйлеу керек. Сонда тақырып өзінен өзі белгілі болып, әр қонақ өз жауапкершілігін сезіне, әңгімеге араласатын болады.

Үйіңе келген қонақты патшадай сыйла. Көңіліне келетін сөз айтушы болма. Қабағыңды кіржитпе. Қазақ айтады, «Қонаққа тамағыңды емес, қабағыңды бер» деп, ендеше жарқылдап жүріп, күліп-ойнап берген асың жұғымды да, сіңімді болады.

Қызым, кейде шақырылмаған қонақ та келіп қалады, не болмаса түн ішінде күйеуің досын ертіп келуі мүмкін, қанша жерден жақтырмай тұрсаң да, білдірме, сездірме. Кішкене ұйқың бұзылса, түк етпейді. Күнде келіп жатқан жоқ. Барыңды дастарханға қойып, күтіп жібер. Содан кейін жолдасың да, оның досы да саған разы болады. Алда-жалда күйеуің жолдастарын ертіп келуді жиілетіп жіберсе, қонақтың көзінше емес, онаша отырғанда ашуланбай айтуға болады.

Арнайы шақырған қонаққа жақсы дайындал. Дастарханың берекелді болсын. Асатын етті келетін кісілерге қарай сал. Қадірлі үлкен кісіге малдың басын және қасына жамбас қоясың. Асықты жілік, тоқпан жілік және бел омыртқа, жауырын, жезде, күйеубалалар болса, оларға төс салуға болады. Турауға да ет болатын болсын. Еттің семіз болғаны жақсы. Бас-сирақты жалпы етпен емес, бөлек асқан дұрыс. Бастың құйқасы

сыпырылып кетпес үшін асықпай жай отқа қайнату керек, тіптім басты таза мәрліге орап, байлап та асуға болады, бастың тісі қағылған, жақсы жуылған болсын. Еттің де көбігін қайта-қайта алып тұрып, сорпаны сапырып отыру керек. Сонда еттің көбігі жабыспай, таза піседі. Ет көп пісіп кетсе де дұрыс емес, аз қайнатып, қатты етуге де болмайды. Сыйлы қонақтарға сүйектердің етін алмай, тұтас қойып, астына бос етті турап, тұздығын құйып апар. Ет табақтың ернеуінен сорпа төгіліп тұрмасын, қонақтардың үстеріне ағып-тамып жатса, ұят болады. Ал тәрелке, қасықтарыңа мұқият бол. Ыдыстарың таза әрі құрғақ болсын. Су ыдыс-аяқты берген ұят болады. Қонақтардың алдарындағы тәрелкелерін әр тамақта ауыстырып отырған дұрыс. Тамақтың қалдығын, ауыз сүртетін қағаздарды, т.б. тез арада алып кетіп, қонақтың алдын таза етіп қою керек. Салаттарды да сүйсініп жейтіндей, дәмді жаса. Қандай тамақ жасасаң да, қонақтарың сүйсініп жесе екен деген тілекпен жасасаң, ол дәмді болады. Суық ет, тауық, балық қойғанда да тамаша етіп көкпен безендіріп қой, ал енді шай мәзіріне ерекше дайындық керек. Тәтті тағамдардың ең жақсысын алуға тырыс. Құрғақ жеміс-жидектердің де тазасын, жақсысын ал. Қымбат екен деп, арзанға жүгірме. Базардан алған өрік, мейіз, аршылған жаңғақ, кишу, миндаль дәндерінің барлығын жуып, дәндерді духовкаға салып кептіріп ал. Рас, қазір бәрі дүкендерде бар, бірақ соған қарамай, бауырсақ, чак-чак, қаудырлақты, самсаны, тортты үйде дайындаған жақсы. Кез-келген адам үйдің дәмін бағалайды. Қонағыңа сый-сияпат жасайтын болсаң, салмақты етпей-ақ, бір жағдаятты (ойын, би, неше түрлі жарыс т.б.) ұйымдастырып, (приз) ұтыс -сыйлық ретінде беруіңе болады.

Шайды үш түрлі дайындаған жөн: қара шай, көк шай, сүтті шай. Әр қонақтан қандай шайды қалайтынын сұрап барып, қалаған шайын құйып бер. Қандай қауырт шаруаларың болса да, қонақтардың шай кеселерін қарап отыр, кейбіреулер бос кесесін ұсынуға ұялады. Қонақтарға беретін сыбағанды дастарханнан алмай, күннен бұрын дайындап қойғаның дұрыс. Мүмкіндігінше, келген қонақтың үйіне қалай жететінін ойластырған жақсы. Егер ол кісілерге көлік келмейтін болса, көлікті жүргізушімен күні бұрын дайындап қойындар.

### ***Шақырған жерге бару керек***

Сендерді қонаққа шақырған адам сендерден басқа адам таппай қалған жоқ. Үйіне (мейрамханаға т.б.) қонаққа шақыру деген – үлкен құрмет, көңіл. Сол үшін шақырған жерге, тырыспай-қырыспай, шын жүректеріңмен барындар. Бара алмайтын жағдайда, бірнеше күн бұрын жағдайларыңды айтып, ескерткендерің жөн. Қонаққа барғанда елден ерекшеленіп баруға болмайды, ол жерде кімдердің болатынын білсең, сол болатын адамдардың деңгейімен санасқаның дұрыс. Қалай болса, солай баруға да болмайды. Ол сыйламағандық болып есептеледі. Қарапайым, өздеріңе қонымды, жарсымды таза киім киіп барған дұрыс.

Қонаққа барғанда да біреуді сынап отырғандай тымырайып отырмай, танымайтын адамдар болса, танысып, аты-жөніңді айт, қай жағынан туыс, не жақын болатыныңды да айтып қойғаның дұрыс. Осылай етсең, қолайсыздық тумайды. Ондай ортада тым ашық болуға да болмайды. Сырын білмес ортаға сырынды айтпа. Біреулерді, әсіресе, жұмыс орнындағы адамдар туралы сөз

айтпа. Сенен біреулер туралы сұрап жатса, ол адам туралы жақсы сөз айтуға тырыс, не болмаса: «Иә, дұрыс адам, өз жұмысын біледі» деп, қысқа қайыруға тырысу керек. Оның қандай мақсатпен сұрап отырғанын сен білмейсің.

Қонаққа барғанда түк көрмегендей, асығып-аптығып тамақ ішпе. Асықпай, төгіп, ағызып алмай, тамақ же. Үй иесі, қонақтарының тамақты жегенін қалайды. Сонда үй иелеріне тамақтың өте дәмді болғанын айтып қойған дұрыс.

Қонаққа барғанда сөз бергенде ұзақ сөйлемей керек. Көп сөз сөйлегенде, басқалар тамақ жей алмай қалады, тамақ суып қалады. Тақырыптан ауытқымай, үй иелерін дәріптеп, мақтап, келген қонақтармен бірге отыруларын үлкен қуаныш екенін айтсаң, жетеді. Өзіңді мақтама, басқалар мақтап жатса да, рақметінді айтып, «болмасаң да ұқсап бақ деген ғой, Сіздерге ұқсасақ, сіздердей болуды арман етіп, сол жолда жүрсек, біз үшін (мен) үлкен бақыт» деген сияқты сөздерді айтсаң, өзіне де жеңіл, қонақтарыңның да беделі артып, қуанып қалады.

Қызым, қонаққа барғанда елдің бәрі айтатын сөзді айтпа, «деніміз сау болсын, аспанымыз ашық болсын немесе т.б.» деген сөздердің жаттанды болғаны сондай, мәні де мағынасы да қалмаған. Алты жасар баладан бастап, еңкейген қарияға дейін сол сөзді айтамыз, қысқасы өзіңнің сөзің болсын.

### ***Үйлену оңай, үй болу қиын***

Біздің халық – дана халық. Еш нәрсені жай айта салмайды. Барлық сөздің негізі бар, «үйлену оңай, үй болу қиын» деген сөзде де үлкен мән бар. «Сүйдім-күйдім» деп, үйленіп алып, үй болуға еш дайындығы болмағаныдықтан ажырасып жататын

жастар қаншама. Сонымен қоймай: «Біздің өз өміріміз, онда елдің шаруасы болмасын» деп жатады. Мүлдем дұрыс емес. Олай деп еш жақыны, еш тәрбие көрмегендер ғана айтуына болады. Ал балаларының тағдыры ата-аналар үшін немқұрайды қарайтын нәрсе емес. Ата-аналарың да жалғыз емес, олардың жақындары, таныстары, достары, дұшпандары бар. Сендердің ойсыз әрекеттерің үшін ата-аналарыңның нәсілі түсіп, жерге қарамасын. Сондықтан үйленуден бұрын үй болуды ойлау керек, үй болу деген өздеріңді өздерің моральдық жағынан да, материалдық жағынан да қамтамасыз ете алуларың. Шамаларың келгенше, ата-аналарыңа салмақ салмауға тырысуларың керек. Сендерді ата-аналарың өмірге алып келді. Бала өзінен өзі өсе салмайды. Оның қуанышы қаншама көп болса, қиындығы да одан аз емес. Оны айтпай-ақ қояйын, кейін өздерің балалы болғанда ғана түсінесіңдер. Сондықтан жастар үйленуге дайындықпен бару керек. Алдағы өмірін жоспарлау қажет. «Үйленмін, одан кейін қалай өмір сүремін, балалы-шағалы боламын, оларды қалай жеткіземін?» «Бәрін Құдай береді» деген жалған сөздің түкке қажеті жоқ, әрекет етпесең, Құдай ешнәрсе де бермейді. Әрекеттің басы – жас кезде, ата-анаң көмектесіп тұрған кезде жақсы білім алу керек, өмір судың ағысымен аға бермей, жас кезден өмірге бейімделіп, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, жақсы дос, жолдас тауып, қоғамдық жұмысқа араласып, оқып жүріп, практикадан өтетін жерді ақылмен, есеппен, кейін болашағыма керек болады-ау деп, өзің іздестіріп, сөйлесіп, табуға тырысу керек. Ешкімге жүк артпай, өз проблеманды өзің шешуге жас кезден машықтансаң, өмірің жеңіл болады. Оқып жүргенде: «Қандай баға



алсам да, мейлі», деп немқұрайды қараған адам, кейін де солай өмір сүреді. «Неге мен төмен баға алуға тиіспін, мен кімнен кеммін? Жоқ, мен калайда жақсы баға алуым керек, оқу мен үшін қазіргі ең көкейкесті мәселе, менің басқа жұмысым жоқ, ата-анамды тым болмағанда жақсы бағаларыммен, біліміммен қуантайын» деген ой болсын. Мұнда баға үшін оқы деп отырған жоқпын, жалпы күресе білуге, қолыңнан келетінді ала білуге, жете алатын жеріңе жете білуді дағдыға айналдырсын деп айтып отырмын.

Қызым, өзіңнің сүйген адамыңмен ашық сөйлес, сендер балалардың ойынын ойнайын деп отырған жоқсындар, сендер өмірдің жаңа белесіне аттағалы отырсындар, ерлі-зайыпты болып, мәңгілік бірге өмір сүруге барғалы отырсындар. «Үйленуге дайынбыз ба?» деген сұраққа екеуің де жауап беріп, дайын болсаңдар ғана, шешім қабылдандар. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының жеке-жеке миссиясы болады, соны нақты бөлісіп алған дұрыс. Еркектің жұмысын әйелі істеп, еркегі ерке боп жүргеннен құдай сақтасын. Күйеуің сені және балаларыңды асырай алатындай әл-ауқатты болсын. Ол үшін ең бастысы ақылы мен намысы болсын. Әйелінің тапқанын ішіп-жеп, масайрап отыратын еркектен құдай сақтасын.

Бар айтарым, қызым, өмір деген өте қиын жұмыс. Ол сенен тынбай еңбек етуді, шаршамауды, ауырмауды талап етеді. Ал ауырып, шаршап қалсаң, ол саған жұмысыңа шыға қой деп жалынбайды. Қала бересің... Содан кейін ішер асқа, киер киімге жарымайсың. Сондықтан әр кезеңнің тапсырмасын уақытында орындап отыруға тиіспіз. Жас кезде жан-жақты, терең білім ал, біліміңді өмірге қолданып үйрен. Білім

деген өзінің мамандығынан басқа да толып жатқан нәрселер: қосымша тілдерді үйрену, шешен сөйлеуге үйрену, топ алдында пікіріңді айтып, қорғай білуге үйрену, қарым-қатынас шеберлігін меңгеру, тіпті сауда жасап та үйрнеу керек.

Одан кейін үй болғанда, барды ұқсата біл. Қазақ бабаң тағы да былай деген: «Мал таппайтын еркек жоқ, құрарын айт, ұл таппайтын қатын жоқ, тұрарын айт» деген. Бұл жерде ер азамат мал табу (дүние табу) керек те, әйел соны ұқсата білу керек екендігін айтып отыр. Менің апам Қалбүбі айтатын «үй» деген сөздің өзіне қарашы, «үй, үйе бер» деген сөзден шыққан ғой. Мен осы үйге келін болып келгелі жарты ғасыр болды, содан бері осы үйге дүние кіріп жатыр, артық боп шығып жатқан жоқ. Бұл үйді ешқашан адам баласы толтыруы мүмкін емес, сондықтан, шырағым, қанағат керек, қанағат – қарын тойдырар, қанағатсыздық – жалғыз атын сойғызар» деп. Шешем Үтән екі күннің бірінде, өзі соншама берекелді, жомарт бола тұра біздерге: «Қарағым, тарта жесең тай қалар, қоя жесең, қой қалар, қоймай жесең, нең қалар?» деуші еді. Адам баласында есепсіз дүние жоқ, есепсіз дүние Аллада ғана. Сондықтан келген мен кеткенді есептеп отыру керек. Ертеңгі күніңді ойламай, қазіргі тамағыңды ішпе.

Балам, тым астамшылық, артық ас, артық киім, артық дүние адамды қалыбынан тайдырады, соның қажеті жоқ. Жақсы өмір сүруге тырысу керек, бірақ шексіздікке ұмтылмау керек. Бір ғана өмірді береке-бірлікте, сыйластықта, адамдармен жақсы қарым-қатнаста өткізу керек. Өсек тыңдап, не айтып, түкке керегі жоқ көпіршік киноларды көріп, өміріңді өткізсең, ең аяныштысы сол болады. Жақсы өмір – өзің қуана білу, жұртты қуанта

білу. Ұрыс-керіспен, түсінубеушілікпен өткен өмір – жанды егеулегендей, жанды бебеулеткендей өмір. Ондай өмірден саналы адам аулақ болуға тиіс.

Ер-азаматыңды сыйла, елдің көзінше ақыл айтып, жөндеуге тырыспа. Азаматыңды әрқашан қанаттандырып, мақтап, дем беріп отыр. Жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа бағыттап отырсаң, асыңды шын көңілмен беріп, ол келмей тамақ ішпеді әдетке айналдырсаң, күйеуің әрқашан үйіне асығып тұратын болады. Келдің бе, кеттің бе демесең, келмей қалуға дайын тұрады. Әйел баласы – ер адамның ақылшысы, сабырға шақырушысы, бапкері, күтушісі. Ер азаматтың үсті басы таза болса, тозбай, тонбай жүрсе, әйелінің жақсы болғандығы. Тұрмысқа шыққан соң күйеуіңе енді өзің иесің, сондықтан одан таза жүруді, саналы, болуды өзің талап етуге тиіссің.

### ***Өмірге әкелген балаларыңа жақсы тәрбие беріңдер***

Қызым, бала сүйіп, әке, шеше атану – үлкен бақыт. Бала сенің тіршілігіңнің қайнар бұлағы, сенің өміріңнің жалғасы, сенің керемет туындың сияқты. Оған қалай болса, солай қарамау керек. Өмірге келетін баланы бақыт деп санап, қуанып қарсы алу керек. Тіпті сол саланың ғалымдары бала өмірге келмей тұрып та, онымен сөйлесу керек, кереметтей классикалық музыка тыңдату керек деп жатады. Қаншалықты рас екендігін, шынымды айтсам, білмеймін. Біз өмірге келе салып та тәрбие беруге құлықсыз боламыз. Кішкентай ғана сәби не түсінеді деп ойлаймыз. Жарық дүниені көрген бала адам болып туылған соң адам әрекеттерін түсінеді, сондықтан баланың көзінше

әдепсіз болмау керек, жаман сөз айтпау керек. Оның жанына жағатын әуендерді тыңдатып, жылы, жұмсақ дауыспен бесік жырын айтса, бала тынышты болады. Баяғыда әжелеріміз, аналарымыз айтқан бесік жыры бабаларымызды батыр етіп, бауырмал етіп тәрбиелеген ғой. Қызым, сондықтан бесік жырын жаттап ал.

Тәртіпке үйретіндер. Адамды бақытсыз ететін нәрсе – тәртіпсіздік. Өмір сүрудің тәртібін үйретіндер. Сонда ғана балалардың болашағына алаңсыз болуға болады. Алдамау, ала жіпті аттамау, қу болмау, бұзақы болмау, тіптім, ең ақыры, жол ережесін бұзбау да бақытқа апаратын жол... Өздерің де дұрыс тамақтанып, балаларыңа да дұрыс тамақтану тәртібін үйретсеңдер, өздеріңнің де, балаларыңның да дені сау болады. Денсаулық деген – бақыттың зоры.

Ата-ананың ең негізгі парызы – ұрпағына ана тілін, салт-дәстүрін үйрету. Қызым, баланың тілі – туған анасының тілі, біздің дана халық «ата тілі», «баба тілі» деген, «ана тілі» деген. Ендеше тіл, қазақ тілі, ұрпаққа қалдыратын тіл аналарға аманат етілген. Ал, тіл – барлық ізгіліктің, ұлылықтың бастауы, кілті. Ана тілінде жақсы сөз есітіп, жақсы тәрбие алған адам жаман адам болмайды.

### *Достыққа адал болыңдар*

Достыққа адалдық – өте парасатты адамдардың ғана қолынан келеді. Себебі дос деген сөздің өзі киелі, қасиетті. Ол барлық нәрседен жоғары тұратын сияқты. Онда жұбын жазбайтын қос аққудың қасиеті бар. Онда басқа адамдар біреуін көрсе, екіншісін іздейтіндей, «досың қайда?» деп сұрайтындай түсінік бар. Соныдықтан да адал достар өмірде сирек

кездеседі. Балам, егер сенің сондай жан досың болса, сен бақыттысың. Досыңды жоғалта көрме.

Дос, жора-жолдастарыңмен шынайы араласындар. Жасандылық, көре алмаушылық деген болмасын. Достарыңның жеңісіне, жетістіктеріне бірге қуанындар.

Үйлі-баранды болған соң, асыра данғазалық, ойсыз көңіл көтерушілік жараспайтын сияқты. Кейбір жора-жолдастар әдепсіз сөз сөйлеп, анайы қалжыңдасып жатады, сондайдың керегі жоқ. Басқа адамдарға соншама ерсі көрінеді. Құлыным, тәртіп деген қасиетті құрал бұл жерде де керек.

### ***Қайын жұртың – ол да жұртың***

Қызым, біздің халықтың мынадай дана сөзі тағы бар: «Барған жеріңе судай сіңіп, тастай бат» деген. Мен де саған осы тілекті айтамын, анаң мен де өз елімнің, туған-туыс бауырларымың еркесі болатынымын. Басқа елге келін болдым, үш перзент сүйіп, ана болдым. Қызым, сен де ана жолын ұстайсың. Сен жақсы болсаң, біздің беделіміз, мәртебеміз әрқашан биік, жоғары болады. «Көргенді жерден қыз алдық» десе, төбеміз көкке жетеді. Жарығым, келін деген мәртебеге ие болған соң, балалықты қоясың. Ата-ененді қадірлеп, сыйлап, асыңды дайындап, алдына қойып, алдынан кесіп өтпей, бақшыйып, одырайып тіке қарамай, сыпайылық таныт. Ешқашан жолдасыңа: «сенің үйің, әке-шешен», т.б. сол сияқты сөздерді айтушы болма. Әке-шеше деген – бізбіз. Соны ұмытпа, қызым.

Әр ана өз баласын қызғанады, ол табиғи жағдай, ол жағдайдан шығатын жол – ата-енеңе немере сыйлау. Егер өзің ақылды, кішіпейіл болсаң, енең баласынан сені кем көрмейтін болады. Ал екінші жолы, баласы елеп-ескермей жатса да, сен ата-енеңнің туған күндерін,

мерекелерін ұмытпа, жақсы сыйлық жаса. Балам, ол еш жағымпаздану емес, жақсы қарым-қатынастың дәнекері ғана. Егер сен жолдасыңның ата-анасын сыйлап жатсаң, күйеубаламыз да бізді құрметтеп, сыйлайтын болады.

Қызым, тек ата-енелеріңді ғана емес, барған еліңді, ағайын-туыстарын сыйлай біл, оларға өзінді сыйлата біл. Жолдасың сені туыстарының көзінше сыйлап, қадірлеп тұрса, олар да сені сыйлайтын болады. «Ері сыйлаған әйел есікте отырмайды» деген сөзді де бабаларымыз айтқан.

### *Өмір – өзен*

Өмір – сынап, бір жерде тұрмайды. Бүгін – бойжеткен; ертең – жар, келін, ана; бүрсігүні әже боласың. Уақытты ұстап тұрар шама жоқ. Әр кезеңнің өзінің тартар тартуы да болады, алары да болады екен. Тартуы – ұрпақтарың, алары – жастығың, қуатың. Балаларыңды өмірге әкелген соң, оларға қалдыратын асыл мұраң – тәрбие ғана.

Алдыңғы толқын үлкен кісілер өмір көшін аяқтап, қайтпас сапарға да кетіп жатады. Ол – өмірдің заңы. Ежелгі дәуірдегі «Күлтегін» ескерткішінде: «Адам баласының бәрі өлгелі туған» деген сөз бар екен. Ол рас балам, «өлместі Алла жаратпайды, тозбасты ұста соқпайды» деген. Өмірден қартайған ата-аналары өтсе, ол – бақыт. Ұрпақтары аман болса, ол – бақыт. «Атамдатсаң атамдат, ботамдатпа» деген керемет ұлы сөз бар. Ұрпақтарының «атам-ау, апам-ау» деп жылағаны жарасымды, Алла ешбір адам баласын «ботам-ау» деп жылатпасын.

Балам, өмірдің бір кезеңінде біз де көшеміз. Сендер, біздің ұрпақтарымыз ата-аналарыңды арулап, ұлы жер қойнына тапсырасыңдар. Қызым, ата-ананы жоғалту

оңай емес, бірақ сабыр қылу керек. Артын күтіп, келген адамдарға көңіл бөліп, сабырмен әрекет етіңдер. Егер Алланың жазуы болып, аналарың өмірден әкелеріңнен бұрын кетіп жатса, әкелеріңді екінші рет үйлендіру – балаларының міндеті. Кейбір балалар әкелерін қызғанып, үйленуіне қарсы болып жатады, ол дұрыс емес. Ер адамға өте қиын, келіннің күйеубаланың қасы мен қабағына қарап отыра алмайды, әңгімелесетін, ойын айтып, отын жаққызатын әйел керек.

Қызым, ата-ана балаға мәңгі жолдас болмайды. Өздерің қыз ұзатып, келін түсіріңдер, немере сүйіп, қызығын көріңдер, жастықты ақылмен шығарып салып, қарттықты қадірлеп қарсы алыңдар.

Ата-ана аманатын ұрпақтарына жеткізіңдер.

### *Тілек айтып үйрен*

Тілек айта білу – парасат көрінісі. Тілек қысқа да, тұжырымды болғаны жөн. Елдің бәрі айтатын сөзден қашу керек. «Денсаулық тілеймін, аспанымыз ашық болсын» деген сөздерді бақшадағы баладан бастап, егде тартқан қартқа дейін айтады. Жақсы сөз, жақсы тілек, оған талас жоқ. Бірақ барлық адамның аузынан шыға берген соң жүректен шықпай, жаттанды сөзді айта салғандай көрінеді. Одан да шын көңілден қарапайым болса да өз сөзіңді айтуға тырыс.

**Досқа тілек:** Адам баласы үшін өзінің өмірге келген күні, жарық дүниені көрген күні – ең бақытты күні. Сондықтан жыл сайын сол күнді тойлау, қуаныш ету, өзіне жақын адамдардың да сол күні қуануы – заңды нәрсе. Мен үшін де досымның (не бауырымның т.б.) өмірге келген күні – мен қуанатын күн. Дәл сол күні ата-анамыздың тілегін беріп, Алла барлық

сәтсіздіктерден қорғап-қоршап, «жарық дүние, мен келе жатырмын» деп, шар етіп жылап келген досым бүгін жиырмаға толып отыр. Маған осындай адал дос сыйлаған Аллаға, анамызға, әкемізге алғыс айтқым келеді.

Досым, жиырма жас деген – орда бұзар отыз жас емес, бірақ сол отызға ірге болар негіз қаланатын, дайындық жас. Балалық дәуренмен қоштасып, азаматтық дәуренді бастайтын жас. Мен саған жастың жалынын ерте сөндіріп алма, алға қойған мақсатыңа жетер табандылық, зор денсаулық, басыңа амандық тілеймін.

**Әкеге тілек:** Әке, біздің халқымыз: «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ» деп айтып жатады ғой. Ол сөздің қаншалықты рас, өтірігін білмеймін. Мен үшін Сіз, өнегенізбен өмір бойы көз алдымда тұратын – ұстазсыз. Өмір сүруге үйреткен ұстазсыз. Ұстаз деген дәріс оқыған оқытушы емес, өмір сүруді үйреткен адам. Мен Сізден өтірік сөйлемеді, ешкімді алдамауды, адал еңбек етуді, ата-ананы қалай қадірлеу керек екенін, жарды қалай сүю керектігін, баланы, немерені еркелетудің түрлерін, достармен адал қарым-қатнаста болу керектігін, бәрін-бәрін үйрендім. «Әкенің жақындығы жездедей» деген сөзге мен өз басым басы бүтін қарсымын, Әкеге әлемде адам жетпейді. Оның орнын ешкім ауыстыра алмайды. Алладан тілер тілегім, бақытты, денсаулықпен, немере-шөбере қызықтарымен безендірілген сұлу Өмір! Әкелік, аталық, бабалық дәуреніңізде тек бақыт көріңіз!

**Анаға тілек:** Анашым, мен үшін барлық бөтен адамдарға тілек айту сізге тілек айтудан әлдеқайда жеңіл. Оның себебі сіз менсіз, мен сізбін. Ал адам өзіне-өзі



тілек айта алмайды ғой, Мен Сізге шексіз алғысымды айта аламын. Алғысым шын мәнінде, шексіз. Анаған алғыс айтамын, мынаған алғыс айтамын деп бөлшектеп айтарым жоқ. Барлық бақытты, жарық дүниенің нұрын, қасиетті, қадірді, тіпті мен сөйлеп тұрған тілім, ана тілімді де Сіз бердіңіз. Анашым, ақ сүтіңнің қарызын айтпағанда, мен үшін көрген қиындығыңның, бөлінген ұйқыңның, көзің талып күткен кездеріңнің қарызын да өтеу маған қиын болып тұр. Мен Сізге ана, тек Сіз үшін мен ауырмауға, жылы киініп жүруге, жаман әдетке салынбауға, өзің айтқан адам атыма лайық өмір сүруге уәде беремін. Одан басқа Сізге ешнәрсе керек емес екенін мен білемін. Ана, дүниенің жарығын сыйлаған ана, өзіңнің «мен бақыттымын» деген үнінді есітуден артық бақыт маған да жоқ. Сол бір ауыз құдіретті сөзді сіздің айтуыңыз үшін өмірімді сол тілекке арнаймын. Алладан Сізге сұрарым, ауырмасаңыз екен, аман болсаңыз екен.

**Үйлену тойында айтылатын тілек:** Адам өмірінде тұңғыш рет өте көп тілек айтылатын күн – үйлену тойы. Сондықтан үйлену тойында тілекті қысқа да нұсқа айту керек деп ойлаймын. Жас жұбайлар, үйлену деген жауапкершілігі көп, ауыр қызметке өз еріктеріңмен, бейнелеп айтсақ, махаббаттарыңмен кірдіңдер. Күйеу, әйел, келін, ана, әже, әке, ата, қайын ата, қайын ене дәуреніне бастайтын жолға түстіндер. Жолдарың ақ болсын, қызметтеріңнен қысқарып қалмаңдар, бақыт деген желкенді кемені екеулеп соғып, өмір-дарияда бірге жүзіндер дегіміз келеді. Бақыт деген дәулетті, сәулетті достарың болсын!

**Шілдеhana, яғни, баланы қырқынан шығару тойында айтылатын тілек түрі:** Дүниеге сәлем

беріп келген сәбидің тұңғыш тойын тойлауға жиналып отырмыз. Өмірге келген сапары оң болсын, бақты тұтас болсын.

Қырқынан шығару деген сенім ғой, бірақ негізі бар сияқты. Қырық деген киелі сан. «Қырықтың бірі – қыдыр», «қайып ерен қырық шілтен, «қырық жыл соғыс болса да, ажалды өледі», «отыз күн ойын, қырық күн тойын» т.б. Дүниеге келген сәбидің ана құрсақтағы шашын, тырнағын қырық күннен кейін алуда да үлкен мән бар сияқты. Қырық күнге дейін бала осы өмірге үйреніп, ана құрсағынан алып келген қаруы – тырнағын, түгі-шашын тастап, адамдар мекен ететін, өмірге аяқ басады. Баланың осы қуанышын етжақын туыстары тойлайды, үлкен кісілер бата береді. «Батаменен ер көгерер» деген сөз рас болса, сәбиіміз көктеп өссін, шынардай биік, емендей мықты, қайындай сұлу, көркем болсын, елдің елеулісі болсын!

**Баланың тұсаукесер тойында  
айтылатын тілектің түрі:**

Бір жасқа толып, тәй-тәй басқан баламыздың күрмеуін шешіп, тұсауын кесіп, үлкен өмірге жолын ашуға жиналып отырмыз. Ала жіппен аяғын күрмеп байлап, (ала жіптің мағынасы – өмір, күн мен түн деген мағынаны білдіреді), қайшымен оп-оңай етіп кесетін салт-дәстүріміз де жақсы ырым. Күрмеуін шешіп, тұсауын кескен абзал ағамызға (я апамызға) тартып, үлкен азамат болсын. Тән саулығы мен жан саулығы үндесіп, рухы асқақ, елжанды азамат болып өссін. Қадірлі ағайын, осы сәбидің бақытты ғұмырының негізін салуға баршамыз үлес қосайық, ол үшін бәріміз аман болайық!

**Тілашар тойында айтылар тілектің түрі:**

Баламызды саналы өмір әлеміне ендіруге жиналып отырған қадамдарыңызға гүл бітсін. Білім жолы – нұрлы жол деп тегін айтпаса керек. Балам, білім сапрын оң болсын, білімнің терең, мәртебең зор болсын! Он бір жылдан соң аман-есен кездесіп сенің мектеп бітіргенінді көріп, сенен бәріміз емтихан алатын болайық. Сол емтиханнан сүрінбей өтсең, біздің тілегімізді Алланың бергені деп санаймыз. Алла сол жақсы күнге баршамызды жеткізсін!

**Сәбидің қырқынан шығару немесе шілдехана тойында айтылар сөзге ой.**

Қымбатты ағайын, Сіздер бүгін адамзаттың ұлы тойына жиналып отырсыздар. Қош келіпсіздер. Ізгі ниетпен келген тілектеріңізді Алла қабыл алсын!

Нәрестенің жолы даңғыл, көңілі шат, өмірі өлең, ақылы терең болсын. Осы баламыздың ұзақ өмір сапарындағы тойларында төрт көзіміз түгел болып, ортақ тілекте қауышып жүрейік.

Нәрестені қырқыннан шығарудың үлкен мәні бар. Қырық күнге дейін бала ана құрсағындағы шашымен, тырнағымен жүреді. Қырық күнге дейін сәбиді көпшілікке көрсетуге болмайды. Бала қырық күн ішінде мынау дүниенің ортасына қалыптасып, үйренеді. Қалыптаса бастағандығының белгісі, бала мазасызданып, шашы мен тырнағын ауырсынғандай болады, баланың өсу үрдісін бақылап отыратын әже, апалар, кейде қырық күн болмаса да «шығара беруге болады» деп, баланың шашын, тырнағын алып, қырық құмалақты суға салып шомылдырады. Құмалакпен бірге суға күміс теңге, сақина салатын болған. (Құмалақтың микробын күміс өлтіретінін білген шығар?) Баланың қырқыннан шықанша киген көйлегін ит көйлек деп

атайды, анасы ит көйлегі мен шашын орап сақтап қояды да, тырнағын адам аяғы баспайды-ау деген жерге көміп тастайды. Міне, енді ғана біздермен құқы бірдей осы дүниенің азаматы болды. Сондықтан қазақ атаң қырқыннан шығару тойын жасаған.

Тойға келген көп қауым, жақсы тілек тілеп, бата бердініздер, тілектеріңізді періштелер әумин десін. Байқап қарасаңыздар, Алла өмір берген пендесін қараусыз қалдырмайды екен. «Құласа, жер көтереді», «жетіге келгенше, жерден таяқ жейді», көрдіңіз бе, жер –ана жас нәрестеге жалын төсейді. Желеп-жебеп періштелер жүреді. Өздеріңіз талай естіп жүрген «періштесі қакқан ғой» деген сөз тегін айтылмаса керек.

Нәрестенің өмірде жүзі жарық болсын, ата-анасы аман болсын, Алла ата-анасына балаларының бақытын көретіндей ұзақ ғұмыр берсін. Отбасында береке, жүрген жері мереке болсын.

### **Тұсаукесер тойы**

«Тұсаукесер» тойын көбінде бала бір жасқа толғанда тұсаукесер жасайды. Бір жасқа дейін бала анасының ақ сүтімен қоректенеді, баладан уыздың исі шығады. Бір жасқа толғаннан кейін, бала ана сүтіне қанағат етпей, басқа тағамдарды жей бастайды. Баланың басындағы еңбегі (сүйегі) катады, қаз-қаз тұрып, тәй-тәй басады. Баланың күнделікті өскенін бақылап отырған ата-анасы үшін бұл – үлкен қуаныш. Содан кейін атадан балаға мирас болып келе жатқан тілеу тойы – тұсаукесер тойын жасайды. «Балам сүріншек болмасын, жолы ашық болсын деген оймен ел құрметіне бөленген сыйлы адамға баласының тұсауын ырымдап кестіреді, « сол кісідей болсын, сол кісінің жолын берсін» деген ниетпен.

Баланың аяғына байлайтын тұсауды ақ пен қара жіптен еседі де, екі аяғының ортасынан айқастырып байлайды. Ақ пен қара – күн мен түннің, өмірдің белгісі. Міне, сөйтіп, баланың үлкен өмірге тұсауы кесілді.

Тұсау кескенде ырымдап, баланың алдына нан, кітап, ақша немесе алтын қояды. Бала қайсысын алса да жақсы ырымға жориды. Нан алса, елге тоқшылық болады екен, дастарқаны тоқ, берекелі болады; кітап алса, білімді, қолына қалам ұстаған, ырызығын жазу-сызудан табатын болды дейді; алтын не ақша алса, бай, дәулетті болатын болды деп қуанады.

Үлкен кісілер сәбиге бата береді, тойға жиналған қауым тілек айтады. Өмірге жаңа аттаған қадамына сәттілік, жолына нұр, бағытына бақыт шамы жарқырауын тілейді.

### Тілашар тойы

«Жетіге келгенше жерден таяқ жеп», шынығып өскен бала оқып, білім алуға жарады. Білімнің ұзақ сапарына аттанатын перзентіне тілеуі жақсы ағайын-туыс, дос-жарандардан бата алу үшін, ата-анасы той жасайды. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген, аузы дуалы адам болса, айтқанын періште әумин дейді. Жалпы, тілек деген жақсы нәрсе, себебі, ол адамға қорған жасайды, жаман энергиялардан сақтайды. Жеті жасар бала барлық сөйлеген адамның тілек-сөздерін тыңдап отыра да алмас, бірақ балаға арналған сөзді ата-анасы тыңдайды, періштелер арқылы көктегі Тәңірге жетеді. Бала Алланың қарауында болады.

Үнді халқының бір дана адамы былай деген екен екен: «Балаңды бес жасқа дейін патшадай көр, бес жастан он бес жасқа дейін құлша ұста, он бестен ары қарай дос бол» деп. Өте дұрыс тұжырым. Себебі бала бес жасқа дейін еркін

өссе, батыл болса, онда еркіндік аурасы қалыптасады, ол адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын болады, өз ойын айтып, өз дегенін болдыра алады. Ал бес жастан он бес жасқа дейін баланың еңбек етіп үйренетін уақыты, еңбекпен бақытты болатынына көзі жету керек. Ата-ана, ағайын-туыс балаға осы жаста бас-көз болып, қатаң талап қоя білгені жөн. Өміріне қажетті білім мен дағдыны ала білудің жолына түскен баламен дос болсаңыз өкінбейсіз, жолдас болсаңыз жолда қалмайсыз. Қазіргі қым-қуыт заманда балаға екі көзбен емес, жүз көзбен қарау нағыз көкейкесті мәселе болып тұрған жоқ па?

Тілашар тойына келген әр адам бала тағырына өз әсер-ықпалын тігізіп, өз өнегесін көрсетсе, нұр үстіне нұр болады.

### Үйлену тойы

Үйлену – оңай, үй болу қиын. Үйлену басқа біреудің жауапкершілігін өз мойнына алу. Бақыт – зәулім сарай, оны тұрғызу үшін екі адам жанын салу керек. Ол сарайда ұрпақтарың тұрады. Сарай өзінен өзі тұра қалмайтынын түсініңдер. Жаңа үйленген жас жұбайлар бірінші бір-бірін жақсы көру керек, екінші шыдам керек, үшінші парасат керек. Болар болмас нәрсеге бола ренжісе берсендер, бір-біріннен суи бересіндер, ренжісіп қалсаңдар тез татуласуға тырысыңдар. Дәл сол жерде парасатты іске қоса қойсаңдар болды. Бөтен адамдарға үйрену де оңай емес, салыстыру деген пәле қасыңнан бір елі қалмайды, «біздің отбасымызда бұлай етпейді, сендерде осылай екен» деген сөздерді жаңа түскен келіннің көп айта беретіні сондықтан. Ол сөзді айтудың қажеті жоқ, ауыздың арғы жағында көп орын бар ғой, сол жерге сақтап қой, кейін бәрі жақсы

болғанда ұмытып кетесің. Ал айтсаң, сен ұмытсаң да, естіген адам ұмытпайтын болады.

Екеуінің ата-аналарына сендердің бақытты өмірлеріңді көру – үлкен қуаныш. Сендерге өмір сыйлаған ата-ананы қуанту сендерге не тұрады?

### **Бала мектеп бітіргенде айтылатын тілек түрі**

Бүгінгі тойдың мәні де, мағынасы да зор дер едім. Бүгін ағайын туыс осыдан он бір жыл бұрын тілеген тілегімізге қайта оралатын күн. Біз сонда он бір жылдан соң кездесіп, емтихан алып, ары қарайғы өміріне бата беріп, жолын ашайық дегенбіз. Міне, Алла сол күнге бізді жеткізді. Мектеп өмірі адам өмірінің үлкен бөлігін алатын өмір. Мұқағали ақын өте дәл айтқан: «тарыдай болып кіріп, таудай болып шығасың» деп. Таудай болған азаматымызға ақ бата беріп, жақсы тілек тілейік!

## ЖАҢА ШАҢЫРАҚ КӨТЕРГЕН ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА

*Қараңдаршы, шаңырақ та дөңгелек, отау (киіз үй) да дөңгелек... Күн де, Ай да, Жер де дөңгелек. Ол – шексіздіктің белгісі. Ендеше, сендердің махаббаттарың да шексіз болады. Өмір сүрудің ережесі ол – бір-біріңді сыйлау, құрметтеу, жақсы көру.*

Қадірлі жастар, сендер өмірге бір Алланың рахымымен келген едіңдер. Осы кезге дейін екі үйдің еркелеткен баласы болдыңдар, алдарыңда ас болды, ата-ана мейіріміне бөленіп, еркін өмір сүрдіңдер. Енді Аланың бұйрығы сендерді қосып, ерлі-зайыпты етті, жеке шаңырақ көтердіңдер, жеке үй болдыңдар. Халқымыз: «Үйлену оңай, үй болу қиын» дейді. Қиын болатын себебі, екі отбасының баласы осы кезге дейінгі өздері үшін дұрыс болған әрекеттерінен бас тарту керек, ортақ әрекетке, ортақ ережеге мойын ұсынуы қажет. Ол оңай емес. Қалыңдық қыз-дәуренін ұмыта алмай, күйеу жігіт жігіттік дәуренін ұмыта алмай, екеуі үшін орнаған жаңа ортаға жатырқап қарайтыны болады. Қыздың ата-анасы да үкідейін үлбіреген еркелерін алып кеткен жігітке сынап қарайды. Ал ұлдың ата-анасы да үйіне енген келіннің әр қимылын, әр ісін, сөзін бағады. Ол – заңдылық, жаңа нәрсеге де адам қарай береді емес пе? Мұның бәрі – өтпелі, сынақ кезеңі. Бұл қиындықтан сендерді бір-бірлеріңе деген адалдықтарың, сенімдерің, махаббаттарың алып шығады. Жауын жауғанда қолшатыр керек екенін білесіңдер ғой.



Сезім деген керемет нәрсе. Ол да жүректеріңе Алланың салған жылылығы, нұры. Қарандаршы, Алла есепсіз дүние береді екен, біздер орнымен дұрыс пайдалана алсақ болғаны, бақытты болады екенбіз. Отбасының енді бірің – Отағасы, бірің – Отанасы боласындар. Сендер адасқан жоксындар, дұрыс жолдасындар. Енді аз ғана уақыт күтсеңдер, сендердің тұңғыш перзенттерің де дүниеге келеді. Ол да керемет. Адам бір қызығы емтиханға дайындалатыны сияқты бәріне дайындады. Үйленуге, тұрмысқа шығуға, әке-шеше болуға, ата-әже болуға ... Солай. Сендер де дайындалындар, тосындар, күтіндер, қуанындар. Дайындалу дегенде жүректеріндегі сезімді тәрбиелендер, жауапкершіліктің салмағын сезіне біліңдер. Ұрпақ сүю деген – үлкен жауапкершілік. Қуанындар. Баланы қуанып, қарсы алындар. Қуаныш – өмірге есік ашқан балаға шашылған шашу. Алладан қуаныштарыңның ұзақ болғанын, перзенттеріңнің ғұмыры ұзақ, дені, жаны сау болғанын тілендер. Балаларыңа жақсы ат қойындар. Ат – Алладан, «жақсы сөз – жарым ырыс» деген болатын бабаларымыз. Сол сияқты жақсы ат та, жарты бақыт. Мәні, мағынасы жок ат қоймаңдар. Балаларыңмен бақытты ғұмыр кешіңдер!

### **Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсін**

Бір қызығы Алла Тағала адамның баласын әлсіз, дәрменсіз етіп жаратады. Басқа мақұлықаттың төлдері туа салып тұрады, сәлден соң тіпті аяғын қалт-құлт басып жүріп кетеді. Ал адамның баласына міндетті түрде көз айырмай қарау керек, тамақтандыру керек, т.с.с. Менімше, оның да сырын бір Алла біледі, балаға деген ата-ана сезімін тәрбиелеп, жетілдіру

үшін, бағасын білдіру үшін осылай жасаған болу керек. Түн ұйқысын төрт бөлген ана, баласын емізіп отырғанда көзінен нұр, тілінен бал тамып, еміреніп иіскеп, еркелетеді. Құйтақандай періште анасының мейір шуағына шомылып, періштелері келіп күлдіреді. Анасы жалма-жан баланың әкесін шақырып, езу тартқан перзенттеріне сүйсіне қарап, бақыттан бастары айналады. Баланы тек анасы ғана емес, әкесі де көп қарап, көтергені жақсы. Баланың толық, сенімді болып өсуіне әке жүрегінен, қолынан берілетін энергияның қуаты өте күшті болады.

Бала болған соң ауырмай тұрмайды, ауырып тұрған жерін айта алмайды, шарасыз сәби шырқырап жылағанда ата-анасының шығарға жаны болмай Аллаға жалбарынады. «Ей, Алла, баламды ауыртқанша, менің өзімді ауырт» деп. Әрине, Алла бәрін көруші, әрі білуші. Ол сендердің айтқандарыңа көне салмайды, сынайды. Сендерге өздеріңнің әке-шешелеріңнің қадірін ұқтырады. «Сен де сәби болғансың, сен де ауырып, олардың есін алғансың. Сол ата-ананың қадірін білдің бе? Енді өз балаң ауырғанда жаныңды қоярға жер таппай жатырсыңдар» дегендей болады. Сонда ойлайсыңдар «е, біздің әке-шешеміз де біздер үшін осылай қиналған екен-ау» деп.

Сондықтан ата-аналарыңызды құрметтендер. Ол – сендердің перзенттік парыздарың. Олар балалары үшін жанын беруге даяр еді. Қымбатты жас жұбайлар, ерлі зайыптылар, ата-ананы алалап бөлмендер, екі жақтағы әке-шешелеріңді ренжітпей сыйлай біліңдер. Олар сендердің қонақтарың, жылы-жұмсақты алдына қойып, көптің ортасында ешкімнен кем болмай көрікті жүрсін деп, киімнің де жақсысын әперіп, барамын

деген жеріне апарып, ашуланып тұрсаң өзінді ұстап, қадіріне жетіндер. «Өз ақылымыз өзімізге жетеді» демей, үлкен кісілерден ақыл сұрап, «осылай жасасак қалай болады?» деп қойсаңдар, олардың өмір сүруге деген құлшыныстары артып: «біз әлі балаларымызға керек екенбіз» деп ойлайды. Ал өмірге құлшыныс – таптырмайтын қуат. Бойында қуаты көп адам, онша-мұншаға мойымайды, денсаулығы да жақсы болады. Көңіл күйі көтеріңкі болады.

### **Ыдыс-аяқ та сылдырлайды...**

Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Ондай сәтте де сабырға келіндер. Біріннің ашуынды біріңтосып алып, кешіре біліңдер. Сыртқа, ағайындарға, көршілерге үйдегі жағдайды білдірмендер. Әсіресе ата-аналарыңа білдірмген жөн. Бір-бірлерінді әке-шешелеріне жамандамандар. Ол мәдениетті, тәрбиелі адамның ісі емес. Өздеріңнің жай, күрделі мәселелеріңді өз ақылдарыңмен, парасаттарыңмен шешіндер, өз үйің – өз мемлекетің, оған сырт адамды араластырмаған дұрыс.

Жандарым, әр үйдің өз қамы болады, әр күннің өз таңы болады. Сендердің үйлеріндегі бақыт таңын басқа жандар атырмайды. Оны өздерің жасайсыңдар. Ағайын-туыс та, ата-ана да, достарың да сендерге серік болмайды. Бақыт деген екеуіңнің бірге күлгендерің, бірге жүргендерің, балаларыңды тәрбиелі етіп өсіргендерің, тіпті өкпелеткендерің, сонан соң кешіре білгендерің.

Қалыңдық, саған айтарым, қит етсе төркін жұртыңа кетіп қалма. Ол – жаман әдет. Осы шаңыраққа келін болып түскен соң, сенің өміріңнің қысы да, жазы да

осында өтеді. Адам баласы кемшілікті біреулерден іздейді, жоқ, бірінші мен қандай қателік жібердім деп өзін тексеру керек. Ренжісіп тұрғанда адамдардың аузынан ауыр сөздер, жанды ауыртатын реніштер шығады. Бірақ, жандарым, «сөз қуған бәлеге жолығады» деген ата-бабаларымыз. Тез ұмытуға тырысыңдар. Екі жаққа кете берсеңдер, алыстап кетесіңдер. Тез бұрылып, бір-бірлеріңе асығыңдар, кешіре білуге асығыңдар. Сендер үй болғанда ант берген болатынсыңдар. Соны ұмытпаған абзал.

Күйеу жігіт, сен отбасының тірегі, шаңырағын көтерген бақан екенінді әсте естен шығарма. Әйел баласы бала көтерген кезде, балалары кішкене кезінде біраз ашуланшақ болып кетеді. Оған түсіністікпен қарау керек. Сен сүйеу болмасаң, басқа адамдардың жүз жақсылығы көзге көрінбейді. Әйел де, ішіндегі, не қолындағы сәбиі де сеніңкі.

Сендер бақытты болуға жаралғансыңдар. Сендерді алда үлкен қуаныштар, жеңістер, молшылықтар күтіп тұр.

### **Әр кезеңнің өзіне тән қызығы болады**

Қымбатты менің отбасын құрған жас достарым! Әрине, сіздер үлкен азаматсыңдар, оқыған, білім алған ...тағы, тағы ... Бірақ сонда да өмірде адамдар қателіктерді жіберіп алып, өмір бойы өкінетіндері болады. Сонда ойлайсың-ау, шіркін-ай, сол кезде бізге біреу, «олай жасамандар, бір-бірінді кешіре біліңдер» деп, тіпті, қатты айтса ғой деп ойлайды. Мүмкін бұл айтылған кеңестердің сендерге, немесе осы кітапты оқыған жастарға пайдасы тиетін шығар?..

Жандарым, әр кезеңнің өзіне тән қызығы, қуанышы,

тынысы болады. Адам жеке жүргенде өз ортасы, араласатын адамдары болады. Ал отбасын құрған соң бойдақ кездегі дәстүрдің озығын алып, тозығын, отбасылық өмірге қабыспайтын тұстарын тастау қажет. Баратын жерге жалғыз барған жараспайды, жолдасыңмен бірге барған дұрыс. Шақырған жерге «мен барғым келмейді, сен өзің бара салшы» десендер, үлкен кателік жасайсыңдар. Сендерді бірге шақырған соң, бірге бару керек. Отбасындағы кірбің, кикілжің көңілді қонаққа ілестіріп бармай, тастап кетіндер. Кісінің үйіне барып алып бір-бірлеріне томсырайып, ала көзбен қарасандар өздеріңнің мәдениеттеріңнің төмендігін өздерің айғақтайсыңдар. Олай жасамауға сендердің саналарың да, білімдерің де жетеді. Қонаққа бірге барар алдында үйде татуласып, бір-бірлеріңді кешіріп алып, жақсы көңілмен табалдырықтан аттандар.

Қонақта көңілді отырып, әңгімеге орнымен араласып, бір-бірлеріңнің мәртебелеріңді асырып, адамдармен шынайы қарым-қатынаста араласып, сөйлесіп отырғанға ешнәрсе жетпейді.

### **Халқымыздың дәстүрінде де терең сыр бар**

Біздің халық – ырымшыл халық. Бірақ сол ырымдардың кейбіреуі көңілге қонады. Солай емес пе? Мысалы, табалдырықты баспа дейді. Неге? Оның себебі ертеректе қазақ әйелі балаларын өз үйінде босанған. Сонда ұл баланың кіндігін үйдің табалдырығының астын қазып, сонда көмеді екен. Ұл осы шаңырақтың иесі деп, ал қыз баланың кіндігін үйден қырық қадам апарып сыртқа көмеді екен. Қыз бала жат жұрттық деген оймен. Сол себепті де табалдырықтың астында осы үйдегі ертедегі бабалардың, ер азаматтардың кіндігі жатыр, оны тек оң аяқпен аттау

керек. Үйге жаңа келін түскенде де табалдырықтың алдында келінге отқа май құйғызады. Ол ежелгі Тәңірге табынған кезден қалған дәстүр болу керек, бабалар рухы отқа құйылған майдың иісінен көтеріліп, жас келінге бата беріп, аруақ колдайды деген сенім.

**Әйел баласына бүйірін таянуға болмайды.** Ол да жаман ырымға саяды. Ертеде жаугершілік заманда ерлері жап-жас боп өмірден озса, жарлары, аналары белін ұстап жылайтын болған.

**Үйге қарай жүгіруге болмайды.** Біреу өмірден озса, сол үйге келгендер үйге жүгіріп келетін болған. Жүгіріп, асығып келе жатсаңыз да, үйге жақындағанда тоқтап, асықпай келу қажет.

**Адамға, малға аяқ көтермейді.** Өйткені адамның да малдың да киесі болады. Кие соқса, мертігу де оңай.

**Дастарқанға алдымен нанды қояды.** Себебі нан – дәмнің басы, Алланың асы болып саналады. Нанды сол себептен қорлауға, қоқысқа тастауға болмайды.

**Алдын кеспеу.** Үлкен кісілердің, жас та болса азаматтың алдын кесуге, бос шелекпен, ыдыспен кесіп өтуге мүлдем болмайды. Ол жамандық шақырады.

**Шаш туралы.** Әйел баласы шашы ұзын болса, тарқатып жүрмейді. Күйеуі өлген әйел шашын жайып жылайтын болған.

**Баланы жұрттың көзінше емізбейді.** Тасалау жерге барып, омырауын жеңіл шытпен жауып емізу қажет. Жас балаға да, емізіп отырған әйелге де сұқ тиеді.

**Жуған кірдің суын адам аяғы басатын жерге төгуге болмайды,** үйдің ырысы кетеді, үйге қырсық келеді.

Қымбатты достарым, жалпы қиын нәрсе емес қой. Ұлтын сүйген – салтын да сүйеді деген қанатты сөз де бар.

**Балдан тәтті балаларыңа жақсы тәрбие беріңдер**

Бала бақшадағы жеміс ағашы сияқты, жақсы күтсең, жақсы жеміс береді. Күтпесең қурап қалады. Бірінші баланы дұрыс тамақтандыруға үйретіңдер. Бар екен деп мешкей қылмаңдар. Тамақты талғаммен жегізіп үйретіңдер. Тамақ ішер алдында, сонынан дастарқанға бата жасап, Аллаға шүкірлік айтуды ұмытпаңдар. Баланың көзі көріп, құлағы есітсін. Тамақты ішу мәдениетін өздерің көрсетіңдер. Ауызды толтырып, қақалып-шашалып, түйіліп жемендер. Аз мөлшерде салған тамақты көп шайнап жеу керек. Тамақты өз алдыңнан ғана алып же, егер алыстау болса, тамаққа жақын отырған адамнан қол жалғап жіберуін өтінуге болады. Қазақта: «Жыламаған балаға емшек бермейді» деген түсінік бар. Ол қайдан шыққан, байыбына ой жүгіртсек, ол дұрыс сияқты. Қарны аш бала, анасының ақ сүтіне аузы әрең жеткенде оның құнын, бағасын, тәттілігін біледі. Анасының қадіріне жетеді. Ал қазір сәбидің қарны ашса да, ашпаса да неше түрлі жасанды тамақтармен үсті-үстіне тамақтандырамыз. Кіп-кішкентай «адам» анасын іздемейді, оған кез-келген адам тамақ бере алады, содан барып анасын қадірлемеуге де жетеді. Жалпы, баланы анасы екі жасқа дейін емізгені дұрыс, уызға жарыған бала кейін текті, жомарт, дархан, денсаулығы жақсы болып өседі.

Ананың бала тәрбиесімен көп айналысуына мүмкіндік тудырған жөн. Отбасының материалдық жағын ер адам саналылықпен мойнына алғаны дұрыс, баланың қасында анасы көп болса, ол бала тәрбиелі де көргенді әрі дені сау болып өседі.

Балаларыңа ешнәрсе жасатпай, ақ саусақ етіп өсірсендер, ол бала өмір сүруге бейімсіз болады,

кейін сендерді кінәлайды. Ата-ана балаға мәңгі серік болмайды. Әке әке жолымен, шеше шеше жолымен балаларына тәрбие берсін, өнер үйретсін. Тамақ пісіріп, кір жуудан бастап, іс тігу, көлік жүргізу, суда жүзу, атта шабу т.б. бәрі – өнер.

Баланы барлық нәрселерден тежеген дұрыс емес. Балаға өз намысын қорғауға, өз сөзін дәлелдей алуға, сөзінде тұруға кішкене кезінен тәрбиелеу керек. Мысалы кейде балалармен төбелесіп қалып, жеңіліп жәбірленіп келуі де мүмкін. Ондайда баланды одан бетер жерге тықпай: «түк етпейді, сен бәрібір, өзіңнің жігіттігінді таныттың. Дұрыс жасадың. Бірақ келесі жолы мұндай жолмен емес, сөзбен, ақылмен әрекет жасауға тырыс. Бабаларымыз: «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деп тегін айтпаған. Қарсыласының дұрыс жасамағанын дәлелдеп айтып, қателігін мойындата білсең, сені бәрі сыйлайтын болады» десең, балада өзіне сенімділік пайда болады. Ал баланы жәбірлеп, кінәлай берсең, оның өзіне сенімсіздігі пайда болады да, өзін қор сезінеді. Табиғаттың заңына бағынуымыз қажет, табиғатта күштілер өмір сүреді. Сол себепті баланы үлпілдете бермей, ыстық, суыққа, бар, жоққа бірдей тәрбиелендер. Өмір сүруге, нан тауып жеуге қабілетті болсын. Оның аузына ата-аналары, сендер мәңгі нан салып отырмайсындар.

Абай атамыз өзінің 33 қарасөзінде: «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген еді ғой. Өнерлі адам өнегелі өмір сүруге қабілетті болады. «Балана қатын әперме, енші берме, балам бала болсын десең оқыт, мал аяма» деген сөзді де XIX ғасырда Абай дана айтқан еді. Балаларға жақсы білім ауадай қажет. Қазіргі заманда білімсіз



адамның өмірді жақсы сүруі қиын. Білім адам жанын нұрландырады, рухын асқақ етеді, абырой-атағын көтереді. Білімді адам қай жерде де өз орнын біледі. Білім мен мәдениет егіз.

Бала балалығын жасамай тұрмайды, оқудан қашып, не болмаса, ынтасы болмай бұзақылық жасауы да мүмкін. Ондай кездерде өздеріңнен гөрі қатаң тәрбиені мұғаліміне, не тәрбиешісіне тапсыру керек. Өз қолыңмен баланды соқсаң, ауыр сөзбен жәбірлесен баланың есінен мәңгі шықпай қояды, ата-анаға деген салқындық пайда болады.

Баланың жанын тәрбиелеуге ұмтылындар. Ол үшін баланы кішкене кезінен өнерге баулып, ән салғызып, өлең оқытып, сурет салғызып, музыкаға бейімдеу керек. Кейін өнер жұлдызы болсын деп емес, табиғатында бар тербелістерді сезіну үшін, сұлулықты тану үшін. Жапонияда зауытқа екі азамат келсе, қайсысы өнерлі, музыкалық сауаты болса, соны алады екен. Себебі өнерлі адамда интеллект жоғары болады.

Баланы тежемендер. Оны ұлылыққа тәрбиелендер. Қашанда оның «жаналығына» мән беріп, «кейін үлкен адам боласың» деп тәрбиелендер.

Ертең балаларың әдепсіздеу болса, ол қайдан үйренді демендер. Ол көргенін жасайды. Мысалы, әке-шешесі үйде отырып, біреулер телефон сокса, үйде отырған адамды «жоқ еді» деп айта салады. Оны баласы есітіп тұрады. Бір өтірікті бала жадында сақтады. Осылай күнделікті өмірде, өтірік, өсек, бос сөз, бос әңгіме баланың қоржынын толтыра береді де, ертең өскен соң бала «жыйнағанын» шығарады.

Балаларың ер жетіп азамат болғанда да ұлды ұяға, қызды қияға қондыру – ата-ананың парызы. Жар

таңдауда да балаларға ақыл-кеңес берудің артықтығы жоқ. Ешбір ата-ана баласына жамандық ойламайды. Сондықтан балалар жар таңдауда тым адасып, сезімді қызығушылықпен ауыстырып, өтпелі өрттің шарпуына түсіп жатса, ата-ана тоқтатып, ақыл-кеңесін беру керек. Ата-анасын қадірлеген бала ата-ана сөзіне құлақ асар болар. Құлақ аспай адасса, сендерге өкпесі жоқ, пешенесіне жазылғанды көреді.

### **Ана тіл – ананың ақ сүтіндей қадірлі**

Ғасырдан ғасыр ұзатып аналардың аманатын ұрпақтан ұрпаққа беріп келе жатырмыз. Қазақ тілінің бүгінгі күнге жетуі соның анық белгісі. Халқымыз: «Аманатқа қиянат жасаған – онбайды» дейді. Осы қарғысқа қалмау үшін аманатқа адал болыңдар. Ұрпақтарыңа ана тілдеріңді үйретіңдер. Қазақ тілінде ғажап сыр бар, онда бойынды баурап алатын тылсым үн, арғы дүниенді қозғайтын қоңыр мұң, сағыныш, еркелететін, «бөпем» дейтіндей емірену, даланың сарынындай гүріл, ғұламалардың тамыры терең толғанысы, бәрі-бәрі бар

Кейбір жастар қарапайым халқынан, қарапайым ата-анасынан ұялады. Неге? Өзі кім? Керісінше сол қарапайым ата-ананды көкке көтерсең ғой, сені бәрі түсінеді, бәрі сыйлайды. Жарқыным, сендер жүз жерден еуропалансаң да, бет-жүзің – қазақ. Сондықтан босқа мазақ болма. Ал тереңге көз салар болсаң, сенің ата-бабаңның өнері, білімі қазіргі күллі Еуропаның өнер-білімінің негізі болған. Күннің Шығыстан шыққаны қандай ақиқат болса, өнер-білімнің де шығыстан шыққаны ақиқат. Ол үшін тарихты тереңірек оқы. Өзіміздің тарихшыларға сенбесең, өзгелердің біз туралы, біздің халық туралы жазғандарын тауып оқы.

Ананың қасиетін бала бойына дарытатын әуен мен сөз күдіреті ұлттық қасиетің кілті. Ананың сағынышы, ананың мұны, ананың қуанышы, ананың тілегі – шынымен-ақ, халықтың тілегі емес пе?!

Кіп кішкене сәби не түсінеді демендер. Ол бәрін түсінеді. Тыңдап үйренеді. Іздеп үйренеді. Біздер балаларымызға бесік жырын да, ертегілерді де біреу айтып беру керектей ойлаймыз. «Неге кітап жоқ, неге анау жоқ, мынау жоқ, орыстарда бәрі бар» дейміз. Қазақ тілінде де көп нәрселер бар. Ерінбей ізде, ақшанды қиып сатып ал. Оқып, жаттап үйрен. Бар дүниені дамыта біліңдер. Ертегі болса, ертегі сюжеті бойынша сахналық көрініс дайындандар. Үйде балаларыңмен бірге ол ойынды ойнаңдар. Дауыстап, мәнерлеп, образға ене отырып, оқып беріңдер. Кішкене балаларың тыңдап, әрі көз алдарына елестетіп отырсын. «Бізде ондай талант жоқ болса, қайтеміз» деген сылтау сөздерің дайын тұрады. Ал өздеріндей орыс халқының адамдарының бәрі әртіс пе? Балаларына ертегі, әңгімелерді оқып беріп жатқан өз басым талай естідім.

Тіл дегеніміз бөлек өз алдына жеке жатқан нәрсе емес, ол бізбен мәңгі бірге жүретін жан серігіміз. Осыны жақсылап түсініңдер.

Баланың тілін қызық көріп, қате сөйлегеніне жол беруге болмайды. Дұрыс, анық сөйлеуге үйретіңдер. Орынды сөйлеуге үйретіңдер. Әр адамның өз орны, сөйлейтін, сөйлемейтін жері болады. Соны біліңдер. Баланың қабылдауы, үйренуі өте тез.

Балаларыңды ана тілдерінде тәрбиелендер.

Қымбатты жастар, өз отбасыңның сыртында да ел бар. Туыстар, үлкен ата-әжелер, ағайын, жекжаттар бар. Олардың бәріне жылы қабақ танытып, жақсы

сәлем беріп, сұраған сұрақтарына ықыласпен жауап қайтарындар. Көптің арасында саған ұнамайтын жан да болуы мүмкін. Бірақ сыр берме, жұрттың көзінше сыйлап құрмет көрсете сал. Мен сендерге айналаң толы ізгі жандар деп айтпаймын. Бақытынды, қызығыңды, табысыңды көре алмайтын туыстар да болады. Екеуіңнің аранды ашатын жаман ниеттілер де табылады, ата-ененді жамандап ортаға ши жүгіртетіндер де болады. Табиғаттың ол да бір селі, жауыны, бораны, желі сияқты. Одан сақтанудың жолын сендер білесіндер. Ашуға ерік берсең – кетісесің, ақылға ерік берсең – жетілерсің.

Ақылдарың серік болып, өсекке сенбей, біреудің сыртынан сөз айтпай саналы ғұмыр кешіндер.

## ЖАН СЫРЫ

- Ең керемет нәрсе – Кешірім. Кешіре білу – үлкен өнер. Әр ізгі адам кішкентай өз үйінің, жұмыс орнының, мекемесінің, үлкен деңгейде Елінің жарық, сәулелі, таза әрі абыройлы болғанын қалайды. Ал қаскөй адамдар сенің ақ жүрегіңді қара деп жеткізіп, кейбір жандарды теріс қаратып қояды. Бірақ соған карамай, сен жақсы көргеніңді, жақсы тілек тілегеніңді тоқтатпа. Жақсы көрген адамды кемшілігімен қоса жақсы көр. Жүрегіне «хабар келсе» ол да көзі жетеді. Уақыт – таразы...

- Шешендік, әдемі сөйлеу шынайы болғанда ғана, адал жанның аузынан шыққанда ғана орынды. Ал адамгершілігі жоқ, кісілігі жоқ, бірақ ауыздыға сөз бермейтін «шешеннан» ел он шақырым алыс жүреді.

- Өзінің күшін білген адам әулие ғой. Менің қолымнан келмейтін нәрсе жоқ деп, басын сұқпайтын жері жоқ, барлығын да шала шарпы жасап, аяғында ыңғайлы жұмыс тапса, сытылып кететіндер де бар ғой...

- Сенім адамға күш, жігер, қайрат берді. Сондықтан сену керек. Бір жолы қолынан келмесе, күресінге лақтырмай, тағы да мүмкіндік берген дұрыс. Біз түгілі Алла да пендесінің көзі жұмылғанша мүмкіндік береді емес пе?

- Киімнің қымбаты, көліктің қымбаты, үйдің қымбаты – қымбат емес, адамның көңілі – қымбат. Көптің алдында көлгірсімей сабырлы, шынайы болса, сөз білем екен деп суырылмай анық білетінін сөйлесе, тіпті үндемесе, сол адам бар болмысы – қымбат.

- Бәрінен үркіп, қорқып жүретін адамнан қорқу керек, оның жүрегі таза болса, ісі таза болса ол қорықпас еді.
- Біреулер бар өте жеңіл өмір сүреді. Қарап тұрсаң, қайғыдан да қуаныш жасап алғандай. Ешкімді аңдымайды, жеңісіне өзгенің тарылмайды. Бақыттың кемесінде жүргендей, нұрын шашып жүреді.
- Кейбіреу бар қуанышытан қайғы жасайтындар, біреуден мін іздеп, кемшілік іздеп жүретіндер. Апырай солардың өмірі өмір емес қой деген ойға келесің.
- Аспандағы бұлтты иығымен көтергендей, түнеріп жүретіндер айналасына ауырлықтан басқа еш нәрсе бермейді. Жақсылықтың жақсы жанға бара жатқанын сезсе, бар жұмысын тастай салып жақсылықтың жолын бөгейді, өзіне болмағанды өзгеге де болмасын деп «өрт» қоюдан да тартынбайды.
- Жиналысқа, адамдар көп жиналған жерге жиналып бар, ашық шашық барма, ел назарын киіміңе емес, ақылыңа аудар.
- Кірмес үйдің кілтін сұрама, өзіңе қатысы жоқ іске араласпа. Сонда басың ауырмайды.
- Еңбегіңді бағаламаса, ізгілік істеріңді көрмесе, адалдығыңнан көлеңке іздесе, әрине ауыр. Бірақ сол үшін өзгерме.
- Сенің таудай қиналысыңды көріп-біліп отырып, өзінің инедей қиындығын айтып қоймайтын, оған ұялмайтын досың саған шын дос па? Соны ойла.
- Өз елінің, өзін өмірге алып келген ата бабасының салтын, дәстүрін, кісілігін құрметтеген адам басшы болса, бағыңның жанғаны дей бер. Себебі оның сауыты мен құралы кісілік болады.
- Әдепсіз адам барлық жерде, барлық істе әдепсіз. Ал әдепті адам барлық сәтте әдепті.

- Егер Отаныңды, еліңді шын жүрекпен сүйе білсең, саған жателдік жаулық етемін десе де, қылыш көтере алмайды. Себебі елдің рухы сенің жанарыңда, жалыныңда, сөзіңде тұрады.

- Кісілікті жанның күрмеуін Алла шешіп беретінін Шәкәрім айтқан. Оған сан мың мәрте көзім жетті.

- Дүниедегі әділетсіздікті, қаскөйлікті, арамзаның жолының болып жататынын, адамгершілікті, мейірімді жанның алдауға түсіп қиналып жатқаны көргенде қиналған жүрегіне демеу болар Алланың бар болғанына қуанасың. Себебі Ол бәрін көруші, сезуші емес пе? Алланың бар болғаны – жүрекке жұбаныш.

- Ақылды басшы парасатты жанды танып, жоғалтпаса елінің өркендеуіне өзі де үлкен үлес қосқан блып саналады. Ал парасатты, ізгі жанды қызметтен кетірсе, бір ғана адамға емес көпке залалы тиеді.

- Өресі тардың айналасы да тар. Ондай жандардан аулақ жүрген абзал.

- Көп ұлтты басқарған жан көп мәдениетті, құндылықтарды бойына сіңірген жан болу керек. Бір ғана ұлтқа бейілді болса, көптің наразылығын тудырады.

- Мен асқан білімдімін деп өзімді санамаймын. Білмейтінім көп екенін білемін де, білетінім аз екенін түсінемін. Мендегі көп нәрсе болса, ол – көңіл мен сезім. Жанымнан артық санайтын елім, оның тарихы, тағдыры. Менде бар болғаны үлкен жауапкершілік бар. Ата бабаларымыздан аманат болып жеткен тілімізді, дәстүрімізді, рухани асылдарымызды шәкірттеріме, тіпті егер тыңдағысы келсе, бөтен жандарға да айтамын. Оның бәрі жеке адамның байлығы қазынасы емес, жалпы халықтікі. Сондықтан осы кезге дейін олар көрмей қалып, естімей қалып ала алмай жүрген

шығар. Мен соларға бабаларының мұрасын жеткізіп берушімін.

- Жасы келген үлкен кісілерді соншама жақсы көремін. Олардың кішкентай болса да керегіне жарап қалып, көмегім тисе жүрегімді қуаныш кернейді. Бұл менің қазір, кейін тапқан өнерім емес, бала күнімнен бар қасиет. Менің анам үлкен кісілерді сыйлаудың үлгісін бізге өз өнегесімен көрсетті. Бала болып жүргенде үлкен кісілердің алдын кеспейтінбіз. Жолда келе жатқан мейлі ол жаяу болсын, көлікте болсын ізетпен өткізіп жіберіп, «жолы болсын» деп тілек тілейтінбіз. Осы әдет менде қазіргі күнге дейін бар. Маған жастар тоқтап, жол беріп жатса, міндетті түрде: «Бақытты бол айналайын, мерейің үстем болсын» деймін. Ал жол бермей өтіп бара жатқандарға өзім тежеліп, жол беремін. «Жолдары болсын» деп тілеймін. Жастарға кінә қоймаймын. Оларға үлкендер, біздер айтпасақ, өнеге көрсетпесек олар қайдан біледі?

- Араласып жүрген жасы үлкен аға апаларды жиі жиі қонаққа шақырып, сыйлықтар жасағанды ұнатамын. «Жасы келген кісілерді сыйлаңдар, қуантыңдар» деп балаларыма айтып отырамын. Олар үшін осы қуаныш қаншама күш беретінін біліңдер. Кейін өздерің де сондай боласыңдар. Көлікте болса орын беріңдер, қолдарындағы жүгін көтеріңдер. Одан сендер шаршап қалмайсыңдар. Өзім жасым келгеніне қарамаймын, мүмкіндігім болса, солай көмектесемін. Үлкен кісіге ғана емес, жас балалы аналарға да көмектесемін Ұшақпен ары бері ұшқанда жас аналар баласын көтеріп, екінші баласын жетектеп, сөмкелерін игере алмай жатқанда сөмкесін де, жетектейтін баласын да өзінің қарауыма аламын. «Сен, құлыншақ, кішкенте ие бол» деймін. Түсерде де солай етемін. Сондай



кездерде менің әрекетімді көріп тұрған жас жігіттер міз бакпай тұра береді. Сонда жүрегім ауырады. Солар үшін өзімді кінәлі сезінемін. Біздер педагогтар, дұрыс тәрбие жүйесін жасамағандықтан, бұл жастар осындай болды ғой деп ойлаймын.

- Мен сыйлықты адамдарды қуанту үшін жасаймын. Және өте жақсысын таңдауға тырысамын. Әрине қалтама қараймын ғой. Менің бұл әрекетімді түсінбегендер жағымпаздық немесе, дүние шашпақтық деп ойлауы да мүмкін. Бірақ соның екеуі де емес. Мен ешкімге есеппен сыйлық берген адам емеспін. Дүниені оңды солды шашатын бай емеспін. Артық дүние жинамаған жанның бірімін. Айлықты айлыққа жеткізетін, қосымша табысы жоқ отбасымыз. Менің бағыма жолдасым да мәрт. Біреулерді сыйлап, құрмет көрсетуден, қолұшын беруден жаны рақат табады. Жөн-жосықсыз сыйлық таратушы біз емеспіз, Өзіміз қадір тұтқан ізгі жандарды қуантамыз. Ал қаскөйлерден, кісі ақысын жеп, бақытты болып жүргендерден іргемізді аулақ саламыз. Алладан сондай қиын жандармен жолымызды жиі тоғыстырмағанын тілейміз.

- Сөзінен ісі көрінбейтін жандар көбейіп бара жатқандай. Бұрынғының кісілері сөзі аз, ісі көп болушы еді. Мысалы өзімнің әкемді алсам, жоғары білімі де жоқ, бірақ кісілігі көп. Үлкен кісілерді сыйлаудан алдына жан салмайтын. Айтқан сөзінде тұратын, мейлі содан өзіне зиян келсе келсін, бірақ сөзін қайта жұтпайтын адам еді. Сөзінде тұрмағандарға ренішін бетіне басып айтпайтын. «Өзі білсін, өзі ұялмаса, мен оны ұялтамын ба» деуші еді. Жарықтық әкем мәдениетті жан болатын. Ешкімнің сөзін бөлмеуші еді. Тыңдап алып, ұнаса қолдап, ұнамаса, бетінен алып айтып тастамайтын. Соңынан мен ол кісінің сөзін ұнатпағаныңды байқадым

десем. Қарадай қысылатын: «Ой ұят болған екен. Сол менен байқалды ма деп. «Ол кісі өз өтірігіне өзі әбден сеніп алған ғой, оны айтқанмен өз көзқарасынан өзгермейді. Саған ренжіп, кек сақтауы мүмкін ғой. Оның не керегі бар» деуші еді әкетайым.

- Кейде мен мына нәрсені армандаймын. Шіркін құстардың тілін білсем ғой. Осы бір жаз айында Астананың күн батыс жағында шағалалар күндіз түні ұшып шаңқылдап мазасызданып жүрді. Шіркін-ай, олардың тілін біліп сырласар ма еді. Астананың батыс жағалауының бәрі көлшіктер еді. Ол Жерлердің суын келсорғыштар сорып, құрылыстар салып жатты. Шағалалар соған қарсылық жасап, көтеріліске шығып жүргендей көрінді. Махамбеттің қызғыш құсы сияқты көлінен айырылып жылады ма екен?.. «Табиғатты аялайық деп едіңдер. Аямай жатқандарың қалай?» деді ме екен ...

- Құстың тілін білмесе де, құстың тілеуін білген әкемнің өнегесі есіме түсіп отыр. Жаздың күні жайлаудан көшу керек болды. Кеңес заманы. Колхоздың басшыларының бұйрығы. Албіздің киіз үйдің шаңырағына қарлығаш ұя салып, балапандарын шығарып қойған болатын. Сонда жан әкем амал тауып, арнайы ауылға барып, ұста шеберханасына ұяны ұстап тұратындай астау жасатып, оны сырық темірге дәнекерлеп алып келді. Үйді бұза бастағаннан әке қарлығаш пен ана қарлығаш ұядағы балапандары үшін жан ұшырды. Сонда әкем ұшын темірді жерге цементпен бетонға бекітіп тастаған болатын. Шанырақтағы ұяны астауға еппен алып салды, ұяның төбесіне қаңылтыр темірден жауын шашыннан қорғайтын шатыр да жасатыпты, жан әкем. Көшіп кеттік. Бірнеше күннен кейін әкем ескі жайлауға ерінбей атпен барып, қарлығаштарды көріп, қуанып келді.

## **ТАМШЫ СӨЗДЕР МЕН ҚАМШЫ СӨЗДЕР**

- Бабам тілі балам тілі болса екен деп күресіп келем.
- Таразыдағы ой мен сөз – білген жанға бәрі тез.
- Сабырлы – ойға жомарт, сөзге саран.
- Сөздің салмағы ардың аймағында білінер.
- Сөздің кілті намыстың құлпын ашсын.
- Сөздің кіндігі – ар мен ұят.
- Ар сөзі – арзан емес, мал сөзі (дүние сөзі) – қымбат емес.
- Тіл сөйледі, қол жазды.
- Сөздің нәрі – білімнен.
- Сөз – түсінгенге сөз, түсінбегенге арзан бөз.
- Жақсыны көзің көріп, қимайтындай, жақсыға жаман сөз де сыймайтындай.
- Ауыр сөз – найзағай, түссе өртейді.
- Көкіректегі мұнды жылы сөздің самалы айдап шығар.
- Құдайдан қорыққан – пиғылы мен тіліне сақ болсын.
- Жақсы сөйлеу сөз оқуын бітіргенге қарамайды.
- Аз сөйлесен, аузың демалады, өсек тындамасаң, құлағың демалады, демалыстан жақсы ешнәрсе жоқ.
- Ойланбай айта салған ойсыз сөз, ойсыратып жіберуі де мүмкін.
- Өзінді өзің күзет, өзіңе өзің қарауыл бол, тіліңе ие бол.

- Тіл де, дін де, діл де жастарға керек, ел мен жер де солардыкі. Керегіне өздері қол созбаса, қалдырған мен алып бергеннің құны болмайды.
- Сөз қуып, тереңдей берме, тереңге түсіп кетсең, шыға алмай қаласың.
- Жақсы сөз жайып салған көрпедей, адамдар еркінсіп, жайлы отырады.
- Сөзі бар да, ісі жоқ адамдар қатты шаршатады.
- Қазақ тіліне құрметіміз «керемет». «Төрге шық!» дейміз, бірақ есігімізді ашпаймыз.
- Тіл-тұлпарға «қосыл бәйгеге, шап» дейміз, аяғындағы тұсауын шешпейміз.
- Тілді үйренгісі келмегендерге үйретеміз, нәтижесіздігін көрсету үшін. «Қанша оқыса да, нәтижесі болмады ғой» деп, тырнақшаның ішіндегі «жанашырлар» айтады...
- Орыс тілін ешбір қазақ үйретуші жалдап үйренген жоқ, қажеттілік болды оқыды, үйренді. Қазақ тілін үйренудің жолы – ақша да, әдістеме де емес, тек қажеттілік туғызу.
- Құдіретті дегендердің ішіндегі құдіреттісі – сөз.
- Көмескі сөзден жарық ойды іздесең таппасың.
- Жалған сөз, жалған дауыс, жалған күлкі – өзгені алдап тұрар қызыл түлкі.
- Удың уы – тілдің уы.
- Тілде сүйек болмағанмен, отыз тіс қорған болу керек.
- Сөйлер ауыз өзіндікі болғанмен, естір құлақ өзгенікі екенін ұмытпа.
- «Үлкен сөз» сөйлеме, үлкен ой ойла.
- Қатты сөзге қарсы жауап қайырма.
- Кесіп айтсаң айт, есіп айтпа.

- Өзі өтірікші адамға өтірік сөз жағады. Өзі жасанды адамға жасанды сөз жағады.
- Сөз қадірін білмейтін адамның аузынан шыққан сөз, кірі ашылмаған ақ көйлек сияқты. «Кір» деп тастай да алмайсың, «таза» деп кие де алмайсың.
- Шын сөйлеген адам шыны сияқты, ар жағынан жаны көрініп тұрады.
- Ессізге сөз бастатсаң, есекке мінгендей еңсен түседі. Естіге сөз бастатсаң, тауға шыққандай боласың.
- Сөзі жаман адамның өзі жақсы болмайды.
- Сөзінде салмақ жоқ адамдар берекелі іс тындырмайды.
- Ата-баба дәстүрін сыйлаудың қарапайым түрі – туған тілінді үйреніп, сол тілде сөйлеу.
- Ана тіл – құдірет, оның адамға беретін қуатын, күшін айтып жеткізу мүмкін емес.
- Өзің адассаң да, аузың адаспасын (орынсыз сөз айтпасын).
- Сөз деген сұйық зат сияқты, ішіңе кірсе, бойыңды қуалап кетеді.
- Судың ғана сұрауы бар емес, сөздің де сұрауы бар.
- Аузында тежегіші жоқ адамның тілі иесі ұйықтағанда дем алады.
- Тілге кеңірдек керген айғайшының керегі жоқ, тілге жанашыр керек.
- Үлкен сөзді ұсақ сөз тудырады.
- Тілдің сөзі – ділге қуат.
- Тәрбилі кісінің тілі өзіне бағынар.
- Асқан ойлы болғанда, тілің шешен болсын.
- Даналығын адамның сөйлегенде білерсің.
- Лайықты сөзді айтсаң – ұтарсың, лайықсыз болса сөзің – жұтарсың.

- Сөздің қуаты атағынды аспанға шығарады, Сөздің ұяты тірідей көрге тығады.
- Сөздің де салмағы бар, ар таразысы оны өлшер.
- Сөз балқытып, бойды босатар, сөз қатайтып, жауды қорқытар.
- Жақсы сөйлеген адамның жауы азаяды, жаман сөз жауды молайтады.
- Ойы жүйесіздің – сөзі жүйесіз.
- Ой барған жерге сөз бара алады, бірақ ойдан оза алмайды.
- Базардан затты таңдап алғандай, сөйлер сөзіңді де таңдап сөйле.
- Жақсы сөзді жадында сақта, жақсы адамды әрдайым мақта.
- Ой ізгілігі жан ізгілігіне жеткізер.
- Ізгі сөз – бақыттың баспалдағы.
- Ойы шатасқанның – сөзі жүйесіз.
- Халықтың халық болғанын тілінен білерсің.
- Тілі жоғалған халық шанырақсыз үй сияқты, уығын қадар жері жоқ.
- Мылжың адам – адамның сүйкімсізі.
- Өзіңді кемсітуге шыдауға болар, тіліңді кемсіткенге қалай шыдарсың?
- Тіреп тұрғанын аспанын тастап жіберсе де, тура сөзді айтқанға тартынба.
- Сенің ана тіліңді бабаларың келіп қорғамайды, сен қорғауға тиістісің.
- Тілді білмегеннің айыбын бетіне баспа, тілді керек етпегенмен күрес.
- Ана тілінен ат тонын алып қашқан адам, анасынан безген адаммен тең.
- Өз тіліңді өз отыңыңда өгейсітсең, ол қайда барып көгереді?

- Ана тілің сені анандай жақсы көреді, тек сен онан алыстама, жақында.
- Ана тілдерінді сүйсендер бірліктерің артады, жау жуымай қашады.
- Тілің – ұлтыңның тамыры, халқыңның қуаты, ата-баба мұраты.
- Тілді білмесең білме, білгенді жек көрме.
- Мемлекттік тіл десе маса шаққандай жиырылатындардың мақсаты – жағыну, өзге ұлтқа жағымпаздану.
- Өзің тілді білмесең де, тілдің өркен жаюына көмектесең – арың таза болады.
- Қазақ тілі – сұлу тіл, балдай тәтті тіл, оттай ыстық тіл, жібектей нәзік тіл.
- Тілдің мазмұнында ұлттың мінезі, ұлттың қасиеті, ұлттың жүрегі, тап-таза тілегі бар.
- Тілімде менің сайраған бұлбұлдың үні, қырмызы гүлдің түрі, қыранның қасиеті бар.
- Қазақ тіліндей ғажап тіл өте сирек. Оның әуезділігін, сырын, мұнын, жырын жүрегімен ұлтын сүйген, елін сүйгендер ғана біледі.
- Тілдің өрнегін ақын салар, тілдің шеңберін дана сызар, сырын шешен ұқтырар.
- Тіл – рухтың, намыстың қозғаушы күші. Намыссыз, рухсыз болсақ, елдігіміздің өлгені емей немене...
- Бір замандағы сусағанның сусынын қандырар тілдің қазіргі шерлі үнін қобыз бен домбыраға да түсіре алмаймыз. Себебі бүгін домбыра мен қобыз да тыңдаушысын жоғалтып барады.
- Қазақ тілі, саған әлем де, өзге елдің де керегі жоқ, өз еліңді, өз жеріңді, сондағы қарапайым қазақ деп аталатын халқыңды берсе, жетер еді...

- Тіл мәдениеттің, ізеттің көршісі болса, көрікті болады, мәдениетсіз, дөрекінің жанында оның жайы өте аянышты.
- Тіл де сапаны, салмақты жақсы көреді. Иесіне көмегі тиіп жатса, оның да мерейі үстем болады.
- Ақылмен жұмса тіліңді, жарылқайтын сенімді досың – тіл.
- Атадан қалған аманат, мәдени мұра – ТІЛ.
- Күнге басын бұрған күнбағыс сияқты жақсылыққа бастарыңды бұрып, өмір сүріңдер.
- Адамның үш тағаны – пиғыл, кешірім, тазалық.
- Адам – ой көтерген ойдың кені.
- Кеудесі көрге жарық пен қараңғының айырмасы жоқ.
- Артында қалған опасыз дүние-байлық дау туғызады, қалдырған ізгі ісің тау тұрғызады.
- Дүниеге сараң адам жақсы сөзге де жомарт болмайды.
- Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратпен Алланың нұрлы жолына сапар шегу керек.
- Сабырлы болу – ақылды, иманды адамның ісі.
- Бақытсыздықты, көңілсіздікті қар күрегендей күреп тастап отыру керек, әйтпесе қалыңдай береді.
- Жайнаған жаздай жайдарлы жан жаныңның самалы сияқты.
- Ата-анаң айтқан рақметің – елден алған алғысың.
- Кешірімділік – кеменгерлік.
- Ізгілік – екі дүниенің жақсылығының кепілі.
- Біреулер туралы жақсы ой ойлағаның – өзінді рухани азықтандырғаның.
- Біреуге бақ келсе қызғанба, «жұғысты болсын» деп тіле.



- Тағдырың ащы болса, біреудің тәттісіне қызғаныш білдірме.
- Адал адамның адалдығын біле тұра, ауыр сөз айтпа, Алланың қақарына ұшырайсың.
- Шын сыйластықтың қадірін білмеген – өмірде ешнәрсе көрмеген.
- Адамның жақсы ойын да, жаман ойын да жанары жасыра алмайды.
- Ақыл – жігіттің айбыны, қыздың ай жүзі.
- Қарау адам мес сияқты, алды-арты бірдей сүйкімсіз.
- Ана баласын сүтпен қоректендіреді, көз нұрымен нұрландырады.
- Тұнық суды лайлау – тексіздің ісі, шындықты өтірік деу – имансыздықтың белгісі.
- Алланың бергенін сақта, берерін күт.
- Адами қалыбыңды жоғалтып алсаң, қандай қалыпқа түсеріңді кім білсін?..
- «Көпірдің» үстіндегі досың артынан айғайлама, арғы бетке аман-есен өтіп алсын. Уақыт содан кейін де жетеді...
- Жарқылдап өтер жастық дәуреннің қадірін біл, бұлттана берсең қар боп жауып, мұз боп қатып қаласың.
- Ер ортасы жасқа келгенде, тәрбиесіз адамды қайта тәрбиелеуге ниет те білдірме, сенің оған қабілетің де, ғұмырың да жетпейді.
- Кішіні кісі демеген, өмірде кіші боп көрмеген, өр көкірек, көр кеуде адам.
- Жақсылардың қатар тұрғанын көрсең – қуанасың, жамандардың қатар тұрғанын көрсең – түнілесің. Сондықтан көп жағдайда олар араласып тұрады.
- Жер деген – Алланың алақаны, ондағы бар адам, бар амал – Алланың көз алдында.

- Түннің ұзақ екенін ұйықтай алмағанда білесің, өмірдің қысқа екенін ойлы жан біледі.
- Жақсы көрген адамыңның тірі жүргенін көру – үлкен қуаныш.
- Өмір сүрудің мәнін түсін. Сезімсіз сел боп аққан мың күннен, сезіммен сезінген бір сәт артық.
- Сезіміңді ақылға жеңдір, шын сезім өзі-ақ жол табады.
- Даналық әлеміне сапар шек. Артыңа қарайлама.
- Адамдарға жылу сыйла. Сен жақсы көрген адам, сені де жақсы көреді. Сен ұнатпаған адам, сені дәл солай ұнатпайды.
- Тарылма, жүрегінді тұншықтырма, ол өзі де (жүрек) тар жерде тұр.
- Дидарың сұрғылт болса да, жүрегің күнгірт болмасын.
- Адамдарға қуаныш сыйлап жүрген адамның иманы тасып жүреді.
- Ешқашан адамды «жақсы», «жаман» деп бөлме, адам олай бөлінбейді, «иманы бар», «иманы жоқ» деп бөлінеді. Адамнан кек алуды ойлама, құдай өзі төреші.
- Санасы сырқат адамға өкпенің орны жоқ.
- Әйелі көсем (ақылды) болмай, ері елеулі болмайды.
- Әйел баласы – ізгіліктің, берекенің құт мекені.
- Саналы болса әйелің саф алтынға бағала.
- Сүйгенін қарыз етпеген махаббатқа табын.
- Сүйген адамның туған күнін ұмытпа. Ол дүниеге келген күн – сен үшін бақыт күні.
- Асылды арсыздың аяғының астына салып берме. Күнәсі сенің мойнында кетеді.
- Уақытыңды даналарға қисаң қи, ақымақтарға кима. Себебі, одан өткен қорлық жоқ.

• Шыққан жеріміз – Ауыл-кіндік. Ол – біздің тамырымыз. Тамырымыз қураса, жапырағымыз солып, күндердің күнінде бәйтерек боп аспан тіреп тұрған өзіңіздің қурамасыңызға кім кепіл?

• Ауылдың суы тартылса, жаныңның ағзасы кеппей ме?

• Ұрпақты кінәға тартпандар, олар көргенін және көрмегенін жасап жүр.

• Ессіз адам бір күндік қуанышын мәңгілік деп түсінер, бүгін күлер, ертең жылар.

• Адамдар пейіл-ниетімен жамандыққа бет бұрғанда, жақсылықтың зары естілер.

• Турашыл адам тура жол сияқты, адастырмайды.

• Рухы жоқ адам – шырағы жоқ үйдей қараңғы.

• Сатқындардан сақтансаң өмірің тыныш болады.

• Жағымпаздардың «концертінен» ауыр көрініс жоқ.

• Көлеңке түссе жаныңа күн шықпастай көрмегің, бір наданға өкпелеп, ағайыннан безбегің.

• Шын таланттар өмір сүрудің ережесін білмейді.

Сондықтан көп қиналады.

• Мұң басқанда мұнар тартар айналаң ...

• Жақсылықтың кезегіне қиналмай тұр.

• Ұсақ сөз ұсақ жаннан шығады.

• Көлгірсу мен күмілжу ағайынды.

• Барар жерің қара жер. Оған да жақсы атың өзіңнен бұрын жетсін, жаман атың жеткеннен сақтасын.

• Мәдениеттіліктің көрсеткіші – біреудің затына, бұйымына, т.б. қарым-қатынастан көрінеді.

• Біреудің сыртынан айтқан сөздің екі ұшы бар, айналып келіп, өзінді ұрады.

• Шығар шығарман шықпағанда, шырқыраған

баланың жылағанындай жүрегінде бір арпалыс күй болады.

- Жаман әрекет, жаман сөз, жаман пиғылдың жанының сірілігі сонша, ғұмыры ұзақ болады.

- Шын сезім дауыстап айтылмауы керек, ауыздан шыққан кезде тозаңдай өтірік қосылып кетуі мүмкін.

- Жаманның қылығы – көреалмаушылық.
- Достыққа адал болсаң, өмірің мәнді болады.
- Көргендікті көлгірсумен шатастырма.
- Ұрпағыңның бақытын ойласаң, ұсақ болма.
- Арам ой, арам ниет ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Ойыңды таза ұста.

- Қызметінді адал атқарсаң жүзің жарық болады.
- Көрген мен естігенді айта беруге болмайды.

Адамгершіліктің сүзгісінен өткізіп алу керек.

- Біреудің жанын ауырту үшін сөз айтсаң, жамандықты өзің іздеп тапқаның.

- Ақылды қыздар болады, ағайынның арасын қосып жүретін, ақылсыз қыздар болады ағайынның арасын алыстатып жүретін. Ессіз қыздар болады, еліне тіл тигіздіретін, есті қыздар болады ессізді тезге салатын. Күн қыздар болады, шуағын көпке шашатын ...

- Жақсы десе құлағы бітеліп, жамандыққа құлағын түріп жүретіндер елдің бәрі өзіндей қарау болсын дегені деп түсінем.

- Өзгенің қисығын іздеме, өзіңнің денсаулығыңа зиян болады.

- Ақылды серік еткен жастық – Күн, ақылсызға келген қарттық – түн.

- Үлкенмін деп «үлкен» сөйлеу ұят іс.

- Адамдар бірін-бірі босқа қызғанады, күшті болсаң, ойдан қызғанып көр.

- Адамгершілігі төменнің білімі терең болса да, берері аз болады.
- Ғылыми дәрежеге кісілігің сай келмесе, сенің құның көк тиын.
- Дана да болмай-ақ қой, шешен де, көсем де болмай-ақ қой, адам болсаң болғаны.
- Ізгіліктің отанын алыстан іздеме, ол сен тұрған жерді басып, сен жұтқан ауаны жұтқан дәл өзіннің арғы тегің – ата-бабаларың болатын.
- Баласының ұрлап әкелген дүниесін ішіп-жеген ата-ана баласының қас жауы.
- Әкесіне әкіреңдеген ұлдан без, кеудесі көр қыздан без.
- Жақсылыққа жақсылық жасай алмағандардың – жаны жаралы. Оны іштері сезеді.
- Ақыл – адамшылықтың белгісі.
- Ақылды аз сөйлеп, көп тындайды.
- Ақылды адаммен дос болсаң, жолың болар,
- Ақылсызбен дос болсаң, сорың қайнар.
- Ақылды адам асты да көп ішпейді.
- Ақылды жас – жасқа жас, ойға кәрі.
- Қарттықтың сәні – ақылды болу.
- Байлық та ақылға келеді.
- Қызметте ірі болсаң да, кісілікте кіші бол.
- Ессіз адам еліріп сөйлейді, алды-артын кеміріп сөйлейді.
- Ақылдының сөзін тыңдау – ғанибет, жолын тандау – бақыт.
- Ақылды ұрпағын ойлайды, ақылсыз түнімен ойнайды.
- Нағыз адамдықтың жолын жеңіл дегендер кателеседі, оның жолы – ауыр жол.

- Ақылды адам орынсыз асып-саспайды, дүниені де босқа шашпайды.
- Ақылды жылап тұрғанда, ақымақ күліп тұрады.
- Ақылды болса басшысы, жөнделер жөнсіз қосшысы.
- Әйелі ақылды болса – бір бақыт, ері ақылды болса – мың бақыт.
- Ақылды адам ешқашан жағымпаз болмайды, орынды, кісіікті болады.
- Ақылдының ішіне мыңның сыры, жүздің жыры сыйып тұрады.
- Жарын ақылды болса, жаныңа сабыр орнайды.
- Ақылдылықтың белгісі: «білгенім аз, білмегенім көп» дейді.
- Ақылсыздықтың белгісі: «білгенім көп, білмейтінім аз» дейді.
- Ақылды кісінің белгісі өзгелердің орнына өзін қоя алады.
- Ақылды адам өз тұғырын бірінші мықтайды, ешкімнен ықпайды.
- Ақылды адам жарын жамандамайды, басқаны қараламайды. Дәулеті тасып тұрса да, мақтанбайды. Қайғысы қаптап тұрса да, қабак шытпайды.
- Ақыл мен ізгілік қосылғанда айналаға нұр тарайды.
- Жомарттық, мәрттіктік ақылды адамның бағын жандырады.
- Ақылды адам істің жөнін біледі, аярдың жонын тіледі.
- Табаны тайғақтық – ақылдыға емес, ақымаққа тән.
- Ақылды асықпайды, сәтін сабырмен күтеді.

- Ақыл егер сатылса бір күн дүкенде, ақымақтар оған бармас бір демде. Ақылды ақылдылар ғана іздейді.
- Ақылды ғалым болса, түбін қазар, Ізденіп, ойланып ап, бірақ жазар.
- Ақылсыздар күн кешіп жүр ғаламда, Ақылдылар дүние табар табанда.
- Ақылсыз жан сөздің парқын ұқпайды, Дауылсыз-ақ, бетін басып ықтайды.
- Ақымақ ақылдымен теңеспейді, Жақсылар жаманменен кеңеспейді.
- Кітаптан да бақытқа апаратын жол іздеуге болады.
- Ақылдың жолы – дағыл, ашық болады.
- Адамдар өз өмірінің есебін өз формулаларымен шығарады.
- Жай адам саяз болса түк емес, ғалым адам саяз болса – қасірет.
- Есейгенде есті досың болсын.
- Кедейшілік пен кесірлік ағайынды.
- Тексіздің күні телмірумен өтеді.
- Әдемі қартайып, әдемі өлген де бір арман.
- Өткен өмірді ой кино лентасынан өткізіп, саралай білсе, ол да пайдалы болар еді.
- Асаулық та шамаңа қарай болғаны дұрыс. Қартайғанда, әлің кеткенде асаулықтың пайдасы болмайды.
- Ақылсыз адам – ең қауіпті адам. Өзінің ақылсыз әрекетімен жауыздық жасағанын да білмейді.
- Сенің аузың күйгенге елдің бәрінің аузы күйеді деп ойлама.
- Қаламның ұшында қасиет бар, оны Алла жасаған. Қасиетті Құран қаламмен жазылған.

- Ой – дария, өлшеулі өмірдегі өлшеусіз дүние – ой.
- Жаны қарау ұстаз болса, шәкіртімен ұғыспай өтеді, ақыры із-түзсіз өмірден өтеді.
- Жаны жарық ұстаз болса, шәкіртіне нұрлы жол сыйлап, достасып өтеді, артында ізгі аты қалады.
- Білімсіз ұстаз білтелі шам сияқты, тез сөнеді.
- Білімді ұстаз Темірқазақ жұлдыз сияқты, шәкіртіне бағыт-бағдар беріп, мәңгілік көкте тұрады.
- Шәкірт білімді боп, аспаннан түскен жоқ. Ол – ұстаз еңбегінің нәтижесі. Ақылды ұстаз шәкіртіне бақыт жолын көрсетеді.
- Иманды ұстаз қандай мамандықтың иесі болмасын, шәкіртіне Алланың ақ жолын көрсету керек. Себебі, қай ғылымның шегі – Алла, Алла ғана бәрін біледі.
- Ақылсыздың айтқанына бас изеп, тапсырмасын орындаудан асқан қорлық жоқ. Адамның есіл өмірі сонымен өтеді.
- Ақылдың пырағын ерттеп мінбей, ер жігіт бақыттың дәмін татпайды.
- Адамға Алла денсаулық пен сананы бірдей берсін, болмаса ала берсін.
- Даналық сабырдан шығады.
- Сыртқа сырынды білдірме.
- Қызға көрік пен ақыл берсе, бақыт деген сол емес пе?
- Ақылдан нұр шашырайды. Ақылдың дәнін бабалар мұрасынан ізде,
  - – Не сұлу? – Ақыл мен шындық сұлу.
  - Сөздің сәулесі де бар, аязы да бар. Ақыл –суық, бірақ тондырмайды.



- Ұрлық пен қорлықтың арасы – екі аялдаманың арасы.
- Ер жігітте біріншіден ес болсын, екіншіден сес болсын.
- Бала да қалам сияқты, оны ұштап, қанаттандырып отыру керек.
- Жас баланың талабын қайтарған адам, жауыздың жауызы.
- Балаңмен ақылдасып іс істесең, болашағына алаңдама.
- Өзінді өзің (өзгені қойшы) жас кезінде аямасаң, қартайғанда аялайсың.
- Ара сияқты тынбай еңбек ете білу керек. Ара бал жинаса, сен бақ жинайсың.
- Жақсылықты жасырын жасау, періштеге ұқсаған адамның ғана қолынан келеді.
- Адалдығымды дәлелдеймін деп арам тер болма. Уақыттың өзі дәлелдейді.
- Жасына лайық киім кимесе, ол да ұят.
- Орындалмаған уәде, артыңнан бір елі қалмаған қарулы адам сияқты. Одан құтылу үшін уәдені дер кезінде орындап отыру керек.
- Келіннің кесек сөйлегенінен, ұлдың ұсақ сөйлегенінен без.
- Кішілікпен кішірейсең, ұлылыққа қадам басасың.
- Ақылы аздың адасумен өмірі өтеді.
- «Мен, мен» дейтіндер – менмендер, «өзім, өзім» дейтіндер – өресіздер, үлкенді сыйлай білмейтіндер – көргенсіздер.
- Ақыл бар жерде дақыл (нан) бар.
- Ақылдың аярдың уысында болғанынан қауіпті нәрсе болмас.

- Қуанышы – құрсағының тойғаны, Жұбанышы – бір күндігінің болғаны. Өкініштісі – өмірдің солай озғаны...
- Күні түскеннің күлін көтерісіп, күні түспегеннің жинаулы тұрған жүгін құлатып кететіндер бар.
- Жақының жаныңды жарғаштаса, бөтен бүтіндемейді.
- Бар жағынан кемеңгер адам болмайды, кемеңгерден де кемшілік табылады.
- Пенделікке салынғанда адам күлбеттеніп кетеді, періште, таза ойда болғанда нұрланады.
- Ақылсыз әйелді тыңдаған еркек біріншіден, соқыр болады, түбі түкке алғысыз пақыр болады.
- Надан адам нас болады, дүние бітсе, жақынын танымастай мас болады. Ақымақ адам өмір бойы жас болады.
- Бақытсыз адам ғана бақыттыларды күндейді.
- Ақылдылық деген – қарапайымдылық.
- Суық ақылдың өзін ғана ұстанған жан бақытты бола алмайды. Ол қамшының өрімі сияқты жақсы мінез (кісілік) бен адал еңбек үшеуі бір болғанда ғана бақыттың төрінде отырады.
- Ақылды жан ауылдасына жау болмайды.
- Ақылдың елі – Күн елі, ақымақтың елі – Түн елі.
- Ақылды жан кейінгінің жолын кеспейді, ұрпағым сол жолмен жүрер деп, ақылсыз жан кейінгіні күндейді, заманым соларда қалар деп.
- Ақылдың сүйкімсіз болғанын тарихта ешкім білмеген, ақымақтың елге де, жеке адамдарға да тартқызған азабын тарих өзі кешпеген.
- Даңғазалық дәуреннен қалған белгі – қайғы

болар, ақыл дәуреннен қалған белгі – бақытты өмір болар.

- Махаббат ұшуды үйреткенімен, қонуды үйретпейді, сондықтан ғашықтар көп жараланады.

- Адал махаббаттың ұясына өрт қойған адамды кім деуге болады?..

- Алтынын бақырға айырбастағанға сөз шығын.

- Қызың ана болғанда сабырлы бол, ұлың әке болғанда қажырлы бол.

- Ұлың ұялтпаса, қызың қызартпаса, немерең еркелесе, шөберең жетектесе, сол – бақыт.

- Сезім деген шарап сияқты, бойыңды қыздырады, өміріңді мәнді етеді, қатты майып қалсаң, ұятқа қалдырады.

- Сүйгеннен қорықпа, «ешкімді сүймеймін» деп безергеннен қорық.

- Сүйікті болсаң бол, сүйкімсіз болма.

- Сезімді өлтіретін – сенімсіздік.

- Сезім шалқыған күй сияқты, ол жүректі күймен тербетеді.

- Жақсы көрген адамыңа сезіміңді сездірудің айыбы жоқ (ол егер есті болса).

- Сезім мен жеңілтектің арасы қашық. Шын сезім еліктің лағындай сүйкімді әрі секемшіл

- Махаббаттың мекені – жүрек.

- Шын сүйгендер бір-біріне ешқашан жамандық ойламайды.

- Жүрегінде махаббаты бар жанның жүрегі жұмсақ болады.

- Егер сенен сүйгенің теріс айналса, кінәні одан емес, өзіңнен ізде.

- Махаббат еңлік гүл сияқты, ол сезімге көптің қолы жете бермейді.

- Лап ете қалған көңілдің күйін махаббатпен шатастыратындар көп болады.
- Адамда бір ғана махаббат болады және ол мәңгілік.
  - Жүрегің сүйгенді ұмытамын деп әуре болмасын, ол жүрек тоқтағанда ғана ғайып болады.
  - Тіршіліктің кілті – махаббат.
  - Сүйгеніңе ұнамайтын мінезді тастауға тырыс, тастамаған жағдайда сүйгеніңді жоғалтасың.
  - Махаббаттың достары: адалдық, жомарттық, кісілік, кішілік, ізгілік.
  - Достыққа адалдық деген – үлкен абырой.
  - Өзіңе тілеген жақсылықты, ешбір ақысыз досыңа сыйлай алсаң – шын доссың.
  - Адамның жанын қуанышқа бөлейтін – досыңның аппақ пейілі, махаббаттың көзінің қарасы, бауырлардың амандығы, ұрпағыңның аман-есен саналы болып өскені.
  - Жарық Дүние-ау, мен сені бөбегімдей бесікте тербетіп, еркелеткім келеді. Адамзаттан саған жасалған қиянаттар үшін кешірім сұрағым келеді.
  - Жаңа жыл деген – ескірген үміттің қайта жанаруы.
  - Махаббат құдіретті сезім, ол адамға кереметтерді ғана жасатады.
  - Аллаға махаббат – ізгіліктің шыңы.
  - Адам баласының Алланы тануы біліміне сай болады.
  - Алла – ұлы Құдірет иесі, ақыл сандығының кілті Аллада.
  - Жасаған жақсылық зая кетпейді, себебі Алланың есебі дұрыс, Ол – бәрін көруші.
  - Қимылсыз нәтиже болмайды, Күн қимылдамаса түн болмайды, түн қимылдамаса күн болмайды.

- Тексізге терлеп қызмет етпе. Тексіз тезек сынды, жүрсең аяғыңды ластайды, қала берді ауаны ластайды.
- Тексізді қатарына қоссаң, құтылуың қиын болар.
- Ақыл айту – оңай, тыңдау – қиын.
- Әр адамның сөзі – өз жанының көрінісі (көп жағдайда).
- Сағыныш әскерге кеткен ұл сияқты.
- Кешіре білмесең, кеселді боласың.
- Түсіне білмесең түнерумен өмірің өтеді.
- Бақытсыздықтың ұрығын саған біреу шашқан жоқ, сен де шашпай отыр.
- Ашық күнде бұлт шықырма.
- Сүйсең де, күйсең де өзің үшін, сол үшін айналанды қуырма.
- Біреудің бақытсыздығына жаның рақаттанбасын, бақытсыздық жұқпалы дерт, басыңа айна-қатесіз келеді.
- Сырынды айтпа ешкімге, сырттай қалса, сатып кетеді.
- Достың дұшпанға айналғанын талай адамдар көрген, сондықтан абай бол.
- Ғашық жандар періштеге ұқсайды.
- Таза сезім шілдедегі салқын сусындай жаныңа рақат әкеледі.
- Саналы сүю бақытқа жеткізеді, санасыз сүю – отқа түсіреді.
- Сүйгеніңе сараңдық танытпа, Алла жомарт саған оны сыйлағанда, оған сен де жомарт бол.
- Аялаған адамың аямаса, сол жаман.
- Жатсынғанды жақсы көру – ұлы адамның ісі.
- Әділдікті жақтап, ауыз ашпаған адам – қорқақ, сужүрек адам.

- Қатты күйіп-жанғандар тез өшеді.
- Жақсылыққа ұмтымайтын жанға жақсы сөзді қор етпе.
- Сезім де таситын, саябырлайтын кезі болады.
- Таразының екі басына секіргенмен, таразы басы тең болмайды.
- Сезімнің сырлары – жүрегіңе дәру. Оны әркімдерге айта берудің қажеті жоқ.
- Айғайлағаннан қорықпа, айдап салғаннан қорық.
- Біреудің жан-дүниесін көру үшін дүрбінің керегі жоқ.
- Өсекшінің сөзіне ере берсең, өрге шықпайсың.
- Кісінің алдағаны қауіпті емес, өзінді өзін алдағаның қауіпті.
- Өмірге алып келген балаң бақытты болсын десең, ұясын бұзба, отбасыңды сақта.
- Балаңа жақсы сөйлеуді үйрет.
- Балаң бүгін сәби болғанмен, ертең азамат болатынын ұмытпа.
- Ойлы адамға оңаша отырған пайда.
- Адамды орынсыз айыптау – адамды өлтіргенмен тең.
- Барға қанағат етпеген, жоқтың мазағына айналады.
- Адамдардың ісі – ішінің көрінісі, сөзі – жанының көрінісі.
- Сағыныш адамды жаман боп кетуден сақтайды. Сағынышты үміт жетелейді.
- Ешкімге сенбеу, елдің бәрін жек көру – санасы сырқат адамның әрекеті.
- Шаңырақтың бақытын ойлаған адамның иманы тасып жүреді, ол адам өзгенің де шаңырағының

бақытын ойлайды. Өз үйін көр көрген, дұшпанның үйін төр санайды, ондай жанның иманы қашып жүреді.

- Жақсы көрген жандардың салқындығынан сақтасын. Оларды салқындатқан сатқындардың өсегі деп біл.

- Мәртебеге лайық болсаң, Алла биіктетсін, лайықсыз болып, пенде биіктеткен мәртебең сені ұшпаққа ұшырмас.

- Алланың құдіреті шексіз екенін сезінген сайын рухың биіктеп, жан сарайың тазара түседі. Айналаңдағы пендешіліктің аулынан шыға алмағандарға екепелегеннің өзі ұят екен деп ойлайсың.

- Ғұмыр парағы судырлап ашылып, жабылып жатқанда, қарап отырғаныңнан шошыйсың.

- Нағыз ғылым-сарайдың кілтті Аллаһта, ғалымдар кілт іздеп әуре болғандар. Қаракетсіз болғаннан гөрі, кілт іздеген жақсы.

- Бүлдіргіштер көп екенін естен шығарма, отбасыңды бүлдіргіштерден қорғай біл.

- Тереңді көрмеген, саяздан аспас, өмірді көрмеген, дүние шашпас.

- Адалдық тілін ақымақ алмас, арсыз адам артыңнан қалмас.

- Дүние – мәңгілік емес, адалдық – жаңғырық емес.

- Ізгілікті іздеп жүріп жаса, сонда сауап болады.

- Тікені көп өмірден қашып құтыла алмайсың.

- Адамнан асқан құпия жоқ. Бір өмірде бір адамды толық тану мүмкін емес.

- Кім қадірлі? – Ерін сыйлаған әйел қадірлі. – Кім сұлу? – Мейірімін төгіп, бала емізіп отырған әйел-ана сұлу.

- Біреудің сыздап тұрған жарасына тұз сеуіп отыратындар бар. Ондай адам – аяр адам.
- Мейірімді болсаң – Күндей бол, сұлу болсаң – Айдай бол.
- Бұлбұл мен бөденені айырмайтындарға амал жоқ.
- Адалдың жанын ауыртпа.
- Біреуді алдап кеткісі кеп, пайда тапқысы кеп тұратындардан шын бездім. Ондайларға Алла да жуымас.
- Әдемі сезім әдемі адамдарда ғана болады.
- Қайғы қасында тұрса да, ішіңе кіргізбе.
- Жақсылықты көрдім деп айта алғандар, жақсылық жасай алатын адамдар.
- Әйел адам суырылып, екпіндеп сөйлемеуі керек. Әйел қалыбыңа лайық үнмен, екпінмен сөйле.
- Жасы үлкен адамға өсек айтқан да, өтірік сөйлеген де жараспайды.
- Ойлы сөзді ойлы ортада айтпасаң, құны бес тиын.
- Тегі жоқ адам түбі жоқ ыдыс. Оған не күйсаң да, толып мейіріңді қандырмайды. Жоқ болып, жоғалып тұрады.
- Адамның ең жақсы қасиеті – жомарттық, мәрттік.
- Ақылсыз асау орға жығар, ақылды асау қырға шығар.
- Арынды сатып, жағымпазданып пайда таппа.
- Жанын ауырып тұрса да, жаманға жалынба.
- Сөз түсінер адамның – санасызы жоқ болар, сөз түсінбес адамның – саналысы жоқ болар.
- Ащы болса болсын, өтіріксіз, боямасыз шын өмірді таңдадым.



- Өсекті де сүзгіден өткіз. Саған біреуді жамандаған адам дәл осылай сені де біруге жамандап отырғанын көз алдыңа елестетіп көр.

- Ұрлап ішкен арақтың басы – жасырын, арты – ашық, түбі – қайғы.

- Мен мұндалама көргісі келгендер көреді, көргісі келмегендердің көз алдында тұрсаң да, көрмейді.

- Дұшпаның сенің кемшілігіңді есептегіш машинкесіз-ақ көбейтіп отырады, жақсылығыңды азайтып отырады.

- Қарап отырсаң, «ит өмір», бірақ, ол да – өмір.

- Азаматтар ақылды болмайынша, ауыл есін жимайды.

- Әйел – ердің бапкері, баптаушысы, тоқтамы, сабыры.

- Өзін «ақымақпын» дейтіндер жоқ.

- Басқаларды «жоқ» деген, сені «бар» демейді.

- Адамдар өмір ұршығында иірілген жіп сияқты, бірі – ширақ, бірі – бос.

- Өз жүгіңді біреуге арқалатпа, ол апармайды, себебі оның өз жүгі көп.

- Пиғылы жаман нұрлы жерде отырып, қаранғы жер іздеп отырады.

- Тазалық деген – өз әрекетіңнен ұялмау.

- Бөтенбөлуге даяр тұрады, жақының жақындалуға асығады.

- Жағдайыңды жауыңа айтпа, сен қайғырсаң, ол қуанады.

- Кейде үлкен адамдар да баланың ойын ойнап, сөзін сөйлейді. Үлкендерге мүлдем жараспайтын іс.

- Ер азаматтың көтерер жүгі әйелдерден көп болсын. Ел, жер, ұрпақ, тіл, ділді солар қатты ойланып, азаматтар шешу керек.

- Азамат ең жоқ дегенде, киген киіміне ұқсасасын (Киімнің өлшемі күнде өзгермейді).
- Азаматтар азса, ұрпақ азады, ел тозады.
- Қазақ деген халықтың мөрі – азаматтар. Сондықтан да олар таза, былғанбаған болу керек.
- Қыздарын сыйламаған халық біздің халық болмауға тиіс. Қыз – кие, қыз – ана, қыз – әулие.
- Қыздың арын, қыздың намысын еліңнің шегарасын күзеткендей күзет, азамат.
- Қыз деген ананың ақ жүзі, ел алдындағы беделі, әкенің – мақтанышы.
- Қыз өле-өлгенше әке-шешесінің абыройын ойлайды.
- Әр ер азамат елдің қызына көз сүзбес бұрын, өз қызын ойлап қойсын.
- Тәнқұмарлықтан биіктемейінше еркекке ақыл кірмейді, ел мәселесін дұрыс шешпейді.
- Ұрпаққа өнеге болар ұлағатты істер ұмытылмайды.
- Өткенге слауат, болашаққа аманат арту – халқымыздың ата салт-дәстүрі.
- Қысқа күнде қырық шаруаны тындыратын да кездер болады.
- Жарап тұрған жүйрікті бәйгеге қоспау – аттың бағын байлау.
- Адам баласы қашанда еңбегімен қадірлі.
- Ажал шіркін адам баласының осы өмірге қонақ екенін тағыда бір еске салып кеткендей.
- Біреудің жасаған жақсылығын Құдайды ұмытқан адам ұмытады. Алладан алыс болған адам адалдыққа жақын болмайды.
- Адал еңбек етпеген адам арам тамақ жеп отыр деп ойлаймын.

- Баласына адамгершіліктің әліппесін үйрете алмаған ана басқаларға не дәріс беріп, көгертеді?
- Үйіндегі жауыздықты, әділетсіздікті, екіжүзділікті көрген бала үйін үйім демейді.
- Біреудің сыртынан сөз айтып, адамдардың арасын ашуға әрект жасағандардың күнәсі адам өлтіргенмен бірдей екен.
- Таза сезім мөлдір бұлақ суындай тұнық болады. Сөйлессең-ақ, шөлің қанғандай рақаттанасың. Сезімді қорлаған адамнан өткен қанішер адам болмайды. Адал сезім өте сирек, оны көбейту үшін азды сақтап, аялап ұстау керек. Өнегелік дәстрді жалғастырған жөн.
- Қызғаншақтық сіріңке сияқты, кез келген жерде тұтанып, өрт шығаруы мүмкін. Қызғаншақ досың болды дегенше, алға басудан қорықып, алдыңа бір, артыңа екі қарайсың.
- Бет пердесі қалың адамның бетін бет опа жапқанмен, көзін көрпе жаппайды. Көзі – жанның көрінісі. Қара да қаш.
- Болмай жатып батып қалған, тұрмай жатып, жатып қалған, атын атасаң қарамайтын, лауазымы төменді адам деп санамайтын жандар бар. Ондай адам өте сүйкімсіз. Мақтымқұлы айтпақшы, биік таудың да тып-типыл болуы Алланың қолында.
- Қыздың ары – елдің бағы. Арлы қыз ер азаматын бақытқа кенелтеді.
- Жақсы ер азамат – елдің құты.
- Жақсыны қорлағысы келетіндер жаманды мақтап төрге шығарады.
- Қоршаған адамдардан ұялмаған – Алладан да ұялмайды.
- Жүрегінде нұр болса, сыртқа шықпай тұра алмас, жүрегінде жын болса, аузыңнан шыққан сөз оңбас.

- Бақытқа кенелгенінді көзін айтпай тұра алмас, өтірік «бақытты болдым» дегенді ісін айтпай тұра алмас.
- Қатты «ыстықтап» кеткенінді сезсең, өзіннің көңіліңе салқын суды сеуіп қой. «Мәреге жеткенше» жанып кетпеу үшін.
- Өздеріне жақсылық жасаған адамды пенделер бірігіп жамандағанда, өздерінің сүйкімсіз боп отырғанын көру үшін айнаға қараса ғой. Мүмкін ойланар еді...
- Киімнің кірлігі, көшенің кірлігі кетер, ардың кірін қалай тазалауға болады?
- Жолбарысқа қарсы шыға алмасаң да, сенде де тіс бар екенін көрсетіп қойған дұрыс.
- Жолбарыс кейде өзінің жолбарыс екенін жасырып, мысықша мияулауы да мүмкін, алдауына түсіп қалма.
- Асаулық мертіктіреді, жайбасарлық кешіктіреді.
- Өнер у сияқты, бойыңнан толық шығып үлгермесе, уландырады, ауыртады.
- Тілің өтпеген соң, амалсыз тісінді батырасың.
- Көңілге көлеңке түскен сайын, адам сола береді.
- Жақындарыңа да жалбалақтай берме, қадірін болмайды.
- Бағасы бардың құны арзан, бағасыздың құнын, қадірін біл.
- Шамаң келсе, жақыныңнан жарты күлше сұрама.
- Ойлап тұрсаң, бұл дүние сұмдық екен...
- Жылай берсең, жанарың солады, зарлай берсең бақ шошып басқаға қонады.
- Қуанып, көкке ұшып кетпейсің, себебі адамның қанаты жоқ. Қуанышты сабырдың ұясына қондыр.

- Өзіне өзің «маған не болған, мен бұрын мұндай емес едім ғой?»– деп, сұрақ беріп көрші, жауап бермесен де, ойланарсың. Өзіне пайдасы да болар, әсіресе, басқаларға пайдасы болатынына сенімді бол.

- Шегелеп тастаған есікке ұқсамай, ашылып, жүрегіндегі қуаныштарды далаға шығарып тұрсаңшы...

- Сұм сұмды іздеусіз табады. Адал адамдар болса, бірімен-бірі кездесе алмай, адасып жүреді.

- Кей кейде сұм өмір сұсты адам сияқты. Безе қашқын келеді.

- Көңіл көшіп кетті, елге оралар түрі жоқ.

- Қабығым бар, жаным жоқ, уайыммен қайғым тоқ...

- Балаң жаның екен, базарың мен отырған тағың екен...

- Балаң бақыт екен, өмір – кеудендегі жақұт екен.

- Адамбүктеулі қағаз сияқты, ішіне не жазылғанын білмейсің.

- Бітпейтін күйбең тірлік үшін күйінбе, ол мәңгілік бітпей келе жатқан тірлік, сен де бітіре алмайсың.

- Ақтарылып саған біреу сыр айтса, ақымаққа оны санама, оның саған сенгені, адал достық таныт.

- Жақсылар үн қатпаса, басқалар: «маған не жоқ» десе, ел болмаймыз ғой...

- Арамдық арам шөп сияқты қаулап барады.

- Ойламағанның ойында да бірденелер бар болар?

- Көңілінде жадырамас күз тұрса, көктем боп күлімдей алмайсың.

- Көрікті сөзтындаушыны таңдайды. Тындаушысы жоқ болса, зорлансаң да болмайды.

- Туғаныңа қуанып, өлгеніңде жылайтын бауырың болғанға не жетсін?..

- Сараң сары алтынға малынып отырса да, тиын санайды.
- Өмірде қателіктер жібермеуге тырысындар, уақыт өткен сайын өкініші көп болады.
- Кешіре білмесең, кеселді боласың. Түсіне білмесең түнерумен өмірің өтеді.
- Сырынды айтпа ешкімге, сырттай қалса, сатып кетеді.
- Достың дұшпанға айналғанын талай адамдар көрген, сондықтан абай бол.
- Өмір – мұз айдыны. Байқап жұмесең, барлық жерде қауіп бар.
- Қызғаншақ адам елге Күннің көзін де түсірмес еді, әттең шамасы келмейді.
- Өмір дегенің де қырық жамау, көңіл дегенің мың құрау, тұтастық адам баласында бола ма екен?..
- Тапсырманы мүлтіксіз орындайтын талантсыз солдаттар түбі генерал болады, себебі олар бастыққа жағады.
- Беті қалың қайдан шығады? Жаны қалыңнан шығады.
- Туғандарына еміренбеген, ел мен жерге тебіренбейді.
- Мәдениетті үйрететін адам өзі мәдениетті болу керек.
- Адам өзінен асырып ешнәрсе бере алмайды. (Тәрбие, білім, сыйлық т.б.)
- Іші пасық адам бықсытып отырады.
- Шәкірттерін қонырқай сұрғылт өмірдің қамауында ұстаған ұстаз ұстаз емес, түрме күзетшісіне ұқсайды.
- Шәкірттеріңе ұшуды үйрет, самғауды үйрет, жануды үйрет, сүюді үйрет, қалғанын өздері алады.

• Ауа жібермейтін мата сияқты кейбір адамдар да тынсты тарылтады. Кейбіреулерге сондай киім де, адам да ұнайды...

• Жібiместiң тоңы ерiмес, ерiсе де, көк шығып, көгермес.

• Пиғылындағы суықтан суындым, жанарындағы жасандылықтан түңiлдiм.

• Жанын жаралап алмайын деп, жауыма да қатты айтпадым.

• Ақтың түсiн ақ деме, қара болуы бiрдемде.

• Iзгi жанның көңiлiн жақсы қалдырса, сол – ауыр.

• Әйелдiң көркi болып, ақылы жоқ болса, ең жаманы – сол.

• Ер азаматтың көркi де, айбары да ақыл мен намыста.

• Парасаттан жанға жағымды самал еседi, арамдықтан тыныс тарылады.

• Жалған бақыт, жалған сөз, жалған өмiр... бәрiнен қалған көңiл.

• Тасырлық, өркөкiректiк тек жаман адамдарға тән қасиет.

• Ғылымнан қасиет кетсе, қасiрет болмақ.

• Ғылым елiнде пасықтыққа, аярлыққа орын болмау керек.

• Бүгiнгi тауқымет-тiрлiк адамдарды ойлаудан қалдырып барады.

• Қаршадай бала, қабағынды аш, дүниеде адамдар болмаса, сен кiмге қызмет етер едiң?

• Қарағым, қауып сөйлеме, ол адамның емес итiң қасиетi.

• Кiсiлiгi бар адамда кiшiлiктiң бар болуы – заңдылық.

- Жақсы жаманды да жамандыққа қимайды, жаман жақсыны қимақ түгілі, қинайды.
- Үндемеген үйдей пәледен құтылып қана қоймайды, көп жұмыс тындырады.
- Өмір ресми, биресми, тәртіп, тәртіпсіздіктен, жүйе мен жүйесіздіктен тұрады екен.
- Сөзі сылдыр, ойы бұлдыр ғалымсымақтармен бірге өмір сүру, сұмдық шығар?..
- Адам мінездің әр түрлі қапшығын өзімен бірге алып жүреді. Біреулер – дау, екіншілер – жау, үшіншілер – ұрыс-керіс, қулық-сұмдық т.б. Құнсызды төге салу өте оңай. Сондықтан дауды, ұрыс-керісті шығара салу оңай. Неге олар сабыр, ізгілік, жақсылықтың қаптарын алып жүрмейді екен? Әлде олар ауыр ма екен?..
- Адамдардың бәріне ұнау үшін қызмет етпе, біріншіден, ол мүмкін емес, екіншіден, түгін қалмайды, шаршап, титықтайсың.
- Қолынан көп іс келмейтіндер ұрысқақ болады, бұйрық бере сөйлегенді ұнатады.
- Құлықсыздықтан өткен жауыздық жоқ. Теспей қан ішетін де солар болу керек.
- «Маған керегі жоқ» деген дұрыс емес, бәрі керек. Адам баласының бірінің қолынан келген екіншісінің де қолынан келеді. Өмірге, тұрмысқа қажеттің бәрін үйрену керек. Көлік жүргізуден бастап, көмір түсіруге дейін.
- Тіршіліктің салмағын қасындағы қимас, адал досың о дүниелік боп кеткенде білерсің.
- Әуелде үйленген кезде, домбыраның қос ішегіндей үндесеміз, кейін оркестр болғанда, әрең бірге тұрып, күн кешеміз. Адамдар қызық қой...
- Біреуге жамандық жасаған адам түні бойы қалай ұйықтап шығады екен?..



- Бала кезінде қорқақ болған, есейгенде батыр болмайды.
- Бесіннен кейін таң атпайды, кеш болады, ар жағы түн...
- Жастық өмірді өкпелетіп алмаңдар, ол да бір қонақ.
- Өткен жылдар адамды оңдырады, бояуын алады. Өзінің өрнек әжімдерін салып, шышыңа күмістен шашу шашады.
- Түк бітірмей өле салғанға ұялу керек.
- Адам елді бағындырамын деп әуреге түспесін, алдымен өзінді бағындырып көрші. Қияметтің қияметі өзінді бағындыру екен ғой.
- Құстың да қанаты талатын шығар? Қайғы да мықты адамның қанатын талдырады.
- Аз ба, көп пе, қуаныштың аты – қуаныш, оған қуана білу керек.
- Қолыңнан келетіннің бәрін өзін істе, келмесе де талаптан, әрекет жаса.
- Уақыт деген алыппен күресіп бақ, оған жеңдірмеуге тырыс. Алдына шыға алмассың, бірақ қатар жүруге тырыс.
- Ұлылықтың ауылы – барсакелмес аралы, қарапайымдылық – қол созым жер.
- Көп жұмыс бітіру керек, жұмыс бітсе, адам тыныш ұйықтайды.
- Адам өз мәдениетінің деңгейін барлық жерде көрсетіп отырады.
- Жаныңда бүтіндік болмаса, өмірің де бүтін болмайды.
- Айналасына жылуы жоқ адамның қасындағы адамды аясаң болады.

- Бұлақта қайғы жоқ шығар, қашан көрсен сылдырап, сылқылдап күліп жатады. Тауда қайғы жоқ шығар, қашан көрсен де асқақ. Күнде қайғы жоқ шығар, ол – нұрдың көзі, Айда қайғы жоқ шығар, ол – аспанның сұлуы. Шамаң келсе, солардай бол.

- Біреу қуанып тұрғанда, қуанышын баса қоюға тырыспа. Өмірде онсыз да көп қуаныш жоқ.

- Қасымда жүргеннің қабағына қарадым, басымда жүргеннің тамағына қарадым, өзіме қараймын деп жүргенде кеш батып кетіпті...

- Саранның байығаны – қиын, түк көрмегеннің төрге шыққаны – қиын.

- Адамнан жақсылық іздеп тұратындар – нұрлы да сүйкімді.

- Ашу – сайтанның үйінің төрі, қатты ашуланғанда ойланып қой, сенің жеткенің сол «төр» ме еді? Сабыр – Алланың төрі, неге Алланың төрінде тұрмасқа?..

- Жаны жақсы адамдар бар, солардың арқасында өмір қара түске айналып кетпей тұр.

- Жақсылар төрге шық дейді екен, жамандар төрден түс дейді екен.

- Жанған оттың жанғанына көңіл бөлмесең, оны пайдаланбасаң, қашанғы жана берсін, бір күні сөнеді-дағы. Жанғанды үндемей өшірудің жолы – осы.

- Ақ жүректі адам қайнар бұлаққа ұқсайды.

- Үлкен ортаның буы қарапайым адамды да өзгертеді, аласаны қомысынып, кішіге үстінен қарап қалады. Бірақ, бұл – уақытша нәрсе, қайнап тасыған шәйнектің де қақпағы біраз уақытқа дейін бүлкілдеп тұрады емес пе?

- Сырдың суы азайса да, тасыса да жаман. Адам да дәл солай... Барлығы өз қалыбында болу керек.

- Түбін цементпен бекітпеген тіреудей, адамның

көп өмірі солқылдақ, бос болады. Шын жанашырың болса, рухынды қайрап, сөзімен цементтеп, мықты етеді. Жанашырың болмаса, дұшпаның солқылдақ тіреуді жығып кетеді.

- Мақсат еткен ісінді аяқтамау деген есігіңнің алдында тау боп үйіліп жатқан астықты қамбана тасып алмау деген сөз. Далада жатқан егінді адам да, ит-құс та пайдаланып, жауын-қармен рәсуа болмай ма?

- Саяз болса, саяз болсын, таза болса екен...

- Сөз өтпеген адамға оқ өтпейді, оған уайымдамасақ та болады, себебі оларда өткізбейтін клеткалар жақсы дамыған.

- Игілікті іс қашан да жақсы.

- Ұйықтамадым деп көп уайымдама, ұйқың қанатын уақыт та келеді.

- Шығармашылық жұмыстан басқа жұмыстың бәрі жеңіл.

- Сараң жомарттан еш уақытта үлгі алмауы мүмкін. Сараңның қателігінен сараң тәрбие алады.

- Айғайлап айтқан сөзден сыбырлап айтқан өсек өтімді.

- Түлкі мен тауық бір қорада өмір сүретін заман да болды.

- Әдепсіз адам үшін сыйлы адам да, сыйлы жер де жоқ.

- Адамдар қалың емес, ар жақ, бер жағы көрініп тұрады.

- Сабырсыз жан өзімшіл болады. Өзгелердің өмірін де, уақытын да, денсаулығын да ойламайды. Өзіме ғана үйіріліп тұрса екен дейді.

- Кеудесінде жаны басқаның тілегі де басқа болады екен.

- Алланың өз есебі дұрыс. Оның безбенінде адамзаттың барлығының амалы тұр. Адам ауырмаса ғана көп іс тындыра алады.
- Туған жеріңнің тағдырына толғанбасаң, ойланбасаң, тағдыр да сені мәз қылмас.
- Ер деген өткір пышақтың жүзіндей, ақыл мен намыстың қайрағына қайралғандай болу керек қой.
- Бақыт деген үркек құс, абайламасаң ұшырып аласың ...
- Саған қарай бақыттың желі ессе, доспын дегендерде де қызғаныш туып қалады екен...
- Жалғыз өзің таудай жақсылық жасағанда, жақсылық көргендер жабылып жүріп түйірдей рақмет айта алмайтыны қандай өкінішті.
- Түсіністікпен өмір сүргенге ешнәрсе жетпейді.
- Жайдақ суға рақаттанып шомыла алмайтының сияқты, жайдақ адаммен де әңгімелесе алмайсың.
- Ой жимағанымен қоймай, дүрдей болатынын қайтерсің?..
- Не ой жоқ, не «қой» жоқ, жүріп, жер тоздырып жүргендер қаншама?
- Өтірік айтып өлтіріп алған адамыңды өтірік айтып тірілтіп ала алмайсың.
- Өтірік өріп шыққан жерден шындық шықпайды.
- Адамгершіліктің тойына барып, рухани тойып келгенге не жетсін.
- Біреудің тәрбиеленіп кеткен адамын тәрбиелеймін деп әуреге түспе. Күшінді өз балаларыңа жұмса.
- Сананды сарғайтып сары күз келсе де, жүрек мәңгі көктем екен.

\*\*\*

*Менің «Тамшы сөздер мен қамшы сөздер» атты кітабымнан кейбір өзіне ұнаған сөздерді Шәкизада Рахметжанқызы Шағатаева әріптесім орысшаға аударған еді. Адамзаттың сүйкімдісі еді. Жаны таза, гажан жан еді. Амал не, 2010 жылы жарық дүниедегі сапары аяқталып, о дүниеік болды. Рухы биікте шарықтасын. «Қоңырау» кітаптың ішінде Шәкизаданың да сыңғырлаған үні, жан жылуы жүрсін деп әдейі беріп отырмын.*

\*\*\*

Тіл – адам баласына Алланың берген сыйы. Адам баласы үлкен сенімге, құрметке ие. Тіл арқылы өз перзентіне еміреніп тәтті сөздерін айтады, баласы анасына үн қатады, адамдар сүйіктілеріне деген сезімдерін жырға қосады, адам баласы ғылым көкжиегін де тіл арқылы бағындырады. Тіл бабалар тарихын ұрпаққа жеткізіп, келешек ұрпаққа қалдырады. Сондықтан тілге қиянат жасамау керек. Таза сақтайтын, кірлетпейтін асылымыз болса, ол – тіл!

Язык – это Божий дар человеку, наделенному его большим доверием и честью. Посредством языка человек выражает любовь к своим детям, мать разговаривает со своим ребенком, чувства к любимым слагаются в стихи; посредством языка человек осваивает горизонты науки. Язык передает историю предков потомкам и делает её достоянием грядущих поколений. Поэтому над языком нельзя совершать насилие. Если у нас есть драгоценность, которую надо беречь и держать в чистоте, – это язык.

\*\*\*

Ана тіл – құдірет, оның адамға беретін қуатын, күшін айтып жеткізу мүмкін емес.

*Родной язык – чудодействен, нельзя передать словами, какой силой и мощью он наделяет человека.*

\*\*\*

Тілге кеңірдек керген айғайшының керегі жоқ, тілге жанашыр керек.

*Язык нуждается не в пустозвонстве, и не просто в сочувствии, а в реальной помощи.*

\*\*\*

Тәрбилі кісінің тілі өзіне бағынар.

*Воспитанному человеку подвластен и его язык.*

\*\*\*

Орынды сөзді айтсаң – ұтарсын, орынсыз болса сөзің – жұтарсын.

*Сказав метко, можно выиграть удачу,*

*Сказав опрометчиво – оплеуху в придачу.*

\*\*\*

Өз тіліңді өз Отынында өгейсітсең, ол қайда барып көгереді?

*Если свой язык ты отчуждаешь в своём же Отечестве, где же он будет процветать?*

\*\*\*

Ана тілің сені анандай жақсы көреді, тек сен ана тіліңнен алыстама, жақында.

*Родной язык тебя любит так же, как и как родная мать, только ты не отдаляйся от него, приблизься.*

\*\*\*

Тілің – ұлтыңның тамыры, халқынның қуаты,  
ата-баба мұраты.

*Язык твой – это корень твоей нации, мощь твоего  
народа, достояние твоих предков.*

\*\*\*

Тілді түсінбегенге өкпелеме,  
тілді менсінбегенге өкпеле.

*Не сердись на того, кто языка не знает,  
А сердись на того, кто им пренебрегает.*

\*\*\*

Ой – дария, өлшеулі өмірдегі өлшеусіз дүние – ой.  
Мысли – в отмеренной жизни безмерный простор.

\*\*\*

Білімсіз ұстаз білтелі шам сияқты, тез сөнеді.  
*Недостаток знаний делает Учителя похожим на  
керосиновую лампу, которая быстро затухает.*

\*\*\*

Білімді ұстаз Темірқазак жұлдыз сияқты, шәкіртіне  
бағыт-бағдар беріп, мәңгілік көкте тұрады.

*Знания превращают Учителя в Полярную звезду,  
которая вечно светит на небосводе, указывая путь  
ученикам.*

\*\*\*

Ақылдың пырағын ерттеп мінбей, ер жігіт бақыттың  
дәмін татпайды.

*Не обуздав коня ума, джигит не выловит и птицу  
счастья.*

\*\*\*

Даналық сабырдан шығады.  
*Мудрость – выдержки дитя.*

\*\*\*

Адалдығымды дәлелдеймін деп арамгер болма,  
уақыттың өзі дәлелдейді.

*Не пытайся доказывать, что ты честен, достаточно  
быть таковым.*

\*\*\*

Сөйлер құлақ өзіндікі болғанмен, естір құлақ өзгенікі  
екенін ұмытпа.

*Когда говорит твой язык, не забывай, что слушают  
его не только твои уши.*

\*\*\*

Жерге түкірме, ол Жер ананың беті.

*Не плюй на землю, ведь это – лицо нашей  
Матери-земли.*

\*\*\*

Біреудің жанын ауыртатын шындықты айтқаннан,  
айтпаған жақсы.

*Лучше умолчать правду, которая ранит человека.*

\*\*\*

Ақылы аздың адасумен өмірі өтеді.

*У кого не хватает ума, тот всю свою жизнь  
проводит в заблуждениях.*



\*\*\*

Жан дүниесі сұлу адам – әдемі сөйлейді, әдемі ойлайды, әдемі әрекет жасайды.

*Красивой души человек – и думает, и чувствует, и делает всё красиво.*

\*\*\*

Қартқа даналық жарасқан.  
*Старцу к лицу – мудрость.*

\*\*\*

Қарғыс айтқан адам – көп қарғыс алған адам.  
*На проклятия не скупится,  
Кто собрал их вереницу.*

\*\*\*

Орынсыз шашқан дүниенің – ор қазбас деме,  
Орынсыз айтылған сөз – жылан боп өзінді шақпас деме.

*Безрассудство в поступках обернуться может бедой,  
Безрассудство в словах укунить тебя может змейей.*

\*\*\*

Байлық алма, ақыл ал. Ақылды адам тозбайды.  
*Бери ум, а не богатство. Умный человек никогда не обнищает.*

\*\*\*

Жақсының жаны – жаз.  
*Душа праведного – лето.*

\*\*\*

Тілің үшін құрбан болсан бол, күнің үшін құрбан болма.

*Жертвовать собой можно ради родного языка, но не ради куска хлеба.*

\*\*\*

Үй салсан, жылап салма, қуанып сал, ол – сенің киелі мекен-тұрағың.

*Строй дом с радостью, а не со слезами. Ибо это – твоя святая обитель.*

\*\*\*

Ақылсыз адам айғайлап сөйлейді.

*Неумный человек разговаривает с криком.*

\*\*\*

Сайға түссең де түнілме, оның да шегі бар. Бір түскен сайың- екінші бір өрдің басы.

*Не унывай, если скатываешься вниз по горке, спуск заканчивается ложбиной, с которой начинается другая гора.*

\*\*\*

Аялаған адамың аямаса – сол жаман.

*Хуже нет, когда тебя лелеешь,  
А ты меня и вовсе не жалеешь.*

\*\*\*

Әділдікті жақтап, ауыз ашпаған адам – қорқақ, сужүрек адам.

*Трусливый человек не способен защитить справедливость.*

\*\*\*

Таразының екі басына секіргенмен, таразы басы тең болмайды.

*Прыжками из одной чашки весов в другую равновесия никогда не достигнешь.*

\*\*\*

Жаман боп туғанға жақсы сөзді қор етпе.

*Не унижай хороших слов – глумом рождённый их не ценит.*

\*\*\*

Өсекшінің сөзіне ере берсең, өрге шықпайсың.

*Сплетнями высоко не залезешь.*

\*\*\*

Махаббат – бар жақсылықтың басы.

*Любовь – всех благ земных начало.*

\*\*\*

Қасиетті бағаламаған – қасіретке тап болар.

*Кто не ценит святость чувств – нарывается на парок.*

\*\*\*

Біреудің сырын ашпа. Ол кісінің қазынасы. Қазынаға қол сұғуға қақың жоқ.

*Тайна другого человека – это неприкосновенное сокровище, раскрыть её означает обокрасть.*

\*\*\*

Адамдарға қуаныш сыйлап жүрген адамның иманы тасып жүреді.

*Благославенный тот, кто дарит радость людям.*

\*\*\*

Көпке сен өкпелесең, көп саған өкпелі екенін біл.  
*Причину обид на других ищи в себе самом.*

\*\*\*

Өзгенің уақытын ұрлау – қылмыспен тең.  
*Обкрадывать чужое время равносильно преступлению.*

\*\*\*

Көрген мен естігенді айта беруге болмайды,  
адамгершіліктің сүзгісінен өткізіп алу керек.  
*Все увиденное и услышанное нужно просеять через разум.*

\*\*\*

Біреудің жанын ауырту үшін сөз айтсаң, тозақтың  
есігін өзің барып қаққаның.  
*Ранить словами в сердце кого-то,  
В адовы значит стучаться ворота.*

\*\*\*

Тілде сүйек болмағанмен, отыз тіс қорған болу керек.  
*Хоть язык и без костей, но живет он в крепости из тридцати зубов.*

\*\*\*

Соттың мекемесі әр адамның өзінің ішінде.  
*Учреждения правосудия каждый носит в себе.*

\*\*\*

Ағайынды үш жаман: өсек, өтірік, мақтаншақ.  
*Хвастовство, ложь, сплетни – порока роденькие дети.*

\*\*\*

Жауыздықтың жапырақ жайғанына қуанба.  
*Не радуйся, когда распускает свои листья зло.*

\*\*\*

Өтірікші адам үшін өмірде шындық жоқ.  
*Для лживого человека правды никогда не бывает.*

\*\*\*

Арам аққан өзеннен, адал аққан арық артық.  
*Чистый арык лучше грязной реки.*

\*\*\*

Күншіл адамға күн түспес.  
*Зависть заслоняет даже солнце.*

\*\*\*

Отбасындағы бақыт – хан сарайдан артық.  
*Семейное счастье выше любых дворцов.*

\*\*\*

Балаға дұрыс тәрбие бергеннен артық игі іс болмайды.  
*Нет благороднее дела, чем воспитание детей.*

\*\*\*

Баланың жетістігіне кішкене кезінен бірге қуанып  
үйрену керек.

*Достижениям детей надо учиться радоваться  
вместе с ними с самого раннего возраста.*

\*\*\*

Санасыз балаң болса, қайғының бұлты басыңнан  
кетпес.

*Если ваши дети не сознательны, тучи страданий над вами никогда не рассеются.*

\*\*\*

Әке-шешенің балаға сыйлар бақыты – жақсы тәрбие.  
*Хорошее воспитание – самое большое счастье, которое родители могут подарить своим детям.*

\*\*\*

Баланың бағын ойлағаны – ертеңгі тағын ойлағаны.  
*Забывая о счастье детей, вы готовите себе трон.*

\*\*\*

Балаңмен ақылдасып іс істесең, болашағына алаңдама.

*Если ты решаешь дела, советуясь с детьми, то можешь не беспокоиться за своё будущее.*

\*\*\*

Туған жер де туған ана сияқты, балаларының қамқорлығына зәру.

*Родная земля, как и родная мать, нуждается в заботе и внимании своих детей.*

\*\*\*

Балаларға болар-болмас кінәсі үшін ауыр сөз айтып, жазалауға болмайды. Жердегі біз түгіл Алла да мейірімді.

*Нельзя травмировать детей словами и наказывать из-за незначительных проступков. Не только мы, земные, но и Бог небесный милосерден.*

\*\*\*

Жас баланың талабын қайтарған адам – жауыздың жауызы.

*Варваром из варваров является тот, кто препятствует таланту ребёнка.*

\*\*\*

Келіннің кесек сөйлегенінен, ұлдың ұсақ болғанынан без.

*Когда сын мелочен, ленив, к тому ж сноха грубит,  
Ничто для нас, чем это, не может хуже быть.*

\*\*\*

Қызың ақылды болса – жаныңның серігі.  
*Умная дочь – спутница твоей души.*

\*\*\*

Ананды сөзіне емес, көзіне қарап түсін.  
*Мать нужно понимать не по её словам, а по её глазам.*

\*\*\*

«Үлкен» сөз сөйлеме, үлкен ой ойла.  
*Не слова твои пусть будут высоки, а дела и мысли.*

\*\*\*

Ара еңбек етіп, бал жинайды, адам еңбек етсе, бақ жинайды.  
*Труд пчеле приносит мед, а человеку – счастье.*

\*\*\*

Жақсылықты жасырын жасау – періштенің ғана қолынан келеді.

*Незаметно делать добро могут только ангелы.*

\*\*\*

Кісінің алдағаны қауіпті емес, өзінді өзін алдағанын қауіпті.

*Ложь самому себе гораздо опаснее, чем ложь, исходящая от другого человека.*

\*\*\*

Әдебиетші ұстаз – әдебиеттің өгей шешесі емес, сүт анасы.

*Учитель-литератор – не мачеха литературы, а её молочная мать.*

\*\*\*

Қураған қуға жолығады.

*Заблудшей овечке встречается волк-проходимец.*

\*\*\*

Өзіңнен өзің талап етсең – пайданың үлкені сол.

*Требовательность к себе – вот полезнейшее из всех полезных качеств.*

\*\*\*

Жаны таза, адал адамға күдікпен қарама, ол адам үшін одан өткен ауыр нәрсе жоқ.

*Для человека с чистой, честной душой нет более тяжелого испытания, чем когда на него смотрят с сомнением.*

\*\*\*

Нұрлы жүректен нұр тамар,



Шерлі жүректен шер тамар.

*Благостное сердце порождает благо, а горемычное – горе.*

\*\*\*

Баласының табанына тіршіліктің тікені кірмесін деп өмір сүрген ана, сол тілекпен өледі.

*Мать, живущая желанием уберечь своих детей от всех жизненных невзгод, с тем желанием и умрет.*

\*\*\*

Ақылсыз адам доп сияқты, оны кез келген адам теуіп жүре береді.

*Глупый человек похож на мяч, его может пинать каждый, кому не лень.*

\*\*\*

Ақылсыз адамның өкпелеуі ұзақ. Ақылдың нұрына шомылмаған жан, өлгенше өкпелейді.

*Обида глупого человека долгая, она постоянно тлеет, поскольку не искупалась в лучах его ума и не испарилась в лучах его сердца.*

\*\*\*

Ақылсыз қыз ақыл айтқан анасын жау көреді, жай әңгімені дау көреді.

*Глупая дочь советы матери воспринимает враждебно и обычный разговор превращает в большой спор.*

\*\*\*

Адалдықтың да шегі бар

*Преданность тоже имеет свой предел.*

\*\*\*

Тамақ ішіп, аяқ босатып, жыбыр-жыбыр құрт-құмырсқа өмірден жалықпайтын адамдардан қорқамын.

*Боюсь людей, которые не устают от бестолковой возни, «муравьиного» копошения и мелочной суеты.*

\*\*\*

Дариядай дархан көңіл кімде бар болса, сол адам – бай.

*Тот богат, у кого душа огромна как море.*

\*\*\*

Ақыл төбеден түспейді, жол жүріп келеді. Біреуге ерте, біреуге кеш жетеді. Ал кейбірулерге мүлдем жетпей қалады.

*Ум с неба не падает, он приходит дорогой жизни – к кому-то раньше, к кому-то позже, а кого-то и обходит.*

\*\*\*

Адал адамды азапқа түсіріп, рақаттанатындар – өте қауіті адамдар.

*Опасны те люди, которые заставляют невинного человека страдать и получают от этого удовольствие.*

\*\*\*

Төбе қасына тау келгенін сүймейді, теңесем төмен боп қалам деп.

*Холм не любит соседства высокой горы – боится сравнения.*

\*\*\*

Жақсы сөз –жанар май, адамды оталдырады.

*Добрые слова – это горючее масло, которое зажигает человека.*

\*\*\*

Ұрпақтарыңның болашағы жақсы болсын десеңдер, жауыз, ұятсыз болмандар.

*Если вы желаете своим потомкам добра, не будьте жестокими и бессовестными.*

\*\*\*

Ұятсыздық ұялаған ортада соқыр бақытты

Айғай мен жанжалдың ортасында керен бақытты.

*Где гнездится бесстыдство, там счастлив слепой,*

*Где скандалы и шум – там счастлив глухой.*

\*\*\*

Өзіне өзің ақыл айт, өзіңді өзің тыңда, өзгеден көмек күтсең өзегің талады.

*Сам себе давай советы, сам себя слушайся, пока будешь ждать помощи от других, может согнуться стержень твоей воли.*

\*\*\*

Барлық істің басын да, аяғын да өзің істеуге тырыс. Өзгенің ісі өзгеніңке болатынын ұмытпа.

*Дело своё от начала до конца надо делать самому и не забывать, что у другого оно будет другим.*

\*\*\*

Көп оқыған білімді адамның қанағаты көп болар.

*Кто много читает, получает много удовлетворения.*

\*\*\*

Ессізге есеп бергеннен өткен бейшаралық жоқ.  
*Нет большего унижения, чем давать отчёт глупцу.*

\*\*\*

Өзінен ұялмаған – өзгеден де ұялмайды.  
*Кто не стыдится себя, не стыдится и другого.*

\*\*\*

Ойлы адам түсінде де ойланады.  
*Мыслящий человек мыслит и во сне.*

\*\*\*

Сараң санап өледі.  
*Скупой умрёт считая.*

\*\*\*

Өресізге ойлы сөз айту – ұят.  
*Перед глупцами говорит умные слова – унижительно.*

\*\*\*

Суынған көңілдің жылынуы қиын,  
Бұзылған үйдің соғылуы қиын.  
*Трудно согреть остывшие чувства,  
Трудно отстроить разрушенный дом.*

\*\*\*

Өмірдің қысқа екенін біл де, өнегелі өмір сүр.  
*Знай, что жизнь коротка, и живи разумно.*

\*\*\*

Бақыт іздегенің – өзінді сыйлағаның, өзінді сыйлата алғаның.

*Стремление к счастью – это твоё уважение к себе и желание добиться уважения к тебе других.*

\*\*\*

Туылғанда ессіз болса, есейгенде ес кірмейді.  
*Если человек глуп от рождения, то он останется глупым и в старости.*

\*\*\*

Тауға шыққанда, түсетінінді ұмытпа.  
*Когда взбираешься на гору, не забывай о спуске.*

\*\*\*

Жазықсызға жала жаппа,  
жүрегін жұрттың ауыртпа,  
өзіңе ауыр күнә алма.  
*Не виновного обвинять –  
Недуг ему на сердце нагонять  
И себе на душу тяжелейший взять.*

\*\*\*

Арманды қатты кума, озып кетіп, арманың артта қалып қойса, сол жаман.

*Не перегоняй свои мечты. Плохо, когда они остаются позади.*

\*\*\*

Көңіліңнің тежегіші – сабыр болсын.  
*Пусть дирижером твоих эмоций будет выдержка.*

\*\*\*

Ессіз есекті «тұлпарсың» деп көкке көтерме, көресіні ессіз көрсетеді.

*Не возноси осла до тулпара, от такого глупца  
настрадаешься вдоволь.*

\*\*\*

Басында түйедей бақ тұрып, біреулерге қонған түймедей бақты көре алмау – ұят.

*Сидя на горе счастья, стыдно завидовать горсточке  
в ладонях другого.*

\*\*\*

Дұшпаныңның жұмысы көп, көңілі тоқ болсын, уақыты жоқ болсын.

*Пусть у врага твоего будет много дел, сыта душа и  
времени мало.*

\*\*\*

Өмір де – таразы, көңіл де – таразы. Жақсылық та өлшенеді, жамандық та өлшенеді. Жүз жақсылық жасап, бір рет ескермей қалсаң, жақсылығыңның бәрі жамандыққа ауып түседі. Онысы несі?

*И жизнь – весы, и чувства – весы. Измеряется и  
хорошее, и плохое. Однако почему иногда сто добрых  
дел может перевешиваться одним проступком или  
недоразумением?*

\*\*\*

Ер азамат ақылды болу керек, ақылсыздық ер азаматқа жараспайды.

*Мужчине не к лицу быть глупым.*

\*\*\*

Өмірде аялдама жоқ, шаршасаң да тоқтай алмайсың.  
*В жизни нет остановок. Не можешь остановиться,  
даже если сильно устанешь.*

\*\*\*

Көмескі жерде көп отырғандар – жап-жарық жерінді  
ұнатпайды.  
*Кто привык к тусклому освещению, тот в ярком  
свете и не нуждается.*

\*\*\*

Ессіз адам ескексіз қайыққа отырса да, кам жемейді.  
*Глупец не беспокоится, даже если садится в лодку  
без вёсел.*

\*\*\*

Бүгінгі қоғамға ауырған (айтылуы бұзылған,  
әуезділігі жоғалған) тілді емдеп жазатын емші ғалымдар  
кажет.  
*Сегодняшнему обществу нужны лекари языка.*

\*\*\*

Жарқыраған семсер тілді жастар алып жүрсе жарасар.  
*Молодежи было бы очень к лицу блистать при шпаге  
родного языка.*

\*\*\*

Көңілінде көлеңке (қайғы) тұрып, жұртқа шуақ  
шашқан адам – ұлы адам.  
*Велик тот, кто согревает людей, находясь в тени  
своей печали.*

\*\*\*

Өзінен қызғанған, өзгені жарытпас.

*Кто скуп к себе, тот не может быть щедрым к другому.*

\*\*\*

Адамға байлық та керек, бақыт та керек. Жоқшылық нәсіліңді түсіреді.

*Человеку нужно и богатство, и счастье. Недостаток и того, и другого сильно угнетает.*

\*\*\*

Сен жақсы көрмеген адам сені де жақсы көрмейді, бұл ұстазға арналған сөз.

*Если не любишь ты, не любят и тебя.*

\*\*\*

Тұнықты лайлау оңай, тұндыру қиын.

*Прозрачность легко замутить, трудно восстановить.*

\*\*\*

Жомарт барлықтан дүние шашпайды, қуанту үшін шашады.

*Щедрость – это стремление принести радость людям.*

\*\*\*

Өтірікшінің арбасын өрге сүйреп, сені шын жақсы көрген адамның өзін де, арбасын да көрмей кеткенін – өкінішті-ақ.

*Очень печально, когда тащишь в гору телегу лжеца, не увидев ни по-настоящему любящего тебя человека, ни его телеги...*



\*\*\*

Таудың бір жағына күн түскенде, екінші жағына көлеңке түседі.

*Когда на одну сторону горы падает солнце, на другую ложится тень.*

\*\*\*

Жығылғанды тұрмайды деп ойлама, одан да өзіңнің құламағаныңды ойла.

*Не думай, что человек, который упал, не встанет. Думай о том, чтобы не упасть самому.*

\*\*\*

Жігерсіз өзгеден көмек күтеді, рухы күшті жан өзіне сенеді.

*Слабый возлагает надежды на другого, а сильный рассчитывает только на себя.*

\*\*\*

Қайда бара жатқанын білмеген адамнан, қайдан келе жатқанын сұрама.

*Если человек не знает, куда он идёт, то не спрашивай у него и откуда он идёт.*

\*\*\*

Шәкірттерім – менің құтқарушыларым. Олар таза, мөлдір су сияқты, мөлдіреген жанарларымен жуындырып алады, мен шәкірттеріме қарыздармын.

*Мои ученики – мои спасители. Они умывают меня очей своих прозрачными лучами, я пред ними в вечном долгу.*

\*\*\*

Өмір – сабақты жіп, бірақ ұшы түйілмеген.

*Жизнь – иголка с ниткой, конец которой не завязан узлом.*

\*\*\*

Үйді жылту үшін көмір керек, адамды жылту үшін көңіл керек.

*Дом согреет топливо, а человека – чувство.*

\*\*\*

Кемерін толқын соқпаса, жаға жетім,

Тұлпар тұяғында тұрмаса, таға жетім.

Інісі тіл алмаса, аға жетім,

Құны кетсе, баға жетім.

*Когда волны не плещут, берега – сирота,*

*Тулпар не стоит на ногах, сирота – подкова.*

*Братишка не внемлет, значит, брат – сирота,*

*Если же ценности нет, то цена – сирота.*

\*\*\*

Адамның жан дүниесі дүние сұлулығымен, жақсылығымен үндестікте болу керек, сонда адам рухани да, табиғи да сау болады.

*Душа человека должна быть в гармонии с красотой и благодатью окружающего мира, тогда человек будет здоров и духом, и телом.*

\*\*\*

Биіктегі арманға қол жеткізу үшін, биік ұшу керек.

*Чтобы достигнуть высокого счастья, надо летать высоко.*

## СӨЗТӘРБИЕ

### (МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ТАҒЫЛЫМЫ)

*Халқымыздың асыл мұрасы мақал-мәтелдерді сақтау, кейінгі ұрпаққа аманаттау – ұстаздың ғана емес, барша қауымның ата-бабалар алдындағы парызы.*

*Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың тағдыры. Өз ұрпағының тәрбиесін өз жолына қоя алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ.*

#### **Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.**

Сөзді дұрыс сөйлеу де, сөзді дұрыс түсіну де өте маңызды. Адамдардың қарым-қатынасының баянды болмағы, бір-бірін түсінуі, жұмыстың алға басуы – сөзге байланысты. Орынсыз сөзді айтып, адам жанын қатты жаралап алу да оңай. Орынды айтылған сөз, біріншіден, өзіңіздің беделіңізді арттырады, екіншіден басқа адамдардың ар-намысына тимей, олармен жақсы қарым-қатынастың негізін салуға көмектеседі.

#### **Халқын сүйген – салтын да сүйеді.**

Әр халықтың өзінің салт-дәстүрі, сенім-нанымы болады. Ол – халықтың көне тарихымен бірге жасасып, озығы қалып, тозығы ескіріп ұмытылып жатады. Салт-дәстүрі жоқ ел болмайды. Қандай ел болмасын өз халқының салт-дәстүрін сыйлайды, құрметтейді. Халық арасында мынадай аңыз бар: Ертеде, біздің дәуірімізге дейінгі заманда біздің ата-бабаларымызды жау шауып ала алмапты. Әскери дағдылары дамығаны

сонша жау әскері ортаға келгенше тиіспей тұрады екен де, олар ортаға келгенде жан-жағынан шабуылдайтын көрінеді. Сонда түріктердің салт-дәстүрін жақсы білетін бір азғын, жаудың әскер басына: «Түріктер ата-бабаларының аруақтарын қатты қадірлейді, егер ата-бабаларының бейітін талқандасаңыз, бүкіл түрік сонда жиналады. Сол кезде соғыса аласыз» депті.

**«Үйдің жылы, суығын  
Қыс түскенде білерсің.  
Кімнің алыс-жақынын  
Іс түскенде білерсің»**

Халқымыз «Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз» демекші, адам баласының басынан небір күндер, әр түрлі жағдайлар өтеді. Жақсы күнде жаныңнан табылатын жақындарды, басыңа қиындық түскен кезде іздеп таппай қаласың. Ал қиындықта қасыңыздан табылған, қол ұшын беріп көмектескен адам – сіздің адал досыңыз. Сондай достарыңдан айырылып қалып жүрмеңіз. Халық даналығы қарапайым үйіңіздің жылы болғанын да, адамдарды тани білуді де үйретеді.

**«Ата асқар тау,  
Ана бауырындағы бұлақ,  
Бала жағасындағы құрақ»**

Біздің халық көбінде ер азаматты асқар тауға балайды. Ол – ер азаматқа деген сенім, құрмет. Осы мақалда да сол ойды мензеп тұрғаны анық. Ананы суға, бұлаққа тенеуде де үлкен мән бар. Сусыз тіршілік бола ма? Құраққа тенеген бала асқар таудың етегінде болса, бұлақтан нәр алса, ол тамаша болып өспей ме? Ақылды, берекелі ата-ананың балалары да өз әке-шешесіндей ақылды, көргенді, адамгершілігі, кісілігі мол болады.

**«Тозбасты ұста соқпайды,  
Өлместі Құдай жаратпайды»**

Өмірдің өтпелі екенін ұқтыратын осындай қанатты сөздерді ата-бабаларымыз ежелден-ақ білетін болған. Сөзбен қайғылыны тоқтатып, басу айтқан, жұбатқан. Ал біздің халық қашаннан да сөзге тоқтаған. Сондықтан да бір жағдай болғанда, кимас заттыңды жоғалтып, сындырып алғанда қатты ренжімеу керек. Зат болған соң ол сынады, тозады. Ал қайғы келгенде де қарсы тұра білу керек. Абайдың сөзі бар емес пе: «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме, қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме» деген.

**«Кешегі күннен алыс жоқ,  
Ертеңгі күннен жақын жоқ»**

Халық даналығы ұрпағына қандай асыл сөзді, тәрбиені осы бір мақал арқылы қалдырғанын түсінейік. Токсан ауыз сөз айтуға болатын еді. Өткенге өкінбеуді, оның ешбір пайдасы жоқ екенін, ертеңгі күннің, мейлі ол 20,30,40 жыл болса да, оның жақын екенін тобықтай түйінмен жеткізіп тұрған жоқ па?

Сондықтан да, өткенге өкіне берудің қажеті жоқ. Бүгінгі күнмен өмір сүру керек. Ал болашақтағы жақсылықтың іргесін еренге қалдырмай, бүгін қалаған дұрыс.

**«Айрылмастай досыңа қайырылмастай сөз  
айтпа»**

«Қайырылмастай сөз» деген – ауыр сөз. Жүректі жаралайтын сөз. Достық дегенді мінсіздікпен шатастыруға болмайды. Адам – пенде. Пенденің әрекетінің дұрысы да, кей-кейде бұрысы да бола береді. Досыңа өз басың өте адал бол. Ал дұшпандықпен біреулер араларыңызға сына қақса, ауыр сөз айтпас бұрын, ойланыңыз. Уақыт – емші. Өзіңізді сабырға

шақырыңыз. Мінсіз адам болмайтынын ойлап, достық қарым-қатынасыңызды сақтап қалуға тырысыңыз.

**«Білімдімен дос болсаң,  
Сасқанда ақылын айтар.  
Білімсізбен дос болсаң,  
Топ ішінде бетің қайтар»**

Білімді тар ұғымда, білімі бар адам деп, ал кең мағынада көргенді, ақыл-парасаты мол, білімді, жақсы мінезді адам деп білеміз. Бұл мақалдағы «білімді» осы екіншіге дәл келеді. Сондай адаммен дос болған адамдар өздерін бақыттымын десе болады. Ал «білімсіз» дегендер білімдіге қарама-қарсы адамдар. Адамгершілігі, кісілігі төмен адамды білімсіз адам дейді. Абай: «Адамға біліміне қарай жақсылық қыл, татымсызға қылған жақсылық өзі адамды бұзады» дейді емес пе?

**«Ұясын ұнатпаған құс – оңбас»**

Қазақ халқы тұрақтылықты, адалдықты жақсы көреді. Құсқа байланысты да олардың қалыптасқан пікірлері бар: Сауысқанды бірлігі жоқ деп ұнатпайды, қарғаны тілеуі жаман деп ұнатпайды, көкекті өз атын өзі шақырады дейді, қарлығаш құстың еңбекқорлығын, адалдығын ұнатады, қараторғайды, бозторғайды әнге қосады, бұлбұлды, қыранды үкіні қатты бағалайды. Құс тіршілігін бақылаған бабаларымыз, адамдардың жөнсіз, өз үйінен безген жаман әрекетін бетіне айтпай, құстың жаман қасиетін айту арқылы түсіндіреді.

**«Жақсы жолдас ерттім дегенше,  
Жарты жолдан өттім де»**

Адамның жас күнінде жолдастары көп болады. Бірге ойнаған да жолдас, бірге жүрген де жолдас.

Егер баланың сол жолдастары жақсы болса, талапты, мәдениетті болса, бала соларға еліктеп, өзі де жақсы болуға тырысады. Ал егер керісінше тәртіпсіз, бұзақы болса, ол қиын жағдайға ұшыратуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана баласының жанындағы жолдастарын танып, біліп жүргені абзал. Жора-жолдастары жақсы болса, көмектесе, қиындықты жеңуге болды. Мақалдың бізге айтпағы да мүмкін сол шығар.

**«Ақылды қайғырған жерде,  
Ақымақ той қылады»**

Қайғы әр түрлі болады, ел қайғысы да болады, ер қайғысы да болады. Яғни, қайғы жалпы да, жеке де болады. Қайғы мен қуаныш бір-біріне антоним сөдер, антоним ұғымдар. Бір біріне жанаспайтыны да сондықтан.

**«Әр күннің өз таңы бар,  
Әр жанның өз қамы бар»**

Тіршілікте адамдар бір-біріне жүк артып, міндет қылып жүреді. Жалпы ол дұрыс емес. Әр адам «мен бір-ақ рет айтқанда істей қоймады, келісе қоймады», – деп ренжіп жатады. Сіз бір рет айтсаңыз, басқа қаншама адамдар да бір рет айтқан болады. Сол себепті де сол адамның орнына өзіңізді қойып көріңіз. Егер сіз сол жақсылықты, сол істі қиналмай жасайтын болсаңыз, сонда өкпеленіз. Олай ете алмаған жағдайда, ренжіменіз. Әр адамда өз тіршілігі, өз қамы бар.

**«Араға ерсең балдан татарсың,  
Қоңызға ерсең қиға батарсың»**

Мына тіршілікте аралардың өмір сүру тәртібі өте ерекше көрінеді. Олардың ортасында жалқау аралар болса, олар оны қатты жазалап, тіпті өлтіріп тастайды

екен. Аралар тынбай гүлден нәр тасып, еңбек етеді. «Араға ерсен» дегенде адамның араға ермейтіні – түсінікті. Ара сияқты еңбекқор адаммен бірге жүрсең, бірге еңбек етсең деген мағынада айтылып тұр. Қоңыз да еңбекқор ғой дерсіз. Бірақ қоңыз әрекеті өз қарабасының игілігі үшін. Ол бал арасы сияқты адамдарға тамақ әзірлемейді.

**«Түйеқұсқа: – Жүк артамын, десе,  
– Мен құспын, депті.  
– Ұш, десе,  
– Мен түйемін, депті»**

Түйеқұстың тіл қатып сөйлей алмайтынын бәріміз білеміз. Мұндағы айтылмақ ой біздерге, адамдарға қатысты. Мойны еш жұмысқа жар бермейтін, жалқау адамның сөзі де, сылтауы да көп болады емес пе? Кейде өзіміздің бойымыздан да жалқаулықты көреміз. Егер сол жалқаулық болмаса, біз қаншама істерді атқарар едік, талай биіктерге де көтеріліп қалар едік... Келісесіз бе?

**«Бір тауды төңкеретін де бар,  
Бір дәнді зіл көретін де бар»**

Адамдардың адамгершілік қасиеттері еңбекке қатысынан білінеді. Біреулер бар кішкентай шаруа тапсырсаңыз, соны таудай етіп, қабығы түсіп жүріп орындайды. Сондай кескін-келбетін көргенде сол кісіге аз шаруаны тапсырғаныңызға өкінесіз. Ал кейбіреулер аз тапсырмаңызды молынан орындайды. Жоғарыдағы халық даналығы сондай адамдарға айтылған сөз болса керек.

**«Ақылды қасыңнан қорықпа,  
Жарымес досыңнан қорық»**

Ақылды қас деп отырғаны – дұшпаның ақылды



болса, одан алдынала сақтанасың. Ал досың ақымақ болса, сенің басыңа да, өз басына да жаман болатын жағдайды ойламаған жерден жасауы мүмкін.

Достың да, қастың да жарымес емес, ақылды болғаны жақсы.

**«Адамды тұрар адам қып,  
Ақжүректілік пен адалдық»**

Мұнда адам баласына қажетті мінезді меңзейді. Ақжүректілік деген – қулық ойламайтын, біреуге жамандық жасамайтын адам. Адам баласының жақсы қасиеттері көп.

**«Шеге тағаны сақтайды,  
Таға тұлпарды сақтайды.  
Тұлпар ерін сақтайды,  
Ер елін сақтайды»**

Ердің елін сақтауының арқасында біздер бүгінгі күнге жетіп отырмыз. Тарихымызға көз жүгіртіп көріңізші. Қазақ халқының ұлан байтақ жерін жаудан қорғауда ер азамат пен тұлпардың рөлі ерекше болды. Халық даналығы осы бір ауыз сөзбен халқымыздың тарихынан да, тіршілігінен де хабар беретіндей.

**«Алтынына сенгенше, ақылыңа сен»**

Адам баласы тек өзіне, өзінің біліміне, ақылына, күшіне сену керек. Біреулерден жақсылық болса, ол – жақсы. Бірақ соған сеніп кетіп, өзіңді жетілдірмей, еңбек етуге ерінсең, нәтижесінде түксіз қаласың. Ақыл тауып бергенді, ақша мен алтын тауып бере алмайды.

**«Жаманға сөз қатпағанның өзі жауап»**

Жаман деген түсінік – парықсыз, сөздің мәнін түсінбейтін, сөз сөйлей білмейтін, т. б. ұнамсыз

қасиеттері көп адам туралы айтылған болу керек. Жоғарыдағы мақал сондай адаммен сөйлесіп, пікірлесіп, түсінісу қиын болғандықтан шыққан. Ондай адамның көзін бір нәрсеге жеткізу өте қиын.

### **«Ұзақ болса да жолдың турасы жақсы»**

«Жолдың турасы» деген кең мағынада адамның өмір жолы туралы мағынаны білдіреді. Ешкімге қиянат жасамай, алдап кетпей, адал өмір сүрген адам жолдан таймаған, тура жолмен жүрген болып есептеледі.

### **«Елінде абыройлы болсаң, түзде жүгің қалмас»**

Елдің көңілі – елеуіш. Жаманын ұмытып, елеуіштен өткізіп жіберіп, жақсысын алып қалып, ескеріп, құрмет көрсетеді. Тарихта аты қалған тұлғалардың баршасы елдің есінде, көңілінде солай сақталғандар. Ал мақалдың мәні адамдарға көп жақсылық жасаған, қайырымды адамның да көмекшілері көп болады.

### **«Ынтымақ жоқ үйде ырыс жоқ»**

– Бақ, қайда барасың?

– Ынтымаққа барамын»

Ынтымақ деген – үлкен ұғым. Ол бірлік дегенді де білдіреді. Жеке отбасының ынтымағы сол отбасы мүшелерінің бақытын қамтамасыз етсе, елдің ынтымағы – мемлекеттің халқының бақытын жасайды. Қазақстан – ынтымағы жарасқан беркелді ел.

### **«Пасық адам паң келер»**

Білімді, мәдениетті адам ешқашан да кеудесін көтермейді. Олар соншама инабатты, қайырымды, қарапайым болады. Ақылсыз адам, өзін өзгелерден артық санайтындар ғана кеудесін көтеріп, өзгелерге менсінбей қарайды.

**Асыл текті балапан ұясында ән салар.**

Жақсы атаның баласы кішкентай кезінен-ақ белгілі болады. Ол баланың бойында кішкене кезінен адамгершілік қасиеттер, тіпті өнері болса, ол да көрінеді дегенді білдіреді.

**«Ақылдының бүгінгі ісі кеше тынған»**

Ақылды адам барлық ісін ойланып істейді. Асығыстық немесе, артық сөз айту ондай адамға жат. Ақылды адам бір жасап, нәтижеге жетеді. Ақылсыз адам он рет жасайды, нәтижесі болмайды.

**«Біреуге үйретсең, өзін де үйренесің»**

Жомарттық адамды сыйлы, абыройлы, қадірлі етеді. Малға, дүниеге ғана жомарт болмау керек, біреуге үйретуге де жомарт болу керек. Біреуге үйретсең, өзін де үйренесің. Ізденесің, көп оқысың, т.б. Өзіңізге тәжірибе жасап көріңіз...

**«Парызын «сөйле» деп тұрғанда****Үндемей қалу қып-қызыл қылмыс»**

«Парыз» деген сөздің мағынасы өте салмақты. Парыз халықтың алдында, ел алдында, ата-ана, ұстаз алдында болады. Егер сіздің өз жеке басыңызға ауыр сөз айтылса, оған төзуге болады. Ал егер сіздің халқыңызға, еліңіз туралы ғайбат сөз айтылса, кемсітсе, оған төзуге болмайды. Онда шынында да «үндемей қалу – қылмыс».

**«Керексізді сатып алсаң,****Кейін керегіңді сатарсың»**

Адам баласы «керек» пен «керексізді» ажырата білу керек. Көбінде сол екеуін ажырата алмағандықтан да адамдар арасында, әсіресе отбасында дау-дамайлар туып жатады. Мысалы білім іздеп, оқып жатқан студент

үшін қымбат көліктің керегі бар ма? Қымбат көлік білім іздеуге арналған уақытыңды ұрламай ма?

### **«Асыл сөз арнап берген сыйдан артық»**

Қазіргі кезде адамдарды берген сыйлығымен бағалап, құрметтеп жатады. Ол дұрыс емес. Себебі материалдық дүние барлық адамда бірдей емес. Сондықтан ізгілігі, адамгершілігі, кісілігі жоғары адамдар көлеңкеде қала береді. Егер сіздің тарапыңыздан осы бір мәселені шешу қолдан келсе, онда сіз шын мәнінде биік адамсыз. Сіз құрметтеген адам жағдайын айтып, сізге сыйлық жасай алмадым деп жатса, сіз «Асыл сөз арнап берген сыйдан артық» деп айтпайсыз ба?

### **«Абыройың артқан сайын арқалар жүгің де ауырлайды»**

Жалпы адамдардың қызметі, лауазымы өскен сайын адам мінезі өзгереді. Кейбіреулер үшін мансап билігін жүргізіп, байып қалудың жолы болса, ал енді біреулерге ол үлкен жауапкершілік жүктейді. Елдің қамын көбірек ойлайтын болады, бұрынғыдан да көбірек жұмыс жасайды. Ондай жанның абыройы өседі.

### **«Тауы биік болса, шатқалы да терең»**

Биікке шығарда түсетінін де ойланғаныңыз дұрыс. Биіктің басында қалу – көп жанның маңдайына жазылмаған бақыт. Биіктен түскеннен кейін төменде өмірді жақсы сүру үшін, биікте тұрғанда әділ, шапағатты болу керек. Монологты ары қарай өрбітіп, жоғарыдағы мәтелді сөзіңізде қолданыңыз.

### **Ойсыздың бәрі өркөкірек.**

Адамға жараспайтын мінездің бірі – өркөкіректік. Ондай адамда кісілік, адамгершілік аз болады. Азға мәз

болып, бір күн таққа отырса, түспейтіндей күй кешіп, есі шығады. Алдына келгеннің еңкейіп келгенін қалайды. Сондай адамды көргенде халықтың «Ойсыздың бәрі – өркөкірек» деген қанатты сөзін есіңе аласың.

### **Онның ойы бір жерден шықса, оң ойлағаны.**

Халқымызда тағы бір мынадай сөз бар: «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деген. Қыңыр адам елдің сөзіне де, ісіне де қарсы болып, көптің ашу-ызасын тудырады. Ондай адамдарға қыңырсың десең, қатты ашуландырып алуың мүмкін. Сондықтан ондай адамға: «Онның ойы бір жерден шықса, оң ойлағыны» десеңіз, ол ойланады.

### **Асқар таудың көлеңкесі алысқа түсер.**

Қолында билігі бар адам көп жақсылық жасай алады. Жақсылық деген жақындарын жаман болса жақсы деу емес, жақсылық қоғамға, елге, ұжымға болатын игілікті іске адамдарды жұмылдыра білу. Нәтижесінде адамдар да соның жақсылығын көру. Сондай басшыларға, тұлғаларға «асқар таудың көлеңкесі алысқа түсер» деп айтуға болады.

### **Жеті атасын білмеген – ұл жетесіз,**

### **Жеті ғасыр тарихын білмеген – ел жетесіз.**

Жеті саны қазақ үшін киелі сандардың бірі. Жеті атасын ұрпағына үйретуді бабаларымыз өздеріне парыз санаған. Жеті атадан аспағанша жастардың бір-біріне үйленуіне тиым салған. Ал енді жеті ғасыр тарихын білмеген елдің жетесіз болатыны неліктен? Сіздер қалай ойлайсыздар?

### **Арық қазбасаң – атызға су келмейді.**

Кейде біз қызық ойлаймыз. Ешқандай әрекет жасағымыз келмейді, еңбек еткіміз келмейді, бірақ бай

болғымыз келеді. Жақындарымызды өзіміз іздемейміз, егер олар келмесе өкпелейміз. Адам өзі әрекет жасамайынша, Алла да оның аузына су тамызбайды. «Арық қазбасаң – атызға су келмейді» деген сол емес пе?

### **Жер қазына, су алтын.**

Дүниежүзінде ауызсу мәселесінен үлкен мәселе жоқ. Кейбір елдер ауызсуды басқа елден сатып алып ішіп отыр. Ал біздің ауыз суды қалай болса солай қолданғанымыз, шын мәнінде, қылмыс емес пе? Осыған сіз не дейсіз?

### **Пірің көп болғанша, Білімің көп болсын.**

«Пірің» деп отырғаны қолдаушы, сүйеуші деген мағынаны білдіріп тұрса керек.

«Білімді адамның алдынан қайда барса да алтын тартылады» деп Сайф Сараи бабамыз неге айтты екен?

### **Қолы ашықтың жолы ашық.**

Қолы ашық дегені – жомарт адам дегені. Жомарттық қасиетті халқымыз ежелден жоғары бағалаған. «Береген қолым – алаған» дегені де сондықтан. Қолы ашық адам қадірлі болады, солсебепті де оның жолы болады.

### **Адамның тізгіні ақылы.**

Адам сөйлер сөзін, істейтін ісін, әрекетін ақылмен басқармаса, қиындыққа ұшырайды. Орынсыз сөз айтып опық жеуі мүмкін.

Ақыл туралы көптеген макал-мәтел, қанатты сөздер бар емес пе? Есіңізге түсіріп, жазыңыз.

### **Сүйдірген де тіл,**

### **Бездірген де тіл.**

Жақсы сөз сүйіндірер, жаман сөз айтатын адамнан ел қашып, алыс жүрер.

**Ақылдың өлшемі – парасат.**

Ақылды адам парасатты болса ісінде де, өмірінде де кедергілер аз болады.

**Адал адам ауыр сөзден тартынар.**

Ауыр сөз... Жақыныңды жат етер, туысыңды жат етер ол ауыр сөз.

**Әділ тіл ақыл таразысы.**

Адам баласына сыпайы, қарапайым болған жарасады. Ал жалпы, адамды көріктендіретін – тілі. Тілі шешен, үні әуезді, құлаққа жағымды болса, дыбыстарды дұрыс айта алса, қазақтың тілі сылдыраған бұлақтай, күмбіреген домбыра үніндей естіледі. Нағыз мәдениетті адам аузынан шығатын сөзді тежей алады, біреудің арына, намысына тиетін сөзді айтпайды, әділ болады. Сондай адамға «әділ тіл – ақыл таразысы» деген рас екен-ау деп айтуға болады.

**Істің сәті өз уақыты.**

Көптен ойыңа алған ісің біткенде кеуденді шаттық кернеп, иығыңнан жүк түскендей жеңілденіп қаласың. Сондай сәтте «Істің сәті – өз уақыты» деп еріксіз айтасың.

**Әр құс ұясына қарай ұшады.**

Қарапайым сөйлемде қаншама сыр, мағына бар десеңші!

**Атаға баланың алалығы жоқ.**

Ата-ана үшін өзінен туған баланың бәрі бірдей. Кейін қарым-қатынастарында алалық, бірін ерекше санау, т.б. болып жатса, оған балаларының мінездері, адамгершілік қасиеттері, әрекет- амалдары әсер етеді. Еске ұстайық: адамның жасы ұлғайған сайын қайраты

азайып, күші кемиді. Үлкен кісілер де бала сияқты өздеріне көңіл бөлгенді, әңгімелескенді жақсы көреді. Хақымыз: «Қартайғанда бір бала» деп тегін айтпаса керек. Сіздің ойыңыз қандай?

Ата-аналарыңызбен сырыңызды айтып, әңгімелесесіз бе? Бүгіннен бастап көріңіз...

**Ауыр істен қорықпа,**

**Ауыр сөзден қорық.**

Хақымызда: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген сөз бар емес пе? Ауыр жұмысты, істі киналсаң да жасап тастайсың. Ал ауыр сөз естісең, көпке дейін киналып жүресің. Басыңнан шықпайды, ойыңнан кетпейді. Сол себепті де ауыр сөз естімеуге тырысу керек. Өзіңді ақылыңмен тізгідей алсаң, әділ болсаң, ізетті болсаң, кісіге қиянат жасамасаң ең бастысы өз ісіңе жауапкершілікпен қарасаң, саған ешкім ауыр сөз айтпайды. Қалай ойлайсыз?

**Еліңді жек көрсең,**

**Елге қайтіп сиярсың.**

**Жеріңді жек көрсең,**

**Көрге қайтіп сиярсың.**

*Өз елін сүймейтін жандардың ішін ашып қараса,  
қап-қара көмір шығатын шығар?*

**Жігіттің құны жүз жылқы,**

**Ары мың жылқы.**

Бұл біздің ұлттың кодексі, ережесі болған. «Жаным армының садағасы» деген де біздің бабаларымыз болатын.

**Қуантар болсаң асық,**

**Мұнайтар болсаң сабыр тұт.**



Адамдарға қуаныш сыйлау дегенді қандай бақыт!  
Өте дұрыс айтылған. Қуантар сөз, іс көп емес пе?

**Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады.**

Дана халқымыз осы сөзбен қаншама астарлы ойды білдірді десеңізші! Адамға ісім түспесін десең де, түсуі мүмкін. Сондықтан қашанда ел туралы да, ер туралы да жаман сөз айтуға болмайды.

**Бұтағы көп ағашқа құс қонады,**

**Атағы жақсы адамға сөз ереді.**

**Ағаш басына жел үйір,**

**Жақсы адамға сөз үйір.**

Ежелден келе жатқан ескі сөз бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Көреаллаушылықтан, қызғаныштан жақсыға сөз ерткен адамның өз құты, берекесі қашады.

**Ердің ісін ауыр қылма,**

**Сәйгүлікті жауыр қылма.**

Сәйгүлік дегеніміз тұлпар ғой. Тұлпар атты жауыр қылатын адам (күте алмайтын) қандай адам?

Өмірде жүрген ортасына салмақ салып, қиындықтар әкеліп жүретін адамдар болады. Ал керісінше, ешбір салмақ түсірмейтін де адамдар болады. Сіздің пікіріңіз?

**Құты қашқан құдыққа құласа, үстіне құм құйылар.**

Құт сөзінің синонимі береке. Сонда берекесі қашқан адам дегенді білдіреді. Атам қазақ ежелден «берекемді қашырмай отыр» деп тегін айтпаған ғой.

**Ас тасыса – майы төгілер,**

**Ашу тасыса – ақыл төгілер.**

Не нәрсең де тасығаны дұрыс емес...

**Еріншекке есік те асу көрінер,**

**Жалқауға бұлт та жүк көрінер.**

Осы мақалды есіңізде ұстаңыз. Өзіңіздің бойыңызда еріншектік пен жалқаулық болса, ойланыңыз. Өзін өзгерте алмаған адамның қолынан көп нәрсе келмейтіні есіңізде болсын.

**Жазбайтын мерген болмас,**

**Жаңылмайтын білгіш болмас.**

Кейбір адамдар біреулердің жасаған кемшілігін, қателігін кешіре алмайды. Ол дұрыс емес. Себебі қателеспейтін адам баласы жоқ. Өзіңізде қателесесіз. Сонда сізді кешірмесе қалай болар едіңіз? Сондықтан достарымызды, балаларымызды, әріптестерімізді т.б. кешіре білейік.

**Тай өссе – ат тынығады,**

**Ұлы өссе – әке тынығады.**

Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі балалар әке-шешесін қаншалықты тынықтырып жүр?

**Тексіз адам қонаққа тесіле қарайды.**

Ешуақытта адамға тесіле қарауға болмайды. Ол әдепсіздік болып саналады. Байқадыңыз ба ондай адамды тексіз дейді екен.

**Еккенде келісіп алса, жинағанда жанжал болмайды.**

Қазіргі бизнеспен айналысып жүрген жандарға өте-мөте қажет мақал сияқты. Сіз қалай ойлайсыз?

**Ұлыны ұлы тұтса – құт болар.**

Жақсыны жақсы деген, мықтыны мойындаған жақсы. Елдің құты ұлы тұғаларымен.

**Белгісі болса, жолдан жаңылмас,**

**Білімі болса сөзден жаңылмас.**

Білімді адамның тереңдігі, сөзге де, ойға да алғырлығын айтады да. Өмір сапарда жолынан жаңылмаған, адамдармен араасуда сөзінен жаңылмаған адам құрметке ие болады.

**Ер салмағын ел көтереді,**

**Ел салмағын жер көтереді.**

Ел мен ер егіз ұғым ғой. Біріне бірі байланысты. Еліне керек боған азаматтың беделі жақсы.

**Ынталының ісі лезде бітеді, енжардың ісі кейін кетеді.**

Ынта, ықылас, пейіл деген мағынасы жағынан жақын сөздер. Қандай іске де адамның ынтасы, пейілі болмаса, ол іс аяғына жетпейді, немесе шала істелінеді. Сол себепті де жұмысты ынтамен жасаған дұрыс.

**Жақсы аттың жалын сақтағанша,**

**Жақсы ердің көңілін сақта.**

Адамның көңілі қалса, ол –жаман. Со себепті де халқымыз: «қалған көңіл – шыққан жанмен тең» деген. Кейбір адамдар өзінің ғана жағдайын ойлап, өзгенің жүрегіне ауыр болатын әрекеттерді істеп, ауыр сөздерді айта салады. Сондай жағдайда кейбір жүрегі әлсіз адамдар ауруға ұшырап, немес қайғылы жағдайларға да ұшырайды.

**Ерте шықсаң алдыңнан күн шығады,**

**Кеш шықсаң алдыңнан түн шығады.**

Барлық іске үлгеру үшін істі ерте бастаған жақсы. Түн ұйқы үшін берілген. Ал кейбір жастар, әсіресе, студенттер сабақ т.б. жұмыстарын күндіз жасап тастауға

ерініп, есесіне таң атқанша сабақ қарайды. Осы дұрыс па?

**Жаман болатын жігіт шегіншек келер,  
Кедей болатын жігіт еріншек келер.**

Еріншек адамның бай болғанын тарихта ешкім білмейді. Сіз білесіз бе? Еріншектің өмірі де, тіршіігі де сүйкімсіз.

**Ердің еңбегін күндегенше,  
Өзіңнің жігерінді шында.**

Көреалмаушылық, күндестік деген жақсы қасиет емес. Ол дерт сияқты. Адамның түр-түсіне әсер етіп, ортасына сүйкімсіз етеді. Сол себепті де өзгені күндегенше, өзіңнің жігерінді шында деп айтқан.

**Қажымалы мың жолдас, жоқпен тең,  
Жанын қиған бір жолдас, көппен тең.**

«Қажыту» деген қинау, мазалау дегенді білдірсе керек. Ондай көп достардан гөрі адал, сен үшін жаны қиятын адал бір достың болғаны жақсы. Біздің дәуірімізге дейін VI ғасырда өмір сүрген Анақарыс бабамыздың мынадай сөзі бар: «Сансыз көп сапасыз достардан, адал жалғыз достың болғаны жақсы» деген.

**Аз қайғыны ас басады,  
Көп қайғыны дос басады.**

Адал дос қайғыдағы досын тастамайды. Қайғыны бөліссе азаяды, қуанышты бөліссе көбейеді.

**Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.**

Қай кезде де, кім туралы болса да жақсы сөз айтқан дұрыс. Жақсы сөз де, жаман сөзде иесіне әйтеуір жетеді. Бір үлкен мансапқа жеткен адамнан: «сіз

осындай дәрежеге қалай жеттіңіз деп сұрағанда, ол: мен барлық адамдар туралы тек жақсы сөз айттым» деген екен. «Адамның өзі жетпеген жерге сөзі жетеді» деген мақалды бабаларымыз тегін айтпаса керек.

### **Азды алмаған, көптен құр қалар.**

Қанағатшылық – жақсы қасиет. Адамдардың өз бағын өзі байлайтыны осы қанағатсыздықтан. Кейбір адамдар аз жалақы береді екен деп, жұмыс істемей жүреді. Ал жұмыс істемеген адам мүлдем жалақы алмайды. Аз болса да жоқ емес, бар ғой. Бұдан басқа да мысалдар келтіріп, ойларыңызды ортаға салыңыздар.

### **Ашу тұрған жерде ақыл тұрмас.**

«Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген де мақал да бар. Ашуын тежей аған адамда даналық бар.

### **Өзің көтермейтін сөзді басқаға айтпа.**

Адамның жанын жаралау деген оп-оңай нәрсе. Ауыр сөз, ойланбай айтыла салған сөз адам жанын жаралайды. Сол адамның орнына өзінді қойып көр. Сол үшін сөзге абай болған дұрыс.

Сөз қылыштан өткір. Қылышты онды-солды жұмсасаң көп адамды жарақаттап, көп адамды өлтіресің. Сол себепті де сөзді онды-солды ойланбай сөйлей бермеу керек.

### **Ақыл – жас ұланнан, Жүйрік – тай-құнаннан.**

Біздің халқымыз жастарды, балаларды ерте жастан даналыққа, парасаттылыққа тәрбиелеген. Олардан көп үміт күткен. Сол себепті де ақылды жастан күткен.

### **Келіні жақсы үйдің керегесі алтын.**

Келіннің мәртебесі, отбасындағы рөлі осы мақалдан

көрінбей ме? Келіні жақсы болса бүкіл отбасында қуаныш, береке, той болады. Отбасының әр мүшесі үйіне асығады.

**Адам болар жігіттің,  
Жары өзіне лайық.  
Керуен бастар жігіттің,  
Нары өзіне лайық.**

Жар тандау – күрделі жұмыс. Адам өмірінің негізі – жұбайлық өмір. Сонда өмір серігіңнің адамгершілік, кісілік келбеті сенің өміріңді өрнекті, сәнді етеді.

**Аттың бәрі тұлпар болмас,  
Құстың бәрі сұңқар болмас.**

Адам өзінің шамасын білгені жақсы. Сонымен қатар ұстаз өзінің барлық шәкірттерінен тұлпар жасауға тырыспау керек. Ол мүмкін емес. Талант, жауапкершілік, білімге құштарлық, еңбекке талпыныс бірдей емес. Сол себепті баланың мүмкіндігін ескергені дұрыс.

**Талапты ерге нұр жауар.**

Халық даналығы осылай дейді. Талапты ерге нұр жауар. Сіз қалай ойлайсыз?

**Анана ауыр сөз айтпа,  
Атыңа ауыр жүк артпа.**

Ана – қасиетті ұғым. Бар өмірін өз отбасына арнайды, оның уайымы да көп. Сондықтан да адам баласы анасын ардақтауға міндетті.

**Өсер жастың алдын кеспе,  
Өсер ағаштың басын кеспе.**

«Алдын кеспе» деген талантты, болашағы бар адамға кедергі келтірме, әдейлеп жамандық жасама деп тұр.

Жамандық жасап, жастарды өсірмейтін адам, ол бір адамға ғана емес, Отанға жамандық жасағаны.

**Біреуді жамандаған, сені де жамандайды.**

Бұл мақал – қарапайым халық даналығы. Біреулерді саған жамандап отырған адам дәл осылай сені де басқа біреуге жамандайды. Оған күмәнің болмасын. Жалпы біреулерді жамандау – жақсы емес.

сіз нелерді жатқыасыз?

**Жаман атқа жал бітсе,**

**Жанына тоқым байлатпас,**

**Жаман адамға мал бітсе,**

**Қасына қоңсы қондырмас.**

Жал біту – семіру дегенді білдіреді. Қоңсы – көрші.

Мінезі өзгеріп, кешегі күні ұмытқан пенделерге арналған ғой шамасы...

**Өз елімнің басы болмасам да,**

**Сайының тасы болайын.**

Туған жерге деген перзенттік парызды адам әкім болса да, қарапайым жұмыскер болса да өтеу керек. Қарабасының ғана қамын ойлап, елге жаны ашымаса, ол адам адал перзент болмайды.

**Жабайы шөп егіннің жауы,**

**Еріншектік ердің жауы.**

Еріншектік күллі өнердің жауы деген екен Абай дана. Сол сізге сіз келісесіз бе? Еріншектің бай болғанын өмірде кездестірдіңіз бе?

**Қой асығы деменіз,**

**Қолыңа жақса, сақа тұт.**

**Жасы кіші деменіз,**

**Ақылы асса, аға тұт.**

Халық даналығы осы сөз арқылы ақылды адамды

жасына, жасамысына қарамай сыйла деп тұрған жоқ па? Ақылды адамда қандай сапалар болады?

**Хан қасында уәзір білгіш болса,  
Қара жерден кеме жүргізер.**

Адамның қасындағы серігі, көмекшісі, жары, балалары білімді, істің көзін табатын адам болса, өмір сүру қаншалықты жеңіл болар еді дегенді меңземей ме?

**Алтау ала болса,  
Ауыздағы кетеді.  
Төртеу түгел болса,  
Төбедегі келеді.**

Ынтымақ, береке, бірлік туралы айтылған осы мақалдың адам баласына үйретері өте көп. Осындағы алты, төрт сан есімдері шартты түрде, ұйқас, сөз үндестігі үшін алынғанын байқайық. Алты адам бір бірімен достық пейілде болмасаңдар, қолдағыдан айырылып қаласыңдар, ал бірлігің болса, төбедегі (алыстағы деген мағына) қолға түседі дегенді білдіреді.

**Бидайдың кеудесін көтергені –  
Дақылының жоқтығы.  
Жігіттің кеудесін көтергені –  
Ақылының жоқтығы.**

Кеудесін көтеріп, жұрттан өзін биік ұстау – жарасымсыз қасиет. Бірақ біз өмірде сондай жандарды жиі ұшырастырамыз. Ондай адамға сөз айтқанмен, түсінбес. Өз-өзіңізді басыңыз, айтылған осы мақал сізге ой салуы керек.

**Сабыр – күн түсірмейтін сая,  
Асығыс – аунатып кететін мая.**

«Сабыр түбі – сары алтын» деген де өз бар. Сабырлы жанның ісі де, өмірі де берекеге толы болады.



*Білім де, тәрбие де шексіз мұхит қой, біздің бұл еңбегіміз соның бір тамшысы болар. Керегі болса аларсыздар, керегі болмаса Абай дана айтқандай «өз сөзім өзімдікі» дейміз.*

## МАЗМҰНЫ

Сөз басы.....	3
Шәкірт пен ұстаз сұхбаты.....	6
Ар білімі мен тәрбиесі.....	24
Мұғалім – өнеге иесі.....	33
Мектептегі білім мазмұнына ізгіліктің, ардың, адамгершіліктің дәні салыну керек.....	35
Абай – ғұлама.....	37
Абай даналығы мен ақындығының сыры неде.....	42
Жаксы мінез сабақтары.....	44
Ұстаз қамқорлығы .....	93
Ер жетті ұлым, бой жетті қызым.....	150
Жаңа шаңырақ көтерген жас жұбайларға.....	189
Жан сыры.....	202
Тамшы сөздер мен қамшы сөздер.....	208
Сөзтәрбие.....	264

# Гүлтас САЙЫНҚЫЗЫ

## Қонырау

*Ой-толғамдар, кеңестер, афоризмдер*  
(Қазақ тілінде)

Редакторы: *Асан Қарамырза*  
Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*  
Безендірген: *Мейрамбек Еңсебай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды  
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.  
Пішімі 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы 20  
Таралымы 2000+120 дана.  
Тапсырыс №

«Қарағай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143. офис 400  
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87753036868.  
Эл.пошта: dastur\_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-18-9



9

7 8 6 0 1 7 5 0 5 1 8 9

# Гүлтас САЙЫНҚЫЗЫ

## Қоңырау

*Ой-толғамдар, кеңестер, афоризмдер*  
(Қазақ тілінде)

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсенбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы 20

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс № 376

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87753036868.

Эл.пошта: [dastur\\_09@mail.ru](mailto:dastur_09@mail.ru)

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.


E-mail: [priemn1@dauir.kz](mailto:priemn1@dauir.kz), [zakaz@dauir.kz](mailto:zakaz@dauir.kz)

14

ISBN 978-601-7505-18-9



9 786017 505189





000001516943



000001516943



Гүлтас Сайынқызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Ұстаздық жолын Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов атындағы мектепте қазақ тілі және қазақ әдебиет пәннің мұғалімі болып бастаған. Одан кейінгі ғұмыр жолын ғылымға арнап, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аспирантурасында оқыды. Педагогика саласында көптеген ғылыми зерттеулер жасап, 4 монография, 100-ден астам ғылыми мақалалар, сонымен қатар жалпы білім беретін мектепке арналған Қазақ әдебиеті оқулықтарының, оқу құралдары мен кешендерінің авторы. Гүлтас Сайынқызының "Апам – ақ нұрым менің", "Нұрсана" повестері "Ер жетті ұлым, бой жетті қызым", "Тамшы сөздер мен қамшы сөздер", "Мен бақытты болуға міндеттімін", т.б. кітаптары әр жылдарда жарық көрген.

Гүлтас Сайынқызы – Назарбаев Университетінің профессоры, Ы.Алтынсарин сыйлығының бірінші дәрежелі лауреаты, жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы.

